

Альмира
ҚАЛИЕВА

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ:

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒА
ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЗМ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты



Альмира
ҚАЛИЕВА

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ:

шығармашылық тұлға және психологиязм

Монография



Алматы
ЖК «Сейітжанова Ж.Д.»
2012

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Каз)

Қ 26

*ҚР Білім жөніне ғылым министрлігі Ғылым комитеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет жөніне өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған*

Қалиева А.

Қ 26 **Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологиязм:
Монография/ – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д.», 2012. – 200 бет.**

ISBN 978-601-06-2251-7

Кітапта көркем психологиязмнің өнер адамын сомдаудағы белсенді амал-тәсілдері зерделенеді. Қазак әдебиетіндегі Мұхтар Әуезов бейнесі негізінде тарихи ері шығармашылық тұлғаны бейнелеудің өзіндік ерекшеліктері, деректілік және психологиязм, түптұлға мен жаңр арақатынасы мәселелері жан-жақты қарастырылған. Сонымен бірге М.Әуезов пен И.Буниннің көркем туындылары мысалында автор шығармашылық тұлғасының көрініс табуы, автобиографизм, псевдobiографизм, лиризм және психологиязм сиякты мәнді аспектілері бойынша да теориялық талдаулар жүргізілген. Зерттеу еңбегі шығармашылық тұлға категориясына байланысты пәнаралық мол мағлұммattарды қамтиды.

Монография ЖОО-ның филолог студенттеріне, магистранттар мен PhD докторанттарға, оқытушылар мен әдебиеттанушыларға және жалпы әдебиетсүйер қауымға арналады.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Каз)

ISBN 978-601-06-2251-7

© ҚР ЕГМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов
атындағы Әдебиет және өнер институты



KIPIСПЕ

Шығармашылық адамын сомдау – көркем сөз шебері үшін құрделі мәселе. Әсіресе түптұлғаға негізделген талант иесінің көркем бейнесін жасау қаламгердің мұндай тақырыпқа үлкен жауапкершілікпен әрі мол дайындықпен келуін талап етеді. Себебі ондай құрделі тұлғаны бейнелеу жалан деректілікпен жүзеге аспайды, сөз зергерінің творчествосына терең бойлауда сонымен қоса көркем психологиязм де зор мәнге ие. Талант табиғатының өзіндік қасиеттері мен оның қоғамдық-саяси, тарихи ортадағы өзін-өзі кемелдендіру, дүниетанымдық қозқарас-пікірлерін жүзеге асыру жағдайларын себеп-салдарлық тұрғыда неғұрлым нақты әрі түпкілікті суреттеу портрет, пейзаж және ішкі монолог сынды психологиязм амал-тәсілдері арқылы орындалады. Демек, шынайы өміrbаяндық тұлғаға қатысты деректі материалды көркем игеру психологиязмнің белсенді түрде қатысуы негізінде жүргізіледі. Ал шығармашылық тұлғаны суреттеудегі психологиязмнің жекелеген қаламгерлер творчествосында игерілу деңгейін, ерекшеліктерін зерттеу әдеби дамудың бет-бағдарын анықтауда және дербес шығармашылықтың көркемдік мүмкіншіліктері аясын, стильдік даралығын айқындауда ерекше мәнге ие.

Жалпы көркем әдебиеттегі психологиям – әдебиеттануғының көзінен қарастырылған мәселе. Психологиямнің құрамдастырылған мәселе. Психологиямнің құрамдастырылған мәселе. Психологиямнің құрамдастырылған мәселе. Психологиямнің құрамдастырылған мәселе.

Л. Гинзбургтың «О психологической прозе» (1972) атты еңбегі орыс және шетел әдебиетіндегі эпистолярлық, мемуарлық, көркем прозасы мысалында түлғаның көркемдік пайымдалуы, адамның рухани әлемін зерделеу мәселелерін нақты тарихи дәүірмен тығыз сабактастықта саралауға арналған. Зерттеуші Руссо, Стендаль, Сен-Симон, И. Тургенев, А. Герцен, Ф. Достоевский, М. Бакунин, Л. Толстой, М. Горький шығармалары негізінде белгілі бір тарихи дәүір мен әлеуметтік ортага сай түлға тұжырымдамасы мен оның көркем бейнеленуі жағдайын қарастырады.

В. Компанеецтің «Художественный психологизм в советской прозе (1920-е годы)» (1980) атты еңбегі XX ғасырдың 20-жылдарындағы кеңестік орыс әдебиетін зерттеу нысанына ала отырып, тәңкеріс, ұжымдастыру тақырыптарының игерілуіндегі, аталған дәүір қаһарманың бейнелеудегі көркем психологизмнің рөлін айқындайды. Зерттеуші алғашқылардың бірі болып әдеби қаһарман, характер мәселелерін саралаудағы пәнаралық зерттеудің мән-маңызы жайлы идеяға қозғау салады.

«Психологизм русской классической литературы» (1988) зерттеуінің авторы А. Есин психологиямді көркем әдебиеттің (соның ішінде прозаның) жоғары сатысы деп бағалайды. Галым орыс әдебиетіндегі психологиямнің даму жолдарын саралай келе, оның шын мәніндегі жетілген түрі Ю. Лермонтов прозасынан бастау алады деген пікір білдіреді. Сонымен қоса, И. Тургенев, Н. Чернышевский, Л. Толстой, Ф. Достоевский, А. Чехов шығармалары негізінде адам жанының құпия-қалтарыстарын ашуудағы жеке қаламгерлік ізденистерді зерделейді.

Отандық әдебиеттанушы А. Жаксылықовтың «Проза М. Ауэзова 20-х и 30-х годов (Психологизм, конфликт, повествовательные формы)» (1984) атты диссертациялық жұмысы М. Әуезов әңгіме-повестеріндегі психологиямнің көркем қызметі мәселесін жан-жақты зерттейді. Бұл жұмыста М. Әуезов прозасына тән

психологизмнің ішкі монолог, антитеза, психологияландырылған пейзаж, портрет, ситуация, аллегория және басқа ұлттық рухтағы көркемдік нақыштары талдауға алынған.

Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996) атты еңбегінде психологизм көркем шығарма құрылымына тән қасиет ретінде пайымдалып, осыған сәйкес оның құрамдас бөліктері портрет, психологиялық параллелизм, ішкі монолог, авторлық психологиялық баяндау мәселелері қазақ романының даму кезеңдері, көркем туындының поэтикасы, мазмұн мен стиль мәселелерімен сабактастықта қарастырылады. Ғалым бұдан өзге де еңбектерінде қазақ сөз өнеріндегі көркем психологизмнің даму үрдістеріне кеңінен тоқталған болатын («Қаһарманнның рухани әлемі» (1987), «Психологизм в художественной литературе» (2004) және т.б.).

Г.Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейір мәселелері (Тұс көру, бейвербалды ишараптар, заттық әлем)» (2003) атты монографиясы Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов шығармалары негізінде қазақ прозасында көркем психологизмнің игерілу ерекшеліктерін жеке қаламгерлік поэтика түрғысында қарастырады. Зерттеу еңбегінде кейіпкер психологиясын бейнелеудегі тұс көру, ым-ишараптық қозғалыс семантикасы, кеңістіктегі заттық әлемнің көркемдік қызметі жанжакты талданған.

М.Әуезов шығармашылық бейнесін мүсіндеген қаламгерлердің суреткерлік шеберлігін, талант табиғатын ашудағы көркемдік ізденистерін психология компоненттерінің көркемдік қызметі аясында саралau бұған дейін монографиялық сипатта арнайы қарастырылмаған. Сонымен қоса, М.Әуезов пен И. Буниннің өмірбаяндық негізде жазылған бірқатар туындылары да автор шығармашылық бейнесінің көрінісі және психологиялық баяндау түрғысында бүгінгі таңға дейін зерттеу нысанына алынбаған. Сондықтан жоғарыда аталған екі бағытта шығармашылық тұлғаны суреттеудегі көркем психологизмді ғылыми пайымдау әдебиеттану үшін тың тақырып болып табылады.

Шығармашылық адамы жалпы тұлға типологиясындағы ең күрделі категория екені мәлім. Өнер иесінің рухани іс-әрекеттері

нәтижесінде қоғамдық-тарихи, мәдени-эстетикалық мәні бар көркем дүниелердің туу жағдайларын барлауға, талантқа тән дүниекабылдау, әлемсезіну сыйнды танымдық әрекеттердің қырсырын зерделеуге деген қызығушылық көркем әдебиетте де бар. Бұл танымдық ынта-ықылас, бір жағынан, әдеби-көркем үдерістің тылсым кезеңдерін ұғуға талпыныстан бастау алса, енді бір жағдайларда, жеке бір шығармашылық тұлғаны тереңірек тануға, танытуға ұмтылыстын тудады. Сондай-ақ қаламгер тұлғасының шығармашылық үдеріс барысында түрлі ішкі-тыскы факторлар әсерінен көркем мәтінде көрініс табатын кездері де ұшырасады. Автор ой ағымынан, көзқарас позициясынан және жалпы психологиялық баяндаудың экспрессивтік-эмоционалдық ренқінен көрініс беретін субъективті ой-сезімдер де шығармашылық тұлға бейнесінің бір қырын танытады.

Мейлінше толыққанды, жан-жақты зерттеуді іске асыру үшін көркем туындыдағы өнер адамының бейнесін талдауды төмендегідей екі бағытта жүргізген жөн:

1) Аталған мәселенің шешімі шығармашылық тұлғаның болмыс-бітімі жайлы әдеби туындыда көркем ой қорыту нәтижесінде сомдалған бейнесін қарастыру арқылы жүзеге асырылады.

Творчестволық тұлға және өнер ұғымдары қашанда ажырамас бірлікте жүретіні белгілі. Есімі өз ұлтының тарихи жадысында бедер табатын хас талант тұлғасының әдеби туындыда көркем сомдалуы ерекше тарихи-мәдени құбылыс саналады.

Қазақ прозасында XX ғасырдың 70-90 жылдары дүниеге келген М.О.Әуезов туралы туындылар кеменгер жазушының шығармашылық келбетін суреттеуге арналып, талант табиғатының өзіндік құпия-қалтарыстарын зерделеуге ұмтылысты байқатады. К.Оразалин, Д.Досжанов, З.Қабдолов қаламдарынан туған романдардағы М. Әуезов бейнелерінің өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктері әр автордың аталған тақырыпта келудегі идеялық мақсат-мұдделеріне, көркемдік-эстетикалық талғамдары мен шеберлік деңгейлеріне байланысты.

Өнер иесінің көркем бейнесін жасау кейіпкер рухани әлемінің терең қабаттарына бойлауға, кәсіби еңбек аясындағы шығармашылық психологиясын ашуға жетелейді. Осы

орайдың қаһарман жан дүниесінің шынайылығы, ой ағымының қисындылығы және эстетикалық сезім тұңғирыңы психологиялық портрет, параллелизм, монолог сияқты психологиязмнің түрлі амал-тәсілдерімен беделденеді.

2) Жекелеген қаламгерлердің әдеби мұрасын түрлі ғылыми бағытта, түрлі аяда зерделеу негізінде олардың шығармашылық тұлға табиғатының дараптығы ашылады. Яғни жеке қаламгерлік творчестввода автордың шығармашылық болмысы көрініс табады. Автор тұлғасын көркем бейне дәрежесінде зерделеудің өзіндік негізі бар.

М.О. Әуезов пен И.А. Бунин шығармаларының ішінде ғұмырнамалық сипатымен ерекшеленетін туындылар кездеседі. Автордың субъективті ой-пікірлерін, көзқарастарын, эмоцияларын қамтитын психологиялық баяндау үрдісі мен туындыдағы деректік материалды саралашу негізінде қаламгердің шығармашылық тұлғасы айқындалады.

Туындыдағы автор мен автор бейнесінің, автор және қаһарман қатынасының зерттелуі бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы көкейкесті мәселе болып табылады. Мәтін өрісінде жазушының шынайы өміrbаяндық тұлғасын таныта деректік материалмен мазмұны жағынан үндесіп жататын элементтер ұшырасуы мүмкін. Қаламгердің шығармашылық тұлғасын талдауда әдеби туындының құрылымдық қабаттары мен баяндау жүйесіндегі автордың моральдық-адамгершілік және тікелей творчестволық ұстанымдарын айшықтайтын ой тебіреністері, тарихи негіздегі деректерныңсанғаалынады. Атапйтса, көркем мәтінді зерделегендеге авторға тән эстетикалық рефлексия көріністері лексика-семантикалық бірліктер, синтаксистік-дискурстық ерекшеліктер, интонация, т.б. осы сияқты тілдік-стильдік қабаттардан қылаң береді. Қазіргі әдебиеттану ғылымында өнер адамының көркем бейнесі заман талабына сай кешенді түрде жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Жекелеген шығармалардың поэтикасы негізінде тұтас әдеби дамудың жетілу жолдарын шолуға мүмкіндік бар.

Зерттеу енбегі психологиязмнің негізгі тәсілдері мен автор шығармашылық тұлғасын бейнелейтін автобиографизм, псевдобиографизм жөнінде мәліметтер беріп, оның көркем

шығарма поэтикасындағы орны мен үлесін анықтауға мүмкіндік береді. Портрет, монолог және пейзаждың ішкі жіктелісін, айшықты тұрлерін талдау арқылы әдебиеттегі психологизмнің даму, көркем түрде жетілу сапарын бақылауға жол ашады.

Монографиялық еңбекті ЖОО-ның филология факультеттеріндегі ғылыми және педагогикалық бағыттағы білім сатыларында, сондай-ақ әдебиет пәнін оқитын орта арнаулы оку орындары мен орта мектептерде әдебиет поэтикасы, көркем психологизм, әдеби шығармашылық, шығармашылық психологиясы мәселелеріне қатысты дәрістерде пайдалануға болады.





I БӨЛІМ



КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ДЕРЕКТІЛІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЗМ

**Тарихи шығармашылық тұлғаның көркем бейнесін
зерттеу ерекшеліктері**

Шығармашылық ұғымының астарына тереңірек үңілсек, онда «дүниеге әкелу», «жарату» сияқты сакральды магыналар жататыны белгілі. Адамзат қауымының өнер туындысын дүниеге әкелу арқылы құдіретті күшке ие болу жайлы идеясы Сананың тарих желісіндегі өсу белестеріне, әдеби-эстетикалық пайымдаулардың дамуына тікелей байланысты. Себебі шығармашылық тұлға – тарихы өнер атаулының туу, қалыптасу, даму сапарымен қатар келе жатқан категория. «Жалпы алғанда поэзиялық өнерді түрлі табиғи себептер туғызған сияқты, – дейді Аристотель өзінің «Поэтика» атты еңбегінде, – біріншіден, еліктеу адамдарға бала кезден тән нәрсе, осынысымен олар өзге хайуандардан ерекшеленеді, адам әрі еліктеуге өте-мәте бейім келеді, соның арқасында алғашқы ұғым-түсініктерді жинақтайды, екіншіден, еліктеудің нәтижесі барлығын да рақат сезіміне бөлейді» [1, 8 б.]. Ойшыл өнердің бастау көздерін адамзат қоғамының әуелгі кезеңіндегі еліктеушілік қасиетімен байланыстыра отырып, оның алғышарты ретінде өнер иесінің өмірге, тіршілік болмысына еліктеуге ұмтылысын мегзейді. Ақыл-ой сферасына толассыз әлемсезіну іспетті танымдық әрекет хас. «Еліктеу» дегеннің өзі аталған дәүірге тән дүниетанымдық

әрекет болып табылады. Тұрлі ғылым салаларындағы өнер адамына деген қызығушылық та осыдан шығады. «Шын мәнінде, шығармашылық тұлға – тылсым. Бұл тылсымды ашу жолында қанша ізденгендемен, сәтсіз қадамдар мол», – дейді К. Юнг [2, с. 115]. Тұлға типологиясындағы өзінің бөлекше қабілет-түйсігімен, творчестволық еңбеккорлығымен ерекшеленетін өнер иесі санатын зерттеудегі мұндай қыншылықтарды оның аса құрделі ішкі кеңістігімен түсіндіруге болады. М. Бахтин, А. Тюпа сынды белгілі әдебиеттанушылар көзқарасы К. Юнгтың жоғарыдағы пікіріне жуық келеді. А. Тюпа әдепті ұғымдағы тұлғаның түпкі мән-мазмұнына көз жеткізуіндегі өзі қысынсыз екендігін айтады: «Ішкі «менді» (тұлғаның психология, мінез, әлеуметтік мінез сынды сыртқы қабаттары емес – ядросын) қысын тұрғысында тану еш мүмкін емес», – дейді [3, с. 31]. Ал Е. Басин көптеген психолог ғалымдардың «өзіндік» («самость») жүйесіндегі «меннің» неғұрлым тұрақты құрамдас бөлігі ретінде мінезді атайдындығын алға тартады [4, с. 14]. Жалпы тұлға санатының ең әуелгі қасиеті оның «өзіндік» жүйесінің тұрақтылығымен, дербестігімен төркіндес келетіні мәлім. Қалай болғанда да, аталған мәселеге деген қызығушылық айқын және оның қекейкестілік деңгейі бұл туралы жазылған еңбектердің әртараптылығынан көрініс табады.

Бұгінгі таңда шығармашылық тұлға мәселесі тек әдебиеттанушылық тұрғыдаға емес, бірқатар гуманитарлық салалардың, атап айтса, философия, мәдениеттану, әлеуметтансу, психология, т.б. ғылымдардың қызғылықты зерттеу нысаны болып табылады. Яғни шығармашылық тұлға бір мезгілде тарихи, философиялық, эстетикалық, психологиялық, сонымен қоса әдебиеттанушылық категория болып табылады. Өз ғылыми аясындағы атальыш мәселенің өзектілігі жөнінде И. Карташова, Т. Емельянов, Л. Семенов сынды психолог ғалымдар: «Психология тарихында әдеби материалға деген қызығушылық екі негізден тамыр тартады: жаратушының дара психологиясы және шығармашылық психологиясы», – дейді [5, с. 4]. Сондай-ақ ғалымдар қаламгердің тұлға ретіндегі қасиеттері мен мүмкіндіктерінің (потенциал) шығармашылық әрекет үстінде көрініс табуын екі қырынан зерттейтіндіктерін алға тартады.

Осы орайда олар психологияда аса маңызды болып табылатын адам табигатының керегарлығына баса назар аударады. Ол шығармашылық тұлғаға баға берудің қарама-қарсы позицияларына негізделген. Бірінші ынғайда шығармашылық тұлға – өз дәуірінің перзенті, сонымен қоса, белгілі бір ұлттың, әлеуметтік топтың екілі. Яғни мұнда өнер иесі бүтіннің бөлшегі ретінде қабылданып, типтік сипатта танылады. Ал келесі ынғай шығармашылық тұлғаны қайталанбас әрі дара субъект деп қарал, оның шығармашылық әрекетіне бойлау арқылы өзіндік тереңдігін тануға бағытталған. Өнер адамына тән ерекшеліктер жөніндегі К. Юнг пікірі де осы ойды қуаттай түседі: «Әрбір дарынды шығармашылық тұлға – белгілі бір дәрежедегі екіұдайлық немесе парадокс қасиеттерінің қосындысы. Бұл, біріншіден, жеке тұлғаға тән белгіге байланысты болса, екіншіден, жекеліктен ғөрі жалпыға ортақ үдеріс...» [2, с. 116].

Түсінуімізше, өнер иесінің басты қасиеті оның бойындағы индивид негізі мен ұжымдық негіз оппозицияларының қалыпты жағдайдан тыс құйылысынан көрініс табады. «Көркемдік аналитикасы» («Аналитика художественного») атты еңбегінде В. Тюпа М. Пришвиннің пайымдауларымен үндестіре, мынадай ой айтады: «Әрбір «мен» дара және бір мезгілде әмбебап, «баршаға» туыстас: кез келген тұлға осындай «мен – болмыстамын» болып келеді. «Өзінді-өзің сезіну» бәріне қызықты, өйткені біздің әрбірімізден «барлығы» құралады» [3, с. 31]. Сонымен психология ғылымы үшін шығармашылық тұлғаның жекелік-жалпы бастамаларының қыртыс-қабаттары маңызды.

Философ ғалымдар өнер иесін тұлғаның саналы, бейсаналы қырлары, архетиптік негіз, аталған тұлғаның типтік ерекшеліктері түрғысында зерделейді. Шығармашылық тұлғаға, былайша айтқанда, өнер тудыруши адамға – авторға деген эстетикалық көзқарас, әрине, оның әсемдік әлеміне, өмірлік тұғырнамасының ақиқаттылығы мен әдемілігіне үңілуден бастау алады.

Айтылмыш мәселе, негізінен, әдебиеттану ғылымында әсіресе терең әрі жан-жақты қарастырылады. В. Компанеецше айтқанда: «Әдебиеттің басты нысаны адам мінезі болғандықтан, адамтану мәселе сін кешенді түрде зерттеуде көркем әдебиет ерекше

роль атқарады» [6, с. 9]. Яғни қилы идеялық-философиялық, эстетикалық мәселелерді арқау етіп, тұлға концепциясын көркем түрде тұжырымдайтын сөз өнері шығармашылық тұлғаны жанжакты зерделеп, оның нағижендерін жекелеген қаламгерлер творчествосы арқылы жария етеді.

Осы орайда әдеби туындыдағы шығармашылық тұлға бейнесін талдау

- әдебиеттану және лингвистика (психологиялық баяндаудағы авторға, кейіпкерге тән ой ағымының экспрессивтік-эмоционалдық бояуының мәні);

- әдебиеттану мен эстетика (шығармашылық тұлғаның қалыптасуындағы жалпы заңдылықтар және соны ерекшеліктер, дүниеге әсемдік тұрғысынан көзқарас);

- әдебиеттану мен психология (шығармашылық психологиясы: анғарымпаздық, сезіну, елестету, қиялдау, шабыт, жазу, т.б. шығармашылық үдерістер);

- әдебиеттану мен тарих (көркем мәтінді архетип, мифология тұрғысында талдау ізденістері);

- әдебиеттану мен философия (автор, кейіпкер дүниетанымы, т.б.) сияқты пәнаралық зерттеу ыңғайларын қажет етеді.

Ю. Борев адамның көркем шығармашылыққа бейімділігін сипаттайтын құндылықтар дәрежесін былайша тізбектейді: «Қабілетті – өнерлі – дарынды – данышпан» [7, с. 199]. Тұрақты жағдайда өнер адамы өзінің шығармашылық мүмкіншіліктеріне қарай келтірілген иерархиялық сатының біріне ғана жатқызылатыны мәлім. Ал классикалық үлгідегі реалистік көркем туындылар қаһарманның үздіксіз өсу эволюциясына құрылалындықтан, осы тізбек бойымен сатылай дамуын бейнелеуге талпынады. А. Цейтлин: «Психология зиялты адамды оның рухани қызығушылықтарының үнемі өсу үдерісі мен санасының үздіксіз өзгеруі үстінде зерттейді» [8, с. 106], – десе, көркем әдебиет те осыған сәйкес өнер адамына тән толассыз сана үдерістерін, ой операцияларын, сезім-құй толқынystарын барлауға және соны көркем түрде жеткізуге күш салады.

Талант қасиетінің адамда айқындалу жағдайы тұлға туралы гуманистіктеорияның өзін-өзі жетілдіру(самоактуализация) сияқты

негізгі ұғымдарының бірімен тығыз байланысты. Жеке адамның өзін-өзі жетілдіруі бойындағы қабілеттер мен мүмкіншіліктерді барынша толық реализациялауға деген ұмтылыстың көрінісі. А. Маслоу бұл құбылысты адамға туабіткен жоғары мәндегі қажеттілік деп түсіндіреді [12, с. 199]. Жалпы адамның шығармашылық қабілет парасының бастау көздері туралы түрлі көзқарастар бар. Мысалы: «Хас суреткер ана құшагында жатқан кездің өзінде-ақ – суреткөр» [9, с. 25] дейтін Микеланджело нағыз талантты туа біткен қасиет деп санайды. Алайда шығармашылық қабілеттің түрлі анатомиялық-физиологиялық, генетикалық-биологиялық теорияларға сәйкес қисын зандылықтары негізінде адамға тұқым қуалау жолы арқылы берілетін немесе парадокс түрінде табиғаттың ерекше сыйыр ретінде даритын кездері, я болмаса талант табиғаттың уақыт өте келе эволюциялық даму арқылы ашылуы сияқты жағдайлар да ұшырасады. «Алғашқы шығармашылық импульстар әрқилы, көбіне тосын, тіпті таңғажайып» [10, с. 49]. Қалай дегенмен, тұлғаның шығармашылық қырының айқын бедер таба бастауы оның даралық сипатының айқындалуымен, индивид ретінде қалыптасуымен тікелей байланысты. Жалпы индивидуация құбылысының үш негізгі сипаты бар деген пікір қалыптасқан: а) бұл үдеріс тұлғаның тұтастай өсуін көздейді; ә) индивидуация тұйық кеністікте жүзеге асырылмайды, ол ұжымдық өзара қарым-қатынастарға сүйенеді; б) индивидуация ешқандай абсолютті құндылыктарсыз әлеуметтік нормаларға қарсы оппозицияның белгілі бір деңгейін білдіреді [11, 33 б.]. Осыған сәйкес мынадай ой қорытуға болады: кез келген шығармашылық тұлға міндетті түрде индивидуация үдерісін басынан кешіреді; творчество адамының кемелденуінде сыртқы орта – шағын орта, әлеуметтік топ, қоғам, халық, адамзат елеулі орынга ие; индивидуация – қоғамдық ойдың көрсеткіші. Яғни айтылмыш құбылыс жекелеген шығармашылық тұлғаға тән даралық сипат пен суреткерлік шеберліктің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Қаламгер көркем туынды арқылы реалды шығармашылық тұлғаны бейнелегендеге жоғарыда аталған жолдардың қайсыбірін таңдаса да, ерікті. Бұл жинақталған материалға, тікелей авторлық идеяға байланысты бола тұра, жазушыдан белгілі бір дәрежеде объективті ұстанылды.

талап етеді. Себебі әдеби шығармашылықта қаламгер үшін басты идеялық мақсаттардың бірі – кейіпкердің индивидуалды дамуының онтогенездік үдерістерін эстетикалық тұргыда мейлінше көркем тұжырымдау.

Өнерпаз табиғатының соны болмыс-бітімін көркем кестелейтін амал-тәсілдер топтамасы кей арада архетип ұғымымен сабактас келеді. «Архетип (грек. arche – бастау, tupos – бейне) – алғашқы үлгі, түпнұсқа» [11, 30 б.] – «Психологиялық көріністердің туа біткен, тұқым қуалайтын паттерні. Ол инстинктпен байланысты және жеткілікті белсенділіктің нәтижесінде әрекет не эмоция арқылы көрініс табады» [12, с. 33]. Адам санасының жоғарғы деңгейі мен мүмкіншіліктерін айта келе, К. Юнг сана мен бейсаналылық жайлы ой жалғайды. Оның ойынша, «бұл дүниелік» сана деңгейі Сананың ең жоғарғы шегі болып табылады. Яғни адам тірі кезінде танымының биік дәрежесіне жете алады: «Адамның метафизикалық міндепті осыған саяды және ол мифологияландырусыз жүзеге аспайды. Миф – сана мен бейсаналы білімді жалғастыруши буын... Архетип белсенді форма, шынайы күш, қуат түрі...» [13, с. 303, 342]. Осы ынғайда зерделегенде, шығармашылық тұлғаның рухани іс-әрекеті, көп жағдайда, сана-бейсаналы аясының шекараларын, олардың алма-кезек белсенділігін бедерлейтін архетипке сүйенеді. Әдеби шығармада көркем бейненің негұрлым шексіз де шынайы рухани әлемін, оның сыртқы ортадағы түсініксіз қимыл-әрекеттерінің ішкі психологиялық арналарын астарлай беру мақсатымен бейсаналылыққа көніл бөлінеді. Тұлғаның шығармашылыққа бейімділігі кейде осы орайда пайымдалады. Творчество адамының өзіндік ерекшеліктерін ашу үшін жеке-дара типологиялық зерттеу жеткіліксіз. Жалпы тұлға ұғымымен сабактастықта зерделеген деғана әлдеқайда толымды мәліметтерге қол жеткізе аламыз. Адам өмірінің жарым бөлігі бейсаналы күде өтіп жататынын алға тартатын К. Юнг: «Эго – бойымызды өзіміз баптап өрбітетін кешеннің бір түрі», – дейді [13, 17 б.]. Бұл кешеннің негізгі құрамдас бөліктері – сана және бейсаналылық. Ғалым сананың эктопсихологиялық және эндопсихологиялық атты екі бағыттағы қызыметтері болатынын мәлімдейді. Мұндағы сана құрамы мен бейсаналы үдерістер арасын байланыстыруши жүйе ретіндегі

эктопсихологиялық қызметтер: 1) сезіну-түйсіну, 2) ойлау, 3) сезім, 4) интуиция [13, 18 б.]. Ал сананың эндопсихологиялық қызметіне 1) жады, 2) сана қызметінің субъективті компоненттері, 3) эмоция мен аффектілер және 4) ену (вторжение) жатқызылған [13, 24 б.]. Аталған мәселе тұрғысындағы К.Юнгтың барша пайымдарында басыңқы мәнге ие ұғым бейсаналылық екенін ескерсек, ол творчестволық үдеріс барысында да соншалық маңызды. «Біздің бейсаналы жайлы зерттеуімізде мейлінше терең ене алатын қабатымыз – бұл адам айқын бедерленген тұлға (индивидуальность – А.К.) болып табылмайтын, есесіне оның ақыл-есі қоғамдық санаға дейін араласып, кеңейіп кететін саналы емес, бейсаналы тұс. Мұнда біз барлығымыз бірдейміз» [13, 35 б.], – дейді ол. Бұдан бейсаналылық өнер адамының шығармашылық еңбек үдерісіне сезім, интуиция, ойлау әрекеті арқылы араласып, тіпті кей арада шешуші рөл атқаратынына көз жеткіземіз. Ендеше суреткер дүниетанымындағы даралық тұрғы мен қоғамдық сана аражігін де осы сана мен бейсаналы шекарасынан іздең жөн.

Шығармашылық адамы қоғамның өзге өкілдерінен өзіндік белгі-қасиеттерімен ажыратылады. Олар **интериоризация – экстериоризация** төңірегінде топталады. Аталған екі ұғым да тұлғаның айрықша дүниекабылдау қасиетімен сабактас. Себебі «Тұлға құрылымын интериоризация-экстериоризация тепе-теңдігі анықтайды» [6, с. 15]. Шығармашылық тұлға мәселесі аясында қарастырап болсақ, интериоризация – өнер адамының сыртқы ортадан қабылданған акппараттық қорды іштей қорытып, өзіндік позиция, идеялық концепция жүзінде ой тұжырымдауы. Экстериоризация, керісінше – осы ішкі ой әрекетінің сыртқы әлемде көрініс табуы, яғни ойдың творчестволық еңбек арқылы материалдануы, іс жүзінде көркем туындының дүниеге келуі. Негізінен, шынайы шығармашылық үдерісте орын алатын әрекеттер тізбегінің тұрақтылығына сенсек, бұл екі құбылыс бір-бірімен тығыз байланысты.

Нақты әдебиет жайында пайымдай келе, А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1. Ақылға. 2. Қиялға. 3. Қөңілгे» [14, 10 б.]. Фалым атаған бірінші негізге жалпы шығармашылық дүниетаным, тұлғаның парасат

тұрғысындағы ой-өре, білім деңгейі енген болса керек. Қиял шығармашылық әрекеттің негізгі қозғауши қүштерінің бірі болса, өнер туындысының эстетикалық сипатына жауап беретін фактор – көніл.

3. Қабдолов: «...Суреткер болу үшін адамға тұма қабілет, табиғи дарын қажет екенін кім-кім де мойындауға тиіс», – дей тұра, материалистік эстетика қағидаларына сүйеніп, өнер адамына тән сапа-белгілердің сегіз түрін атайды: 1. *Нәзік сезімталдық*. 2. *Жімі бақылагыштық*. 3. *Творчестволық фантазия*. 4. *Интуиция*. 5. *Өмірбаян. Тәжірибе молдығы*. 6. *Парасат. Саны саралығы*. 7. *Шеберлік*. 8. *Шабыт* [15, 11-13 бб.].

Шығармашылық үдерісте елеулі мәнге ие факторларды саралағанда В. Богданов шығармашылық қиял (*елестету*), ойлау [10, с. 19], интуиция [10, с. 47], шабыт [10, с. 48] сияқты компоненттерге тоқталса, Ю. Борев өз позициясынан кеңінен таратат топшылап, оларға түсініктеме беріп отеді: 1. Өмір құбылыстарына деген *жіті назар*. 2. Сирек, соны сезімдерді, көргендерін еске сақтап қаларлық берік жады. 3. Шығармашылықтың психологиялық механизмінде мәнді қызмет атқаратын *арылу сәті* («освобождение»). 4. Жадыда сақталған ой-сезімдерді көркем түрде қорытуға мүмкіндік беретін ерекше *елестету қабілеті*. 5. Көркем шығармашылыққа қатынасатын сана, бейсаналы сияқты факторларды ғалым *ақыл мен интуиция* арқылы белгілейді. 6. «*Шабыт* – ой анықтығының, оның қарқынды жұмысының, балау, тенденстіру (ассоциация) жылдамдығы мен талғамының, өмірде және шығармашылықта жинақталған тәжірибелің қуатты түрде жүзеге асырылуының (реализациялануының) арнайы шығармашылық-психологиялық күйі...» [7, с. 200-203].

Бұл салыстырудан көретініміз, творчестволық іс-әрекеттің жүзеге асырылуында қозғауши күш, маңызды компонент болып табылатын факторлар жайлы ғалымдар пікірі бірін-бірі толықтырмаса, қайши келмейді. Тұлғаның сыртқы ортамен қарым-қатынасын анықтайтын бұл ұғымдар өнер иесінің ерекше әлемсезінүү (мироощущение) қасиеті мен көркем туындыны дүниеге

әкелуі арасындағы түрлі шығармашылық үдерістер динамикасын қамтиды. Шын мәнінде, жоғарыда аталған компоненттердің өзі бүтіндей шығармашылық үдеріс жоспарын құра алады. Ал олардың әрқайсысының басыңқы белсенділік дәрежесі қаламгерлердің стильдік ерекшеліктеріне, шеберлік деңгейлеріне байланысты.

Сөз өнеріндегі шығармашылық тұлғаны алатын болсақ, оның даралық сипаты, ең алдымен, жазу стилінен аңгарылады. Бұл жайында Е. Басин: «Шығармашылық тұлғаның қалыптасуы мен дамуы – оның сөйлеу қабілетінің қалыптасуы мен дамуы» [4, с. 6], – дейді. Асылы, көркем әдебиеттегі негізгі материал сөз болғандықтан, суреткердің тіл байлығы, оны қолдану ерекшелігі өмір шындығын бейнелеудегі нақтылығымен қоса көркемдігіне жауап береді. Ал шығармашылық процестегі жазу стилі, жағдаяттық сөз қолдану мәнері автордың ой ағымын, дүниетанымдық-эстетикалық ұстанымдарын бедерлеп, қаламгерлік шеберлікті айқындаиды. В. Белянин «Көркем мәтіннің психологиялық аспектілері» («Психологические аспекты художественного текста») атты еңбегінде сөйлеу әрекетінің жобасын ұсынады (Бағдарлама негізінен сөздік хабар (мәтін) материалы бойынша жасалған. Ғалым осы ретте сөйлеу хабарының берілу жолын, жалпы прагматикалық, дискурстық мәселелерді зерделеуде психология, лингвистика, әдебиеттану, педагогика, физиология ғылымдарының пәнаралық кешенді зерттеу ыңғайын қолдайды):

«мотив → ой (свойство интенции) → иштей бағдарламалануы → лексикалық кейіпке енуі → грамматикалық құрылуды → жүзеге асырылуы (дауыстан сөйлеу – А.К.)» [16, с. 16].

Келтірілген бағдарламаның рет тәртібі логикалық-психологиялық тұрғыда дәйекті болғандықтан, көркем шығармашылық үдеріс сатыларына біршама жуық. Творчествоның еңбек қаншалықты тылсым әрі әралуан болып келсе де, оған тән белгілі бір табиғи заңдылықтардың, тұрақты өзектің бары анық. Тіпті бір ғана тұлғаның шығармашылық лабораториясы негізінде еңбек үдерісінің автоматтандырылған механизмін де ажыратуға болатын мезеттер ұшырасады. Сондықтан жоғарыдағы үлгі бойынша табиғи жағдайларғы шығармашылық үдеріс динамикасының жалпы жобасын сипаттауда сипаттауға болар еді:

Мотив → идея (жазу интенциясы) → ой өзегінің қалыптасуы (замысел) → жазу кезеңі → көркем туынды.

Енді осыларға жеке-жеке тоқталып етейік.

Мотив бұл жерде әдебиеттанушылық мәнімен қоса, одан әлдеқайда кең ұғымда қолданылғанын айта кеткен жөн. Аталған терминнің түпкі мағынасы кез келген құбылыстың, оқиғаның орын алуындағы негізгі себепкер жағдай дегенге саяды. Олай болса, шығармашылық үдерісте қозғауыштың ретінде әрекеттер тізбегінің көш басында тұратын мотив – қаламгердің сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауды арқылы алынатын әсерлі ақпарат аясы.

Шығармашылық тұлғаға тән дүниетанымдық ізденістер сарынына сай өндөлетін ондай ақпарат ілкі көркем ойдың тууына қозғау салады. Ақын-жазушының қоршаған ортадағы толассыз өмір құбылыстарын бақылауы, тереңнен зерделеуі, ойша қорытуы нәтижесінде қалыптасқан белгілі бір арналы ойдың көркемдік сипат алуы идеяға әкеледі. Суреткөр санасында идеяның пісіп жетілуін «инкубациялық кезең» деп атайды П. Медведев [17].

Сонымен қоса ол (П. Медведев – А.Қ.) ой өзегін шығарманың тұтастық күйіндегі «гибридтік түрі» дейді: «Шын мәнінде, ой өзегі бар болса, әлі материалды (сөздік) көркем құрылымда бекімесе де, көркем шығарма бар деген сөз» [17, с. 72]. Яғни ой өзегін болашақ көркем туындының әбден пісіп жетілген, қорытылған жоспарлық түрі десек те болады.

Келесі кезекте ой өзегін көркем түрде жүзеге асыруға қажетті материал жиналады, сұрыпталады. «Шығарма жазылмас бұрын жазушы ол үшін қажетті материалды дайындауы қажет. Ол ұзақ уақыт бойы айналасын бақылайды, көп жайды өз басынан еткереді. Ішкі және сыртқы әлемнен туындаған сезім-куйлер шығармашылық үшін шындықтың ауқымды корын қалыптастырады» [8, с. 143], – дейді А. Цейтлин. Осы орайда болашақ шығарманың тақырыптық, сюжеттік қырлары қаламгер жинайтын материалға тікелей тәуелді. Яғни болашақ шығарманың тағдыры осы кезенде шешіледі.

Шығармашылық жұмыстың ең басты сатысы – жазу кезеңі. Бұл сатыдағы елеулі мәселе қаламгердің шығармашылық

психологиясына қатысты. Творчество үшін қолайлар орта, тиімді жағдай қажет. Бұдан жазу үдерісіндегі қаламгер позициясының тұрақтылығы не өзгермелілігі, көркем әлемнің шынайылығы сияқты маңызды мәселелердің шешілу ерекшелігі көрініс табады. Психолог ғалымдар И. Семенов пен С. Степанов өздерінің қолданбалы психология ғылымында қол жеткізген тәжірибелік жаңалықтарымен бөліседі. «Өнімді ойлау психологиясы дәстүрінде ойлау үдерісіне өнімділік сипат беретін негізгі шынайы қажетті жағдай – адамның шешуі тиіс мәселесінің өзектілігі» [18, с. 40], – дей келе, сондай маңызды жағдаят ретінде оның әлеуметтік мәдени аядағы өз орны жайлар көзқарасын, соған сәйкес тұтас тұлға ретінде өзін-өзі өзгертуін атайды. Бұдан суреткер шабытына оны ерекше қызықтыратын не толғандыратын елеулі жағдайларға қозғау сала алатыны әрі шығармашылық жазу үдерісі барысындағы тұлға мазмұнының тұрақсыздығы, яғни үнемі өзгеріс күйінде болатыны айқындала түседі.

Жазу кезеңі өз алдына жекелеген сатылардан тұратыны белгілі және оның қалыптасқан тәртібі болмайды.

Сондай-ақ эстетикада шығармашылық үдерістің соңғы буыны ретінде оқырман қабылдауы қарастырылады. Ю. Борев: «Белгілі мағынадағы көркем қабылдау (рецепция) психологиясы көркем шығармашылық психологиясына толықтай сәйкес келеді, – дейді. – Ол:

- тікелей эмоционалдық толқуды;
 - автордың логикалық ойын түйсінуді;
 - көркем ассоциациялардың көптігі мен салалығын қамтиды» [7, с. 204].
- Демек көркем туындының әр оқырманы өз кезегінде көркем шығармашылық үдеріске тікелей қатынаса отырып, қаламгер идеясының жүзеге асырылуына үлес қосады.

Шығармашылық тұлға мәселесі, сайып келгенде, әдебиет теориясы мен шығармашылық психологиясы пәндерінің және одан әлдеқайдауқымды пәнаралық зерттеуаясының ортақнысаны болып табылады. Әдебиеттанушы ғалым А. Ісімақова: «Шығармашылық психологиясының жалпы психологиядан ерекшелігі жазушының шындықты бейнелеу процесін жете үйренуі және оларды ерекше бір көркемдік түрде жүзеге асыра білуі, сондай-ақ жазу тәсілінде,

психологиялық принципте тек психологиялық тұрғыдан ғана келмей, әдебиеттану, эстетикалық және басқа да іргелес қажетті пәндерді де тиімді пайдалана білуде болса керек», – дей отырып, оны зерттеу кейбір теориялық заңдылықтардың айқындалуына жол ашатынын айтады [19, 369 б.]. Суреткерге тән психология, жазушы шеберханасы сияқты қызығылықты мәселелердің маңыздылығы олардың көркем әдебиетке өзек болуынан байқалады. Осылайша, әдеби көркем өнер де өз тарапынан шығармашылық тұлғаның тылсым-құпия қырларын ашуға үлес қосып, оны философиялық-эстетикалық аядағы адамтану, дүниетану дәрежесінде зерделеуге деңгээлдегі қояды. Әдебиеттанушылық тұрғыда бұл мәселе туынды мәтініндегі шығармашылық тұлға көркем бейнесінің сомдалу ерекшелігін барлауға бағыт нұсқайды. Осы ретте өзінің күрделі де бай мазмұнымен айрықша келетін өнер иесінің нағымды көркем мүсінін сөзбен сомдау қаламгерден мол творчестволық тәжірибе, көркем шеберлікті қажет етеді. Ал әдеби туындыға арқау болған нақты шығармашылық тұлғаның көркем бейнесін жасауда тарихи, психологиялық, әдеби-эстетикалық қырларын сәйкесінше шынайы әрі көркем бейнелеу озық көркемдік амал-тәсілдер жиынтығының көмегімен ғана іске асрылатыны анық.

Кез келген көркем туындыны зерделегендеге алдымен назарға алынатын мәселе – кейіпкер бейнесінің шынайылығы. Ал тарихи тұлғалар өмірінен жазылған туындыларда, яғни белгілі бір мөлшерде тарихи романға сипаты жағынан жуық келетін жанрда бұл әсіресе маңызды.

Тарихи тұлғаның көркем бейнесін сомдау өмірбаяндық деректерді қаз-қалпында көшіру емес, сол материалды сұрыптаі келе, адамның біртуар, бірегей болмысын ашуға қабілетті тұстарын ажырату және идеялық-эстетикалық таным тұрғысында қайта қорытып, көркемдік дәрежесіне жеткізу болса керек.

«Дана (гений – А.К.) – өз жұртының қадым заманнан бергі зейін-зердесінің, түсінік-түйсігінің іріктеліп келіп ұйыған мәйегі», – дейді Т. Жұртбай [20, 3 б.]. Бейнелі түрдегі автор пайымының астарында тұлға санатындағы айрықша адамның архетиптік негізі жатқандығы анық. Себебі мағыналық төркіні рух ұғымынан бастау алатын (латынша *genius* – рух) айтылмыш тұлға шығармашылық

қабілеттің ең жоғарғы дәрежеде көрініс беруі екені мәлім. Философиялық көзқараспен қарағанда, дана тарихи тип болса, бір мезгілде психологиялық тұрғыда ол – күрделі де дара тұлға. Адамзат тарихында тұлға типінің мұндай жоғары деңгейге жетуі өте сирек әрі ерекше құбылыс саналады. «Өмір сұруінің өзі көркемдік құбылыс» ретінде танылатын айтылмыш тұлғаның өнер шығармасынан орын алуды – қажеттіліктен туындастын тарихи зандылық.

Толастамайтын танымдық тартыстар мен қоғамдық қақтығыстардың алмағайып кезеңінде ұлт тағдырына араласып, қаламымен қызмет еткен М.О. Әуезов – қазақ халқы үшін сондай айрықша тұлға. «Мұхтарға жазмыш жомарттық жасады, – дейді тағы Т. Жұртбай, – адам атаулыға сирек даритын түйсік пен жете, киелі дарын сыйлады. Ғұмыр соқпағында қандай да бір сергелденге жолықпасын, сол қасиетінен айырмады. Жеке басының қайшылықтарымен күресе отырып, өзін-өзі женді, ақыры ұлы тұлғаға айналды» [21]. Өмірі де, шығармашылық тағдыры да тарихтың аласапыран шағында қалыптасып, басынан кешкен қым-қиғаш «қайшылықтарының» мағыналы ғұмыр болып тоғысуының нәтижесінде мұрасы ұрпақ қазынасына, ал өмірі қазақ көркем прозасының жеке бір тақырыбына айналды. Белгілі орыс әдебиеттанушысы В. Хализев былай дейді: «Өз замандастары, ұрпақтары үшін қаламгер тұлғасы мен өмірінің жіті назар, құрмет нысанасы ретінде өзіндік мәні бар мәдени құндылыққа айналатын сәттері жіп ұшырасады» [22, с. 72].

Адам жадысы – тірі мұрағат. Соған сәйкес, біртұтас сана кеңістігі арқылы үздіксіз толысып отыратын адамзат жадысындағы өзекті ақпараттардың тарихи-мәдени тұрғыда манифестациялануының ең бір қисынды жолы – әдеби көркем мәтін. Ендеше, М. Әуезовтің ұлттық әдебиетте жеке бір тақырыпқа айналуы әбден занды.

Қазақ прозасындағы әйгілі тарихи тұлғалардың көркем бейнелеріне тоқтала келе, М. Оразбек былай дейді: «...Тарихта өзіндік орны бар мұндай тұлғалардың көркем шығармадағы образында тарихылықтан гөрі көркемдік қасиеті жоғары, әрі көркем мәтін мазмұнында басым роль атқарады. Сондықтан да көркем шығармаға прототип болып тұрған тарихи тұлға

айрықша қаһарман немесе ерекше тип, типтік образ ретінде қаралуға тиіс» [23, 76 б.]. Әдеби туындының ең басты қасиеті оның аяқталғандығы екенін, сондықтан да көркем мәтіннің ешқандай дәйек-сілтемені қажет етпейтінін ескерсек, әрине, нақты бір бейненің түп-тұқиянын (генезисін) зерделеуге еш негіз де, мүмкіндік те болmas еді. Дегенмен түптұлға пен көркем мәтін арасында айқын байланыс болатынын аңғартар бірқатар жайттар бар. Бұл, ең алдымен, шығарманың жанрлық сипатына байланысты. «Кейіпкерсіз көркем шығарма жоқ, – дейді З. Жұмағали, – Ол – автордың идеясын жүзеге асыратын ең негізгі эстетикалық құрал болуымен бірге жанрды анықтаудағы басты критерийдің бірі» [24, 223 б.]. Тарихи, өмірлік негіздері мол көркем туындыларда авторлық идея, шынымен де, нақты ғұмырнамалық деректер тізбегіне белгілі бір дәрежеде тәуелді. Себебі көркем дүние жасауға жетелейтін шығармашылық қажеттілікті сезінудің өзі бұл тұста, ең алдымен, тарихи тұлғаның реалды өмірбаяндық бейнесіне, түптұлғасына деген қызығушылықтан бастау алады. «Өнерге қатысты бұл термин (түптұлға – А.Қ.) автор үшін көркем бейне жасауда модель қызметін атқарған нақтылы шынайы тұлға дегенді білдіреді» [25, 3 б.]. Осылайша, шығармашылық үдеріс барысында танымал тарихи тұлға туралы материал, яғни прототип болашақ туындының жанрлық сипаты мәселесін шешуде елеулі роль атқарып, көркем бейнені сомдаудағы жетекші творчестволық ұстанымдарды айқындауға ықпал етеді.

«Деректі әдебиеттегі көркем символ оқырманның суреттелеңдін дүние жайлы дербес білімін қамтиды, – дейді осы жанрды тұбегейлі зерттеуші Л. Гинзбург, – бұл қатарда ойдан енгізілген контекстегі шынайы тұлғалар, мысалы, романдардағы тарихи кейіпкерлер ерекше орынға ие» [26, с. 7-8]. Демек, көркем бейненің қандай да болмасын жоққа шығара алмайтын тарихилық дәрежесі – түптұлға пен кейіпкер арасындағы байланыстың айғағы. Сондай-ақ осы пікірден деректі жанрдың тікелей қабылдау үдерісіне (рецепцияға) негізделетініне көз жеткіземіз.

Нақты ұлттық әдебиет шеңберінде қарасақ, XX ғасырдың сонында әдеби шығармашылық үдеріс барысындағы жанрлық құбылудардың нәтижесінде қазақ әдебиеті бірқатар соны

жанраалық түрлермен байи түсті. Солардың қатарында деректілік және көркемдік сияқты категориялар аралығында дүниеге келген роман-толғау, роман-эссе, ғұмырнама-толғау текстес туындыларды атап өтуге болады. Р. Бердібаевтың келесі пікірі олардың тарихи шығарма ретінде танылуына негіз бар екендігін аңғартады: «... Сонымен тарихилық, аяқталып біткен кезең және документтілік аталған жанрдың (тарихи романның – А.Қ.) басты белгілері екен» [27, 8 б.], – дейді. Фалым осы тұста орыс әдебиеттанушысы Ю. Андреевтың тарихи романға қойылатын талаптарына сүйенеді: «Шығармада документтік негіз, ақырат тарихи оқиғалар мен адамдар болуы да шарт делінеді» [27, 8 б.]. Аталған жанраалық туынды түрлері осындай шарттарға жауап бере алатын болса, оларды салыстырмалы жағдайда тарихи роман ретінде саралауға мүмкіндік бар. Жалпы айтылмыш шығармаларға тән басты ерекшелік ретінде көркемдік сипаты басым бола тұра, өмірлік негізге көбірек назар аудару, яғни тарихи шындық фактілерін көркем контекске енгізу арқылы өмір шындығына қол жеткізуғе ұмтылу қасиеті аталады. Жалаң құжаттылықтан көркем туынды жасалмайтыны анық. Оның үстіне «...Кез келген дерек шығармаға арқау бола алмайды. Маңызды өмір құбылысын, адам мінезінің елеулі ерекшелігін танытатын жайлар, деректер ғана жазушы назарын өзіне аудара алады» [28, 127 б.]. Бұл арада шығарманың көркемдік сипатына жауап беретін жетекші категория ретінде психологизмді атауға болады. Сондықтан тарихилыққа барған жазушы үшін қаламынан шыққан төл туындысының өміршендігін қамтамасыз етуде барынша тиімді болып табылатын, сондай-ақ бір-біріңсіз тиісті нәтиже бере алмайтын шығармашылық ұстанымдар – деректілік және психологиязм.

Бүгінде қазақ әдебиетінде Әуезов тақырыбына жазылған көркем туындылардың өзі бір шоғыры: Кәмен Оразалиннің төрт кітаптан тұратын «Абайдан сон» романдар сериясы, Дүкенбай Досжановтың «Мұхтар жолы» роман-толғауы, Зейнолла Қабдолотовтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі. Сонымен қатар М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолын бір ізге түсіріп баяндауды мақсат еткен құжаттардан құралған Т. Жүртбайдың «Бесігінді түзе» ғұмырнама-толғауы мен Д. Досжановтың «Алыптың азабы» атты романын,

К. Оразалиннің «Абайдан соңғы арыстар» роман-трилогиясын да атаяға болады.

Әуезовтақырыбындағышығармаларғатән ортаққасиет – олардың деректілігі. Ал қаламгердің деректілікке иек артуының қисыны, ең алдымен, тарихи шындықты қалтқысыз жеткізуге ұмтылыспен түсіндіріледі. Тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардағы деректіліктің өзіндік сипатын Т. Бекнязов бывайша пайымдайды: «...Онда өмірде болған оқиғалар, жай-жағдайлар қаншама мол қамтылғанымен ойдан шығаруға, жинақтап-типтендіруге көп орын берілетіндікten, деректілік негізгі творчестволық принцип етіп ұсталмайды, шығармадағы көркемдік шындықтың нақтылық сипатын арттыру үшін ғана қызмет етеді» [28, 127 б.]. Дегенмен М. Әуезов өмірін арқау еткен туындылардан байқаганымыз, танымал тарихи, оның үстіне шығармашылық тұлғаның (жазушы, ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері) тегіне, өміrbаянына, шығармашылығы мен қызметіне катысты барлық деректерді толық қамтуға талпыныс жасалған. Мұндағы ғұмырнамалық мәліметтерге көркемдік сипат дарытып тұрған – жазушы қиялы, автор еркі. «Әр көркем туындыда, соның ішінде тарихи романда, тарихи повесте біз, ең алдымен, өзімізге жеткен құжаттар қындысы бойынша дәүірдің жанды келбетін кескіндейтін және сол дәүірді пайымдайтын автор қиялын бағалаймыз», – дейді А. Толстой. Яғни тарихи фактілер тізбегіне жан бітіретін басты құрал автор қиялы болса, оны шығарма мәтіні шенберінде жүзеге асырушы негізгі көркемдік жүйе психологияз деп түсінген аблаз. Деректіліктің атқарар негізгі қызметі кейіпкердің ғұмыр жолын тарихи фондағы қоғамдық-мәдени, жеке тіршілікпен байланыстыра отырып, реализммен баяндау арқылы өмір шындығын әсем бейнелеу болса, қаһарман рухани әлемін барынша терең, күрделі әрі шынайы суреттеуге талпынатын психологиязммен бірлескенде біршама мұдделес, сарындағы категориялар екені анықталады. «Психологиязмнің негізгі міндеті – өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың тамырластығын сақтау», – дейді Б. Майтанов [29, 4 б.].

Психологиязмді туынды механизмін іске қосып, көркем әлемнің өзіндік тұтастығын, дербестігін, философиялық-эстетикалық түрғыдағы шынайылығын толымды суреттеуде жауапты міндет

атқаратын әдебиет поэтикасының жеке категориясы десек те болады. Жалпы сөз болып отырған ұғымның кең тараған сипаттамасы: адамның рухани-эстетикалық тіршілігіндегі үздіксіз үдерістерді жете түсіну мен суреттеудегі өнер атаулының айрықша қабілеті.

Ғалымдар тарапынан, негізінде, психологизмге түрліше анықтама беріледі. Олардың өзара үндестігі мен қайшылықтары аталған терминнің ұғымдық аясына байланысты болса керек. «Әдеби психологизм... – қаһарманның идеялық-адамгершілік ізденістерін бейнелейтін, адам мінезі мен тұлға дүниетанымдық негізінің қалыптасуын игеретін көркем форма» [30, с. 28], – деп, А. Есин «көркем түр» ұғымына дең қояды. Көркем шығармадағы психологизмді тікелей кейіпкер психологиясымен байланыстыру ұмтылысын Г. Пірәлиева толғамдарынан көреміз: «Психологизм дегеніміз – кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің көреғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе» [31, 5 б.], – деп келетін анықтамада психоталдау тәсіліне баса назар аудару бар. Психологизм ұғымын қаһарман психологиясын берудегі қаламгер шеберлігі тұрғысынан түсіндіру үрдісі де кездеседі. В. Компанеец оны жазушы психологиясының көрінісі ретінде сөз өнерінің текстік белгісіне, көркем әдебиеттің ерекшелігіне жатқызады. Оның ойынша, психологизм – автордың көркем мәтін құрамында көрініс табуының амал-тәсілі [6, с. 18]. Жоғарыдағы ойларды жинақтай келе, Б. Майтанов мынадай тұжырым жасайды: «... Психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы таланттының төл белгісі әрі стиль көрінісі» [29, 335 б.]. Сонымен көркем әдебиеттегі психологизм қаһарман жан әлемін ашуудағы қаламгер шеберлігімен тікелей байланысты екендігі анық. Қалай болғанда да, көркем психологизм – адамның ішкі әлеміндегі және сыртқы оргамен арадағы үдерістерін жүйелі, қысынды, шынайы әрі әсерлі бейнелеудің бірден-бір үлгісі. Қаһарман жан дүниесінің қия-қалтарыстарына бойлау көркем туындыдағы пейзаж, психологиялық параллелизм, портрет суреттемелері, сөйлеу актілері (монолог, ішкі монолог, диалог, монодиалог, полидиалог, т.б.) және түс көру, елестету сияқты психологиямнің амал-тәсілдері арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Сондай-ақ шығарманың өзіндік баяндау жүйесіндегі авторлық психологиялық баяндау

ұлгілері де осы қатардан орын алады. Психологизмнің аталған белсенді амал-тәсілдері екі топқа бөлінеді: **вербалды** (тікелей сөз, сөйлеу актілері арқылы кейіпкердің ішкі әлемін суреттеу) және **бейвербалды** (ым-ишара, іс-қымыл негізінде кейіпкердің эмоционалдық жағдайын білдіру түрі). Құжаттылықта, деректілікке негізделген туындыларда өмірлік фактілер жиынтығын шығарма сюжетіне енгізу барысында оларды көркем элементке айналдыруға осы бейнелеу құралдары белсенді қатынасады.

Әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігі баяндау құрылымына тікелей өз әсерін тигізеді. Адам жанының қия-қалтарысын, қылыш сезімдік күйлерін бейнелейтін психологиялық стильдегі композициялық-баяндау формаларын жан-жақты зерттеген А. Есиннің «Орыс классикалық әдебиетіндегі психологизм» атты зерттеу енбегінде бірінші, үшінші жақтан баяндаудың өзіндік айырым белгілері өзара салыстыру арқылы сараланған [30, с. 36-40] (Қараңыз: Кесте 1)

<i>Bірінші жақтан баяндау</i>	<i>Шійнші жақтан баяндау</i>
Баяндаушы-автордың өзге кейіпкерлер психологиясын суреттеуде мүмкіндігі шектеулі	Қаһарман ой-сезімін авторлық баяндау арқылы психологиялық талдауга бағытталады. Автор үшін қаһарман жан әлемінде ешқандай күпия жок. Ол ішкі үдерістердің тұғырығына еркін бойлап, толғаныстар мен сезім-күйлердің себеп-салдарын түсіндіре алады
Шығарманың баяндау жүйесі көбіне бірсарайдылыққа ұрынады	Шығармага психологиялық суреттеудің сан қылыш формаларын еркін енгізуге болады (ішкі монолог, жарлай арнау, күнделіктерден үзінді, хаттар, тұс көрү, елес, т.б.)
Көркем уақыт тікелей баяндаушы - қаһарман аяқтымен тенденстіріледі.	Көркем уақыт еркін игеріледі. Мысалы, қысқа мезеттік психологиялық күйлерге ұзагырақ тоқталу немесе керісінше
Тек бір ғана субъектінің психологиялық бейнесі сомдалады. Автордың өзін-өзі талдауы, бақылауы	Бірнеше кейіпкерді психологиялық түрде бейнелеуге мүмкіндік бар

Кесте 1 – Көркем туындыдағы негізгі баяндау формаларының айырым белгілері

М.О. Әуезов туралы шығармаларға осы негізде шолу жүргізсе, үшінші жақтан баяндалатын «Абайдан соң», «Мұхтар жолы» романдары мен бірінші жақтан баяндалатын «Менің Әуезовімнің» езіндік ерекшеліктерін ажыратуға болады. Алғашқыларында баяндау үлгісі кейіпкерлер жан әлемін неғұрлым толымды бейнелеудегі мүмкіндіктер аясы кең әрі қалыптасқан дәстүрлі психологияzmнің амал-тәсілдеріне сүйене алады (психологиялық суреттеудің әртүрлілігі). Ал «Менің Әуезовім» романындағы баяндаушы-қаһарман позициясы үшін психологиялық баяндаудың тың түрлерін іздестіру қажеттілігі туындаған. З. Қабдоловтың баяндау барысында кей арада баяндаушы-қаһарман сапасынан ауытқып, авторлық тұрғыға көшетін тұстары осыған байланысты болса керек.

«Тарихи тақырып, қалай дегенмен де, көзжұмбайлықтан аулақ, ұшқыр қиялды керексінгенмен, қиялды тұжырымдардан ада болуы шарт. Яғни автордан белгілі бір нақтылық талап етіледі» [32]. Орынды айтылған пікірдің тарихи шығармаға қояр айқын, дәйекті талабы қаламгерден мол білім, өмірлік тәжірибе, ізденіспен қоса қырағы назар мен сұңғыла көнілді де қажет етеді. Ал сомдалатын тұлғаның тарихилығына оның шығармашылық қыры қосылғанда, мәселе күрделене түседі.

Сайып келгенде, қаламгер үшін шығармашылық тұлға бейнесін сомдау өзін бейнелеу болып табылады. Суреткер мұсінделетін көркем бейненің ішкі әлеміне, мазмұнына үнілгенде, ең алдымен, өзінің өмірлік-шығармашылық тәжірибесіне сүйенеді. Сондықтан интеллектуал көркем бейне ой-өресінің дәрежесі автор дүниетанымына тәуелді.

Өнер иесін сомдағанда жазушыға өз қаһарманың тікелей шығармашылық үдеріс үстінде суреттеу талабы қойылады. Себебі айтылмыш тұлғаның бүкіл өмірі айрықша дүниеқабылдау, шығармашылық ізденіс, ішкі ойларын көркем сөз арқылы жариялау, жазу сияқты рухани үдеріс кезеңдерінің тізбегі болып табылады. Осы орайда әдеби кейіпкерді шығармашылық тұлға дәрежесінде бейнелеу, оның дүниетанымдық, характерологиялық тұрғыда қалыптасып, дамуында елеулі рөл атқаратын қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-мәдени факторларды дәл басып анғару, көркем

шығарманың туу жағдайын объективті шындыққа жуық болжасу сияқты мәселелер қаламгерге біршама салмақты міндеттер артады. Ал олардың орындалу дәрежесі – өмір шындығының көркем шешім табуы жекелеген авторлардың идеялық бағдарымен, шеберлік, стильдік өзгешеліктерімен үштасып жатады.

М. Әуезов Абай бейнесін сомдаудағы өз тәжірибесі туралы мынадай сыр айтады: «Абайды мен, бір жағынан, өмірлік деректермен қактығыста суреттеп, екіншіден, сол деректердің оның жан дүниесінде қалайша орын алғанын көрсетіп және үшіншіден, осы қөргендерінің, зерделегендерінің, шығармашылық психологиясында тұжырғандарының туындыда көркем көрініс табуын көрсетуім керек болды» [33, 15 б.]. Нактылы тарихи дерек пен кейіпкер жан әлеміндегі терең де күрделі психологиялық іірімдер жігін шебер астасыру нәтижесінде сомдалған М. Әуезов қаһарманы қазақ прозасындағы шығармашылық тұлғаны мүсіндеудің озық үлгісі екені сөзсіз. Өнер адамын сөзбен сомдау құпиясының көркем формуласы іспеттес бұл тәжірибе Әуезовтей күрделі талант иесін бейнелеуде К. Оразалин, Д. Досжанов, З.Қабдоловқа да айтарлықтай септігін тигізгені анық.

Өмірлік материалды көркем игерудегі дарашил ізденістер

«Әуезов – үлкен тақырып. Бұл тақырыпқа кім-кім де қалам тартып жүр, – дейді З. Қабдолов, – бірақ қалай болғанда да, дәл осы тақырыпқа тың тұрғанда К. Оразалиннің тұңғыш түрен салуы батылдық қана емес, қаламгердің батырлығы да дер едік. Өйткені Абайдан кейінгі М. Әуезовтің өмірін бір адам жанжақты, терең, жете білер болса, ол адам, сез жоқ – Кәмен» [34]. К. Оразалиннің «Абайдан соң» романдар сериясы – тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық тұрғыда М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясымен сабактаса келіп, Мұхтардың жастық шағын 1904-1918 жылдар аралығындағы тарихи фонда суреттейтін көркем туынды. Бала Мұхтардың жазушылық жолға түсін оның өміріндегі елеулі оқиғамен – 1904 жылы Абайдың дүниеден өтуімен байланыстыратын К. Оразалин романына М.

Әуезовтің алғашқы шығармашылық ізденістері арқау болған. Мұхтардың өскен ортасы, Абай-Әуез ауылдарындағы ерекше шығармашылық жағдай суреттеле отырып, тырнақалды туындысы болып табылатын «Боран» шығармасы, «Жетім», «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Қаралы сұлу» әңгімелері мен «Көксерек» повесі, «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы, «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Тұнгі сарын» драмалары және бас шығармасы – «Абай жолы» роман-эпопеясы идеяларының туу жағдайлары көркем пайымдалған. Өнер ортасы әрі білім ұясы болған Абай еліндегі қым-куыт оқиғалардың Мұхтар көзімен зерделеніп, санасында қорытылуы, психологиялық түрде өзінше пайымдалып-бағалануы творчестволық жолдың алғашқы сатылары ретінде суреттелген. Жас Мұхтардың зерек ойы мен сезімтал қөңілі, ерекше дүниекәбылдау қасиеті болашақ әлемге әйгілі қаламгердің шығармашылық мүмкіндіктерін мегзейді.

К. Оразалин жас Әуезовке қатысты мәліметтерді (көбіне ел аузындағы естеліктерден алынған) сюжеттік желіге тарта отырып, қаламгерлік тұлғасын әйгілей түсетін тұстарын ірі, мәнді эпизодтық оқиғалар ретінде суреттеген. Тарихи-әміrbаяндық деректердің көркем игерілуінде тиімді қолданыс тапқан амал-тәсілдерден кейіпкердің шығармашылық ой әлеміне еркін бойлататын бейтарап авторлық баяндауды атауға болады. Романда тұлға қалыптасуындағы таным эволюциясын көркем кестелеу көбіне қаһарманның сыртқы ортадағы мәнді де кесек әрекет-қымылдарын суреттеуге баса назар аудару арқылы жүзеге асырылады. Жас Мұхтар жан дүниесінің қия-қалтарыстарына сәулө беретін, яғни кейіпкердің мінез, психика аясындағы өзіндік ерекшеліктерін, оқшау дүниесезіну қасиеттерін айшықтайтын сәттер пейзаждың көркемдік қызметін үстемелеу, әсерлі диалогтар құру арқылы бейнеленеді.

К. Оразалин романының деректілік тұрғысында назарға ілігетін басты ерекшелігі – М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясымен сабактастыры. Бұл мәселені үш тұрғыда қарастыруға болады:

1. Ортақ тақырып (Тарихи шығармашылық тұлға тағдыры).

Әдебиеттегі қаһарман дегеніміз авторлық идеяны жүзеге асыруши, көркем туындыдағы кейіпкерлер жүйесінде орталық

бейне әрі өзгелерден оқшau, белгілі бір дәуірдің беталысын, асқақ арманын мұрат тұтатын, танытатын тұлға болып келеді. Нaқтылы өмірде тарих өткелдерінен өте келе бейнесі асқақтай түсетін Тұлға өззаманындағы қоғамдық, әлеуметтік, философиялық, эстетикалық мұраттары тоғысқан ой түйіні десек, оның әдеби шығармадағы көрінісі – қaһарман. Осылайша, Абай, М. Әуезов бейнелері де – «өмірдің өнердегі көшірмесі» ретінде әрі жеке тұлға, әрі сомдалған типтер. Екеуі де, ең алдымен – шығармашылық тұлғалар.

2. Романдардағы уақыт пен кеңістік жалғастығы (дәстүр жалғастығы). Сюжеттік желі бойынша.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының оқиға желісі К. Оразалиннің «Абайдан соң» романында жалғасын тапқан. Эпопеяның ақын ағанының дүниеден өткен қаралы сәтімен тамамдалып, ой қорытындылайтыны белгілі. Ал «Абайдан соң» дәл сол күнді суреттеумен ашылады:

«Бұғін таң алдында дүниеден Абай қайтқан болатын» [35, 3 б.]. Романнның дәл осы күнгі жағдайдан бастап оқиға өрбітуі авторлық позиция түрғысындағы шығарма лейтмотивін де анықтайды. Автор, біріншіден, өмірлік, тарихи негіздері мол роман-эпопеяның логикалық жалғасы – Абай қазасынан кейінгі ел өмірін, тыныстыршылігін суреттеуді көздесе, екіншіден, Абай мен М. Әуезов арасындағы рухани байланыс тарауларының қым-қуыт тоғыстарын егежей-тегжейлі баяндау арқылы ашуға ұмтылған, үшіншіден, Абай еліндегі сол кездің қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайын жанжакты өрнектеу нәтижесінде біртұтас қазақ елінің тарихи фонын кескіндеді.

Сонымен К. Оразалин романының көркемдік мекеншағы оқырман қауымға бұған дейін де мәлім көркем уақыт пен кеңістік аясынан – «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған. Сөз болып отырган ортақ перцептуалды кеңістіктің, шын мәнінде, нақтылы өмірден алынғандығы К. Оразалиннің екіжақтылы дереккөзге сүйенгендігін де айқындейді. Яғни жазушы Мұхтардың есken ортасын суреттеуде өмірлік деректермен қоса, роман-эпопеяның тарихи материалын да пайдаланған.

Бірінші кітаптың «Қазада» атты алғашқы тарауы толығымен ел басына орнаған зор қайғыны – Абай өлімін баяндауға негізделген.

Жазушы М. Әуезов эпопеясындағы кей оқиғаларды (өмір бойы Абаймен жаулық еткен Атамбай (Оразбай) туралы, Көшбикедегі Абайға жасалған қастандық, Әбіш өлімі, т.б.) еске сала отырып, оқырманды ойша Абай ортасына оралтады. Негізінде, «Абай жолындағы» кейіпкерлерден тек Абай туыстары мен оған қатысы бар, яғни Мұхтардың өсіп-жетілген ортасын суреттеуге қажетті кейіпкерлер ғана алынған. Кішіге өнеге, үлкенге құрмет, асқан ізеттілік, «қайғыға қарсы тұrap қайтпас қайрат», карттыққа тән даналық, т.б. – бәрі де баяндау барысында біртіндеп қалыптасатын көркемдік «аура» ретінде Абай рухын еске салады.

«Абай дәуірі дегеніміз – XIX ғасырдың қорытындысы» [36, 172 б.], – дейді Ш. Елеуkenov. Шындығында, XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ елінің рухани дамуында елеулі кезең болғанын бүгінгі таң биігінен анық аңғарамыз. Қазақ елінің Ресей империясы құрамына енүі толық аяқталған бұл дәуірдің ұлт өміріне, тарихына түбірлі өзгерістер әкелгені аян. Әсіресе, қоғамдық-саяси өмірде айтылмыш уақыт үлкен бетбұрыстың (төңкерістің) дайындық кезеңі іспеттес болды. М. Әуезов роман-эпопеясы осы кезеңді арқау етсе, К. Оразалин романы соны қорыта келе, XX ғасыр басындағы «жаңа кеңестік тарихқа» беталысты социалистік реализм түрғысында қамтиды.

«Асылы, шын мәніндегі шынайы таланттың әдебиет пен өнерге келу тарихында жалпыға ортақ табиғи занылышыпен қатар, езгеге ұқсамайтын оқыс, оқшау құпиялар да болады» [37, 4 б.], – дейді З. Қабдолов. Өзінің төрт кітаптан тұратын романдар сериясын К. Оразалиннің дәл әлгіндей уақыт нұктесінен өрбітуі М. Әуезов көркем бейнесінің саналы ғұмырлық бастау көздерін ашумен сабактас. Демек, автор 1904-1918 жылдар аралығын түптұлға ғұмырнамасының межесі айқын кезеңі – жастық шағы, аса дарынды тұлғаның қалыптасуындағы алғашқы баспалдақтар ретінде суреттейді. Жалпы жас Әуезовтің көркем бейнесін сомдауда негізгі өмірлік материалдар хронологиялық жүйені сақтай отырып, кейіпкердің жан-жақты өсу жолын суреттеу үшін пайдаланылған:

– 1904 жыл. Ұлы Абайдың дүниеден өтуі және осы оқиғаның бала Мұхтарға әсері;

- 1908 жылдан бастап ағасы Қасымбектің жетелеуімен Мұхтардың Семейде білім алуы;
- 1914 жыл. Абай қазасына он жыл толуына байланысты Семейде өткен шығармашылық кешке қатысуы;
- 1915 жыл, 15 ақпан. Семейдегі «Приказчиктер үйінде» әдеби кешті үйимдастыруға мұрындық болуы («Біржан – Сара айтысы»);
- 1916 жылдың жазы. Мұхтар – «Шаған мектебінде» мұғалім.
- 1917 жыл. «Сарыарқа» газетінде «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласының жарық көреді;

Осы жылдың маусым айында Ойқұдықта «Еңлік – Кебек» пьесасы қойылады.

- 1918 жыл. «Абай» журналының жарыққа шығуы.

3. Қоркемдігі жағынан (образдық) ұқсастықтар.

С. Фарипова «Абайдан соң» авторының шығармашылық лабораториясын барлай келе, М. Әуезов тақырыбына қалам тартудың өзіндік ерекшеліктерін сөз етеді. Роман жазу барысында туындаған қындықтарды С. Фарипова М. Әуезовтің әлемдік даңқымен байланыстырады: «Екінші бір алып жайлы шығарма жазған қаламгер соны қайталамауы, соның көлеңкесінде қалып қоймауы шарт. Женілдіктің алғашқысы да осы себеппен сабактас – жазушының алдында ұлы үлгі, өнеге тұрды. Ол – «Абай жолы». Екінші женілдік – автордың Абай мен Мұхтар ескен топырақта тууы, сол топыракта өмір сүріп, еңбек етуі болса керек. Бұл оның өз кейіпкері туралы көл-көсір материал жинауына мол мүмкіндік берді» [38]. Осыған орай, «Абай жолы» мен «Абайдан соң» романдары арасындағы сабактастықтың тағы бір қыры – образдар жүйесіндегі ұқсастықтар анықталады. Бұл, әсіресе Дінасыл, Нұржамал, Кәмеш, Тәуке бейнелеріне қатысты.

Дінасыл – қарт ана, Әуез қарашағырағының тірегі, келінге үлгі, елге сыншы, аузын ашса, қадым заманғы азыз-әнгіме, ертегі актарыла беретін шежіре-әже. Романды оқығанда бұл қарт ананың бейнесімен таныса келе, М. Әуезов эпопеясындағы Зере бейнесі еріксіз көз алдымызға келеді. Бірі – жас Абайдың, енді бірі – Жас Мұхтардың көкіретіне ізгілік нұрын құйған жақсылық бастаулары.

Нұржамал – Мұхтардың анасы. Кең құлашты эпикалық баяндау барысында қалыптасатын біртұтас бейнеден «Абай жолындағы»

Ұлжан анаға тән айқын мінездемелік белгі-бедерлерді аңғару қын емес.

Сондай-ақ, Мұхтар жүргегінде алғашқы сүйіспеншілік сезім отын тұтатқан сұлу – Мағауияқызы Кәмиланы бейнелеуде де автор «Абай жолындағы» Тоғжан образын үлгі тұтқан. Бұл Кәмеш, Тоғжан образдарын салыстыра талдағанда көрінетін портреттік ұқсастықтардан көрінеді.

Кейіпкерлер жүйесіндегі сәйкестіктер түрғысында мысал бола алатын енді бір бейне – Тәуке. Мұхтар жетілген шығармашылық ортаның тұрақты мүшесі Тәуке әділеттілігімен, корлыққа көнбейтін өр мінезімен, өжеттілігімен, төзімділігімен, ал кей арада жайдары, дархан көнілімен романдағы ең бір әсерлі көркем бейне бола тұра, бірден эпопеядагы Базаралыны еске салады. Сюжеттік желіге тартылған бірқатар эпизодтық оқиғалар, жалпы Тәуkenің өмірбаяны М. Әуезов сомдаған Базаралы тұлғасын қайталағандай әсер қалдырады.

Келтірілген параллельдер бойынша сарапағанда ой арнасы былайша бағдар алады: алдымен, К. Оразалиннің шығармашылық тұлға жайлы көлемді эпикалық туынды жазуда «Абай жолын» үлгі тұтуы арқылы «трафареттікке» ұрынған деген ой туады. Ал кейіннен осы «көшірмелердің» өзі саналы түрде жүзеге асырылған мақсат ретінде танылады. Яғни кейіпкерлер жүйесі – жас Мұхтардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, философиялық және ең бастысы, шығармашылық түрғыда дара тұлға ретінде қалыптасуына ерекше шығармашылық жағдай жасаған орта негізінде оның «Абай жолына» барад шығармашылық ізденистер сапары суреттелген.

«Абайдан соң» романының идеялық сипатта біршама кемшін соғатын жерлері бар. Ол, ең алдымен, романдағы қоғамдық-саяси дәуір картинасына қатысты. Шығармаға арқау болған тарихи кезең XX ғасырдың басы – төңкөріс қарсаңы. Мұхтардың қаламгерлік қырын, дүниетанымдық бағдарын танытуға тікелей септесетін шығармашылық орта өкілдерінің саяси-идеологиялық келбет-кескіндерін бейнелеуде автор социалистік реализм идеологиясының ықпалына тәуелділік танытқан. Идеялық және психологиялық түрде М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының ой өрісін

жалғастыратын «Абайдан соң» романын көркемдік позициясынан зерделесе, ондай кемшіліктер көзден таса қалады. Алайда М. Әуезовтей көп қырлы, құрделі тарихи тұлғаның көркем бейнесін сомдау оның өмір сүрген ортасынсыз іске аспайды. Жас Мұхтардың Алаш арыстарымен ой тамырластыры романда мұлде өзгеше сипатқа ие болған.

Өткен ғасырдың бас кезі, шынымен де, дүбірге толы дәүір болды: ұлы державаның билік тұтқасын ұстаған «ақ патшаның» тақтан таюы, үкімет басындағы қайшы партиялар, ел толқуы. Ақыры қиян-кескі тартыстың нәтижесінде тарих сахнасынан «алашшылдардың» аластатылып, төңкерісшілдердің қызыл қырғынмен кеңес үкіметін орнатқаны мәлім. Осы оқиғалардың «Абайдан соңдағы» көрінісі – көңілге аса қонымыз жағдай. Ұлт мұддесін қорғаган алаш арыстарының романда Сәлкендей даңққұмар төре мен байыған сайын қалтырайтын Қаражан байдың, өкімдістісімек Уәлелдей шәкірттердің бейнесіне сыйып кетуі, әрине, қынжыларлық жай. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жұсілбек Аймауытов сынды алаш азаматтарының қогамдық-саяси көзқарастары «алашшылдар» деп айыптала бейнелегенмен, олар жас Мұхтар танымында айқын біржақты көрініс таптайты. Бұл романның төрт кітабының түрлі кезеңдерде (1972, 1987, 1989, 1995 жылдары) жазылып, жарық көргендігіне байланысты. «Абайдан соңның» соңғы кітабында автор бұған дейінгі ой арасынан ауытқып, тәуелсіздік мұнарасынан жаңаша пайымдауларға жол береді. Мұнда алаш арыстарының идеялық бағдарларына, ірі қоғамдық істеріне өзгеше бага беріледі, бұған дейін еріксіз Көрім делініп, бейтараптау бейнеленетін кейіпкер Шәкәрімге айналып, Мұхтардың қогамдық-саяси бағдаршысы ретінде маңызы артып, сюжет желісіндегі мәнді эпизодтарда назарға ілігеді. Осылайша, жазушы романдағы актандактардың орнын толтыруға тырысқанмен, негізгі көркемдік жүйе қарама-қайшылыққа тап болып, шығарманың тұтастық сипатына біршама нұқсан келген. Сонымен заманның құретамырындай болған ең айтулы тарихи, саяси, қоғамдық оқиғалардың бел ортасында жүрген М. Әуезов азаматтық тұлғасының сомдалуына келгенде, К. Оразалиннің «Абайдан соң» романын тарихи-салыстырмалы

тұрғыда зерделеген жөн. «Өткен ғасырдың әдебиетіне баға бергенде біз көбінесе сын көзімен қараймыз. Қазақ қаламгерлерінің көптеген шығармалары қолдан жасалған сыңаржак қалыпқа түсіріліп, олар негізінен совет шындығын бейнелегені үшін біржақты үйреншікті бола бастаған сарынмен сарапқа түсетіні бар. Қазіргі тұста осы сарыннан арылып, сөйтіп әрбір қаламгердің сол кезеңің шындығын қалайша, қандай көркемдік деңгейде бейнелеп бере алғандығын нақты шығарманың өзінен, солардың суреткерлік, шеберлік бітім-болмысынан шығарып айтатын мезгіл жеткен сияқты. Сонда ғана біз туған әдебиетіміздің кешегі жүріп өткен жолына әрі тарихи тұрғыдан, әрі бүгінгі көркемдік талап пен талғам деңгейін дұрыс межелейтін боламыз» [39, 115 б.], – деп жазады Қ. Әбдезұлы.

Ал жас Мұхтардың романдағы қаламгер ретінде қалыптастып жетілу жолы нақтылы өмір деректеріне сүйенгендейдіктен, объективті шындыққа сай нанымды әрі көркем көрініс тапқан. Әсіресе, Әуезов пен Абай арасындағы рухани дәстүр жалғастығын бейнелеудегі суреткер шеберлігі мен басты идеялық-эстетикалық ұстанымы Мұхтар бейнесінің көркемдік сипаттың арттыра түседі.

Д. Досжанов өзінің «Мұхтар жолы» роман-толғауында М. Әуезов өмірінің соңғы кезеңін – 1957-1961 жылдар оқиғасын мұрағаттық материалдарға, хаттарға сүйене отырып баяндайды. Туынды ғалым, ұстаз, жазушы М. Әуезовтің кемел шағын арқау сткендіктен, оның адами, қаламгерлік мұрат-мақсаттарын, жан дүниесіндегі жылдар бойы алпарысқан ой-сезімдерінің тұнбасын көркем кестелейді. «Данышпандар ақыл-ойының сүрлеуімен жүріп еткеннің өзі ғажап жұбаныш қой», – деп А. Пушкин айтқандай, Әуезовтей таным тамырлары теренге тартқан кесек, күрделі талант иесінің жан сарайының түкпір-түкпіріне үніліп, сыртқы аядағы алуан қымыл әрекеттерінің ішкі себептерін зерделеуге ұмтылу да – талантқа көрсетілген тағзым.

«Мұхтар жолының» авторы М. Әуезов тағдыр-талайын қаһарманның тікелей қатысуымен уақыт талқысына салып ой тұжырады. Романың М. Әуезовтің алпыс жылдық мерейтойынан басталуы қаламгер өміріндегі айтулы кезеңді тілге тиек еткендігін білдіреді. Автор тарапынан мұның өзі

тек Әуезовтің ғана емес, тұтас ұлт тарихындағы мерей шақтың көрінісі болып бағаланады:

«Әне, біздің Әуезов!.. Өскен әдебиеттің сөзі осы!.. біз де ұлт болып бой-басымызға қарап, табысымызға қуанар халге жетіппіз-ау!.. Бұл бақытты қөрген де бар, көрмеген де бар!..» [40, 13 б.].

Образдың кемелдену жолын бейнелеуде ғұмырлық сапардың сан алуан асулады мен белестерін ойша кезу, әлем айнасы мен жеке тіршілік тәжірибесінен көріп-білгені, түйіп-тұжырғаны арқылы өтіп жатқан психологиялық-дүниетанымдық тұрғыдағы сана сілкіністерін суреттеу сияқты амалдар жүзеге асырылған. Танымал тарихи тұлға туралы туынды болғандықтан, қаламгер тарапынан екшеліп, жүйеленген оқиғалар тізбегі, негізінен, М. Әуезов өміrbаянының ізімен жазылған. Эпизодтық оқиғалар желісі қөрнекті ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің М. Әуезов жайлы естеліктері мен хаттарына, баспа жүзінде жарық қөрген әдеби-сын мақалаларға, сондай-ақ оның ғылыми, көркем мұрасына сүйенгендіктен, бұл туынды да нақты өміrbаяндық хронологиядан ауытқымаған.

Роман-толғаудағы деректіліктің өзіндік сипаты тарихи, ғұмырнамалық (соның ішінде шығармашылық тұлға қалдырыған әдеби, ғылыми мұра) материалдың шығарма мәтінінде көркем игерілуіне байланысты. М. Әуезов бейнесін сомдау барысында автор түрлі кейіпкерлердің түйінді сөздерін (куттықтау сөздер, арнау, баяндама) топтастыра беру тәсілін қолданған. Нактылы өміrlік негізі бар деректер жазушы сомдаған көркем шындыққа орайластырылып, сипаты жағынан құбыла игеріледі. Мысалы, әйгілі F. Мұсірепов сөзінің романда қөрініс табуы. Романның алғашқы тарауы Әуезов мерейтойы, оның салтанатты мәжілісі мен Мұхтар үйінде тойлануы жайында. Д. Досжанов Мұхан үйінің төріндегі өнер майталмандарының салихалы отырысын суреттеу үстінде келесі бір оралымды сөзді белгісіз кейіпкер аузына салады: «... Мына тұста үлкен жазушы ыңыранды: «Ат тұяғын тай басар дейтін көне нақыл біздің кәсіпке қол емес. Бір жазушының орнын екінші жазушы баса алмайды, әрбір жазушы өз орнында бағалы» [40, 32 б.]. «Улken жазушы» айтқан бұл репликаның өміrlік дереккөзі – М. Әуезов дүниеден өткеннен кейін айтылған F. Мұсіреповтың

еске алуды: «Ат түяғын тай басар дейтін ескі нақыл көркем өнер дүниесіне заң емес. Бір жазушының орнын екінші жазушы баса алмайды, әрбір жазушы өз орнында бағалы. Бұдан былай қақ ортамызда ойылып қалған Мұхтардың орнын өзінен қалған асыл мұрасы ғана толтырады» [41, 246 б.]. Салыстырудан айқындалатын жай: дерек авторлық мақсатты қолданыста қысқартылғанына қарамастан, өз мағынасын жоғалтпаған. Себебі дәйектеме стилистикалық тұргыда ауызекі сөйлеу тіліне орайластырылып, диалогтық ситуацияға сәйкес алынған. Сол сияқты Қ. Сәтбаевтың құттықтау сөзі де осындай сипатта мақаланың көркем сөзге айналуы жолымен қолданыс тапқан.

«Мен ғылым адамымын, сөзбен сурет салуды білмеймін, – дейді қоңыр жылы дауыспен, – той үстінде мүйіздесуді де білмеймін.

«Абай» романын іждаһатпен оқып шықтым, ғалым-филолог бұл кітаптан қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді... [40, 33 б.], – деп бастап, ары қарай кейіпкер Қ. Сәтбаевті оның 1941 жылы 2 сәуірде жарық көрген «Абай» – выдающееся произведение казахской советской литературы» атты мақаласының мәтінімен сөйледеді [42, с. 54]. Сөз болып отырған көркемдік уақыттан он алты жыл бұрын жарық көрген мақаланы жазушы осы тұста ұтымды пайдалана білген. Мұндағы автордың мақсаты – мәтінді өндептесіз қаз-қалпында қолдану арқылы көркем шындықтың тарихи негізін сактау.

Жалпы әдеби туындыда құжаттар мен күнделіктердің, шығармалардың қолданыс табуын Ю. Лотман мәтіннің іске асырылуы («актуализация текста») деп атайды. Ал осындай мәтін құрамындағы көркем сөзге жатпайтын, бөгде элементтерді көркемдеудің бірнеше жолын атайды: а) материалды «әрлеу» («украшение»); ә) өндеп-түзеу («обработка»), б) мазмұнды сол қалпында сактау [43, с. 96]. Романдағы интермәтіндерден байқайтынымыз, Д. Досжанов келтірілген тәсілдердің барлығын қажетінше қолданған: ішінара қысқартуларды есептемегенде, келтірілген кей хаттардың мәтіні сакталып, түпнұсқамен толық сәйкес келеді; М. Әуезовке және басқаларға тиесілі мақала, баяндама мәтіндері жазушы ұстанған көркемдік-эстетикалық және идеялық мақсат-мұddeлерге орай көбінше мазмұны жағынан

да, пішін тұрғысында да өзгеріске ұшыраған. Мысалы, олардың қайсыбірі мазмұнын сақтағанымен, көркемдеу нәтижесінде кейіпкерлердің түрлі жағдайдағы репликаларына (монолог, ішкі ой, диалог айтылымдары, т.б.) айналған. Сондай-ақ дереккөздік формасы өзгеріссіз алынып, түпнұсқалық мазмұны түрлі деңгейде құбылған сәттер де кездеседі. Яғни интермәтіннің жанры сақталады. Шығарма мәтініне кірікken бөгде үзінділер осылайша игеріліп, авторлық баяндау үрдісі мен кейіпкер психологиясына ыңғайластырылған. Осылайша, авторлық шешім тапқан мұндай тәсілдер дерекке көркемдік сипат дарыту міндеттін атқарады.

Роман-толғаудың «Өткелде» атты тарауында жазушы М. Әуезов мұрағатындағы хаттар мен әдеби сын мақалаларына сүйене отырып, бас қаһарманның ұстаздық, ғалымдық қырларын ашады. «Шығармада кездесетін хаттардың баршасы түгелімен жазушы архивінен алынып, алғаш рет жарияланып отыр» [40, 109 б.], – дейтін авторлық ресми түсініктеме туындыдағы интермәтіндердің шынайылығы мен нақтылығына кепілдік етеді. Д. Досжанов мерзімі әр алуан осы хаттар негізінде Мұхтар бейнесін түрлі мәліметтермен толықтыра түседі. Орыс қаламгері С. Злобиннің: «Қадірлі Мұхтар! Талант деген кісінің қасиет қырын байыта ма? Әлде сол шіркін мінезben бірігіп алып таланттың өзін туғыза ма, кім біліпті. Сіздің ақылды, байыпты жүріс-тұрысыңыз мені әу дегеннен баурап алды. Бұл өмірде өзіңе ең қажетті, мінезің мінезіне келетін адаммен ұшыраса алмай өтетінің өкінішті-ақ, аз да болса, сол өкініштің өтеуін толықтырған секілдімін» [40, 110 б.], – деп жазған хатындар, романда қолданыс тапқан басқа да хаттар жинақтала келе, М. Әуезовтің адамгершілікке, биік парасатқа, кенішті ақыл-ойға негізделген қаламгерлік, ұстаздық, ғұламалық келбет-кескінін анықтай түседі. Жалпы бұл хаттардың авторлары: В.И. Попов, В. Шкловский, С.П. Злобин. Романға енген хаттардың бір тобы М. Әуезов қаламынан туған. Олар М. Фабдуллинге, Т. Әлімқұловқа, З. Шашкинге, Қ. Жұмалиевке, ІІ. Дүйсебаевқа, І. Омаровқа арнап жазылған. Сондай-ақ М. Әуезовтің жеке өмірінен сыр ақтаратын Фатима Фабитқызына арналған және тұрмыстық сипаттагы өзге де бірқатар хаттары кейіпкердің күнделікті тіршілік-тынысымен қоса, әр жылдар оқиғаларынан елес береді.

Романда М. Әуезовтің 1958 жылдың ақпан айында Мәскеудегі ауруханадан I. Омаровқа жолдаған хатының түпнұсқа мазмұны сақталған. Ал сол жылы тамыз айында жазылған хатынан [42, 46 б.] жазушы М. Әуезовтің қазақ әдебиетінің жағдайы жайлы сүбелі ойларын екшеп алып, оны өз көркемдік-эстетикалық және идеялық мақсат-мұддесіне орай өндөуден өткізген. М. Әуезовтің бұл сын зерттеуі түпнұсқадағы «Едәуір заман ойдағыдан өссе екен-ау дейтін прозамыз осындағы көркемдік ерісі өнімсіз, сиырсокпақ жолда жүретін...» [42, 48 б.] деген тұсынан ары қарай авторлық түрғыда қорытылып, нақты хат мәтіні қиялмен көмкеріледі.

«Жазушының суреткерлік нысанасына қарай тарихи деректің құрамдас бөліктерінің қайсыбірі мүлде қысқартылады, енді бірінің орнына өмірде болмаған, бірақ характер логикасына сәйкес келетін басқа да деталь ойдан қосылады. Сондай-ақ тарихи деректердің орнын ауыстыру сияқты көркемдік тәсіл болады» [44, 70 б.], – дейді Ж. Дәдебаев. Осыған сәйкес мұрағаттық құжат болып табылатын хаттардың кейбірі стильдік тезге түсірілген. Солардың бірі – М. Әуезовтің М. Ғабдуллинге 1955 жылдың 11 желтоқсанында жазған хаты [42, 32 б.]. «Мұхтар жолында» бұл хаттың мазмұны сақталғанмен, көркемдік компонент ретінде сипаты өзгеріп, кейіпкер монологына айналған.

Әрі тарихи танымал, әрі шығармашылық тұлғаның толымды көркем бейнесін сомдау қаламгерден тарихи дәлдікті қаншалықты талап етсе, қаһарманның дүниекабылдау, ой қорыту және оны көркем туынды жүзінде абстрактылықтан нақтылыққа, материалды дүниеге айналдыру қабілетін қисын заңдылықтарына сай негұрлым адекватты беру үшін соншалықты дәрежеде ұшқыр фантазия қажет екені ақиқат. Себебі жалан, құрғақ, бірсарынды деректілік көркем туындыға жат. Шығармашылық тұлғаның ойлау, сөз саптау ерекшеліктерін шындықтан ауытқымай бейнелеуге ұмтылыс нәтижесінде интермәтін ретінде туындыға сөзбе-сөз, дәлме-дәл кіріккен үзінділер болмаса, деректердің көпшілігі автордың көркем сөз көрігінен өткен. «Творчество адамының бейнесін жасауда жазушы үшін олардың өмірбаяндық мәліметтерінің мәні ерекше жоғары екендігінде сөз жоқ. Сөйткенмен ең толық өмірбаяндық мәліметтің өзі де творчестволық қайраткер жасап қалдырған

мәдени, әдеби мұра беретін бай материалдан әлдеқайдада төмен, мәнсіз. Яғни творчество адамының нағыз бейнесі, өмірі және ол өмір сүрген дәүір табиғаты оның творчествосында да барынша толық бейнеленеді» [44, 157 б.]. Демек, өнер адамының көркем бейнесін сомдауда автор үшін прототиптің – реалды өміrbаяндық тұлғаның талант туындысы таптырmas материалдық қор болып табылады. М. Әуезов сынды әйгілі көркем сөз шеберінің ұшықыры шексіз «әсемдік әлемінің» қалыптасу негіздерін, даму арналарын, шынайы өмірмен сарындас бейнелеуде оның шығармашылық мұрасы маңызды рөл атқарады. Жалпы өнер адамының бейнесін өзі қалдырган мұрасынан тыс суреттеу мүмкін емес екені сөзсіз.

«Мұхтар жолына», негізінен, М. Әуезовтің кейінгі жылдардағы өмірі өзек болғандықтан, роман-толғаудың осы кезең оқиғаларына құрылған әрекеттік аясы қаламгердің соңғы шығармашылық жұмыстарын қамтиды. Олар – «Абай жолы» роман-эпопеясының орыс тіліне аударылып, жарыққа шығуы, «Еңлік – Кебек» трагедиясының ақтық рет (17-рет) өнделуі, әдеби шығармашылық іс-сапарлар нәтижесінде «Индия очерктері», «Америка эсерлері», «Жапония елінде» сынды очерктері мен аяқталмаған «Өскен өркен» романының және т.б. әдеби-сын мақалаларының жазылуы. Аталған шығармалардың туу жағдайы М. Әуезовтің жазушылық шеберханасына үçілу, ой соқпағына ілесу, дүниеқабылдауы мен түрлі сыртқы әсерлерден туындаған сезім-күй өткелдерін барлау негізінде көрініс табады. Осылайша, жазушы ресми ғұмырнама ізіне ілесе отырып, қаһарман жан әлемінің беймәлім, көленкелі тұстарына жарық түсіріп, өмірлік жағдаяттардың туындау себептерін оның шығармашылығымен байланыстыра ой сабактайды.

«Өткелде» тарауындағы елеулі эпизодтардың бірі – М. Әуезовтің Ш. Айтматов повесімен танысып, баспасөз бетінде өз ой-толғамын білдіруі. Қаламгерлер қауымының жас буыны, жаңа толқыны арасында өзінен үміт күттірер дарындылығымен Әуезов назарына іліккен қырғыздың жас жазушысы Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесі жайлы (1958 жылы 23 қарашада «Литературная газетада» жарық көрген) «Путь добрый» атты сын мақалада мынадай жолдар бар: «Самое отрадное и, скажем прямо, необычное для киргизской

прозы заключается у Айтматова в обрисовке людей, в показе их отношений как бы изнутри. В наших братских литературах характеры людей часто даются описательно. Бывает, что автор специально, как-то нарочито придумывает своим персонажам мысли и намерения» [45, с. 301]. Осындағы ерекшеленіп берілген жолдар (курсив ізденушінікі – А.К.) «Мұхтар жолында» сөзбе-сөз алынған.

Образ дүниетанымының кеңейіп, шексіз шалқар ойының кемерінен аса төгіліп, көркем сөзбен кестеленуін, жалпы шығармашылық әлемінің жаңа көркем кеңістік, жаңа дәуір тынысымен, тың тақырыптармен толыға түсін баяндауда М. Әуезовтің шетелдерге сапарлары орынды енгізілген. Солардың бірі – 1957 жылғы тамыз айындағы КСРО делегациясы құрамында «Таң шапағы елі – жапондар жеріне» бет алған сапары. Конгресс мәжілісіне арнайы келген М. Әуезов мұндағы ел өмірімен, ұлт мәдениетімен танысады. «Ұлттық дәстүр, сұлу салтының қаймағын бұзбай, сол күйі сақтап келе жатқан үндемес сыпалар» [40, 43 б.], – деп таңырқайды кейіпкер. Сюжет желісіне енген бұл эпизодтық деректің негізгі идеялық қызметі қаламгер Әуезовтің халық, ұлт үғымдары төнірегіндегі ішкі толғаныстарын сыртқы дүниемен астастыра көркем суреттеуге саяды. Іс-сапар жайлыш нақтылы деректің сұлбасын ғана пайдаланған автор М. Әуезовтің айтылмыш очеркінің логикалық ой-жүйесін зерделеу арқылы өз суреткерлік фантазиясына ерік беріп, нанымды көркем шындықты баяндайды.

Келесі кезекте Мұхтардың бір топ Кеңес жазушыларымен бірге болған АҚШ-тағы күндері суреттеледі. Д. Досжанов бұл оғигаларды «Вашингтон пост», «Политикал Афферс», «Лос Анджелес таймс», «Юнайтед Стейтс Ньюс энд уорлд рипорд» сынды шетелдік басылымдарда жарық көрген мақалалар негізінде күәлік етеді. Мысалы: «Вашингтон пост» газетінің 1960 жылы 17 февраль санына төмендегіше хабар басылды:

«Советтік Россиядан Штаттар өмірін танып білуге төрт жазушы келді. Делегация құрамында орыс романисі Леонид Леонов, қазак жазушысы Мұхтар Әуезов, украин ақыны әрі прозашысы Олесь Гончар, орыс ақыны Степан Шипачев бар» [40, 238 б.], – деп жазады автор. М. Әуезовтің АҚШ-тағы күндері Д. Лондон

мұражайын аралауы, Калифорния университетінің студенттерімен кездесіүі, американцы қазақтармен жүздесуі сияқты қызығылықты оқиғалар тізбегімен көрініс табады. Атақты «Америка әсерлері» очеркін сыйлаған бұл сапарынан да М. Әуезов «қазақ рухының реквием шері мен жетім азаматтың зарын» арқалап, көкірек көзімен зерделегендегі туған елі туралы мұнды толғаныстарға жол сала, елге оралады.

М. Әуезовтің белгілі «Индия очерктерінің» жазылу жайын «Жолда» атты тарау мензейді. «Индия сапары жолы-жөні оқшау бір сапар болды» [45, 309 б.], – деп М. Әуезовтің өзі еске алғанындей, қаһарманның бұл іс-сапары өзгелерден бөлектеніп, кеңінен баяндалған. Ал роман-толғау мазмұнындағы арнайы авторлық түсініктеме төмендегідей:

«Көне Индия жерін алғаш рет 1955 жылдың январь-февраль айларында аралап, жалпы жобасы қырық бес күн уақыт ішінде елді бастан-аяқ бір сүзіп, көзден өткізіп, көңілге тоқып, бұл жолы 1961 жылдың март айының 25-28 күндері Делиде өтетін бейбітшілікті қорғау комитетінің халықаралық үшінші конгресіне келген беті болатын. Жазушының осы екі сапарда көрген білгенін бір тараудың бойына үйіріп, бір тыныспен суреттеп шығуға тырыстық» [40, 80 б.]. Очерк мазмұнындағы үнді халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық-мәдени өмірі жөніндегі М. Әуезов ойлары негізінде өрбитін эпизодтар тобы композициялық құрылымы жағынан тұйық мәтін сипатына ие.

Қайыршылықпен күн кешкен үнділіктердің тұрмыс-тіршілігі (сауатсыздық, оқырманы жоқ үнді әдебиеті, жетім тіл іспеттес жергілікті халық өмірінде орын алған мәселелер) тереңінен толғанып, Мұхтар санасындағы ой ағынының бет-бағытын айқындаиды.

М. Әуезовтің реалды өміrbаяндық тұлғасына қатысты келесі дерек аталған очеркін жазылу тарихына байланысты сауалдарға жауап іздеуге біршама бағдар сілтейді әрі қаһарманның рухани-тұғырнамалық көзқарас арналарының қайнарлары мен құйылыштарын ашуға септігін тигізеді. М. Әуезов очеркінде мынадай жолдар бар: «Тарихшы профессор Индия тарихы әлі дүниеге бар Индияны танытып болмағанын дұрыс айтты. Тыңнан жаңаша тарих жазу қазіргі республика тарихшыларының ардақты

міндегі екенін сөйледі. Соны айта келіп профессор Сурков екеуімізben жасаған мәжілісінде Нерудің тарихшыларға беретін мол мәлихаттары бар екенін айтты» [45, 353 б.]. Д. Досжановтың аталмыш очеркке қатысты деректік материалды пайдаланудағы идеялық сарыны осы үзіндіден бастау алса керек. Социалистік дәуір идеологиясы шеңберінде ресми мәлімдеме түрінде жазылғанымен, үстірт те болса қалам ұшына іліккен жеке ұлт мұддесі, егемендік мәселелерін қаузаған «Индия очерктерінің» ой-толғамына қатысты тағы бір дерек келтірейік. Т. Жұртбайдың «Талқы» атты еңбегінде былай делінген:

«Нерудің «Индияны тану» атты кітабындағы: «Индияның бүкіл болмысы менің қанымда қайнап тұр, оның бойындағы құбылыстардың барлығы менің жан дүниемді қатты тебірентеді. Сонда да менің өзімнің еліме, оның бүгінгі күніне, өзім байқаган еткеннің сарқыншақтарына жат адамның көзімен және сондай жек көрінішпен қарадым. Мен өз елімді батыстың көзқарасы арқылы таныдым және кәдімгі достқ пейілдегі европалық оған қалай қараса, мен де сондай дәрежеде ғана түсіндім. Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жазылған тарих еді», – деген сөзді тігінен қаусыра қарындашпен сыйыпты да, тұсина:

«Менің халқымның да тарихы солай жазылды!», – деп белгі қойыпты» [46, 5 б.].

Осылайша, өз ұлттарының тағдырында есімдері ерекше қастерлі екі тұлға – Д. Неру мен М. Әуезовті мұндастырып тұрган ұлт мұддесі еді. Бірінің халқы ғасырлап құлдық құрауында күнелтсе, екіншісінікі өз еркімен отаршылық қамытына мойын ұсынды да, одан қайтып босай алмады.

Сюжеттік желінің осындай идеялық өзекке құрылған аталмыш тұсы кейіпкердің үнді өмірімен етene танысуы, үнді әдебиетінің жай-күйін зерделеуі сияқты этнографиялық нақыштармен көмкерілген эпизодтармен көріністейді. Қаһарман жан әлеміндегі эмоционалды-психикалық, сана құбылыстары жанама түрде, астарлы баяндау арқылы жүзеге асырылған «Жолда» тарауы тұлғаның түпкі ой-сезім қатпарларында жасырын жатқан ұлтына деген маҳабbat сезімінен сыр шертіп, шарасыз тұнған мұң-шерін қалқытады.

«Өмір шындығының көркем шындықта айналу процесі әр алуан философиялық, эстетикалық, таза творчестволық факторларға байланысты. Бұл факторлардың ішінде тіршілік ағымын табиғи болмыспен теңдес суреттеу міндепті бар», – дейді Б. Майтанов [29, 291 б.]. Шынайы өмір құбылыстарын «табиғи болмысымен теңдес», яғни мүмкіндігінше өмір ақиқатынан ауытқымай бейнелеу әдеби туындының баршасына бірдей қойылатын талап екені белгілі болса, деректі жанрда ол жетекші ұстанымдардың бірі болып табылады. Себебі көркемдік тәсіл ретінде деректілікке иек артудағы авторлық позицияның ерекшелігі – өмірдің өзін эстетикалық тұрғыда көркем, әдемі құбылыс деп қабылдау. Дегенмен, «Деректі әдебиет те..., дайын характерді алып қондыра салмайды, ол да өзге әдебиет сияқты оны өрбітеді» [47, с. 191]. Көркем әдебиеттегі деректілік пен психологиязмнің тоғысатын тұсы да – осы жер. Қаламгер белгілі бір тарихи тұлға жайлы шығарма жазғанда, тұптұлға өмірбаяның идеялық қажеттіне қарай модель түрінде іске асырып, жаңа көркем әлемде оны қайта жандандырып, жүйелейді.

Д.Досжановтың «Мұхтар жолы» роман-толғауы кемелденген шығармашылық тұлғаны суреттеуге дең қояды. Ішкі ой әлемін зерделеу арқылы қаһарманның өзін-өзі тануы суреттеліп, авторлық тұрғыда кейіпкердің шығармашылық жолы бағаланады. Жазушы талғамымен сұрыпталған өмірлік материалдардың ара-жігі кейіпкер позициясынан психологиялық суреттеу, ішкі монолог сияқты көркем психологиязм амал-тәсілдерімен жалғасқан. Жекелеген деректік мәтіндер көркем игерілу барысында түрлі өзгерістерге ұшырап, қаһарман тұлғасын шынайы бейнелеуге үлес қосқан. Яғни құжаттық материалдың роман шенберінде іске асырылуы былайша: а) хат, әдеби-сын зерттеулер, мақала түріндегі кей материалдар өздерінің түпнұсқалық мазмұнын толық сақтаған, яғни интермәтін түрінде игерілген; ә) аталған материалдардың біршамасының мазмұны сақтала тұра, көркем мәтін құрамында «жанрлық сипаты» өзгерген. Мысалы, ондай интермәтіндердің бір түрі М. Әуезов мұрагатынан алынған кейбір хаттар кейіпкер монологы, жарлай арнау, т.б. қызыметін атқарады; б) ішінара бір алуан мәтіндер автор қаламымен өзгеріліп, көркемделген. Аталған амал-тәсілдер Д. Досжановтың «Мұхтар жолы» роман-толғауындағы

бөгде мәтіндердің қолданылу сипатын, ерекшеліктерін айқындап, жазушының өзіндік көркемдік шеберлігінің бір қырын танытады.

Қаламгердің әр шығармасы зор ізденіс пен қажырлы еңбектің нәтижесінде туындал, сол арқылы автордың үздіксіз рухани өсу жолын бедерлейтіні белгілі. Жазушы қаламынан шыққан әр туынды – әдебиеттің үздіксіз дамуына қосылған үлес. Әрине, әдебиет айдынына әркім өз «әсемдік әлемімен» келеді.

«...Әуезов туралы жазбаган адам жоқ, – дейді З. Қабдолов, – ал мен көрінген жұртша емес, өзімше, тек қана өзімше жазуым керек. Ол үшін жаңа сыр ашу, соны ұтымды жеткізетін тың түр табу шарт» [48, 13 б].

Жалпы әдебиеттегі эссе жанрына келетін болсақ, онда дараышыл көзқарас, бет-бағдарларға баса назар аударылады. Эссеист өз туындысында айрықша эстетикалық-идеялық нысананы көздел, оқырман қауымға ерекше әсер, көңіл-күй сыйлайды. «Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеист интеллектуалдық байлығын, анғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін жомарттықпен жайып салады» [49, 378 б.].

З. Қабдолов өзі таныған ұстаз, ғұламағалым, жазушы М.О. Әуезовтің әсемдік әлемін өзіне сай айрықша түр, келісті мазмұнға ие етіп көрсету мақсатында осы роман және эссе жанрлары тоғысын таңдайды. Эссе жанрына, негізінен, берік байламдар, сенімді гипотезалар, оқшау ой-толғамдар тән екені белгілі. Осындағы айырмамен белгілер арқылы эссе авторы өз туындысында қалыптасқан қоғамдық пікірді өзгертуге, елеулі идеялық бетбұрысты жүзеге асыруға тырысады. Жылдар бойында көкірегінде сарқылып, қорланған көрікті ойларын келістіре кестелеп, көркем ой қорытуда автор үшін қолайлы жанр роман-эссе болған.

Әдебиет – ең алдымен, өнер туындысы. Ол жазушының өмірге эстетикалық қарым-қатынасын арқау етеді. Суреткер шығармасында шынайы өмірдің кілең қаймағын, әдемі тұстарын қалқып алмай, өмірді біртұтас әдемілік ретінде бейнелеуі тиіс. «Әдемілік – адам, ал адамдағы әдемілік – өмір» [50, 28 б.], – дейді Н.Г. Чернышевский. Осы тұрғыдан алғанда, «Менің Әуезовім» роман-эссесі М.О. Әуезов өмірін біртұтас әсемдік әлемі

етіп бейнелеп, шындық пен көркемдіктің сұлу жарасымы күйінде сомдаған, биік идеялық-эстетикалық мұратты көксеген шығарма болып табылады. Кеменгер кескін-келбетін, жан сарайын мейлінше соны сипатпен тұлғаландыра түсетін бұл туындының тақырыптас өзге шығармалармен салыстырғанда тынысы еркін. «Мениң Әуезовім» қазақ елі тарихының жана тәуелсіз кезеңінде (1997 ж.) жарық көргендіктен, Әуезов тарихи тұлғасының бұған дейінгі туындыларда бірде қомескі, бірде тілті беймәлім болған қалтарыс-қатпарлары айқындала түсken. Нақтылы өмір құбылысын, ондагы толассыз қайшылықтарды ой елегінен өткізіп, терең тұңғирығына бойламайынша, шын мәніндегі көркем шығарма дүниеге келмейді. Себебі «тарихи және қоғамдық шындық әдеби туындының бастау көздері болып табылады» [51, 259 б.]. Өмір шындығынан, оның жалпы болмыс-бітімінен, тіршілік ағымындағы қозғау салар түпкі себептер мен шешуші жағдайлардан ауытқымаған жағдайдаған үздік реалистік шығарма жазылады. Роман-эссе авторы да өз қаһарманын ол өмір сүрген тарихи уақыты мен кеңістігінен беліп-жарып алмай, аса ірі тарихи тұлғаны дәуір тынысымен тұтастықта бейнелеп, М. Әуезовтің өзіне ғана тән оқшаулығын айқындауға ұмтылған. Сонымен, роман-эссе М. Әуезовтің 1920, 1929-1932, 1936-1938, 1951-1953 жылдардағы бұрын ақтандақ күйінде келген белгісіз өмірлік мезеттерінен сыр шертеді. Туынды ұлы суреткер жайлы қорытылған тұжырым қалыптастырудадағы автордың субъективті позициясының басымдығымен ерекшеленеді.

Жанр жағынан «Мениң Әуезовімнің» енді бір өзгешелігі – оның мемуарлық сипаты. Аталған жанрдың өзіндік ерекшелігі жөнінде М. Хасенов: «Мемуарлық туындыда... суреттелетін оқиғаға жазушының өз басы тікелей, я жанама түрде болса да қатысты болғандықтан, шығарманың сюжеттік желісі автордың дүниетанымы мен көрген-түйгендеріне негізделеді. Осыған орай мемуарлық шығармаларда документальді фактіге сүйену, дәлелдеу жиі орын алады да, суреттемелерден көрі баяндау тәсілі басым болып келеді» [52, 172 б.], – деп жазады. Шығарманың баяндау жүйесі бірінші жаққа негізделген, роман тіпті автомемуарлық жанрға да жуық. Себебі кейіпкерлер жүйесінде іс-әрекеттік аяда жан-жақты сомдаған тұлға екеу: бірі – ұстаз М. Әуезов, екіншісі – шәкірт З. Қабдолов. «Мемуарлық шығармада автордың өзі көріп

білген жайларды, әртүрлі адамдардың әрекетін анықтап, айғақтап айтатыны – бұл жанрдың өзгешелігі және артықшылығы» [53, 227 б.], – дейтін Т. Бекниязов пікіріне сәйкес, романның көркем мәтіні құрылымында автор-баяндаушы ретінде сомдалатын, яғни дербес актант – қымыл-әрекет етуші кейіпкер болып табылатын З. Қабдолов белгілі мөлшерде өз өмір жолынан, өз айналасынан да сыр актарады. Қаламгер М. Әуезов бейнесін өзі тікелей жаны-қасында жүріп таныған реалды өміrbаяндық түптүлгасы негізінде бейнелейді. Осыған байланысты роман-эссеңінң сюжеттік оқиға желісі З. Қабдолов пен М. Әуезовке ортақ өмірлік материалдар бойынша түзілген.

«Стиль – шығарманың көркемдік түргыда аяқталғандығының, оның эстетикалық мінсіздігінің көрсеткіші, – дейді А. Есин, – Стиль ұғымы арқылы көркемділіктің басты зандылығы көрнекі түрде жүзеге асырылады. Ол – бірлік, мазмұн мен пішіннің занды сәйкестігі» [30, с. 30]. «Менің Әуезовім» роман-эссеңінің баяндау жүйесіндегі өзгешелікті шығарманың идеялық мамұны мен соған сәйкес, қолайлы жанрлық форма бірлігінің көрінісі болып танылатын стильдік ерекшелік деп түсінген жөн.

Жалпы филологияда баяндаушы бейнесі негізінде қалыптасатын баяндау жүйесінің дәстүрлі екі құрылымдық-семантикалық түрі бар:

- 1) бірінші жақтан баяндау, яғни субъективтендірілген баяндау үлгісі;
- 2) үшінші жақтан баяндау, яғни объективтендірілген баяндау үлгісі.

Әдеттегі баяндау формасының бұл жіктемесі лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейдегі түрлі айырым белгілермен түсіндіріледі. Әңгімелеу үлгісіне қарай авторлық көзқарас нұктесінің автор, автор-баяндаушы, автор-әңгімеші, бақылаушы, т.б. болып белінүйін зерделеу қазіргі әдебиеттану ғылымында оптикалық көзқарас нұктесін барлау арқылы жүзеге асырылады.

Е. Гончарова үшінші жақ арқылы баяндау үлгісінің объективті сипатын мұндағы баяндаушының көркем әлемнен тыс болуымен, сол арқылы кейіпкерлер жүйесімен салыстырғанда оның орасан зор дүниетанымдық артықшылығымен байланыстырады. Ал

бірінші жақ арқылы көркем баяндауға ол былай деп сипаттама береді: «Субъективтендірілген баяндау деп біз не көркем әлемге белгілі бір қатынасы бар, мәтінде есімі аталатын әңгімешінің, не баяндаушы қызметін қоса атқаратын кейіпкерлердің бірінің жеке, субъективті позициясына сүйене отырып суреттейтін эпикалық мәтін түрін айтамыз» [54, с. 33]. Көркем шығарманың баяндау жүйесін психологиялық суреттеу ыңғайында қарастыратын А. Есин пікірі де осыған саяды. Фалым бірінші жақтан баяндаудың психологиялық бейнелі суреттеу мүмкіндіктерін шектейтін тиімсіз тұстары да болатындығын айтады: «...Дегенмен психологиязм тұрғысынан қарағанда, бірінші жақтан баяндауда барлық жағдайда екі түрлі шектеу сақталады: бірнеше кейіпкердің ішкі әлемдерін біркелкі толық әрі терең көрсетудің мүмкін еместігі... және психологиялық суреттеудің бірсақтындылығы» [30, с. 40].

Сонымен 3. Қабдоловтың эпикалық жанрдағы бірінші жақтан баяндау үлгісінде жазылған «Менің Әуезовім» роман-эссеци автордың субъективті көзқарасы мен дүниетанымына сүйеніп, М. Әуезов бейнесін осы позицияға бағындыра суреттеген туынды болып табылады. Бұл жақтық баяндау түрінің қаһармандар рухани әлемін ашуда автор әлеуеттілігіне әлгіндей шектеулер әкелуі мүмкін болғанына қарамастан, «Менің Әуезовімдегі» автор-баяндаушы өз субъективті қабылдау аясынан тыс рухани кеңістіктерді де барынша терең зерделеуге талпынды жасайды.

3. Қабдоловтың романдағы: «... Өзге емес өзімнің тек қана өзімше таныған, өзімше білген, өзімше бас иген Әуезовім» [48, 14 б.], – деген сөздері көркем бейненің, бір жағынан, автор субъективті ой-өрісінің, көркем қиялышының жемісі екенін білдірсе, екіншіден, шығарма жанрына сәйкес қалыптасып, көркем өрілген авторлық идеяны көпшілікке ұсыну арқылы объективтендіру әрекеті ретінде де зерделенуі мүмкін. Өйткені әрбір индивид дүниетанымы оның өмірден түйген жеке шындығы бола тұра, белгілі мөлшерде объективті Ақиқаттың бір тарауы іспеттес қабылданады. Жалпы «Менің Әуезовімдегі» мұндай идеялық, эмоционалдық бағдар мемуарлық эссе талаптары аясынан шықпай-ақ, тартымды, танымдық қасиеті мол әрі көркемдігімен эстетикалық ләззатқа бөлейтін өнер туындысын танытады.

Роман-эссе құрамындағы шағын детальдардан бастап, ірі

эпизодтарға дейінгі барша құрамдас бөліктер М. Әуезов бейнесінің тың қыр-сырларын ашуға қызмет етеді. Түптүлға тағдыр-тариҳы ғасырлар қойнауында жатқан бабаларынан бастап баяндалады да, әсіресе 1920-1931, 1950 жылдардағы өміріне баса назар жығылып, сюжеттік желіге негізгі іс-әрекеттік кезең ретінде осы жылдары арқау болған. Автор желіге тартылған оқиғалар тізбегін саналы түрде Абай мен Мұхтар арасындағы рухани сабактастыққа, үндестікке орай екшеп алған (Белгілі Бегей хикаясы, Абай портреті хақында, Абай өлеңдерін талдау, «Абай» романын талқылау және т.б.). «Абай және Абай жолы – Әуезовтің ойшыл-жазушылық ғұмырының өнбойына желі болып тартып кеткен күрделі де іргелі тақырып» [55, 296 б.], – дейді З. Қабдолдың өзі басқа бір ғылыми-зерттеу еңбегінде. М. Әуезовтің бүкіл саналы ғұмырының стихиясына айналған ұлы шығармасы – «Абай жолы» екі алыштың арасын жалғастырған өткел іспетті. З. Қабдолотовтың «М. Әуезов және оның әсемдік әлемі» атты еңбегіндегі тарихи мәнді сәтті дәл басып айтқан ұлы тұлғалар арасын жалғаган рухани, шығармашылық сабактастық туралы негізді пікірі «Мениң Әуезовімде» көркем шындық дәрежесіне жеткен.

Аталған туындының тақырыптас өзге шығармалардан артықшылығы – М. Әуезовтің ұлтжанды азамат ретіндегі бейнесін реалды өмірлік негіздермен тұлғаландыра түсетін қофамдық-саяси көзқарастарының айқан бедерленуінде. Бұл туралы алғашқы ой шәкірт Бекет тілімен беріледі: «Басын тауға да ұрған, тасқа да ұрған көрінеді, сабаз! Соның бәрі – қарақан басының қамы емес, халық қамы... Мұның ортасы жоқ бізде, бәрі ұсталып кеткен, атылып қалған. Бекейханов, Байтұрсынов, Дулатов, Досмұхамедов, Жұмабаев, Аймауытов... бәрі кеткен, бәрі жоқ. Мына сорлы жалғыз! Мұның да көрмеген азабы мен бейнеті жоқ. Бұл да «халық жауы» бол құри жаздаған. Ұлтшыл деп айыпталған, түрмеде жатқан. Одан отыз екінші жылы «жаздым-жаңылдым» деп ашық хат жазып, әрен құтылған... Не айтатыны бар, қазақтың бағына ғана қалған фой тек!.. Әйтпесе, «Абай» қайда бізге?!» [48, 52 б.]. Мұхтар өмірінің «тар жол, тайғақ кешуін» осылайша түйдегімен, салқын авторлық баяндаудан тыс катаңдағы кейіпкер арқылы жеткізу шығарма көркем кеңістігіндегі мойындалған өмір шындығын паш етеді.

«Бір мың тоғыз жұз жиырмасыншы жылдың бірінші қыркүйегінде Семей губревкомының төрағасы Больщаковтың № 2184 бұйрығы бойынша сол мекемедегі қазақ бөлімінің бастығы Әуезов... өз ұлтының гана қамын ойлап ұлтшылдыққа ұрынғаны үшін тұтқынға алынып, қаранды үйге қамалды. Бұл оның тұңғыш рет түрме көргені еді» [48, 220 б.], – делінеді романда. Автор баяндаудағы ресми сипатты деректің өмірлік негізіне келсек, 1920-жылдардың басы, шын мәнінде де, М. Әуезов үшін құғын-сүргін кезеңі болды. Жас Әуезов тағдыр-талайының өзгеше өрілуі тіпті мүмкін емес. Себебі «бұл кездері Әуезовтің Семейдегі азаматтық өмірі Алаш туының астында өтіп жатты» [48, 221 б.]. Оның өмірі мен шығармашылық шежіресінің Семейдегі кезеңін еске түсірейік: 1918 жылы «Абай» журналында оның «Өліп таусылу қаупі» атты мақаласы жарық көреді. «... Жеңіп алған жұртына жеңген ел не істейді?.. Алдымен торыған елдің дінін қақпайға алады, бұдан соң ғұрып-әдеттін араластырады, артынан аламыштап жүріп тілін жоғалтып, елдің белгісін құнгірттендіріп, акырында бір ұлтты жұтып кете барады... Міне, осы аянышты халдің барлық белгісі қазіргі уақытта қазақ ішінде де білініп келеді» [45, 77 б.], – деп жазады жас Мұхтар. Туған халқының басындағы пұшайман жағдайды ой көзімен зерделеген ұлтжанды азамат Мұхтардың жазушы, ғалым, ұстаз ретіндегі өмір жолының осы текстес мәнді тұстары жазушы назарынан тыс қалмаған. Ал «Мениң Әуезовімде» келтірілген қылмыстық іс туралы деректің құжаттық негізі төмендегідей:

«Алашорданың» атынан Колчактың үкіметімен келісім жүргізді және Орта Азиядағы басмашылардың қозғалысына жетекшілік етті, ұлтшыл контреволюциялық астыртың ұйымға қатысты дегінген жала» [46, 102 б.].

Жиырмасыншы ғасыр басындағы қоғамдық-саяси жағдайлар фонында жетіліп, идеялық бағдары қалыптасқан М. Әуезовтің азаматтық тұлғасын ашатын шығармашылық қызметін З. Қабдолов өз позициясынан былайша қорытады: «Әуезов жиырмага жетпей, отыздан өтпей әуезовтігін танытты. Бас-аяғы он жылда, өзгелерін өз алдына қойғанда, сөз өнерінің інжу-маржаны секілді үш көркем туынды берді. Алайда амал қанша, сол үш туындының үшеуі де еңбектің зейнеті емес, бейнеті болып шықты. «Еңлік-Кебектен»

кейін ескішіл Әуезов, «Қарагөзден» кейін ұлтшыл Әуезов, «Қылы заманнан» кейін алашордашыл Әуезов сыннан сынға ұшырап, соққыдан соққыға жығылып, ақыр-аяғында қасқа мәндайына «халық жауы» деген қара таңба басылды да қамауга алынды. Одан отыз екінші жылы жария баспасөз бетінде «жаздым, жаңылдым» деп ашық хат жазып әрең құтылды» [48, 222 б.]. Жазушы тілге тиек етіп отырған хат – М. Әуезовтің 1932 жылы 17 мамырда ҚазССР Халық Комитеті Кеңесінің төрағасы О. Исаевқа өзінің «саяси қателіктерін» мойындауы туралы мәлімдеме [42, 232 б.]. Аталмыш кезең оқигаларын еске алу түрінде қамтыған автор бүгінгі күнге, яғни көркем әлемдегі осы шаққа (1950 жылдар) қайта оралады. Жарты ғасырлық ғұмырында бір жерден табан аудармай қала алмаған Әуезовтің бұл күндері де таңдайға балдай татымайды. Бұл да – тырнақ астынан кір іздеген, «жау жоқ емес, жар астынданың» керін киген сұғанақ, сұрқия саясаттың үстем дәүірі. «Дүшпандықты Әуезов жеке адамнан ғана емес, өзі өмір сүрген заманнан көрді. Сондагы бар күнәсі әрі кінәсі – халқын сүйгендігі» [48, 186 б.], – дейді автор. Сонымен «Менің Әуезовім» роман-эссесінде Мұхтар шығармашылық өміріндегі тағы бір айтулы кезең – 1951-1953 жылдар суреттелген. Қаһарманнаның шығармашылық жолына кесе-көлденең киліккен оқыс оқиға «Әуезовтің қалам қызыметін талқылау», яғни «Абай» романы туралы. Сол кез туралы Ә. Нысанбаев былай дейді: «1951 жылы шабуылдың жаңа толқыны басталып, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев Мәскеуге кетуге мәжбүр болды. М. Әуезов онда МГУ-де СССР халықтарының әдебиетінен сабак берді. Тек 1954 жылы ғана отанына оралуға, алаңсыз шығармашылық жұмыс істеуге, өзінің ғаламат еңбегін аяқтауға мүмкіндік алды» [51, 278 б.].

3. Қабдолотовтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі – М.О. Әуезов тарихи тұлғасына өмір шындығы түрғысынан баға беріп, көркем түрде қорытындылаған, сөйтіп өмірдегі «Әуезовтің әсемдік әлемін» өзек еткен туынды.

Сонымен тақырыптас туындыларды саралау барысында анықталған жайт – М. Әуезовтің шығармашылық тұлғасын деректілік және психологиям негізінде бейнелеуде әр қаламгер өзіндік ұстаным түрғысын танытып, түрлі амал-тәсілдер топтамасын қолданған. К. Оразалин жас Мұхтардың қаламгер

ретінде қалыптасу жолының қайнар көздерін, көбіне сыртқы факторлар әсерін ашуды көздел, алғашқы туындыларының түу тарихын кейіпкер өмір сүретін саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ортамен байланыстыра, негізінен, авторлық баяндауға бағындырады. Сондай-ақ бұл туындыдағы психологиязмнің көрініс табу дәрежесі кейіпкердің әрекет психологиясы, тартыс жағдайларының қоюлығы, анығырақ айтса, жас Әуезовтің сыртқы ортамен арадағы қарым-қатынасы арқылы анықталатынын айта кеткен жөн. Д. Досжановтың «Мұхтар жолы» роман-толғауы кемел шығармашылық тұлғаны суреттеуге дең қойып, оның ішкі ой әлемін зерделеу арқылы қаһарманның өзін-өзі тануы суретtelіп, авторлық тұрғыда кейіпкердің шығармашылық жолы бағаланады. Автор талғамы негізінде сұрыпталған өмірлік материалдардың ара-жігі кейіпкер позициясынан психологиялық суреттеу, ішкі монолог сияқты көркем психологиязм компоненттерімен жалғасқан. Жекелеген деректік мәтіндер көркем игерілу үдерісінде түрлі өзгерістерге ұшырап, қаһарман тұлғасын шынайы бейнелеуғе үлес қосқан. З. Қабдолов туындысының өзіндік қасиеті М. Әуезовтің ұстаздық, жазушылық портретін жасауында. Осы ретте кейіпкердің сомдалуы автордың субъективті ой-толғанысына баса назар аударылатын эссе жанрына тәуелді. Аталмыш жанрдың өзіндік ерекшелігіне орай көркем бейнені сомдауда автор біршама тансық деректерге көніл аударып, субъективті ой-тұжырымдарын ортаға салу арқылы оларды көпшілікке жария ету жолымен объективтендіру идеясын ұстанады. Тікелей авторлық-кейіпкерлік З. Қабдолов позициясы мен М. Әуезов позициясының бір-бірін өзара толықтыруы нәтижесінде бірінші жақтан баяндау тәсілінің мүмкіндіктер аясын кеңейе түсіп, сол арқылы қаламгерлік шеберлік деңгейі айқындалады. М.О. Әуезов өміrbаянына қатысты бірқатар реcми және бейресми деректер кей жағдайларда тақырыптас туындылардың барлығында ұшырасады. Сюжеттік желіге қатысты я қатыссыз болып келетін бұл деректер қаламгерлер қолданысында түрліше көркемдік-идеялық мақсаттарды игеріліп, килы комбинациялармен қиуolasқан. Алайда мұндай ұқсастықтардың кездесетіндігіне қарамастан, әр роман М.О. Әуезовтің шығармашылық тұлғасын өз алдына дара көркем бейне етіп сомдаған туынды болып табылады.



II БӨЛІМ



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ҮЛГІЛЕРІ

Портреттер типологиясы

Шығармада сомдалған кейіпкер тұлғасының тұтастығын, даралығын, шынайылығын, сайып келгенде, көркемдігін қамтамасыз ететін құрамдас бөлік – портрет. А. Байтұрсынұлы еңбегінде көркем туындының баяндау жүйесіндегі «әуезе, әліптеу, байымдау» ұғымдарының ішінде әліптеу туралы: «...Тұлға тұртұрпатын, кескінін, көркін айтып пернесін әліптен сөйлейміз» [14, 16 б.], – деп жазады. Баяндау жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын айтылмыш компоненттің шығарма мәтініндегі көркемдік қызметі туралы: «Кейіпкердің мінезд-құлқын, харakterін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мұсіндеудің үлкен мәні бар» [56, 270 б.], – дейді З. Ахметов. Ал кейіпкерге психологиялық мінездеме берудің амал-тәсілі ретінде пішін демеге жүктелер міндет арта түседі. Себебі көркем шығарма құрылымындағы портреттің атқарар қызметі кейіпкердің сыртқы тұлғасын суреттеумен ғана шектелмейді, одан әлдеқайда ауқымдырақ. Б. Майтанов «Портрет поэтикасы» атты зерттеу еңбегінде кейіпкер пішін демесін суреттеудің түрлі жолдарын қазақ прозасындағы тарихи туындылар шеңберінде зерделеп: «Қалай десеніз де, портрет – адам бейнесіне қатысты метонимиялық

құбылыс, бірақ көркемдік түрғыда толымды құбылыс. Ол – жаратылыстың шеберлігіне, өмірдің күрделі табиғатына тәнті қылатын, тарихи мәні зор эстетикалық, эмоционалды-психологиялық, пластикалық, антропометриялық құндылық» [57, 123 б.], – деген қорытындыға келеді. Олай болса, әдеби образдың ішкі жан дүниесі мен сыртқы түр-түрпаты арасындағы үйлесімді не керегарлықты суреттеу, жекелеген ситуациялардағы ішкі психологиялық күй өзгерістерінің тыскы қымыл-ишарат, қалып-күй арқылы сыр беруін бейнелеу сияқты маңызды істерді жүзеге асыруда кейіпкер кескіндемесі елеулі рөл атқарады. Сондай-ақ, Ә. Нарымбетовтың: «Жазушы ойының түпкі қазығы, кейіпкерге деген оның негізгі көзқарасы, суреткерлік позициясы осы портрет арқылы да жобаланып жатады» [58, 89 б.], – деген үстеме пікірі де аталған компоненттің идеялық-көркемдік мән қабаттарын ажыратса, айқынданай түседі.

Шығармадағы портреттің құрылымдық-стилистикалық түрғыда берілу жолдары тікелей авторлық идеяға, суреткерлік нысанана байланысты. Кез келген көркем туындыдагы портреттік суреттемелер өздерінің толымдылық дәрежесіне қарамастан, аяқталған сипатқа ие деп қабылданады. Сондықтан қаламгердің суреткерлік даралығының көрсеткіші болып табылатын егжет-тегжейлі толық портреттер де, тұтас бейненің кей детальдарын іле суреттеулер де – бірдей дәрежеде қорытылған, толымды пішіндемелер. Портреттегі толымдылық пен нақтылық көркем туындының жанрлық ерекшелігіне де тәуелді. М. И. Андроникова «Тұптұлғадан бейнеге» («От прототипа к образу») атты монографиясында: «Әдебиеттегі нақты адамдардың мейлінше сәтті образдарының құпиясы, жақсы қылқалам портреттерінің құпиясы сияқты, адамның ішкі, сыртқы мәнді ерекшеліктеріне қайта жан бітіруде жатыр...» [25, с. 3], – деп, Голосуорси пікіріне ортақастық білдіреді. К. Оразалин, Д. Досжанов, З. Қабдолов романдарында сомдалған М. Әуезов бейнесінің портреттік қырларын саралау барысында шынайы шығармашылық тұлғаның сыртқы болмыс-бітімін, кескін-кеlebetін суреттеудің түрлі деңгейлері байқалады.

«Абайдан соң» романы, негізінен, қаһарманның көркем

портретінен гөрі оның шығармашылық келбетіне, өнердегі алғашқы табыстарына баса назар аударады. Эпикалық құлашы кең, сюжеті шытырман оқиғалы, көркем уақыт пен кеңістік тұрғысында да ауқымды келетін бұл романнан бас кейіпкердің нақты портреттік суреттемесін табу қыын. Ұлы ақын Абай қазасы кезіндегі жеті жасар бала Мұхтарға берілген алғашқы суреттемені келтірейік:

«Мұхтар жаңа киім киген бала бол асықпайды, сылбыр қозғалыстарымен көз талдырады. Әлденені ойлағандай кейде елең етіп қалады да, қалыңдау ерні сәл ашылыңқырап, отты көзі алысты бағдарлағандай тың тыңдайды. Ұйпаланған шашын биік маңдайына жатқызыбақ бол әжесі қашама сипалағанда көнген жоқ. Сұлу денесіне киімі әдемі жарасқанмен, ойлы ажары қазір қуан тартқан.

Мұхтардың болбыр жуастығын дәл осы жерде ғана байқағандай Омархан:

«Тым момынсың-ау» деп ойлаған еді» [35, 6 б.].

Портреттік үзіндінің кейіпкер кескіндемесін суреттеуден бұрын характеристологиялық мақсатқа жақындығы айқын аңғарылады. Яғни автордың негізгі ойы бала Мұхтардың сыртқы бітімін емес, ішкі болмысында әлден нышан бере бастаған ерек жаратылыс-мінезін андату. Тікелей автор атынан берілетін пішіндеме әйгілі Әуезовтің бұдан әлдеқайда есейген шағындағы бейнесінен көшіріліп, оған балғын балалыққа тән элементтер қосу арқылы орындалған. «Ойлы ажарға» қондырылған «қалың ерін», «отты көз», «биік маңдай» тәрізді тіркестердің көнігі Әуезов портретіне тән сипаттар екендігі көпшілікке аян. Автор аталған кескінемелік детальдарды тұрақты жағдайда ғана суреттемей, оларды жеті жасар бала жаратылысына және эпизодтық жағдаятқа сәйкес кескіндейді. Ой тұнған, «куаң тартқан» бет-жузі, әлдебір таңданыс пен ұмтылысты аңғартар ашылыңқы еріндері мен «отты» көзі ерте есейіп келе жатқан зерек жасты танытса, ұйысқан шашын жөнге келтіруге тырысқан әже әрекеті Мұхтардың балғын балалығын елестетеді. Омархан момындыққа санаған баяу, сылбыр қимыл-қозғалыстар автор тарарапынан баланың өзіндік мінез ерекшелігі, кейінгі танымал Әуезовке тән сабырлылық, байсалдылық сияқты көшелі мінез

бастаулары ретінде қосылған. Көркем бітіміне қонымды, әдемі, жаңа киім киген Мұхтардың бала болып қуанбай, ересектерше ұстамдылық танытуының ар жағында сәби сананың ұлы Абай қазасынан алған әсері жатса керек. Автор баяндаудағы астарлы ишарат тәнімен туыстарының ортасында тұрганмен, материалды болмыстың тұйық қеңістігін жанарымен жарып етіп, балалық ой әлемінің көкжиеңін асып кеткен («...алысты бағдарлағандай тың тыңдайды» [35, 6 б.]) Мұхтардың қанатты қөнілімен ерекше адами потенциалды байқатады. Ол, әрине – Мұхтар бойындағы шығармашылық күш-қуат мүмкіншіліктері.

Абай-Әуез ауылдарының тұрмыс-тіршілігінә тән этнографиялық нақыштарды бар бояуымен қанық өрнектеуде шеберлік танытатын К. Оразалин кейіпкер киім ұлғисінің алмасуын оның өміріндегі өзгеріс асуларын білдіру мақсатында кестелейді. «Мұхтар көк барқыт шалбарын киді де, баптап етігін шұлғанды. Тақиясын да әжесі оңайға қойыпты» [35, 3 б.], – деген жолдардағы киім-киіске қатысты мәліметтер, бір қарағанда, соншалық маңызды болып көрінбеуі мүмкін. Дегенмен келтірілген екі сөйлем де тұтас мәтін шенберінде өсу, даму алдындағы алғашқы сатыда – көркем сюжеттің бастапқы жағдайында тұрган Мұхтардың «әжесінің қоңыр қозысы» болып алаңсыз жүрген ойын баласы кейпінен елес береді. Дәл осындағы тәсілмен берілген келесі үзінді бала Мұхтардың Әуез ата алдындағы алғашқы «мектебін» тауысып, шәқірттік кезеңге аяқ басқанын бейнелейді: «Хазреттің әмірі бойынша Мұхтардың киімдерін медресенің ыңғайымен тіктіріпті. Көк драптан істелген қоңыр плюш жағалы шапан, құндыз берік, кебіс-мәсі, жеңі мен балағы оюланған камзол-шалбар да жас баланы діндар жанға бейімдеп жіберген болатын» [35, 258 б.]. Статикалық күйдегі суреттемеде Семей медресесіне жіберілетін шәқірт Мұхтардың жалпы сыртқы сұлбасы ғана жобаланған. Алайда мәтін астарына үңілсе, баланың ата-ана тәрбиесіндегі тәуелді кезеңіне, яғни кейіпкердің тұлға ретінде қалыптасып болмаған уағына мегзеу жасалған. Авторлық баяндаудағы «тіктіріпті», «істелген» тәрізді ырықсыз, өзгелік етіс үлгілері соған дәлел.

Романың ұзак уақыттық үзіліспен жалғасатын екінші кітабында Мұхтар – ер жеткен, болашағынан үміт күттіреп

бозбала (1914-1915 жж.). Қылыштырылғандағы кейіпкерлердің дені, негізінен, бас қаһарман позициясынан зерделенеді. Мұхтар көзімен танылатын, таныстырылатын сан алуан пішіндемелер бір-біріне мүлде ұқсамайды. Адамның тұтас бейнесін қысқа да нұсқа суреттейтін немесе бет-әлпетіндегі, жүргіс-тұрысындағы бір езгешелікке мән беру арқылы дара лайтын, я болмаса сыртқы түрткүрпаттағы ішкі ниет пен пигыл бедерлерін барлайтын байқампаз, аңғарғыш бақылаулар Мұхтардың жіті назарымен, зерделі көңілімен қорытылып, жүзеге асырылып жатқан дүниетанымдық операцияның бір қыры ретінде жоспарланған. Сондай сәттердің бірінде халық ішінде атақты Ағашаяқ (Берікбол Көпенұлы) атты өнерпазды сырттай бақылап тұрған Мұхтар қарсы сыннан етеді:

«Ол Мұхтардың бас-аяғына көз жіберіп тұрды да:

— Шен-шекпен мен ұлықтыққа құмар үлкендер жағы оқыған жастар песір, тілмаш, би бола ма деп дәмеленеді. Ал біздің үмітіміз олай емес. Мына Нұрмамбет ағандай палуан болады дейін десем, әлі күнге біреумен белдесіп не қашаған асауды ұстап көрмепсін. Кеуде тұсын палуанға ылайық бүркіт төс болғанмен, қол-аяғынның бітімінде тұтастық жоқ. Ана Боранбай ағандай ақын бол домбырасын көкке сермейтін бейненді тағы көрмеймін. Жаяу әншіге лайық жұқа ерін, дәңгелек иек, жағына пышақ жанығандай жылтыр қара мұрт емессің. Тиінше ағаштан ағашқа секіріп мен сияқты құссујек, бәйге атындаған жараган қагылез денені тағы сенен көріп тұрғам жоқ. Қас батырша қасқая тартып келе жатқан денене көзім толғанмен ауызға алар әлі түгінді көрсетпеген сияқтысың. Жұмбақ болып жұмыла бермей мына Көшбикенің кең төскейінде шалқая тартып, құла түзге құлаш сермейтін жасқа жетіп қапсың. Болсаң біз сияқты болмай, кешегі өткен жақсыларға ұқсап бақ. Откендердің тәуіріне тартып, жаңалардың қолбасшысы бола гөр. Бәрінен де жоқ жаман деген. Үміт артар жастардың басы жақсы, жолың болсын, шырағым! Бірақ өзімді сынады ғой деп сөкпе. Улкендердің осындағы қияс сөздері болады» [59, 286].

Стильдік тұрғыда кейіпкер Ағашаяқ тіліне бейімделген бұл оралымның ішкі құрылымы күрделі. Бір-бірімен өзара салыстыру, қарсы қою арқылы байланысқа түсе отырып, тізбектеле берілген топтық портреттік суреттемелер кейіпкер сөзінің логикалық

бағытына орай жас жігітке деген бата-тілек іспетті лебізге ойысады. Ал, шын мәнінде, Ағашаяқтың Мұхтарға арнап айтқан сөздері – нағыз қазакы дәстүрдегі шебер сын. Шешендік сөздер үлгісіндегі Ағашаяқ сыны композициясы жағынан да, тілі жағынан да аса көркем әрі тұтас келіп, авторды бірқатар жалаң баяндаулардан арылтады. Ал тікелей Мұхтар сипаттамасына қатыстылығына келгенде, К. Оразалин кейіпкер тұлғасын мұсіндеудің айрықша түрін қолданған. Хас мұсіншінің артық материалды аластанап, аршу арқылы көркем туындысын дүниеге әкелетіні секілді, мұнда да автор Мұхтар бейнесіне жат сипаттарды тізбектеу, жоққа шығару негізінде қаһарманды оқырман назарынан жасырып тұрған жұмбақ жамылғыны ысыра, қызықтыра түседі. Ағашаяқтың көпті көрген қырагы көзі «қас батырша қасқая тартып келе жатқан» Мұхтар тұлғасын ішкі мінез-құлық, бейімділік, өмірлік тәжірибе сфераларын қамти саралайды. Ол бір көргеннен-ақ жас жігіттің бойында бұғып жатқан өнерге етene жақын әйтеуір бір таланттың барын сезеді. Бірақ ер жігітке жарасымды бүркіт төс көрген көтерінкі еңсесінен өзіне таныс палуан, «жаяу әнші», акробат сияқты өнерпаздар табиғатына лайық сапаларды таба алмайды. Игі түсінен қандай да бір үміт күткен Ағашаяқ жігіттің өзін-өзі танытар, ашылар шағы жеткенін ескертіп, ізгі тілегін білдіреді. Өнерпаздың өткір зердесіне іліксе де шешілмей қалған Мұхтар жұмбағын оқырман бәрібір бе дәл басып анықтары сөзсіз. Осылайша, ойын табиғатымен суреттелетін кейіпкер тұлғасындағы жоққа шығарылған сапа-белгілер бұдан ілгерідегі бала Мұхтарды сипаттайтын «қалың ерін», «биік мандай», «отты көз» тіркестеріне орын береді. Оқырманның интеллектуалды қатысуымен сомдалатын ересек Әузов бейнесі бұдан кейін де жекелеген детальдармен толықтырылып отырады.

«Адам ажарының жеке белгілеріне ғана тоқталу – әңгіменің, суреттің ағысын бұзбайтын, баяндау табиғатына жарасымды амал» [27, 86 б.], – дейді Р. Бердібаев. Баяндау барысында жолай сипаттап өтетін кездейсоқ мәліметтер де образды нактылай түседі. «Абайдан соң» романында жолығатын ондай детальдардың кейірі тек сыртқы келбетті толықтырса, енді бірі кейіпкердің ішкі жан дүниесінен, психологиялық күйінен хабар береді. Ал қайсыбірі

автордың түпкі идеясымен тамырлас өзекті мақсатты айқындастын маңызды компонент болып табылады.

Сырқат қайнысы Қасымбектің Мұхтар елге келгелі беті бері қарағанына көңілі жұбаныш тапқан Нұржамал позициясынан берілетін суреттеме мынадай: «Жан-жағында құлпырған гүл атаулыға қарап, өзінен-өзі бір рахат дүние кеңшілігіне жүзіп келе жатқан ол ауыл шетіне жақындаپ қалған Мұхтарын байқамай қалып еді. Жаңа көтерілген күнге маңдайы жалтырай түсіп, салмақпен баяу басып келе жатқан баласы көзіне жалпақ елдің бейнесіндегі толысып көрініп кетті» [59, 110 б.]. Алдынан шыққан ұлының осылайша көтеріңкі, біршама әсіреленген сипатта танылуы, бір жағынан, уайым басқан Нұржамал көңілінің серпілісін бейнелесе, екіншіден – автордың Мұхтар болашағы жайлы алыстан орағыта андатқан жорамалы. Жалпы жоғарыда аталған қосымша детальдардың көпшілігі шешесінің қатысы арқылы суреттеледі. Әсіреке Нұржамалдың кенеттен дүниеден өтеге шағына жуық үақыттың қамтитын эпизодтарда ана мен бала арасындағы лирикалық леппен берілетін фрагменттер Мұхтар жан дүниесінің нәзік ірімдерін барынша шынайы болмысымен өрнектейді. Бұл түстардан да кейіпкердің бірқатар портреттік штрихтарын табуға болады. Кейіпкер ішкі әлеміндегі толассыз ой-сезім алмасымын суреттеуде жазушы оның психологиялық күйін зерделеуге терендеп енбей-ақ, сыртқы психофизиологиялық қалпымен жеткізуғе ұмтылған. Мысалы: «Нұржамал Мұхтардың бүйра шашын жайлап қана сипап, маңдайынан иіскеді» [59, 154 б.], «Баласының көнілді ажарына ризалықпен қарай түсken Нұржамал...» [59, 110 б.], «Көзінен жас аққанша құлқі мен рахатқа батқан Мұхтар...» [59, 139 б.], «Көзі боталаған Мұхтар інісін бауырына басқан күйі шешесін көзімен есіктен шығарып салды» [59, 129 б.], «Мұхтар үндемеді, түнерген күйінде ойға батып отырып қалды» [59, 127 б.], «...Қатпаның бетіне Мұхтар түнеріңкі сүйк ажармен қарады...» [59, 295 б.], «Қуанғаны да, киналғаны да белгісіз Мұхтар көпшілік алдынан маңғаз тартып өтіп бара жатты» [60, 113 б.], «Жас жігіттің осы бір ғана сәттегі ұстамдылығына орай жарасымдылық тапқан тұлғасына разы болысып қалған көпшілік...» [60, 113 б.], «Мұхтар танауын сипай түсіп, сылқылдан

куле берді. Оның қоңырқай жүзіне ойнап шыға келген ішкі сезім күйі құн шүғыласы реңдес белгіге малынып тұрган болатын» [60, 135 б.] сынды бірде қаһарманның, бірде өзге кейіпкердің іс-әрекетін айқындайтын дискурстық үзінділер бірқатар портреттік мәліметтер берумен қоса Мұхтардың түрлі ситуациядағы көңіл-күй жағдайынан хабардар етеді.

Автордың кейіпкер психологиялық күйін бейнелеуде көбіне әдепкі, былайша айтқанда, әмбебап үстірт суреттемелермен шектелгендейді байқалады. Кейіпкер портретінің **статикалық, динамикалық ұлғілері** арасындағы өзара қатыстылық олардың бірін-бірі толықтырып отыруымен байланысты. Ғалым О. Барабаш психологиязмнің құрамдас бөлігі ретінде сөз өнеріндегі портреттің екі түріне (статикалық және психологиялық) айрықша мән береді [61, с. 13]. Сыртқы келбет-мұсінді бедерлейтін статикалық портрет мінез, жаратылыс сферасын қамтып, неғұрлым қалыпты мінездеме жасаса, динамикалық, яки психологиялық кескіндеме бейненің рухани кеңістігіне үнілуге, үздіксіз танымдық үдерістерді суреттеуге мүмкіндік береді. А. Есин: «Астарлы мәтін, көркемдік мензее түрі ретінде жасырын психологиялық үдерістер ішкі әлемді мүмкіндігінше ауқымды етіп бейнелеуде аса «тиімді» болып келеді» [30, с. 49], – дейді. Осы түрғыдан қараганда, жоғарыда келтірілген үзінділерде сыртқы өң-шырай арқылы кейіпкер жан дүниесіндегі сезімдік өзгерістер айшықталғаны белгілі болады. Түптеп келгенде, ол сезімдік-эмоционалдық толғаныстар болашақ жазушының шығармашылық қабілет қорын толтыратын детальдар екені сөзсіз.

«Абайдан соң» романының авторы басты кейіпкердің баяндалатын оқиғаға қатысты бағдарын, мұрат-мұддесін, кей арада мінез ерекшелігін айқындау үшін диалог кезеңіндегі психологиялық тартыстарға баса мән беруді жөн көреді. Романдағы қарсы идеялық топтың белді мүшелері Сәлкен Өтешанұлы, Шөпіштердің позициясы арқылы Мұхтарды назарға алу оны өз қатарынан биіктете, оңашалай түскен. Бірде Әзімбай баласы Шөпіш Әуез шаңырағында Абай ізімен жетіліп, жастайынан ел аузына іліге бастаған бір бозбаланың барын естіп, әдейі көргуте келеді. Жанына ерткен Үәлел, Шыныбай сынды оқыған жастар

бар. Автор осы тұста басты бағамдау тұрғысын Шөпішке бере тұра, оның теріс (негативті) ниет-пифылына қарамастан, Мұхтарға сын назарын салдыра, барлау жасатады. Елдегі қоғамдық-саяси жағдай туралы қызу әңгіме үстінде әр жастың ой-өресін сөзіне қарай шамалаған Шөпіш алдымен Мұхтардың әңгімеге аса ынта қоймаганына таң болады: «...Шөпіш «Сөз таластырап енді қайсыларың бар» дегендей Мұхтарға қарап отыр. Бірақ Мұхтарға бұл әңгіме жаңалық боп естілетін сияқты емес. Түкті түсінбей отыр деуге қисының таппаған Шөпіш осы үйде отырған жастардың бәрінен де оны ұстамды да берік көріп қалды» [59, 27 б.], – деген үзінді арқылы жазушы Мұхтар мінезі мен қалыптасып келе жатқан азаматтық позициясын тікелей іс жүзінде әрі сырт көзқарас арқылы танытады. Олай дейтініміз, полидиалог жағдаятындағы Мұхтар бет-әлпетінің нақты сипаты мәтіннен көрініс таппаған. Кейіпкер мінез жаратылысындағы «ұстамды», «берік» сияқты қырлардың айқындығына және ең бастысы, оның кейіпкерге тән сыртқы болмыс-бітім арқылы көрініс табуына Шөпіш тарабынан қорытылған ойғана куәлік етеді. Мұхтардың Сәлкен Өтханұлымен сұхбаты да дәл осындағы ситуацияға құрылған. Абай елінің оқыған жастарын жиып, оларды өз ығына тартпақ болатын төре жиналған жастармен Абай, оның шығармашылығы жөнінде пікір алысады. Мұхтар өз қатарының алды, келешек көшбасшысы ретінде осы пікірсайыста тағы да даралана түссе, Петербургтен келген дәрежелі де беделді төре осы тұста көрісінше рухани таяздығымен, білімсіздігімен әйгіленіп қалады.

«Абайдан соң» романындағы портреттік суреттемелерді талдау барысында анықталғандай, К. Оразалин танымал Әуезовке тән портреттік мәліметтерді ала отырып, оларды дамыту арқылы кейіпкердің тұтас мұсінін сомдауға талпыныс жасаған. Осу, жетілу үстіндегі, кемелдену жолындағы кейіпкер портреті сюжеттік желімен параллель өрістеуі қажет екені – эпикалық жанрдың белгілі зандаудыры. Бала Мұхтардан бастап Жас Әуезовке дейінгі аралықтағы кейіпкер өмірінің алуан асулары мен белестерінде көріністейтін шашыраңқы қалыптағы портреттік сипаттамалар эпикалық баяндау барысында біртіндеп тұтасады. Осылайша, автор динамикалы бейнеге сәйкес пішінде мелік жобаны жузеге

асырған. Ал романдағы Мұхтардың шығармашылық тұлғасын суреттеудегі портреттің қызмет үлесіне келгенде, К. Оразалиннің дәстүрлі пішіндемелерге дең қойғанын айта кеткен жөн. Шығарманың әр тұсынан табылатын портреттік компоненттер қаһарманның ішкі рухани әлемімен тамырластықта беріліп, көбіне тікелей кейіпкердің сыртқы жаратылыс-бітімін, осылайша образ тұтастығын бейнелеуге жұмсалған. Қаламгер тарапынан қолданыс тапқан кескіндемелік үзінділер – қалыптасу үстіндегі тұлғаның алғашқы шығармашылық импульстерін арқау етіп, талант табиғатын біртұтастық күйде сомдайтын бір-бірімен тығыз байланыстағы тізбектер. Таланттың айқындалуы, белгілі бір арнаға түсіі, кемелденуі сияқты сатылар Мұхтар айналасын суреттеу, дүниесезінуі мен танымының қалыптасуындағы қоршаған орта әсеріне мән беру негізінде бедерленген.

Ал М. Әуезовтің соңғы өмір белестерін баяндап, соған сәйкес кемел тұлғаны бейнелейтін Д. Досжановтың «Мұхтар жолы» роман-толғауы – кейіпкер портреті тұрғысында өзіндік жаңалығы бар туынды. Жазушы қаламымен сомдалған Әуезов портретіне, ең алдымен, символдық сипат тән. Авторлық баяндау екпінінен танылатын талант өмірін қорытындылауға, түйінді ой тұжыруға бейімділіктің өзі тұтастай образды символға негізделгенін анғару қиын емес. Роман-толғаудағы бас кейіпкер портретін саралau барысында автор тұрғысынан жоспарланған түрлі көзқарас тарабы байқалады. Олар авторға, бас қаһарманның өзіне және эпизодтық кейіпкерге тиесілі.

Мұхтардың авторлық позициядан бейнеленетін портреттік суреттемелері шағын детальдар ретінде бейне болмыс-бітімінің тек белгілі бір тұстарын бедерлейді. Пішін сапаларының ой үдерісімен бірде жалғас, бірде параллель ілесуі нәтижесінде кейіпкер рухани әлемінің өзіндік қырлары зерделенеді. Мысалы: «Жұзі тершіп, қарайып қабара тұсіпті» [40, 7 б.], «Мұхтар дымданып бара жатқан жанарын ешкімге көрсетпейін деп төбедегі жарқырап жанып тұрган аспалы алып люстраға көз салды, кеудесін кере терең-терен тыныстыды. Қуанған мен қорыққан бірдей. Алыстап бара жатқан жорық дубіріндей болып құлағына қайтқан қаздың еміс-еміс қикуы естілді» [40, 8 б.], «Женіл көтеріліп, мығым басып мінбеке көтерілді... [40, 10 б.], «...мандайы жарқырап отырған үлкен

жазушы...» [40, 16 б.], «Мұхтар көніл қоржынын толықтырып, нұрлана жымып есік алдына шығып қонақтарымен қоштаса бастады» [40, 35 б.], «Тер тепшіген қоңырқай жүзі албырап айна алдына көлденендерген» [40, 38 б.], «Мұхтар мол денесін бұрып қараймынде болған жок...» [40, 46 б.], «Әуезов өртөшіргендей болып күреңітіп, мол денесін ширак көтеріп тұрып кетті. Қонақ үйдің кең бөлмесін адымдай кезді» [40, 66 б.] тәрізді әртүрлі оқигалық жағдаяттағы кейіпкер көніл-күйінің құбылыстарын өрнектеу мақсатымен енгізілген сипаттамалық тіркестер тұтаса келе бейненің динамикалық портретін қалыптастырып қана қоймай, жазушының ішкі мінез-құлықтық, психологиялық мазмұнынан да хабар береді. «Жазушылар адам тебіреністері мен көніл-күйін дәл, әсерлі жеткізу мақсатында физиологиялық суреттеулерге жиі қалам тартады. ...Мұндай көркемдік тәсілді психофизиологиялық параллелизм деп атаған жөн» [6, с. 20], – дейді В. Компанеец. Адамның ішкі ағзалық аясындағы физиологиялық құбылыстарды суреттеудің мәні өнер иесін бейнелеу аспектісінде кейіпкердің шығармашылық үдеріс барысындағы өзіндік қалып-жағдайын айқындаумен байланысты. Ал шығармашылық үдеріс ұғымы кең мағынасында тұлғаның күллі саналы ғұмырындағы қоршаган ортамен өзара қарым-қатынасын қамтитыны сөзсіз. «Мұхтар жолындағы» кейіпкердің аса бір толқынысты, қобалжу, назалану, куану сәттерін, я болмаса, дертін ауырсыну сиякты денсаулық жағдайы сыр білдіретін шақтарды бейнелейтін келесі үзінділер **психофизиологиялық суреттеуге** мысал бола алады: «... Мұхтардың құлағына теңіз шуылы талып-талып жетеді, қол соққан көптің алакан жаңғырығы екен, байқамай қала жаздалты, мәжіліс сөзі аяқталып, төр ағасы мұның взіне кезек беріпті...» [40, 9 б.]. Мерейтой үстінде өзінің өмір белестерін кезіп кетіп, ойша басқа кеңістікке бой ұрган қаһарманың қоршаган ортаны сезіну жағдайы осылай сипатталады; «Тәніне безгек тигендей, ине шабактағандай сезіліп сұрланыңқырап жүдеп отырған Әуезов...» [40, 30 б.], «Денесі мылжаланып әбден титықтаса да көнілі өрекпіп бір орынға орнықтай, жылдам жуынып шықты...» [40, 38 б.], «... Жүрек басын әлдене қыршып алғандай шымыр ете түскені» [40, 42]

6.], «Мұхтар тектүрлар қаласынан бойы зілдей ауырлап, аяғы жер тартып жабырқап шықты» [40, 60 б.], «Шекесінен күн етті ме, әлде ығы-жығы халықтың көптігі әсер етті ме, құлақ тұсы шыңылдан, көз алдына шеңбер қалқып жүргегі көтерілді» [40, 61 б.], «Жүйкесі тозып ауа жетпегендей деміккенін сезді, самайынан тер жылжып акты» [40, 62 б.], «Кейінгі кезде жүргегі шаршап жылдам ырғағынан жаңылайын деген бе, асқазаны да әрәдік бүріп ауырып ас сініре бермейтін болған ба» [40, 107 б.], «Денесі зіл тартып, шеке тамыры лып-лып соға бастағаны...» [40, 131 б.] іспетті кейіпкер қоңıl-күйінен мағлұмат беретін іле суреттеулердің логикалық ізі сюжеттік желімен үзенгілес өріліп, шығарманың соңғы шешілісіне жетелейді. Ал төменде ұсынылатын психологиялық суреттеу Әуезовті тікелей шығармашылық тұлға ретінде бейнелеуге бағытталған. Өнер иесін ой толғағы мазалаған уақыттағы психологиялық-эмоционалдық күй былайша баяндады:

«...Түнемесіне көз ілмей, үстелге шегеленіп үздіксіз жұмыс істеген кезде ғой бас қазаны айрықша қызып, шеке тамыры лып-лып соғып, денесінде жүйке дірілі пайда болады, көз алдына көркем сурет, тірі сөз қалқып шығады. Уақыт шіркін ызыым-ғайып ұмыт болады, прозаның ішкі ырғак, үйқасымы да кәусәр көзіндей құйылып келіп жатады. Шығарманың ыстық лебі барша болмысын баурап алады» [40, 36 б.].

Сондай-ақ композициялық енгізілімі жағынан әсіресе қызығылтықты суреттеме әйгілі мұсінші Е.В. Вучетичтің М. Әуезов бейнесін сомдауы сәтінде көріністейді:

«...Евгений Вучетич жұмысқа кірісіп кетті: айқыш-ұйқыш байлаған ағаш тұғырға үмектелген саз балшық демнің арасында адамның бейнесіне айналып, жан біте бастады: қабағы, көзі, құлағы айнымайды-әй. Әп-сәтте көз ілеспес шапшандықпен етектілеу мұрның екі рет жұлып алып, екі рет қайыра қондырды. Салқын балшық жымыып құлгендей болды, жоқ, әлгі жылт еткен сәуле жоғалып кетті...» [40, 161 б.], – деп, автор Мұхтар кескін-келбетін тікелей шығармашылық процесс барысында екінші «автор»-мұсіншінің араласуымен сомдайды. Кейіпкер портретін кескіндеудің мұндай ерек жолына жүгіну қаламгердің әдепкі статикалық пішінде меден қашқақтағанын айғақтайды.

Д.Досжанов Мұхтар түр-түрпатын қозғалыссыз күйде бейнелемей, тас мұсіннің өзін жасалу үдерісі кезеңінде назарға ұсынады. Авторлық баяндаудағы субъективті-эмоционалды лептен аңғарылар екіжақтылы қөзқарас көлтірілген көріністің кейіпкер Мұхтар позициясына да қатыстылығын білдіреді. Яғни пішіндеме стилистикалық түргыда қос ұнді сез тұлғасымен жүзеге асырылған.

Мұхтар позициясынан өрнек табатын сипаттама мынадай: «Бозбала Мұхтар артына қайрылмай, бел асып бұлдырап қашып жоғалғаны қашан: бұл отырған можа боп мұқалған, болдырған, теңіз жағасында пәс сайынға төмпештеген толқынмен жағаласқан төзімі мықты мұғал жартасқа ұқсаған көне Мұхтар ғана» [40, 332 б.]. Әрине, үзінді тұлғаның сыртқы пішінінен ғері ішкі кеңістігін, мазмұндық аясын айшақтауға бейім. Мұның бір себебі көзқарас нұктесінен бағыт алатын бақылау сипаттына байланысты: қаһарман іштей өз тұлғасына көз салады. Дегенмен де, нақтылы ситуативтік жағдайға сәйкес мұнданай ой өрісі кейіпкердің тұтас тұлғасындағы ішкі-тыскы толық үйлесімнен туындағандықтан, кескіндемелік саралау назарына ілігіп отыр. Оның үстіне, Мұхтармен соңғы мәрте жүздесіп отырған Фатима кескініне қатысты жоғарыдағы үзіндіге өкшелей берілетін суреттемеден қаламгердің дискурстық сез қолданысына орай екі бейнені сырттай салыстыру ыңғайы аңғарылады.

Озге кейіпкер позициясынан суреттеу жапон жазушысы Мурояма Томойасоны қатыстыру арқылы іске асырылады. Мұхтардың Жапонияға сапары кезін баяндайтын тарауда орын алған бұл портреттік суреттеме романның басты идеялық нысанымен өзектес. Жапон елінің философиялық танымына және жазушының жеке өзіне қатысты қөзқарасқа негізделген. Жапон халқының ұлттық дуниетанымына, діліне, тіліне тән образды ойлау қасиеті «Мұхтар жолында» былайша игерілген: «...Костюм-шалбарын шешіп, жапонның ұлттық киімін киіп жалаң аяғымен еденді жұмсақ басып маңдайы жарқырап, күлімдеп шыға келгенде үй иесі басын шайқап, қос алақанын шарт еткізді, «Мұхтар-сан, будда құдайынан айнымайсыз», – деді.

– Будда құдайы болып көрейінші бір, – деп, Мұхтар ұшатын бүркіттей қомданып қақ төрдегі креслоға қонақтады» [40, 56 б.].

Мурояма Мұхтардың тұтас пішінін Буддаға тенденстіре қабылдағанда, ең алдымен, оның жүзіндегі ұлылыққа тән мәрттікті, жан дүниесіндегі сәулелі нұрды жанары шалады. Ал Мурояманың қырагы көзіне осыған жалғас елестейтін Мұхтардың келесі кейіпі – бүркіт: «...Мурояма-сан ойлаған: әр адамның ішінде бір-бір хайуанат отырады деп. Біреуде қоян, біреуде тұлқі, келесіде кесіртке: ал, тәңір шебер келіспесе өзі білер, мына мол пішілген, жанары отты, маңдайы жазық милы адамның ішкі әлемінде жұз жасаған, тоятаған, дүниенің алыс-жасақының қанатымен өлиеген аталаы бүркіт отыр» [40, 56 б.]. Қарсы алдында отырған қазак қаламгерінің жан әлеміне еркін жүзіп, сырына қанық болған жапондық жазушы оның тұлға сапасындағы рухани келбетін образды түрде бағамдайды. Бүркіт символы бұдан кейінгі уақытта авторлық көзқарас тарапынан теңеу формасында сарапанады.

«Мұхтар тас обаның басында тояттап мұлғіп отырған *дала бүркітіне* ұқсады, қабағына көлеңке қалқып аз-кем мұдіріп сазарып отырып қалды, назарға ілікпейтін, бөтенге сезілмейтін тосқауыл бөгетке кезіккен кісідей, бойын жер тартып қажыған сыңай танытты» [40, 136 б.] деген жолдардағы теңеу образдың мазмұн мен пішін тұрғысындағы үйлесімін білдіреді. Шың басында мұлғіген қыр қыраны мен ойға шомған, іштей дағдарыс күйін кешуші қаламгер арасындағы негізгі ұқсастық – олардың қандай жағдайда болмасын, айбынды, тәқаптар міnez танытулары. Шығармашылық бейнеті, қаламгерлік жұмыстың мақсат-мұддесі, арман-тілегі жөнінде Тәкен Әлімқұловпен арадағы диалог кезінде суреттелетін Мұхтар түр-түрпатында көрініс беретін асқақтық баяндау барысында драматизмге ойысқан. Кейіпкер көніл-куйіндегі жабырқау сәтін білдіретін «бойын жер тартып» сөздері психологиялық тұрғыда біршама қоюланып, күрделі эмоционалдық толғанысты бейнелейді. Бұл – өзекті тақырыпта дамитын диалогтың, шың мәнінде де, Мұхтар жан дүниесін, шығармашылық әлемін қопара актаруының нәтижесі. «...Ұшатын бүркіттей өз-өзінен тасып-төгіліп, ішкі дүлейі тіріліп, дүр-дүр сілкініп қуақылана, құлшына түскені» [40, 151 б.], «*Тояттан соңғы дала бүркітіндей* өз ішіне өзі үңіліп, сағаттар бойы тапжылмастан отыруышы еді...» [40, 156 б.] сөйлемдері де осы сыңайда. Үлкен

де тындырымды шығармашылық жұмыстан кейін өзіне-өзі есеп беретін өнер иесін Д. Досжанов тағы да бүркітке теңейді. «Дүниенің алыс-жақының қанатымен өлшеген аталау бүркіт» образы қаһарманының өмір жайлы толғаныстарының бір ізге түсіп, түйінделгенін, зор тәжірибелілігін, ұшқыр ойын, қанатты қиялым ықшам әрі көркем өрнектеп, Мұхтар бейнесінің философиялық-эстетикалық маңызын терендейте түскен. Ал «Мынау бір керемет сурет екен», – деп Мұхтар еріксіз дауыстап жіберді, ұшар бүркітие қонаиданып еңіске құлдилаған машина екпінімен алдыңғы эйнекке ентелей төнеді, қайталанбас ғажайып суретті санасына суретке басып алғысы келді» [40, 182 б.] дейтін жолдардағы аталмыш тенеу идеялық жағынан аса маңызды қызмет атқара қоймағанымен, кейіпкердің шығармашылық дүниеқабылдау қасиетін білдіретін мензее сапасында әрі қайталануы бойынша Мұхтардың айрықша тұлғалық қабілет парасын үстемелейді.

«...Ақ сейсептің арасында шыбынданай шырқырап жатқан Мұхтардың жаны пәс арасында көбелекше қанат қағып тар қапастан ұшып шықты, терезеден сыртқа сытылды, көк аспаны төңкерілген, жасыл тоғайы көмкерілген кең әлемге көтеріліп кетті... Тұпсіз аспанға бірсін-бірсін биіктеген сайын әлгі көбелек қанаты қатайып, түгі өзгеріп, қауырсыны жетіліп дала бүркітіне айналды...» [40, 395 б.]. Алғаш кейіпкердің сыртқы қалыбынан елес беретін бүркіт осылайша бейнелі мағынада Мұхтардың жанын, ал объективті мәнінде оның ішкі «менін» кейіптейді. Ал басты кейіпкердің негізгі қызметтік әрекет аясы шығармашылық жұмыс болғандықтан, аталау символ, алдымен, Мұхтардың тұлғалық келбетін бейнелейтін емеурін ретінде қолданылған. Автордың әуелгі идеялық өзегінің діттеген нысаны М. Әуезов өміріндегі актық сезім толғаныстарын, ой сапарының соңғы асуларын көркем тұжыру болғандықтан, аталау символдық бейне логикалық ой тізбегінің бағытына толық сәйкес келеді. Келтірілген барлық үзінділерде алда орын алатын финалдың минорлы лебі, ұлы ой мен сезімнің толастар сәті нышан береді.

«Мұхтар жолы» роман-толғауындағы басты кейіпкер кескінде месін зерделеу нәтижесінде Д. Досжановтың шығармашылық тұлға портретін жасау ерекшелігі айқындалады.

Шығармада Эуезов портретін сомдауда кездесетін көзқарастық тараптар қаламгердің алдын-ала жоспарлаған идеялық-көркемдік шешімі болып табылады. Кейіпкерге деген көзқарастың әртараптылығы М. Эуезовтің мейлінше толыққанды, жан-жақты, объективтіндірілген әрі көркем кескіндемесін ұсынады. Осы орайда қолданыс тапқан амал-тәсілдер жиынтығы (кейіпкердің субъективті пікірі, авторлық суреттеу, өзге кейіпкер түрғысынан бағамдау, сыртқы пішін мен рухани әлемді сабактастыратын символдар, т.б.) бірін-бірі қайтала маитын, тосын, әрқылы сипаттарымен құнды. Мұхтар образының сыртқы бітімі мен ішкі болмысы көп жағдайда авторлық психологиялық баяндау арқылы үйлесім тауып отырады. Әсіреле кейіпкер тұлғасын символдық бейне арқылы идеялық-мазмұндық жағынан байыту, әрлеу тәсілі көркем көрініс тапқан. Баяндаудың құрамдас бөлігі ретінде «Мұхтар жолындағы» қаһарман портреті жалпы көркемдік жүйеден ауытқымай, шығарманың біртұтас ой өзегін қамтуға өз үлесін қосады.

3. Қабдоловтың «Менің Эуезовім» роман-эссеінің басты құндылығы М. Эуезов тұлғасын мейлінше көркем қорыта алғандағында деп түсінген абзал. Роман Эуезовтің көркем бейнесін сомдауға арналып, композициялық түрғыда соған сәйкес жүйеленген.

Адамның бет-пішіні оның рухани келбетінің хабаршысы болып келетіні практикалық әрі қолданыбалы психология ғылымы аясындағы зерттеулерден мәлім. З. Қабдолов роман-эссеі, ең алдымен, түрлі тарихи, өмірлік, тұрмыстық ситуациялардағы қаһарман кескін-кейпінің өзгерістері арқылы М. Эуезов тұлғасының өзіндік болмыс-бітімін саралауымен ерекшеленеді. «Менің Эуезовімнің» бірінші тарауы толығымен М. Эуезов портретіне көңіл бөледі.

Алғашқы портреттік сипаттамада статикалық әрі динамикалық суреттеме қатар қолданылған. Тікелей баяндаушы-қаһарман тарапынан келтірілген пішіндемедегі дәл табылған детальдар бейненің нақтылық сипатын қамтамасыз етеді. Баяндаушы қозғалыс әрекетін ескере отырып, өзіндік көзқарас нүктесінен М. Эуезов пішінің жан-жақты суреттейді: «Ол менің оң қанатымда

екі-үш адым алда келеді. Кеуделі, иықты, толық кісі; мол денесін ауыр қозғап, сәл теңселе басады. Бетін маған бұрганда аздалығандай болады. Үстінде кең пішілген көнетоз сұр костюм, ак жағада көкжолақ галстук, әнтек қысқалау мойныны қырынан қараған адамға анық байқала бермейді. Жалаңбас; жарқыраған кең маңдайы жалтыр төбесімен жіксіз тұтасып кеткен. Шала тұткен түбіттей көк мамық шаш селдірлеу, бірақ екі самайда екі уыс бол бүйралана қосып, ұлыға үрпіп, көбейіп көрінеді.

Қараймын да таңданамын. Осынау бітімі бөлек бірегей, сұлу, шекесі торсықтай үлкен, домалақ бас мол денеге мойыномыртқасыз тұра қондырылғандай. Содан ба, қалай, ол маған қарағанда мойнымен емес, күллі кеудесімен тұтас бұрылатын секілді» [48, 15 б.]; «Асықпай, баяу адымдап келе жатқан қалпы, екі томды бір қолтығынан екінші қолтығына қайта-қайта, жиі ауыстырады» [48, 16 б.]. Әуелі соңынан, кейін үзенгілес аяқ алсып жасалған бақылаулар кейінгі ұстаз әрі әріптес аға тұлғасын мейлінше айқындалап, көркем бейнені жандандыра түседі. Шаш, бас сипатына табылған теңеу мен күрделі әпитеттер тіркесі, портретке лирикалық леп дарытып, баяндаушының кейіпкерге субъективті қатынасын білдіреді. Ал келесі үзіндіде автор өз кейіпкерінің қайталанбас бейнесін тұра, жанама түрде ортасынан бөліп әкетеді: «...Әуезовтің тұр-тұрпаты – бұл маңайда атымен жоқ тұлға. Кешеде келе жатқанда да ешкім бұған, бұл ешкімге ұқсамайды. Жалпы денес тұрқығана емес, бет-пішіні де мүлде әдetteгі көзіміз үйренген ортадан бөлек, оқшашау. Оқшашау болғанда кескін-кейіпі ойға, ақылға суарылғандай соншалық нұрлы, тартымды, тіпті иманы бетіне шығып-ақ тұр. Дәл осы бет алды бір түрлі сұсты, айдынды да айбынды; өзіне тік қарашау, көз тоқтату қыны» [48, 16 б.]. Әуезов портретін кескіндей отырып, автор өз таңырқауын, көңіл-күй экспрессиясын жасыруға тырыспай, керісінше, таң қалу арқылы оқырманды қызықтыра, қаһарманды асқақтата түскен; қаһарман мен өзгелер тобын өзара қарсы қою арқылы алғашқысын даралап, даналық биігіне жеткен қасиетті тұлғаға балайды.

«Көркем мәтіндегі портреттік суреттеме сыртқы келбеттің барлық жағын қамтығанымен де, көп жағдайда кейіпкер жүзі суреткер назарының басты нысаны болып келеді» [62, с. 70], –

дей келе, В. Савельева осы тұрғыда эстетикалық, әлеуметтік, интеллектуалды сипаттамалардың маңыздылығын атап өтеді. Сондай-ақ, әдебиеттанушы ғалым адам бет-жүзінің мәндік деңгейлерін былайша ажыратады: келбет («лик»), бет («лицо»), жұз («личина», «маска») [62, 70-75 бб.]. Ғалым пайымдауында келбет адамның рухани адамгершілік негізін танытса, бет – жеке адамға тән «әдепті, өзгергіш, тәндік «мен»» [62, 71 б.]; бетке адамның портреттік сипаттамалары тән. Ал жұз – адамның ең құбылмалы, қозғалысқа бейім, қылыш жағдайға байланысты алуан түрге еніп, ішкі көңіл-күй, мінез қалыбын кескіндептің пішін түрі. Демек, бет пішіні суреттемесінің әр қабаты өз кезегінде кейіпкер психологиясын түрліше өрнектей алады. З. Қабдолов қаһарманының портреттік мінездемесін саралау арқылы жалпы бет-жуздің жоғарыдағы түрлі деңгейлерінің бір-бірімен астасып жататынына көз жеткіземіз. Роман-эссеңдері қатар өрілген статикалық және динамикалық пішіндемелер бейненің сыртқы бітімімен шектелмей, ішкі әлеміне де сәуле шашу арқылы Әуезовтің ұстаздық, шығармашылық келбетін, дана дидарын әйгілейді; әр алуан эпизодтық жағдайға сәйкес берілген кейіпкер қияптының өзіндік өзгерістері оның әлеуметтік, тұрмыстық, кәсіптік, психологиялық, дүниетанымдық қырларын байқатады; кей арада назарға іліге бермейтін елеусіз портреттік детальдардың өзі Әуезов тағдыр-тарихына қатысты маңызды дерекпен байланыса, өзекті мәнге ие болады.

«Менің Әуезовім» роман-эссеңдегі портреттік суреттемелер ерекшелігі – кейіпкер кескін-қияпты мен ой үдерісінің көркем мәтіннің бір мағыналық-идеялық бөлшегінде тұтаса көрініс табуы. «Адам кескінін характер табиғатына барлау жүргізетін хабаршы есебінде қабылдай тұрып, біз жекелеген жандардың барша бітім-жаратылысы хақындағы ұғым-түсініктеріміздің неғұрлым толық, көзжұмбайсыз шығуына ұмтыламыз» [57, 6 б.]. Жанрлық тұрғыға және жеке авторлық баяндау стиліне байланысты ауқымды суреттеу үлгілерінде көркем бейненің портреттік, психологиялық, интеллектуалды, кәсіби бейімділік сфералары қамтылған. Келесі үзіндіде автор М. Әуезовтің шығармашылық талант ерекшелігіне кеңінен тоқталады:

«Хантәңірі шынының бұлттан айықпайтыны сияқты Әуезовтің басы ойдан арылып көрген емес.

Бұл енді жаңа дүние бастайды, не бұрынғысын жалғайды. Бастау да қыын, жалғау да қыын. Бастаудан жалғау қыын, жалғаудан бастау қыын. Қалай болғанда да әйтеуір бұл қабағын қарс жауып, өз-өзінен түйіледі, жауар күндей түнереді. Көзінде кенет нажағай ойнайды. Ойнайды да дереу сөнеді. Енді келіп құллі дүниенің ақыл-арманы мұның көзіне жиналады да, тұнып, тағы тұнжырай қалады.

Жалғыз-ақ, әжімсіз кең мәндайы ғана сыр бермей, не құрыспай, не тырыспай кең көсліп, жазыла керіліп, кермиық қалпын бұзбай айдындала жарқырайды. Оның есесінә қабағы қалыңдап, өз ойына өзі шомып, малтыға малтып, алайда еркін жүзе алмай, қайта керісінше, шым-шым батып бара жатады. Оқта-текте қозғалақтап, көзәйнегінің аргы жағы оқыс ағарандап, әлденеден кенет секем алғандай, жан-жағына алан-құлаң үрпие, үрейлене қарайды да тамағын кеней бере қайта тынады...» [48, 202 б.]. Қаламгерлік қиял мен тәжірибе шығармашылық үдерістік маңызды кезеңін осылай сипаттайды. Әйгілі М. Әуезов келбетін ұзақ бақылау, еске түсіру арқылы оның жазу еңбегі барысындағы бой-тұлғасы мүсінделеді. Ой теңізінің тұнғиғына бойлаған суреткердің жазуға бел буып, қаламын қолға алғандағы күрделі психологиялық сезім-күй кернеген сәті мимикалық қымыл-қозғалыспен берілген.

«Ішкі психикалық үдерістер оның сыртынан: бет-жүзінен, жүріс-тұрысынан, қымыл-қозғалысынан, т.б. нышан беретіні белгілі. Ішкі-сыртқы параллелизмің ішінде адам психикасының физиогномиялық сурет арқылы (көз карасы, ерін, қас қалыбы, т.б.) бейнелеуін білдіретін психофизиогномиялық параллелизмді ерекше атаған жөн» [6, с. 21]. Роман-эссе де қаһарман бет пішінін суреттейтін физиогномиялық детальдардың ішінде көзге баса назар аударудың өзіндік мәні бар. Адам жанары көніл айнасы екендігіхалықданалығынанбелгілі.Іштегісаналуанпсихологиялық үдерістердің адам ойына әсері оның көз аясынан, көзқарасынан жарқын көрініс табатыны анық. Коммуникативтік мәнде көз – адамның ішкі дүниесі мен сыртқы ортаны байланыстыруши ең басты аралық тетік. Ол тыскы әсер-көріністерді мейлінше объективті қалпында қабылдау және солар жайлы субъективті түрде қорытылған түйіннің эмоционалды-экспрессивті

концентрациясын бейнелеу қабілетіне ие. «Менің Әуезовім» роман-эссеіндегі бас қаһарман көзіне қатысты сипаттамалық қолданыстың жиілік мөлшеріне байланысты оның көркемдік қызметі айқындалады. «...Бұрылып қараган сайын қарасынан ағы көп аумақты, ойлы көзі кен ашылып, кенет тұтанып, алан-құлан, жарқ-жүрк етіп қалады. Осылай бірер қарағанда-ақ ішкі дүниенде жіті барлап, бар сырынды, жай-күйінді түп-түгел алақанға салып әкететін секілді. Сондай бір алымды, аңғарымпаз көз. Түкпір-түкпірінді тінте, актарып-төңкере, тексере қарайды» [48, 15 б.]; «... Осының бәрін көріп отырған Мұхан менің ішкі дүниемдегі астан-кестен, үйкі-түйкі халді сезіп қана қойған жоқ, астарына дейін ажыратып, себебіне дейін өзінше және өрбіте түсінді-ау деймін, ақыл-парасатқа толы байсалды жүзінен әдеттегідей салқын сес емес, жып-жылы мейірім, біртүрлі бір жұмбак аяу, іштей аялау нышаның аңғардым» [48, 44 б.]; – дейтін интеллектуалды бағдардағы сипаттамалар кейіпкердің айқын шығармашылық қырына сілтеме жасайды. Образға тән мимикалық қымыл-қозғалыс мәнерін сақтай отырып, көзқарасын жандандыра кейіптеу Әуезов бейнесінің даралық болмысын нақтылай түскен. Адамның ішкі әлемін сыртынан барлауга шебер жанарлар осылайша бейненің жалпы дүниетанымдық, моральдық сапаларымен қоса таза кәсіптік бейімділігін де ашады. Эпизодтық ситуацияларға бағындырылған кейіпкер көңіл-күйінің қылыша жағдайына сәйкес құбылып отыратын көз, көзқарас суреттемелері де тұлғаның жеке-дара мінез-құлықтық қасиеттерін аңғартады. Мысалы, Әуезовтің сәлемдесу ишаратын бейнелеу барысында да автор-баяндаушы жанаға, зерделеу сипатына мән береді. Халықтың ұстаз, қаламгерге деген ерекше ілтипатына қайтарылатын Әуезов ықыласы тағы да жекелеген портреттік детальдардың белсенділігімен жүзеге асырылған: «... Көзі бір ағараң етіп, жүзін жылыта бас изейді. Сонымен болды. Сонда қалың ерні оқыс түріле күлімдейді; одан жұмсақ толқынды тоқ бұғақтың шет бұкtesін кемеріндей жұмыр, сұлу иегіне нәзік шұғылалы нұр шашырайды; сәл шүйірле берген езуіне де жарығы мен жылуы солғындау жұқалаң сәүле ұялайды. Дәл осы сәтте сен оның мағынаға толы маңғаз кескінін кенет қызықтап, бір сәт именуді ұмыта жалт қараганыңды білмей қаласын; өйткені оның

жер басып жүрген тірі пендеге мырза құдай тым сараң сыйлайтын осынау пайғампар пішіндес қияппатты келбеті соншалық тартымды, көзің түгіл көңілінді үйытып, бар ықыласынды біржола тұтқынданап әкетеді...» [48, 16-17 бб.]. Баяндау ыргағынан аңғарылатын сабырлылық, іс жүзінде бір ғана мезетті қамтитын әрекетті соза суреттеудегі авторлық интенция кейіпкер жүзіндегі эмоционалдық құбылысты барлауға ұмтылыспен түсіндіріледі. Үзіндідегі бейне бет-келбетінен елес берер нақтылы компоненттер – көз, ерін, езу, иек. Динамикалық суреттеме негізінде танылатын портретте тұстер үйлесімінің орнына жарық спекрінің бірқатар реңктері («жүзін жылыта», «нәзік шұғылалы нұр», «жарығы мен жылуы солғындау жұқалаң сәуле») қолданысқа енген және осы орайда автор гиперболага жол бермей, ұстамдылықпен әсерлі кескіндемені өрнектеп шыққан. Жалпы мұндай өрнек үрдісі шығармада көтеп кездеседі: «Сұлу беті бал-бұл жанып, әлденеге ризалықтан туған ішкі бір әсем сезім лып-лып сыртқа тепкендей. Көзінде жан тебірентер жылышың бар» [48, 36 б.]; «...Қалың ернің түре күлімдеп, әріптестерімен бас изеп амандасты. Қөшедегі күн нұрын көзіне жиып әкелгендей, әрқайсымызға жылы шыраймен ұшқынданап қарайды. Белмеге өзгеше бір жарық түсіп, жылу тарағандай. Жылу... Жан жылуы... » [48, 84 б.]; «...Сонда жұмсақ нұрын жүрт үстіне сабырмен, самарқау шашып келе жатқан сарабдал, салқын жанары арт жақтағы маған сәл мұдіре бере «Бәлі, сен де осында екенсің ғой!» дегендегенде кенет жарқ етіп барып жанып-сөнгендегі болады» [48, 45 б.]. Бірінші жақтан баяндау үлгісі негізінде қалыптастасын жүйе – субъективті ой қорыту әсерінің басымдығы осы мысалдар жүзінде тағы бір мәрте дәлелденеді. Баяндаушы-кейіпкер тікелей өз қатысымен болған оқиғаларды әңгімелей отырып, әлгіндей портреттік детальдарды бақылап, анықтаушы өзі екенін байқатады. Бұл шығарманың идеялық-эстетикалық, стилистикалық түргыдағы сөз қолданысынан мәлім болады. Қаһарман көзқарасының кей арада нақты өзіне бағытталғанын хабарлап, баяндаушы өз суреттемесінің шынайылығына күәлік ететіндей. Кейіпкер көзінде қатысты сұрыпталған лексикалық бірліктердің көбіне жылу мен жарыққа қатысты алынуы саналы түрде жүзеге асырылған әрі ол – автор-баяндаушы мен қаһарман арасындағы айқын қатынастың айғагы.

Әуезов көңіл-күйіндегі жайсыз өзгерістерді зерделеуде де З. Қабдолов образ жанарына соқпай кетпейді. Мысалы: «...Жанағана шыбынсыз жаздай жадырап отырған жаймашуақ ұстазым күзгі бұлттай түнеріп алыпты. ...Ренжісе, қабағы қабара тутігіп, көзі қарасын азайта ағараңдап, не істерге білмей абыржып, қайтакайта тамағын кенеп, мұрнын тартып, танауын жұлқылап болады екен» [48, 64 б.]; «Мұхан қабағын шытып, көзі оқыс ағараң-ағараң етіп, тамағын кенеп, желбезегін жұлқылап, Бегейдің сөзін ұнатпай қалды» [48, 85 б.] дейтін жолдарда қайталанып келетін сипаттамалар баяндаушы тарапынан байқампаздықпен жүзеге асырылған бақылаулар нәтижесі ретінде кейіпкердің қалыптасқан мінезін, психологиялық қасиеттерін ашады. Жалпы образ жан дүниесіндегі жабырқау күйді, күйініш сәттерін өрнектегендеге қаламгер қайталауды өзіндік тәсіл ретінде пайдаланады. «Жалғыз-ақ Мұхан құлғен жоқ, сұп-сұр боп түнеріп алған» [48, 87 б.]; «Мұхан сұп-сұр боп тутігіп алған. Әдette ақыл тұнып тұратын ойлы көзінің шарасы ашуға толып, жауынды күні аспанды сындыра шатырлап жалт-жұлт еткен нажағайдай ағараң-ағараң етті» [48, 102 б.] сияқты әр алуан диалогтық көріністерде берілген өзге де авторлық ремаркалардағы «сұп-сұр», «көзі ағараң етті», «тұтікті», «түнерді» сөздерінің еселене қайталанып келуін образдық оқырман санасында мейлінше айқын көрініс беруіне септеседі. Роман композициясында әсіресе маңызды болып табылатын баяндау ауқымы жағынан көлемді эпизод – М. Әуезовтің қалам қызметін, яғни «Абай» романын сын талқысына салу оқиғасы. Көркем уақыт аясында осы кезеңде бар өмірін, шығармашылық жолын ойша қайта кезіп ететін Әуезов жан әлемі алуан түрлі ой-сезім, толғаныстар айнасында бейнеленеді. Осы тұста авторлық позицияда да біршама өзгерістер жүзеге асқан. З. Қабдолов қаһарманың ой-қиял әлеміне еркін жузу мақсатында бастапқы автор-баяндаушы, кейде баяндаушы-кейіпкер түрғысындағы көзқарас нүктесінен ауытқып, дербес автор дәрежесінде ой өруге ойысады. Соның нәтижесінде жазушы Әуезов тағдыр-тариҳын кеңінен әңгімелу мүмкіндігін иеленіп, сәби Мұхтар, бала Мұхтар, жас Мұхтар, жазушы Әуезов басынан өткөрген аса әсерлі тарихи мәнді сезімдік сәттерге терең бойлайды. Осы түрғыда жасалған кейіпкер портреті: «Өндірдей

жап-жас бозбала. Бар иманы бетінде тұр. Кере қарыс кең мәндайдан ығысып төбеге шашыған қара бұйра шаш... Бәрі сүйкімді. Тек көнтіген ерні ғана қалың... Ал көзі... Дүниенің бар ақылы осы бір кіп-кішкентай қара баланың үп-үлкен қара көзіне сыйып тұргандай. Маңына тым маңғаз қарайды. Баяу, бірақ бейтарап емес, жан-жағын жіті барлайды. Сонда тұңғының ой тұнып тұрган осы көз бала жігіттің өзін жас мөлшерінен ғері әлдеқайды үлкейтіп көрсетеді» [48, 189 б.]. Әуезовтің шығарма мәтінінде ұшырасатын барша кескіндемелік көріністерінің идеялық-композициялық тұргыдағы бастапқы қалпы осындай. Әрі авторлық баяндау, әрі кейіпкердің өткенді еске алуы түрінде жоспарланған баяндау үлгісі, сонымен қатар, автор-баяндаушы позициясына да кезек береді. Осылайша параллель өрілген жүйелер бірігіп келіп, Әуезов рухани әлемінің қия-қалтарыстарына, ішкі «меннің» қалыптасу, даму арналарына жарық береді.

3. Қабдолов нақтылы талқы эпизодындағы Әуезов кескіндемесінде назардан тыс қалдырмай, үнсіз қалыптағы бейненің ішкі ой мазмұнын былайша мегзейді: «...Әрт сөндіргендей. Тек қасқиған жырта қарыс жазық мәндайы мен самайдан шекеге ұлтыға шапшып шыққан көкмамық шашы ғана орнында, басқа реңнің бәрі өзгерген. Іштегі ұйқы-тұйқы ыза мен ызы-қиқы наланың сыртқа тепкені шығар, тумыстан қонырқай бет-әлpetі енді біртүрлі қарасұрланып, кейде тіпті қошқылданып көрінеді. Көзінің қарасынан ағы молайып, өзін мінбеден аяусыз сабалап, жүндей тұтіп тұрган кезекті керауызға кейде шалт бұрылып, жалт қарағанда оқыс ағараң-ағараң етіп қалады» [48, 109-110 б.]. Авторлық сипаттамада статикалық, динамикалық пішінде аяларының аражігі ажыратылған: ішкі ой толқынысынан, көніл тебіренісінен өзгеріссіз қалған – кейіпкердің мәндайын, шашын ескере өтіп, автор-бақылаушы оның бет-әлpetіндегі құбылыстың мән-жайын болжайды. Ой-сезім аясындағы эмоционалдық тебіреністің сыртқы кейіп арқылы бейнеленуі оқырман қабылдауда да толқу сезімін (сострадание) тудырып, эпизодтық оқиғаның идеялық нысанын жүзеге асырады. Психофизиогномиялық кескіндемедегі табиги өң-шырайдың (конырқай) бақылаушы көз алдында құбылуы нақты жағдаятта, шын мәнінде де, көніл-күйдің тысқы

аяда көріністеуі болып табылады және мұндағы қарасүр түсі ыза мен ашудан тұтігуді, қошқыл түс шамамен соның салдарынан қан қысымындағы күрт өзгерісті білдіріп тұрғаны анық. Әділетсіз сыншыға тойтарыс бергізбес шарасыз халдегі Әуезов үнсіздігінің орнын психологиялық-логикалық түрде толтыратын қарымта жауап – бар болғаны жанарының «жалт қарағанда оқыс ағарған-ағараң етіп» қалуы.

Біргіндеп айқындала, нақтылана түсетін портреттік сипаттаманың келесі үзіндісінде баяндаушының нысанды назары кейіпкердің мәндай тұсына қадалады. «...Көрген жерден көзді арбап, көнілді қоса баурап әкететін ғажайып сурет – тағы да айтайын, – Әуезовтің өлшеусіз кең, керіле жарқыраған әжімсіз жазық мәндайы мен жалтыр төбеден тайғанай сусып барып самайға ұйлығып қалған – оң шекеде бір уыс, сол шекеде бір уыс – шөкім-шөкім көқала бұлт тәрізді кек мамық шашы» [48, 22 б.]. Өз қаламымен жан бітіріп отырған қаһарманының биік интеллектуалды қабілетін бейнелі сөзben жеткізетін автор адамның әделкі жаратылыс бітіміндегі ерекшелігінен рухани қабілет парасының нышандарын іздейді. Халықтық танымда бай ақыл кенішінің белгісі болып табылатын ашық, кең мәндай З. Қабдолов сипаттамасында да ішкі дүниенің сыртқа тепкен нұры іспетті суретtelіп, «Сократ-маңдайға» теңеледі. Ал кейіпкер шашының бұлтқа теңелуі Әуезов бейнесін қоршаған орта кеңістігінен әлдеқайда ауқымды аяда кейіпте, әсерлі формада асқақтатады.

«Мұханың ойға шомған маңғаз, мағыналы келбеті...» [48, 36 б.], негізінен, тұлғаның жалпы рухани адамгершілік-моральдық, ақыл-парасаттық, характерологиялық сапаларының жинақтала келе интеллект түріндегі қорытындысын өрнектесе, тұтас бейненің кейбір портреттің тұстары шығармашылық қырын айқындауда белсенділікпен назарға ілігеді. Мысалы: «Әуезов тәралқада. Сол жақ алақанының сыртына иегін тіреп ойланып қалыпты. Оң қолында – қалам; алдында, стол үстінде жатқан ақ қағазға безеле бере, қалт тоқтапты. Қимылсызы» [48, 116 б.], – дейтін жолдардағы образдың тұрақты қалыбы – сыртқы қимыл-әрекеттік аяның пассивтігі қылқалам өніміне көбірек ұқсайды. Автордың бұл саналы әрекеті тікелей өнер адамының бейнесін мүсіндеуге

бағытталған. Ой үстіндегі суреткөр, қалам, сызат түспеген қағаз беті көркемөнерде жиे кездесетін типтік символ, айтылмаған сөздің, жазылмаған ойдың белгісі екені анық. Тұптең келгенде, шабыт кернеген, көнілдегі көрікті ойды сыртқа шығару қажеттілігін асқына сезінген мезет. Яғни, қозғалыссыз пішіннің аргы жағы – буырқанған ой толқынын, олардың талғаммен табылған сөздер арқылы бедерленуін, сөйтіп көркем жүйеленуін қамтитын тұтас механизм. «...Жасыл мауыты стол бетін шандоздаған парак-парак ақ қағаздың үстіне алақанын төсеп, бес саусақ бес сала жаюлы жатты. Қараймын. Мен қиялдағандай онша сұлу емес. Салалы, сүйрік саусақтар да емес; тұқыл, мыртық саусақтар да емес. Бірақ тым жұптыны, қарапайым, буын-буындарының ирек-қыртыстары мол, оның өзі және біртүрлі дөрекілеу жиырылған жима саусақтар. Қолдың үсті қоңыр, әнтек ісінген дөңес, саусақ салаларының түп жағы соған толып, толық жалғасады да үш жағы сәл сүйірленіп тағы да біртүрлі сәйкессіздеу жінішкереді. Бес саусақтың ұшындағы бес тырнақ та анау айтқандай ақық, ақ емес, бірақ таза, тегіс. Ал ортаңғы саусақтың бас буыннының ішкі бүйірінде қарамы шынашақ ұшындей ғана шағын, бірақ қалың мүйіз бар: саусақ арасына қатты қысылып, көп жазған қалам сабының күлбіретіп кеп қатырып, қалайыдай жаншып, жапырып тастаған дағы мен табы...» [48, 42 б.]. Автор-баяндаушы позициясынан жасалған бажайлыш бақылау оқырманға толыққанды, детальді кескіндемелік телімді елестетеді. Ақ қағаз фонындағы назар нысанына дәлдікпен, тәптіштей сипаттама берудің жеке пішіндеңілік түсінікті толықтыруға берері аз. Аталған портреттік компоненттің көркемдік қызметі ұлы қаламгердің ғұмырлық соқпақ бедерлерін айшықтаудағы авторлық мақсатпен сабактас. Баяндаушы З. Қабдолов ұлы суреткердің ішкі сұлу келбеті мен сырт тұлғасы арасындағы үйлесімнен мазмұн мен пішіннің эстетикалық бірлігін көруге ұмтылады. Өзі оқыған әйгілі класикалық туындылардың әлгіндей соншалық көрікті қол санатынан табылмайтын, қалам енбегінен сүйелденген саусақтардан шыққаны – ол үшін сыйымсыз қарама-қайшылық. Түбінде, бұл – шындықты қабылдаудан бас тарту я болмаса одан түңілу емес, ұлылықты көкірек көзімен көріп, бар жан-ділімен сезіну. Ақыры бұлтартпас өмірлік ақиқатқа таңырқай келе, өз

таным-түсінігінде бұған дейін орын алған пенде әлеміне жат ғажайып бейненің осы сәтте жаңында отырған Әуезовтөн мұлде бөлек, тіпті одан да асқақ екенін мойындайды.

Шығармашылық тұлға көркем бейнесін мұсіндеудегі пішін деменің өзіндік сипаты жүзеге асыру амал-тәсілдерінің нәтижелі қолданысы тұрғысында анықталады. Бұл орайда алдымен өнер адамының жалпы тұлға типологиясындағы айрықша белгі-касиеттерін айқындапалған жөн. Рухани ой еңбегімен айналысатын мұндағы тұлға типіне дүниекабылдаудың интериоризациялық сипаты тән екені мәлім. Қоршаған ортада болып жатқан табиғи, қоғамдық, әлеуметтік, тұрмыстық құбылыстардың әсер-ықпалы өнер адамының өмірлік ұстанымында, көңіл-күй жағдайында өз ізін қалдыруы қашалық айқын болса, ол жайлы түйіп-білгендерін ой-сезім арқылы көркем сөз жүзінде реализациялануын қамтитын рухани процестердің қалай да адам бет-бейнесінде нышан беруі соңшалық зандағы. Осылайша, қаламгер портретінің кейбір тетіктері дүниетанымдық ізденістер, шабыт, ой толғагы, жазу сияқты жалпы шығармашылық үдеріс кезеңдерін бедерлей алатын жанама суреттеу тәсілі болып табылады.

Тақырыптас туындыларда сомдалған М. Әуезов кескіндемелерінің өзіндік ерекшеліктері нақты шығармашылық тұлғаның көркем мәтіндегі әлеуеттілігі және жеке суреткерлік шеберлік тұрғысында зерделенді. Шығармалардағы портреттің көркемдік қызметі жанрлық сипат, стильдік даралыққа тікелей байланысты сараланып, әр автордың М. Әуезов тұлғасын бейнелеудегі суреткерлік нысаны анықталды. К. Оразалин жас Мұхтар бейнесін мұсіндеу барысында оның өнерпаз ретіндегі тұлғалық сипатын ашуда портретке көңіл бөлгенимен, оны басты суреттеу тәсіліне айналдырмайды. «Абайдан соң» романында кездесетін Мұхтар кескіні автор және кейіпкер (ана Нұржамал, Шөпіш, Сәлкен, Ағашаяқ) көзқарастары тұрғысынан зерделенгенмен, идеялық-эстетикалық сипаты жағынан авторлық берік позицияға бағындырылған. Көп жағдайда дәстүрлі үлгіде жүзеге асатын портреттік амалдар – қаламгерлік шеберлік пен стильдік ұстанымның айғагы. Құлаштың эпикалық туынды мәтінінде шашыраңқы орналасқан пішін демелік детальдар, негізінен, көркем

бейненің тікелей сырт тұлғасын мүсіндеуге жұмсалған. Дегенмен, ішінара қаһарманның ішкі болмысын қоса қамтып жататын астарлы үзілімдер де жоқ емес. Түрлі эпизодтық, психологиялық жағдайдағы жас Мұхтар кескін-келбетіне назар жығатын жазушы оның сырт пішінімен нәзік жанды, сезімтал, қоршаған орта құбылыстарына немқұрай қарай алмайтын жас талапты таныстырады; авторлық мегзеу үнемі болашақ Абай дәстүрін жалғастыруши әйгілі суреткер, халық құрметіне бөлөнер тұлғалы азаматқа тән нышан-белгілерді алға тартады. Ал Д. Досжановтың «Мұхтар жолы» роман-толғауындағы Мұхтар образының тұтас болмыс-бітімі психологиялық баяндауға сүйеніп, басты идеялық нысанды оқырманға символдық бейне арқылы жеткізуге ұмтылады. Автор М. Әуезов келбет-мүсінін бірсарынды баяндау үлгісімен кестелеуден бойын аулақ салып, көркем бейнеге көзқарас нүктесінің қурделі бағыт алу жоспарын ойластырған. Шығарма көркем әлеміндегі басты тұлға ретінде мүмкіншіліктері мейлінше шектеусіз автор позициясынан жүзеге асатын сипаттамалардың объективтілігі мен дәлдігі күмәнсіз. Д. Досжановтың тікелей өз тарапынан берілген түр-тұрпаттық сипаттама роман-толғаудағы Әуезов бейнесі жайлы алғашқы дәйекті пікірді қалыптастырады. Сюжеттік желі бойында оқта-текте ауызға ілігетін қаһарман қимыл-қозғалыс әрекетімен сабактасып жататын портреттік детальдар бейненің характерологиялық мінездемесіне қызмет етеді. Мүсін шебері Е. Вучетичтің қатысымен сомдалатын Әуезовтің статикалық келбеті де көзқарас тарабы жағынан авторға тиесілі. Жапон жазушы Мурояма Томойасо позициясынан зерделенетін М. Әуезов тұлғасы символдық өрнек негізінде образдың рухани-тәндік сапалар бірлігін паш етеді. Маңғаз отырысынан, парасат сәулесі ұялаған шырайынан Буддаға тән ұлылықты көрген Томойасо қарсы алдындағы қазақ қаламгерінің жан дүниесін барлайды. Жапон ұлтына тән таным-түсінік дәстүрімен Мұхтар жаны көп жасаған бүркітке теңеледі. Қаһарманның өз-өзіне іштей зер салуы арқылы оның біртұтас тұлғасы сараланып, рухани келбеттің философиялық маңызы ашылады. Баяндаудың құрамдас бөлігі ретінде «Мұхтар жолындағы» қаһарман портреті жалпы көркемдік жүйеден ауытқымай, шығарманың біртұтас

ой өзегін қамтуға өз үлесін қосады. Қаһарман кескін-келбетіне қатысты барша суреттемелер роман-толғаудың идеялық мақсат-мұддесіне байланысты өмір асуларының шарықтау шегіне жеткен кемел М. Әуезов тұлғасына орайластырылған. Көркем бейненің мінез-машық, әдет, жүріс-тұрыс, дүниекәбылдау, т.б. қыртыс-қабаттарына үңілетін зерделі бақылаудар Әуезовтің қаламгерлік талант болмысын ашады.

3. Қабдоловтың оқшау көркемдік формаға иек артып, субъективті ой-тұжырымдарды өзек еткен «Мениң Әуезовім» роман-эссеі кейіпкер портретіне айрықша қызығушылық білдірген. Шығармадағы портреттің көркемдік қызметтің сарапау нәтижесінде аталған компоненттің қаһарманға тән шығармашылық дарын табиғатын айқындаудағы белсенділік деңгейі қарастырылды. Қаламгердің М. Әуезов кескіндемесіне айрықша көңіл белгендігі нақты мысалдар жүзінде дәйектеліп, портреттік детальдар жекедара талдау нысанына алынды. Ұлы қаламгер бейнесін сомдауда автордың ұлылық, ғажайып, әдемілік іспепті эстетикалық категорияларға деген субъективтік көзқарасы бедер тапқандығы ашылды. Әсіресе бейненің бет-жұз аумағындағы қымыл-қозғалыстың – мимиканың өзіндік мәні өнер адамына тән ерекше әлемсезіну қасиетін өрнектеу қабілеттімен түйінделеді. Тұтас бойтулға кескініндегі әдette аса маңызды рөл атқармайтын қол, саусақ іспепті дene бөліктерінің баяндаушы тарапынан байыптылықпен, байқампаздықпен сипатталуы да қаһарманның интеллектуалды, кәсіби сапаларының көркем көрінісі болып табылады. Роман-эссеңің баяндау жүйесінде орын алған авторлық тұрғының әр алуан позицияларына байланысты кейіпкер пішіндемесі түрліше ыңғайда жобаланған. Мысалы, автор-баяндаушы, автор көзқарасы нұктесінен танылатын Әуезов тұлғасының сапасы негұрлым объективті келсе, баяндаушы-кейіпкер тұрғысындағы З. Қабдолов бақылауларына дербес танымға тәуелденген субъективті сипат тән. Көркем бейненің барша өмірлік, дүниетанымдық, психологиялық, мінез-құлықтық аяларын қамтитын жанды портреттік детальдар статикалық, динамикалық, тұра, жанама суреттеу формалары негізінде жүзеге асқан. М. Әуезовтің шынайы өмірлік келбет-мүсінінен көшірілген кескіндемелік үзінділер жиынтығы тұтас

түрде суреткердің қайталанбас қаламгерлік, ұстаздық және биік парасатты адамдық келбетінен айқын елес береді.

«Бұғінгі прозада адамның қозғалыссыз күйіндегі болмысы олардың іс-әрекеті, рухани-адамгершілік қасиеттері туралы ұғым қалыптастыруда елеулі рөл атқармайды» [57, 8 б.], – дейді Б. Майтанов. Жоғарыдағы талдаулардан байқаганымыздай, қаһарманның шығармашылық қабілет-дарынын сөз еткенде, тұрақты күйдегі суреттеме аса тиімді емес. Тек ара-кідік мұндай кескіндемелік көзқарастың жазушы стиліне, лексика-семантикалық сөз қолданысына қарай белсенділік танытуы мүмкін. Өнер адамын тікелей шығармашылық енбек үдерісі барысында бейнелегендеге ғана шынайы, көркем, бедерлі тұлға сомдалады. Олай болса, кейіпкер жан дүниесіндегі ой тәбіренісін, сезім тасқынын тысқары әлемде паш ететін, эмоциялық-психологиялық көңіл ауаны әсерін өрнектейтін басты портреттік тәсіл, сөз жоқ – динамикалық кескіндеме.

Сыртқы әлем және шығармашылық тұлғаның көркем бейнесі

Тұынды мәтініндегі әрбір көркемдік компонент тұра не жанама түрде кейіпкер бейнесінің сомдалуына септесетіні анық. Пейзаж – ең алдымен, көркемдік әлемді визуалды түрде бейнелеудің басты тәсілі. «Көркем әдебиетте пейзаж қарапайым табиғат суреттемесі ретінде сирек қолданылады, көбінесе ол қаһарман ой-сезімдерін бейнелейді: адам толғаныстарының табиғат көрінісімен кереғарлығы не үндестігі тұрғысында салыстыру ішкі психологиялық үдерістерді толыққанды әрі бедерлі өрнектейді» [6, 20 б.], – дейді В. Компанеец. Шығармашылық үдеріс барысында табиғат суреттері мен жалпы кеңістік бейнелері шығарма мәтінің құрамына әрқылы жолмен еніп жатады. Творчествоның ой-қиялдан туындастын көркем бейне өз болмыс-бітіміне, әмір салтына лайық қоғамдық-әлеуметтік, географиялық органды қажетсінеді. Демек, бейненің реалды тұлға іспетті белгілі бір көркем кеңістіктеге қалыптасып, дамуы ешқандай түсініктемені талап етпейтін занды құбылыс. Алайда көркем кеңістіктің мәтін құрылымындағы әрқылы

философиялық, психологиялық, тілдік қабаттарда бейнелену сипаты кейіпкердің ішкі рухани үдерістерімен сабактастықты, автордың суреттеген көрініске эмоционалды-экспрессивті қатысын, сөйтіп, тұстай шығарманың көркемдік-идеялық мәнін ашуға бағытталады. З.Ахметов: «Табиғат суреттері қаһарманның жан қозғалысы үшін эмоционалдық фон және әрекеттер үшін суреттемелік фон қызметін атқарады» [63, с. 234], – деп, әдеби шығармадағы табиғат көріністерінің көркемдік қызметін нақты екі топқа бөле қарастырады. Ал көркем шығарма композициясында көп жағдайда тұрақты құрамдас бөлік болып табылатын айтылмыш компоненттің қолданылу аясы жайлы Б. Майтанов былай дейді: «Көркем туындыдағы пейзаждың функциясы үш түрлі арнаға саяды. Сюжеттік орайда ол оқиғалық уақыттың өлшемі. Композициялық тұргыда ол көркемдік жолмен қабылданған әлемнің тұстасығын білдіреді. Шығарманың идеялық-мазмұндық астарларына қатысты ол харakterологиялық міндеттер атқарады» [29, 196 б.]. Осылайша, пейзаж өз құрылымында уақыт пен кеңістік сияқты ауқымды көркемдік категорияларды қамтиды: образдың өмір сүру ортасын барша тарихи-мәдени, қоғамдық-әлеуметтік, географиялық, табиғи тұргыда жан-жақты сипаттау баяндау лебіне дәлдік, шынайылық, көркемдік сипат дарытады әрі сол арқылы өнер туындысының идеялық-эстетикалық маңызын арттырады. Сонымен қоса, «Жазушы әдеби шығармада көркем ойлаудың ажары ретінде, жаны есебінде, образдық-метафоралық жүйенің арқауы сипатында табиғат келбетін ұсталықпен пайдаланады» [64, 266 б.]. Қаламгер идеясына сәйкес кей жағдайда табиғат суреттері тікелей оқиға жүзеге асатын мекен-тұрақты сипаттауға бағытталса, баяндау жүйесі, кеңістік пен бейне арасындағы айқын қатынас пейзаждың көркемдік міндеті аясын кеңейте түседі.

Көркем кеңістікті суреттеу барысындағы қаламгерге тән көзқарас тарабының, көлемдік, орналасым сипатына қарай сан алуан кеңістік түрлерінің, түстер реңкінің жиынтығы арқылы бедерленетін бейне мен пейзаж, интеръер арасындағы байланыс қаһарманның рухани әлемнің қалып-күйінен де белгілі бір мәліметтер береді. Әдетте шынайы болмыста қоршаган ортасын, табиғат құбылыстарының адам көніл-күйіне, психологиялық

жағдайына әсер ететіні үйреншікті жай болса, көркем шығармада автор кейіпкер жан әлеміндегі эмоционалдық құбылыстар мен сыртқы жағдай арасындағы байланысты параллелизм түрінде зерделейді.

Шығармашылық тұлға образын сомдауда пейзаждық суреттеулер өнер адамына тән ерекше әлемесінү қабілетін, сол арқылы өзіндік танымдық қырларын айқындаиды. Шығармада көрініс табатын табиғат, жаратылыс суреттері көру нүктесі, көзқарас проекциялары тұрғысынан екі жаққа – авторға және кейіпкерге тән әлем картинасы, дүние парадигмасы саналады. Осы ретте тұлға рухани әлемінің ішкі психологиялық қабылдау қабатымен бірге оның индивидтік философиялық дүниетаным және жалпыадамзаттық пайымдау қырлары қамтылады. «Адамның идеялық-адамгершілік позициясы дүниеге түрлі көзқарастармен, әлем жайлы өзге «шындықтармен» белсенді арақатынас жасау арқылы қалыптасады, – дейді А. Есин, – Бөгде өмірлік құндылықтардың кейбірін өзіне сініре отырып немесе олармен қайшылықты пікір білдіру арқылы тұлға ақырат өмірдегі «өзіндік» дербес адамгершілік-философиялық бағдарын айқындаиды» [30, с. 26]. Айналасын ұдайы бақылай жүріп танымдық-ақпараттық қорын байыта түсетін, оларды шығармашылық шеберханасында өндеп-көріктеу арқылы өзін-өзі танытатын талант иесі ізденімпаздық, әр құбылысқа өзінше көзқарас білдіру қасиетімен өзгешеленеді. Ғылыми психологиялық зерттеулер интеллектуалды қабілет қырының дамуындағы сыртқы орта әсерінің елеулі ықпалы туралы былайша тұжырым табады: «Сыртқы дүниені қабылдау нәтижесінде ішкі не психологиялық әлем өзгеріске ұшыраса, оны аутопластикалық үдеріс деп атайды» [12, 25 б.]. Осыған байланысты туындыдағы пейзаждық суреттемелердің көркемдік қызметін екі түрлі қарастыруға негіз бар. Біріншіден, пейзаж – шығармадағы сыртқы әлем көрінісі ретінде шығармашылық тұлғаның дамуына әсер етуші фактор. Айналадағы орта құбылыстары әсерінің эмоция арқылы психикаға енуі адам рухани мазмұнын түрліше сипатта өзгертіп отырады. Осылайша, әдеби шығармада аталмыш тұлғаға тән дүниекабылдаудың әсершілдік қасиетін суреттеу кеңістік көріністерімен байланысты келеді. Сондай-ақ, сыртқы

ортада орын алған көріністер, құбылыстар шығармашылық тұлға үшін көркемдің материал болып табылатыны да сөзсіз. Екіншіден, пейзаж шығармашылық тұлғаның ішкі психологиялық қоңіл-күй ауанын жанама мегзеу түрінде бейнелеудің бірден-бір тиімді тәсілі болып табылады. Себебі: «Көркем шығармада табиғат барша объективті болмысымен суреттелген қунде де, адам өмірінен алатын эстетикалық мәнімен бірлікте бейнеленеді. Кейіпкер психологиясында белең беретін сан қырлы эмоционалдық құбылыстар оны қоршаған әлемге көзқарасы, нақты бір кезең, сәттегі экспрессивті жан толқыныстары арқылы неғұрлым толымды өрнектелетіні дай тудырмаса керек» [66, 34 б.].

К. Оразалиннің «Абайдан соң» романындағы сюжеттік желімен байланыста өрілген бірқатар пейзаждық үзілімдер жас Мұхтардың ашылып келе жатқан талант табиғатының болмыс-бітімін бейнелеуге қызымет етеді. Ішінара табиғат көріністері кейіпкер қоңіл-күйі ауанына берілер тағдырлық-тарихи мәндегі танымдық, психологиялық бағдар сипатында орын алады. Абай елі қоныс тепкен мекен табиғатына деген жас жігіттің айрықша қызығушылығы оның осы жерлерді бажайлай бақылауы, әр қия-қалтарысына үніле зерделеуі арқылы байқалады:

«Бәрі-бәрі де барша тірлік тынысы Мұхтардың көзіне көрінгісі келетін сияқты» [59, 111 б.];

«Бұрын көзге іліге бермейтін елеусіз құбылыстар да қазір бар келбет-кескінімен тірлігін танытады...» [59, 112 б.] сияқты Шыңғыс атырабы бел-белестерінің көлемді пейзаждармен бірге берілетін шағын түсініктемелер қаһарманның өткір жанарын, аңгарымпаздығын, Абай дүниеге келіп, өмір сүрген қоғамға, табиғи ортаға деген ынтызар қоңілін андатады.

Мекеннің нақты суреттемесіне бармай-ақ (себебі ол оқырман қауымға бұған дейін таныстырылған), абстракттылы түрде шолып шығатын автордың, ең алдымен, кейіпкер қоңіліне мән беретіні келесі жолдарда бірден аңгарылады: «Бұл өнірдің әрбір бел-белесі, қыр-ойпаты мен қатпарлы шындарының сай-саласы оған бала күнінен таныс болғанмен дәл бүгінгі таңдағыдай көсіле түсіп жатқан шалқар айдынын аңдай қоймаған болатын. Бәрі де түр-тұлға, сыр-сипатымен көріністеп қалғысы келгендей бір-

бірінен оқшau дараланады. Кең жайлаудың ұлан-ұзакқа мегзей түсken ынғайынан көпті андап, еркін тыныстаған ол әйтеуір өзіне деген мол ілтиратты сезінбей келе жатқан жоқ-ты...» [60, 3 б.]. Өнер иесінің дүниетанымдық қабілет парасында міндепті түрде табылуы тиіс жіті назар, өмір құбылыстарын бақылағыштық қасиет осылайша адам мен табиғаттың бір-біріне деген зор ықыласына мегзей, рационализм шектеулеріне көнгісіз айрықша шығармашылық құбылысты бейнелейді.

Шығармашылық үдерісте елеулі рөл атқыратын енді бір фактор – **қиял**, суреткер көңілінің асақтығы, ой динамикасының кепілі. Шын мәнінде, ой өзегін, идеяны іс жүзінде жүзеге асыратын – қаламгер фантазиясы. Көзбен көріп я естіп, сезіну негізінде қабылданатын өмір құбылыстарын көркем қорыту қаламгер еркіне тәуелді. Жалпы әдеттегі адам психологиясында жүзеге асып жататын ой үдерістеріне логикалық түрғыдағы саналы пайымдау сипаты лайық болса, көркем шығармашылық үдеріс өзгеше өріс алады. Адамның тіршілік барысындағы үздіксіз танымдық қызығушылығы, өмірлік тәжірибесі оның сыртқы дүние – әлем жайлы түсінігін кеңейтіп отырады. Осы орайдағы таным нысаны болып табылатын сыртқы орта шектерінің субъект ой-өресінен әлдекайда ауқымды келетіні материализме негізделген біржақты көзқарастың жеткіліксіздігін ұғындырады. Сондай сэттерде іске қосылатын интуитивтік түйсіну қасиеті тұлғаның субъективті ой аумағында кескінделетін әлем картинасының қалтарыс-қатпарларын тануға мүмкіндік береді. Шығармашылықтағы интуицияның алар орны көркем бейне жан дүниесінің кеңдігін, әр алуан эмоционалдық мезеттердегі психика көрінісін, тіршілік болмысының тылсымдығын барынша терең суреттеуде айтартықтай белсенділік танытуынан мәлім болады. Ал көркем мәтін құрылымына бұл аталған психологиялық таным қыры шығармашылық тұлғаның қиялдау, елестету әрекетімен енеді.

К. Оразалин романындағы: «...Атасының әлгі сөздерінен Абайды көз алдына келтіруге тырысқан Мұхтар әлсін-әлсін бауырдан жайлауға, жайлаудан бауырға үдере тартып жатқан көштерге кездесе берді. Мұндай кездерде өзі де жорға атқы мініп, қызық-думанның рахатына сан рет көмілгені елестеді де бір көріністі

бір көрініс жауып кетіп, әлдекайдан шырқалған «Қаламқасты» естігендей құлагын түре түсті.

Абай аулы үстінде бір сәтке тұна қалған тыныштықтан өзен ағысының гүрлі мен қамыстың сыйбыры естіліп тұр. Әркім-ақ өзімен-өзі боп, ойға батқан осы бір сәт қаншаға созылғанын аңғармаған Мұхтар шалқасынан ашық тұрған есіктен сыртқа да көз салғандай болатын», – дейтін үзілім жас жігіттің ұлы ақын жайындағы әңгімелерге құмарлығын білдіріп, оларды өз ойында өрбіте жаңғыртатынын баяндайды. Кейіпкер басындағы қиял сәтін қанаттандыра, жандандыра түскен – Абай әні. Толку үстіндегі Мұхтар фантазиясында **синестезия құбылысы** (синестезия – сезім мүшелерінің бірі арқылы қабылданған ақпаратың өзге түйсіктерде де әсер тудыруы) арқылы туындаған өткен заман ассоциациясы елес жүзінде кейіпкер есіне оралады. Аса сезімтал жанға тән субъективті уақыт қабылдау ерекшелігін өрнектеу талабы бар. Осындағы әсерлі мезеттің экспрессивтік тұрғыдағы шарықтау биғін шынайы кеңістік суретімен ұштастыру – автор тарағынан ұтымды қиуласқан қолданыс, – ...Қазіргі сәтте тылсым тұн маужырай түсіп, толықсыған ай астында өзгеше бір сыр-сымбат құдіреттілігін сезінген Мұхтар өзінің жан дүниесін елжірете жарқыл шашқан оқыс сәуледен жүрегі дір ете қалды» [59, 69-70 бб.]. Мұхтарды қиял әлемінен кері оралтатын күшті нысан – өзінен сәлғана қашық отырған Кәмеш, Кәмеш құлагындағы сырға жарқылы. Қимыл-әрекет барысындағы көздердің кездейсоқ ұшқындарының шағылысыуы солай тағдырлық мәні бар ұшырасуға айнала бере, өз маңызын Мұхтар танымында қыз бейнесімен асқақтатады. Кәмеш тұр-тұлғасы жігіт қабылдауында лирикалық лепті көрініс болып суреттелген; шаршы топпен ортасында киіз отауда сауық құрып отырған Мұхтардың көзқарас нүктесіне қарай және айлы тұн фониының визуалды әсеріне байланысты биіктей, сұлуулана түскен, сондай-ақ бұл автор мен кейіпкер позицияларының ортақтасқан күйінің туындысы: «... Ай сәулесінің астынан өзіне телміре қарап қалған Кәмештің кәмшат бәркінің үлбіреген үкісі жайлаудың тұнгі аспанын сипап қалып тұрғандай...» [59, 70 б.].

Дүйсен карт бастатқан Абай ізбасарларының серуен-саяхаты кезінде тұмсық тіреген мекен, тарихи оқиға күесі болған тұрақ –

Көшбике. «Көсіле түскен қайқаңдарға бытырай қашқан зұлымдық иелері қазірде де елесін тоқтатқан жоқ сияқты. «Абайға қол көтеріпті!» деген коркынышты дауыстар қара жер қақ айырылып кеткендей, тірлік атаулы қан жұтқан сол бір шақ Дүйсен әңгімесінен Мұхтардың көз алдына жазыла берді. Қазір оның тынысы тарылып, зұлымдықтың жосылып жатқан ізіне көз салды. Өзен-өлке, сай-сала бәрі-бәрі де сол қарғыс атқан дүниенің ойнағы болғанын аса бір аянышты қам көнілмен айтып тұрган тәрізді» [59, 272 б.]. Пейзажды табиғи флора мен фауна сфераларын тұтастыра өрнектейтін автор тұргысы Мұхтар зердесіне телініп, қеңістіктің материалды, рухани жақтарын экспрессивті баяндау үлгісімен әрлейді: мәтін үзіндісіндегі лексикалық бірліктер мен баяндау ырғағы Мұхтар қабылдауының эмоционалдық сипатын кейіптейді. Яғни авторлық астарлы мәтін эстетикалық қабылдаумен параллель жүзеге асып жатқан шығармашылық ой үдерісін мегзейді. Психологиялық түрде Абай дәүірінің уақығасына жан бітіріп, тарихи мекеншашқа ойысатын Мұхтардың өткен іске, есken ортасына деген ішкі нала, өкпе сезімі өрістей келе ашуға ұласқан. Осылайша, Абай басынан кешірген қайғылы жағдай орын алған мекенге аяқ басуы Мұхтардың ол туралы түсініктанымын кеңейтеді, белгілі бір дәрежеде шығармашылық еңбекке итермелейді. Ал: «...Ыстықтың қайтуымен көтерілген салқын лептің әсерінен бе, жоқ әлде Көшбике өніріне сіңіп кеткен халық қасіретінің күніренген үнінің қайталамасы ма, әйтеуір, көнілдегі бір құшті сарынның құлактан кетпейтін ызыны бар» [59, 293 б.] дейтін жолдар қаһарманнның яки саналы, яки бейсаналы түрде болашақ туындыға материал жинау барысындағы аса әсерлі эмоционалдық толқу сәтінен – интуитивтік ой еңбегі нәтижесінде туындастын шығармашылық қиялдан кейінгі көніл-күй жағдайын бейнелейді.

Енді бірде тағдыр жолындағы кездейсок жүздесудің кейінірек роман-эпопея жазу барысында қаншалықты маңызды орынға ие болғаны сез болады:

«Тенгедей бұлтсыз көк аспанында жалғыз жүзген көк нұрынан ба, жоқ әлде үлбірей түскен жайлау самалы әдейілеп кеп, аялай сипап кеткендей ме, әйтеуір Тоғжаннның жүзінен ешбір болжамға

ұқсамайтын жылдылықтың ғажайып бір көрінісі ұшқындасты» [60, 398 б.]. Дәуренінде Абай сүйген арудың қартайған шақтағы жузшырайынан Мұхтар зердесімен аңгарылған ерекше мейірімді жан болмысының табиғатпен астаса бейнеленуі де образдың қабылдау ерекшелігін, әр әсем көріністен сәйкесінше эстетикалық мазмұн, парасатты жан сұлулығын көруге құмарлығын алға тартады.

К. Оразалиннің «Абайдан соң» романындағы баяндау ауқымы, идеялық-мазмұндық жағынан мәнді эпизодтық оралым Еңлік-Кебек оқиғасының дүниеге келуін суреттейді. Әйгілі «Еңлік-Кебек» трагедиясы идеясының туын Мұхтар ғұмырнамасымен тамырластықта пайымдайтын автор кейіпкер жан дүниесіндегі **ой толғакты**, шығармашылық процесс кезеңдерін саралауға мейлінше молынан көңіл бөліп, зейін салады. Сүйгені Кәмештен ажыратқан заман, тағдыр тәлкегіне назаланған жас жігіт іштей жан дертіне дауа іздейді. Жастық өмірінің айнасында трагедиялы сипатта із қалдырыған аталмыш жайт кейіпкердің дүниетанымдық көзқарастарына әсер етіп, тұлға қабілет-дарынына сай тұжырым табуын талап етеді. Шабыт кернеуінен мазадан айырылған Мұхтар қасіретті оқиға орын алған жерлерді, Нысан Абыз, Кеңгіrbай би, ғашықтар мәңгіге тұрақ еткен мекендерді күнзіз-түні шаршаусыз шарлайды. «Мұхтар бұл жерге де сан рет келіп, кетіп жүр. Бірақ соның бәрінен де бүгінгі келіп тұрысы оқшау екенін андағандай Үйтас та үнсіз. Тек күн нұрын жамылып қана күлімдеп тұрган сияқтанып көріністейді...» [60, 420 б.]. Өз өмірлік ортасынан қолдау таппаған маҳаббат құрбандарының жалғыз панасы – Үйтастың жанды бейнеге телінуі ізденімпаз фантазияның жемісі болып бағамдалады. Қос ғашық өлімінің күесі болған тас үңгірдің қаһарман қабылдауындағы бейтараптығы («...үнсіз. ...күлімдеп тұрган сияқтанып көріністейді») аталған тарихи мекеншақ пен Мұхтар дәуірі, яғни көркем осы шақ арасындағы кез келген жараны ұмыт қылар уақыт құдіреті жайлы философиялық толғамға жол салады. Алайда Мұхтар мұндай оймен келіспек емес. Өз жан жарасымен Еңлік, Кебек маҳаббатының мұнын терең түйсінген жас жігіттің ескілікке, қоғам қатігездігіне қарсы наразылығы арта түседі. Ал осы кезде ішкі дүниеде беймағлұм күйде пайда бола кететін абыз берін бейбақ ғашықтардың жан айқайы жас дарын иесіне

тағат таптырмайды. Ол көнере бастаған бейіт белгілерінен заман бедерін зерделей отырып, трагедиялық оқиғаның жай-жапсарын өз ғұмырлық драмасымен ұштастыра қайта жаңғыртады.

Пейзажбен бірлікте беріліп, тұлғаның шығармашылық қабілет парасын айқындайтын енді бір көркемдік амал – елес. Психологияда ол жайлы: «Елес – ақиқат өмірде жоқ, бірақ шынайылығына күмән келтірмейтін объектінің сезімдік бейнесі. ...Фрейд елесті ығыстырылған дүниенің оралуына айғақ деп санаған» [12, 52 б.], – деген айқын пікір қалыптасқан. Әдебиеттанушылық ыңғайда туындыда суреттелеңтін елес бейнесі оны қабылдаушы қаһарманның психологиялық жай-қүйін көркем кестелеудің ұтымды жолы болып саналады. А. Есин көркем шығармада бейнеленетін елесті психологиямнің композициялық-баяндау жүйесіндегі сирек қолданылатын өзіндік бір оқшау түрі дейді [30, с. 43]. Шығармашылық адамы үшін қиял уақыты да, объективті уақыт сияқты зор мәнге ие. Өйткені түптеп келгенде, айтылмыш тұлға психологиясына хас тікелей шығармашылық процесс барысындағы дүниекабылдауды фантазиядан, елестетуден беліп-жара зерделеу мүмкін емес. Демек, кейіпкер қиялында пайда болатын мұндай елестер бейсаналы түрде өздігімен жүзеге асып жататын творчестволық үдеріс жемісі ретінде пайымдалмақ. Жоғарыда сөз болған абыз, Еңлік, Кебек бейнелерімен қатар уақыт үзілімдері арасында көріністеп отыратын елес – Абай бейнесі. «Абайдан соң» романына желі болып тартылған оқигалар тізбегі бойында қалыс қалмай, қатар жүретін Абай елесі авторлық идеяны іске асыруши маңызды құрал рөлін атқарады. Басқаша айтқанда, ол Мұхтардың «Абай жолына» барад соқпағына меңзеп, Абай мен Мұхтар арасындағы күмәнсіз рухани үндестіктің айғағы іспеттес.

«...Он шақты ақ үйлердің арасынан еңесі биіктеп, алыстан көз тартқан мол күмбездің алдында адам қозғалыстары жиілеп кеткендей еді. Элден соңсызырыла бастаған солжыны шоғырынан біреу бері жүргендей болды. Көніліне әлденелер қабаттасып оқшау келе жатқан адам қозғалысынан көз айырмаған Мұхтар шапанын желбегей жамылған, қолында кітабы бар Абайды байқағандай болды да, бойын тез жинап, қайтадан үмсина алға қарады. Айдалада жалғыз қыдырыстап жүрген Абай алдында

ыңғайсыз көрініп кеткендей қарбаласқан бір асығыстық сәт енді ауылға таман жеделдете бастыргандай болып кетті. Қалай сәлем берерін, не деп жауаптасарын ойластыра бастаған Мұхтар Абай келе жатқан ауыл жаққа қайталап көз салғанда сапырылысқан көріністер алма-кезек бірін-бірі ауыстырып барып туған елдің сона бір жылғы қайғы жұтып, қасірет арқалаған азалы күндеріне тіреліп қалды... [60, 4 б.]

Келтірілген үзінді көркем мәтін құрылымындағы қызметтік аясы жағынан қылыш міндеттерді қатар атқарады. Біріншіден, бұл кейіпкердің көз аясы – көру орбитасына сыйымды неғұрлым кең құлашты қеністік суреттемесінің К. Оразалин қаламына тән үлгісі болып, жеке қаламгерлік поэтиканы танытады. Оқырманға бұған дейін де әйгілі роман-эпопеядан белгілі Абай табаны тиген қасиетті топырақтың бел-белестері «Абайдан соңда» көп жағдайда Мұхтар көзқарасымен бажайланады. Кейде баяндау мүмкіншіліктеріне орай шексіз көкжиекпен бедерленетін, я болмаса тарихи оқиға орны ретіндеңігі нақтылы географиялық атырапты елестететін ландшафт кескіндері тікелей Абай тұлғасына қатыстылығымен ерекшеленеді. Осылайша, романның әр сюжеттік-композициялық телімінде тұра не жанама түрде ақын бейнесі еске оралып отырады. Екіншіден, жоғарыдағы үзінді нақты қеністіктің кейіпкер қабылдауында әп-сәтте абстракциялануының көрінісіне мысал бола алады. «Елестету алдын-ала ойластырылған, саналы әрекет болса, бұл – көркем шығармашылықта, творчестволық типтендіру үдерісінде маңызды рөл атқаратын шығармашылық фантазия» [10, с. 19], – дейді В. Богданов. Ал елесті ығыстырылған дүниенің оралуы деп пайымдайтын З. Фрейд тұжырымына сүйенсек, Мұхтар көз алдындағы шынайы қеністікте Абайдың көрінуі – талантқа хас бейсанана қатпарындағы әлдекандай деректің өзекті мәнге ие болуы; творчестволық тұлғаның рухани әлемінде жүзеге асып жататын шығармашылық актінің бір айғағы. Үшіншіден, кейіпкердің әдепті кейіпін білдіру формасы. Қеністік пен елес арақатынасы бұл арада тікелей авторлық комментарииден бас тартып, бас қаһарманның таза адамгершілік арман-мұрат, психикалық ынтақылас қырларын ашуға септеседі. Жадында бала күнінен жatalып қалған ақын аға елесін көруге құмарлық, ұмтылыс, сайып

келгенде, Абайды сағыну сезімі Мұхтардың шығармашылық қабілет парасында өз шешімін тапқандай. Ішкі психикалық күй шығармашылық үдерістің қозғауши қүшіне қызмет еткен.

«Шығарма ой өзегінің пайда болуындағы шабыт импульсы кебінесе шығармашылық жұмысқа тиімді әсер ететін сыртқы жағдайға байланысты» [10, с. 48]. Абай елесінің Мұхтардың айрықша шығармашылық шабытты күйімен тұстас келуі тағы бір эпизодта аңгарылады. Мұхтардың аяулы Кәмешінен айырылып, тауы шағылып жүрген құндері романда оның аса әсершіл шабытты шақтары ретінде суреттелген. Шындығында, Мұхтар жеке өміріндегі драманың (Мұхтар мен Кәмеш арасындағы баянсыз махаббат) тарихта мәлім Еңлік-Кебек пен Абай-Тоғжан оқиғаларын қайталауы – шынайы өміrbаяндық негізде қаланған қызығылықты факт. Тарих пен тағдыр сабактастыры Мұхтар тұлғасының адамгершілік миссиясын асқақтата түскен.

Өз басына төнген махаббат драмасының түпкі себептерін көне заманғы Еңлік-Кебек трагедиясымен сабактастыратын Мұхтар әрекеттері іс жүзінде тұлғаның шығармашылық ізденістерін қамтиды. Жеке өмір драмасының себепші факторлары ретінде өзі тіршілік етуші қофамдық-әлеуметтік кеңістікті іштей айыптайтын жас жігіттің шарасыз қалпы белгілі бір наразылық іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмсынады. Кейіпкердің бұл азаматтық-ұждандық ұмтылышының оның шығармашылық шабыт кернеулерімен сәйкес келуі «Еңлік-Кебек» драмасының жазылуына ықпал жасайды. Бағзы заман іздерін зерделей жүріп, ат басын ақын аға бейітіне тірегендегі Мұхтар көзімен талынатын көрініс:

«Мұхтар есік алдына шыға келгенде, бірден Абай атасының төрт құлақты бейітіне көзі түскендей еді, бұл көрініс біртіндеп, басқаша жайға ауыса бастады.

Басында тақиясы, қолында кітабы, сұр шапанын желбегей жамылған Абай атасын анық көрді» [60, 425 б.]. Мұнда да нақты кеңістік пен абстракциялы елес арасында жік жоқ. Шынайы көріністің кейіпкер көз алдында өзгеру сипаты аясы оқырман қиял-еркіне байланысты толықтырылады. Ал баяндау үзлілімі шағындығымен кейіпкер қабылдауындағы қалыпты сипатқа ие жағдайды айқындайды.

«Мұхтар жолында» ұшырасатын ұлы ақын елесі Абай бейнесін нақтылай, тұлғаландыра түскен. Іс-әрекеттік аяда белсенді кейіпкер бола қоймаса да, бұл тұста Абайға берілген портреттік кескіндеменің толымдылық сипаты Мұхтарға тән шығармашылық қиял, елестету қабілетінің жемісі ретінде айшықталған. «Құлағына сарнай соққан сары желдің уілі жетті, құба жон күзгі жалаңаш сахараны елестетті. Осы жел мың, миллион жыл бұрын да дәп осылай сарнай соғып, ұмытшақ уақытты алдына салып қуып, нарттай қызыл күнмен қоса батып, таң шапағымен қайыра шығып, тірі пенденің жүрек түкпірінде ұйықтап жатқан уайым мен мұнды сан қайтара тұртіп оятқан болар-ау... Сол алақұйын замана желінің болар-болмас бұлдыр сағымының арасынан бір батып, бір шығып таныс тұлға шалынғандай сезілді. Әуелгіде көкжиектен көмекі ығысқан бұлт па, құс па деп ойлаган. Қадалып қараган сайын әлгі тұлға ауқымдалып, зорайып, белден-бел асып, бұған таман тақала түсті. Шидем шекпенің жадағай желең жамылған келбетті, ірі денелі, шоқша сақал, нұрлы жанар, ет бауыр жақыны... өзінің Абайы... аяулы Абайы аяғы жерге тиер-тимес болар-болмас жай ығысып жақындан келеді.

Жүргі аблыға соғып тұрып кете жаздады. Жол тосқан қарақышыға ұқсан ытырыла түрегеліп, қос қолымды көстендетіп тұра жүгірсем ұлы ақынның рухын абайсызда үркітіп алармын-ау деп қорықты, табанын жер тартып сілейіп отыра берді» [40, 167-168 бб.].

Қаламгер-Әуезовтің терең философиялық толғаныс шағын суреттеу барысында табигат суретінің кейіпкерге тән бейнелі ойлау қасиетін айшықтаушы басты элемент рөлін атқарғаны сөзсіз. Шығармашылық ойлау әрекеті үстіндегі Әуезовтің көзіл зердесі бейне бір рухани-аскеттік сапар шеккендей, өзге тарихи мекеншақты шарлауда. Осы орайда белгілі мөлшерде виртуалды әлемнің тұлғаға физиологиялық әсері ұшқыр қиялмен қоса сол қиялға илану нәтижесінде туындастын көру, есту, сезу түйсіктерін бедерлеумен де ерекшеленеді. Сөйтіп, үзіндіде кездесетін дыбыстық бейнелер мен түр-тұс реңкі («сарнай соққан сары желдің уілі», «күзгі жалаңаш сахара», «нарттай қызыл күн») мәтіннің эмоционалдық-экспрессивтік бояуын қанықтыра түседі

де, өзінше бір оқшау тарихи дәүір тынысын андатады. Уақыт ағымымен көнеріп, алыста аялдан қалған замана келбеті суреткөр баяндаудың ұлттық сипаттеп өрнек тапқан. Осылайша, санада жаңғыратын өткен заман мекеншагымен жалғаса, ұштаса берілген ақын елесі логикалық ой тұңғығында реалды болмысқа жат болғанымен, кейіпкер өзінің осы психологиялық сезім-куйіне – шығармашылық фантазиясына шүбесіз сенеді.

Д. Досжан «Мұхтар жолы» романындағы пейзаждық суреттемелерде кейіпкер арман-мұраттарын асқақтата бейнелейтін әрі талант иесіне тән айрықша әсершіл көзқарас тарапын танытатын тұстары ұшырасады. Солардың бірі:

«Осындай ой мүжіген шақта алыс асқар ала тауларға көз талғанша қарайтын қашанғы әдеті.

Кекірегінде бұғынып отырған кек кептер пыр-пыр талпынып алаңсыз алқара аспанға, алқара емес-ау, көкпенбек кеңіске ұшып жоғалғысы келетіндей ме, қалың ойға малтығып, қабағын түйіп ошарылған Мұхтар жылмық жонды, бүкіс белді Шыңғыстау баурайында өскесін бе, әлде талай жыл іргедегі асқар ала тауга бауыр басып кеткендігі ме – жабықса да, жадыраса да осынау көз алдындағы биіктерді ылғи пір тұтушы еді» [40, 15 б.]. Автор жазушы Әуезовтің мінез жаратылысына хас қасиетті паш етеді; шығармашылық тұлға мен табиғат аясы арасындағы жіпсіз байланыс, жан әлемі мен сыртқы ортаның жіксіз бірлігі ашылады.

Абай қазасын еске салатын эпизодтардағы табиғат суреттері әр қаламгерде әрқиылдық нақышпен бейнеленгеніне қарамастан, жалпы идеялық-композициялық сарыны жағынан үндес шыққан. Олар көп жағдайда сюжет желісіндегі композициялық орналасымына қарай түрлі эпизодтардағы жалпы көңіл-күй ауанын, ортақ психологиялық атмосфераны андату мақсатына орайластырылған.

3. Қабдолов ұлы ақын қазасын ұланғайыр Шыңғыс атырабының азалы кейіпімен жандандыра суреттейді:

«...Шыңғыстауға – Шыңғыс сілеміндегі Жидебайға, осынау өзі ғұмыр бойы жырлап еліне нәр болар сырға, жеріне әр берер нұрға айналдырған жалғанның жарығын тастанап, фәниден бақыға аттанған Абайға бара жатыр, әрине. Мынау Ақшоқының бергі баурайын

толтыра тағы бір телегей-теңіз боп орнап, даланың ақжал ағысы секілді толассыз жыбыр қаққан, көлеміне көз жетпес ақ айдын алқабын аймалап, айдарын сипаған самал желге жаппай жайқала шүлғып жатқан бұланқұйрық ақселеу соны айтады. Жай айтпайды, қымылымен бейнелейді. Соған қоса осы селеу: «Ақ шашымды жаяйын, жаяйын да жияйын; Алшаңдал жүрген Абайжан, орныңа кімді қояйын», – деп ұлын, ұлының ұлылығын жоқтап ботасы өлген боз маядай боздаған Жер-ананың қазага қайысқан жонарқасын жасыра, жауырынында шашыла желкілдеген шашына да ұқсан кетеді» [48, 137 б.]. Табиғат құбылысы лирикалық лепте белгілі бір дәрежеде ырғакты баяндау арқылы бейнеленгенін көреміз. Келтірілген бейнелі сурет, әрине, бала Мұхтар санасында туындаған ой-сезім нәтижесінен ғөрі авторлық егде толғамға жақын. Демек, бұл арадағы қеністік кескінінің кейіпкер психологиясына қатынасы шартты. Авторлық идея антропоморфтық кейіптеу ұлғісіндегі табиғат жай-күйі арқылы жалпы, бұқаралық жағдайды – баршаға төнген қайғы-қасіретті мегзейді.

Д. Досжановтың «Мұхтар жолында» өмірінің соңғы сағаттарын бастан өткізуші кейіпкер Әуезовтің жан әлемінде болып жатқан күрделі үдерістерді, үміт пен құдік тартысын, сезім мен сана арпалысын тұжырған шағын ғана суреттеме бар:

«Ертең операция деген түні Мұхтар көпке дейін көз ілмей терезеден, алыс қыырдан сықсиып көрінген тарыдай ақшыл жұлдызға телміріп қараумен жатты. Алыс түкпірдегі Шыңғыстаудың көк шалғыны кісі аяғынан жаптырылып қалмады ма еken деп уайым шекті» [40, Б.393-394].

Бас-аяғы екі сөйлемге тал бесік пен жер бесіктің арасындағы бүтін бір ғұмыр сыйып кеткен. Баяндау лебінде авторлық қатыстылық жойылған, кейіпкердің жан тебіренісі, ой-сезім толқыны ғана бар. Шын мәнінде сюжеттік оқиға желісінің айтулы тұсы, трагизмге толы сәті осы сөйлемдерде жатыр. Автор кесімімен тек Әуезовтің ой ағымымен берілген тұған жерді сағыну сезімі ғана мәлім болады да, оның жан әлеміндегі жалпы қөніл-күй жайлары саналы үнсіздікті толтыру оқырманның психологиялық талдауына қалдырылады. «Білімнің бұл дүниеден өткендерге ғана мәлім жоғарғы шегі, менің ойымша, әлдеқашан қол жеткізілген таным

деңгейі болып табылады. Бәлкім, жердегі өмірге, адамның мәнгіге көз жұмар сәтіндегі ойларына соншалықты мән берілетіндігі де содан шығар» [13, с. 303], – деп толғанатын К. Юнгтың дүние тылсымына бойлауға талпынатын болжамдары, шын мәнінде, баршаға қызығылықты. Д. Досжановтың кеменгер жазушының ақтық ой-сезімдерін жоруға ұмтылысы да осы жұмбактан тамыр тартқан. Мұхтар бойын беймаза күй билеген. Сабырлы, салмақты жан мен жырақтағы жалғыз жүлдyz арасында адам-пенденің бүкіл болмыстіршілігі жатыр. Бәлкім, бұл жалғанда көрген ақырғы жүлдзыым дейтін құдіктің, тағдырға мойынсынудың жоқтығына кім кепіл? Осы сәтте Әуезов үшін «Түкпірдегі Шыңғыстау» да – сол жалғыз жүлдзыз сияқты қол жеткізбейтін арман. Шыңғыстау – Әуезов – жүлдзыз. Адам жанының діни-мистикалық танылдағы болмыстық, рухани және ғаламдық кеңістік-тұрақтарының логикалық тізбегі идеялық мәнде кейіпкердің ғұмыры жолын жoramалдаса керек.

Кейіпкер жан дүниесі мен сыртқы әлем параллелизмінің тағы бір көрінісі түр-түстік бояу реңкінен де зерделенеді. Себебі көркем бейненің дүниекабылдау ерекшелігін танытудың ең бір қисынды да көрнекі жолы оның сыртқы ортадағы заттар мен құбылыстардың түстік-бояулық шектерін ажырату қабілетін ашу болып табылады. Бұл орайда тұлғаның қоршаған ортамен арадағы интериоризациялық қатынасы бақыланады.

«Психологияда түстерді қабылдау мәселесі өзекті мәнге ие» [67, 291 б.]. Түстерді қабылдау жеке субъектінің жағдаяттық көңіл-күйіне байланысты бола тұра, тұлғаның объективті әлем бейнесін зерделеудегі философиялық-дүниетанымдық ізденистерін де қамтиды. Шығармашылық тұлға бейнесінің қабылдау қасиетін осы аяда екі түрлі ыңғайда қарастыруға болады. Сыртқы перцептивтік әрекет күйінде нысан түр-түсінің кейіпкер санасында неғұрлым нақты, дәл айшықталуы – оған тән қалыпты әрі айрықша жіті назармен атқарылатын шығармашылық әрекет. Композиция тұрғысынан кейіпкер позициясы арқылы бақыланған мұндай қабылдау үлгілері көп жағдайда суреттеу фоны дәрежесінде қалады. Сонымен қоса, көркем туындыларда қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-эстетикалық факторлардың әсер-ықпалынан сыртқы көріністің мейлінше субъективті ой-сезім елегінен өткізіліп барып

таңбалануы жағдайлары да ұшырасады. Мұны тұлғаның өнер иесіне хас нәзік сезімталдық пен көркем ойлаудың ерекшелігі ретіндегі ішкі перцептивтік әрекеті деп таныған жөн.

К. Оразалин романы Шыңғыс мекенінің табиғат аясын, интеръер суреттемелерін ұлтық әдебиетте қалыптасқан дәстүрлі нақышпен барша түстер колоритін сақтай отырып, мейлінше қанық түсті картиналар өрнектеген. Ал Д. Досжанов пен З. Қабдолов туындылары шексіз құбыла беретін түстер спектрінің белгілі бір реңтеріне ғана тоқталып, солар арқылы символдық мағынаға қол жеткізуге бейімдік танытады.

«Абайдан соң» романында ұлы ақын дүниеден өткен шактагы күн райы былайша өрнектелген: «... Дәл осы күнгі таңда күн де күйіп туғандай болды. Бұлт атаулы өртеніп таусылғандай аспан жалаңаштанып, тек әр түсінде ғана жанбай қалған шаладай шашылып жатқан қызыл шоқтарды көрген-ді» [60, 4 б.]. Көркем туындыны қабылдау үдерісінде оқырман ойында қалыптасадын суретте қызылт түс басым болары анық. Тікелей бала Мұхтар назарымен бақыланатын күн райы әлдекандай қайғылы оқигадан алдын-ала хабар беретіндей. Бұлтты жанбай қалған шалаға тенейтін қаламгердің эмоциялық-экспрессивтік ой-сезім арнасы қандай да бір үдерістің трагедиялы толас табар сәтін аңдатады. Осы тарихи сәттегі пейзаж көрінісі романның тағы бір түсінде еске салынады және бұдан суреттелетін табиғат картинасының эмоционалдық-экспрессивтік түрде сезім-бояу реңтерін қайталау байқалады: «Күн шығып келе жатыр. Оның да көзі жылай-жылай қанталап кеткен сияқты. Қазіргі сәтте жер бетін қызылтым мұнар басып, дүние күңгірттігі Абай қазасынан туғандай көрінеді... Жер-көкті сілкінтекен қатты айқайдан қара жер қақ айырылып кеткендей күніренді де, дүниенің не болғанын ешкім белген жоқ» [35, 22 б.]. Баяндау үзілімінде ауқымды ашиқ кеңістік түріндегі табиғат келбетінен өзге тұлға жоқ, тіпті автор да өзін мейлінше көлегейлеп, бейтарап позицияны таңдаған. Бұл көркемдік уақыт, негізінде, кең құлашты эпикалық туындының сюжеттік желісіне тартылған оқиғалардың көш басында тұр. Аса әсерлі эмоционалдық толкумен өрнектелген сюжеттік бастама идеялық бағдарда басты кейіпкер өміріндегі тарихи мәні бар қосалқы шарықтау шегін бедерлейді. Сөйтіп, ұлы ақын рухани ізбасары Мұхтардың барын аңдатады.

Мәтін өрісіндегі кейіпкер психологиясы автор тарапынан қолданыс тапқан лексикалық-семантикалық сөз бірліктері мен сөйлемдердің синтаксистік-стильдік құрылышының өзіндік ерекшелігі арқылы пайымдалатыны белгілі. Сыртқы ортада орын алған белгілі бір оқиға, құбылыстың бейнеге эмоционалдық әсерін жеткізуде түстерді қабылдау психологиясының аткарап рөлі зор. «Ғалымдар негізгі түстер жинағының маңызды әмбебаптық қасиеттерін ашуға қол жеткізді. Негізгі түстер жинағы үшеу – ақ, қызыл, қара» [68, 49 б.]. Асылы ғалымдар аталған түстердің табиғи-болмыстық мәндегі әмбебаптығына назар аударса керек. Шын мәнінде, олардың философиялық-символдық міндеттерді арқау ететін қолданыс аясының кеңдігін зерттеу нысанындағы өзге туындылардан да анғаруға мүмкіндік бар.

Д. Досжановтың «Мұхтар жолындағы» мына пейзаждық телім әмбебап түстердің кейде бірлікте қолданыс табатынына дәлел: «Кәрі Қаратаудың теріскей бетінде ақ қайыс белдіктей тас жолмен терістікке сабыла сүркіл салған машина легі жер танабын қуырып келеді. Батар күн Қаратаудың иығына қонақтады. Ары қарай аунап түсуге әл-дірмәні қалмағандай бірауық қызырып тұрды-тұрды да тау қапталына сіңіп жоғалды. Жер бетін қарақошқыл мұнарт басты» [40, 226 б.].

Ал осы түстердің жеке қолданысы авторлық идеяға сәйкес белгілі бір астарлы мағынаны арқау етеді: «Күн қызылжолақтанаң көкжиекке әлгіде сіңген секілді, ыдыс жиегіне тұрган қаймақтай батыс беттегі үй төбесіне, ағаш басына сарғыш бояу жұғыпты. Енді сол бояу бірсін-бірсін шикілденіп, күлгінденіп, қою қарабарқынға ауысып бара жатты. Аспан асты шүпірлеп жүлдізға толды» [40, 15 б.], – деп, табиғат реңін әсем кестелейтін жолдар кездеседі. Макрокеңістіктегі Күн мен Жер қозғалысы физикалық мекеншақ ретінде ескерілген. Авторлық баяндау ырғағы күннің батуындағы кешкі сәуленің түстік өзгерісі есебінен баяу әрекетті үнемді әрі көркем бейнелейді. Жалпы романдағы күн райлары, суреттемелердегі бояу реңктері лексикалық жағынан бір-біріне әсте ұқсамағанымен, оларға тән семантикалық ортақтық қызыл түстің төнірегінде. «Жалқынданып батып бара жатқан күн реңі пәс, біртүрлі бозарыңқы, ұзақ ауырған кісінің кейпіндей мүскін көрінді,

қарал келе жатып жүрек басы тоңазыды. «Мұнысы несі тағы да» деп іштей секем алғаны» [40, Б.149-150]; «Биік басына шығып көрді – алау күн қанқызылданып, жез табақ шоққа айналып сөніп барады екен, Мұхтардың ет жүргегі сүйнғандай болып түршікті» [40, 294 б.]. Психологиялық параллелизм түрінде өрілген соңғы екі үзіндіде де аспан жузі мен Эуезов жан әлемі бейнелерінің бірін-бірі толықтыра түскені анық. Кейіпкер ғұмыр жолының құнбатысқа қарай беталғанын трагизммен анғартатын жолдардағы қызыл күн – символ, болмыстық-философиялық мәндегі символ. Сонымен «Абайдан соң», «Мұхтар жолы» романдарындағы жағдаяттық қолданысы жағынан ұқсас келетін мезеттер қызыл түстің өмір мен өлім жайлы философиялық толғамды білдіре алатын символдық мәнін ашады.

Көркемдік үйлесімі жағынан сарындас адам мен қоршаған орта көрінісін З. Қабдолов туындысынан да кездестіруге болады. Автор кейіпкердің психофизиогномиялық кескіндемесі мен сыртқы орта арасындағы ұқастықтарын ашу арқылы Эуезовтің беймаза, қайғылы жан дүниесімен қоса тарихи дәүірдің қоғамдық-саяси тынысын анғартады. Төменде берілетін үзінді сыртқы ортаның кейіпкер бейнесін мүсіндеуге портретпен бірлікте берілетініне мысал бола алады. З. Қабдолов көркем бейне мен фон арасындағы идеялық-эстетикалық бірлік арқылы баяндаудың экспрессивтік реңкіне екпін түсіреді: «...Эуезов осы үйге жақындалап барып кілт тоқтады да ұзак-ұзак ойланып тұрды. Содан соң әбден қалжырап, дінкесі құрығандай мең-зең теңселіп, әрлі-берлі жүрді. Үйдің бір бұрышында сол араның кірпішін құлата жаздалап, қабырганың сыртынан емес, бір қабат ішінен өріліп өскендей атам заманғы кәрі қайың бар-ды: бұтақтары сынған, жапырақтары қурап-сиреген, шаң-топырақ басқан о бастағы ақшыл түсі де сұл-сұр бол онып кеткен. Мұхаң бір ауық осы ағашқа қолын тіреп, бері қараған: үй де сұрғылт, ағаш та сұрғылт, «Абай жолында» өзі көп қолданатын тіркестен тұжырыганданды «қанын ішіне тарта» ойланған Мұхаң да сұрғылт, бәрі жым-жырт» [48, 106 б.]. Эуезов жан әлеміндегі ойсезім үдерісінің ағынын тек оның қимыл-қозгалысы мен сырттай бақылаушы автор суреттемесінен ғана барлауға болады. Мұнда авторлық жанама суреттеудің өзі қаһарман психологиясынан

толыққанды мәлімет бере алады: Әуезовтің аталмыш «үйге» (ескі түрмे ғимаратына) қарай батылсыздау беталысы оның кілт тоқтағанынан білініп, арғы жағы іштей ойға бату формасында тағы беймәлім қалады. Ал ол ойлардың қуйінішке толы, жабырқау сипаты «қалжырап, діңкесі құрығандай мен-зен тенселіп, әрлі-берлі» жүрген мақсатсыз, берекесіз қозғалыстан, тығырыққа тірелген кейіп елесінен нышан береді. Ең бастысы – автордың көрі қайың мен Мұхтар арасынан өзара ұқсастық, жақындық табуы. Сұп-сұр фондағы сұп-сұр бейне. Бейнелі сурет астарының мәні көп қырлы. Сұр түс – тозығы жеткен тіршіліктің өні, мекен мен образдың бір түспен жіксіз тұтасуы арқылы қаһарман өміріндегі келеңсіз жолақтың белең алуы пайымдалады. Тозған жансыз тамға, қартайған ақ қайыңға, тағдыр тәлкегінен қажыған Әуезовке ортақ дүние – бірге кешкен заман. Шаң басқан қайың кейіпкер ғұмырындағы аса қайғылы, шешуші мезеттерінің күесі болғандығымен бағалы. Дәүірінен, ортасынан опық жеп, жаны жабырқау тартқан сәтінде Әуезовтің дәл осында келуі тегін емес. Ол өткеннің көкірек көзімен зерделеп, іштей асылы мен жасығын екшідейді. Асылы – аяулы Кәмеш. «Абайдың Тоғжаны секілді Мұхтардың Кәмиласы да ғұмыр бойы айықлас арманға айналып кеткен шерлі сыр, мұнды жыр», – дейді З. Қабдолов [48, 38 б.]. Жасығы – сол күндерден бері қыр соңынан қалмай өкшелеп келе жатқан кесел, заман кеселі. Осылайша, Әуезов жан дүниесіндегі әлемтапырық сезім жарылысы мен естелік жаңғырығын өзінше тұжыратын шығарма мәтіні психологиялық тұрғыда дем тарта («бәрі жым-жырт»), кейіпкер іс-әрекетінің келесі беталысына зейін қояды. Авторлық көзқарас нұктесінің бұдан едәуір жуық шамадан зерделеу проекциясымен айқындалатын кейіпкер бет-жүзі мынадай: «...Қабағы қатыңқы, жанары солғын, жузі жабырқау; кірпігінен бір тамшы жас үзіліп, жұмсақ орындықтың арқатіреуіне сіңгендей болды» [48, 107 б.]. Айқын баяндаушы-авторлық позициядан бақыланатын көрініс кейіпкердің психологиялық толқуларын, ой-сезім қозғалысын тереңінен барлап, олардың ішкі себептерінің түп-тамырын қопара зерделейді. Сөйтіп, эстетикалық қабылдау тұрғысында оқырман үшін мазмұнды әрі көркем суреттеме ұсынады.

Көркем шығармадағы табиғат суреті шартты түрде шексіздігімен әрі дербес тіршілік аясымен адамның рухани кеңістігінің қияқалтарыстарын, ой-сезімдік тебіреніс-толғаныстарын динамикалы сипатта бейнелеуге, әлемсезіну, дүниекебілдау ерекшеліктеріне бойлауға бейім келеді. Ал заттық әлем, интеръер түрлері көп жағдайда қаһарманға мінез-құлықтық тұргыда психологиялық сипаттама беріп, қалыптасқан танымдық-талғамдық қасиеттерінен сыр шертеді. «Атқаратын қызметі жағынан заттық орта суреттемесі қаһарманның психологиялық жағдайына көрnekілік ретінде көрніс табады» [61, 18 б.], – дейді О. Барабаш.

Сонымен шығармадағы заттық әлем көркем шындықтың нақты-предметтік түрін қалыптастыруда елеулі орынға ие. Көркем бейненің тіршілік кеңістігінің моделін құру барысында суреткер тарапынан назарға, қаламға іліgetіn әр заттық, предметтік деталь тұластай шығарма құрылымындағы маңызды компонентке айналатыны белгілі. Суреттегін әр заттық нысан көркемдік-композициялық тұргыда белгілі бір идеялық-мағыналық астарда бақыланатындықтан, олардың мәтіндегі қолданысы кездейсоқтық деп санаалмаса керек. Ол оқиға ербитін іс-әрекеттік ая болуымен қатар, кейіпкердің субъективті қабылдаудың психологиялық дәлдікпен бейнелейтін, тұлға мен сыртқы орта қатынасын айқындаі түсетін маңызды деталь болып саналады.

К. Оразалиннің «Абайдан соң» романында кездесетін психологиялық деталь сапасындағы предметтер Абай аулының тұрмыс-тіршілігінен елес беретін интеръер құрамында этнографиялық үлгіде жиі суреттеледі. Абай өмір сүріп, Мұхтар дүниеге келген (сондай-ақ, өзі туып-өсken) Шыңғыстау жерінің түкпір-түкпірін терең лиризммен суреттейтін қаламгер көркем әлемдегі заттық дүниеге келгенде де сол Абай аулы төнірегіне зерсалуды жөн көреді. Мысалы:

«Абай үйіне Мұхтардың соңғы үш жылдан кейін, алғаш кіргені осы болатын. Әр жерлерден ілініп тасталған аспалы шамдар жарығында мол үйдің іші ерекше құлпырып, соны бір тынысты аңдатады. Атасы мен әжесінің айтқандарынан бұл үйдің сырсымбатымен ертеден таныс Мұхтар қазір сол дүниелердің байырғы өз орындарында ежелгі қалпын сақтап тұрганын бір ғана сәт ішінде шолып үлгерді. Үй ішіндегі әрбір зат Абай өмірінен жеке-жеке сыр

шертіп тұрғандай көнілге оралар байлау бар. Көрініс атаулының бәрінен де Абай елестеп, қасиетті жерді басып тұрғанына да ыңғайсызданып: – Ассалаумагалейком, – деді» [59, 58 б.].

Ұлы ақын шаңырағын қадір тұта, ондағы әр бүйімға асқан іждаһаттылықпен аялай зер салатын Мұхтар көзқарасы **кәсіби қырағылық** танытады. Жас Мұхтар позициясына телінетін автор баяндауы отау жасауының орналасымын тәптіштей сипаттауды артық деп есептейді. Аты аталағы, түрі түстелмейтін жиһаз-бүйімдар Мұхтар қабылдауында ұлы ақын рухының жылуын сактап тұрғандай сезіледі. Үстірт суреттеменің өзінен осы кеңістіктің жалпы атмосферасы – Абай дәстүрінің қалтқысыз ескерілуі аңғарылады. Сайып келгенде, бұл – киелі жерге аяқ басқандағы психологиялық күйден туындаған Мұхтар сезімінің субъективтік тұжырымы. Ал келесі суреттемеде автор Мұхтардың жіті назарымен бақыланатын заттарға кеңінен тоқталған:

«...Үй ішінде өзіне ерекше көрінген бір заттарға көзі түсті. Биік сүйек төсектің жогары жағында төрге ұсталған бедерлі қызылкүрен кілемнің үстіне ілінген көкшіл түсті елтірі тымақ пен жұқалаң сұр шапан ілулі тұр. Төсектің бас жағында, кішірек сандық үстінде сүйеулі уш ішекті қызыл домбыра көрінеді.

«Осы бүйімдардың бәрі Мағаштың өз нәрселері болар» деп ойлаған Мұхтар әрбір затқа ұзагырақ қарап отырды» [59, 147 б.].

Интерьер көрінісінде Мұхтар тараپынан Абай төңірегіне қатысты дүниенің баршасын дәл әрі нақты, қастерлей зерделеу талабы бар. К. Оразалиннің деректі суреттеу үлгісі кейіпкердің эпизодтық ыңғайға қарай шартты макрокеңістіктің, Мағауия отауының жасау-жабдығын ретімен, жекелеген бүйімдардың тұртұс, көлем-мөлшер тұрғысындағы өзіндік сапа-белгілерін ескере отырып бақылау нәтижесін ұсынған.

Сонымен «Абайдан соң» романында ұшырасатын заттық суреттемелер негізінен Мұхтар көзқарасы ретінде бағдарланған. Олар қаһарманның Абай есімімен байланысты барша дүниеге қызығушылық аясын суреттеп, дарынды жастың ақын жайлы деректік-ақпараттық қорының толығуын, танымдық көзқарасының кеңеюін баян етеді. Келешек әйгілі эпопеяга материал жинақтау сияқты шығармашылық үдеріс кезеңінің бір сипаты романда осылайша көрініс тапқан. Мұны шығармашылық тұлғаның саналы

әрекетіне жатқызуға негіз бар. Ал, енді бір қырынан қарағанда, Абай, Мағауия үй-жайын алғаш көруші жас жігіт бақылаулары оның талант иесіне тән жіті назар, байыпты зерделеу ерекшелігін – рухани «көніл зердесінің» жоспарсыз, мақсатсыз бейсаналы түрде жүзеге асыратын шығармашылық актісі.

Д. Досжановтың «Мұхтар жолында» заттық әлем бөлшектері символдық сипатта кейіпкер психологиясының қыр-сырын ашуға қызмет етеді. Романның әр түсінда ұшырасатын таңбалық, символдық мәндегі предметтер суреттемесі жиынтық қүйде Әуезов тұлғасының архетиптік сипатын бедерлейді. Шығармашылық адамының ой-өрісін, ақыл-парасат деңгейін, ішкі зерде түйсігін білдіретін ондай таңбалық жүйенің көркемдік қыры Д. Досжанов қаламына тән стиль даралығын танытады.

«...Ал осынау шағын диванға шалжия сұлап, жиырмасыншы ғасырдың бас жағында дәлірек айтқанда 1909 жылы дүниеден көшken Омарханның түйе жүн шекпенін жамылдып ой кешіп жатқанда мұлде басқа... бұрын байқап-білмеген, көз алдына келмеген... балалық шақтың жасыл белесі де емес, алғашқы сезім сергелден жас қыздың уыз татыған тәтті сүйіспендігі де емес, мұлде бөтен, тосын, жырақ дүниенің есігі ашылғаны. Түйе жүн шекпеннің тер сіңген ашқылтым ісің нешеме жылдар бұрынғы ізі өшкен, мolasы жер боп жоғалған (базбір қасиеті қанында түйіршік болып қосылған), замана желіне ілесіп керуені көшіп кеткен атасының, бабасының өмір тарихы көз алдына көлкіп бір өте бастағаны. Осыдан бір ғасыр, бір ғасыр емес-ау, одан да әріде өткен ерлер сұлбасы қоңыр үнді, қоңырқай түсті түйе жүн шекпенділер, көкірегі көмбे шерілер мен шерлілер осы күнгі кино кадрындағы бәз-баяғы бояуымен, алжасыл, алқоңыр, алсары түрлі түсімен кілкіп қана өте бастағаны. Таңданбасқа таңданады екенсің қарап жатып» [40, Б.295-296].

Мұхтардың ертеректе дүниеден өткен аталарапын еске алудың арқау еткен эпизодтық көріністе назарға ең алдымен ілігетін зат аталауы – Омарханнан қалған түйе жүн шекпен. Тікелей кейіпкердің жан әлемімен бірлестіктіке суреттелуі тұрғысынан қараса, жолай ауызға ілігетін диван тек көркем осы шақтың фоны болып табылады. Автор материалды дүниенің адам психикасына әсерін мейлінше көркем турде өрнектеген деуге толық негіз бар.

Үзіндіге сүйене, дәлірек айтса, түйе жүн шекпеннің бір өзі жалаңғана атадан қалған дүние дегеннен өзге астарлы жорамалға жол бермес еді. Бұл жерде заттың мән-маңызының өзектендіріп тұрған – иіс бейнесі. Шекпенге сіңген аңы тер иісі Мұхтар санасында өткен заман ассоциациясын тудырады. Кейіпкердің физиологиялық, психологиялық қабылдау ерекшелігі нәтижесінде ой әлемінде көлбей-кесіле жөнелген мүлде өзге мекеншақ авторлық идеяда генниң архетиптік жаңғырығы ретінде сараланған. «Архетиптік пайымдаулардың негізінде санаға еш қатыссыз инстинктивтік жорулар жатады. Оларды таза ақылмен дәлелдеу де, жоққа шығару да мүмкін емес» [13, с. 342]. Жеке тұлғаның өз тағдыр соқпағымен байыргы бабаларының тіршілік жібін жалғап жатқандығы туралы философиялық толғам Әуезов үшін жаңалық болмаса да, бұл арада архетиптің бейсаналы белсенділігімен, кейіпкер қалауынан тыс үдеріс түрінде – сананың эктопсихологиялық қызметі сапасында көрініс табуымен қызғылықты. Ең алдымен, бұл – генетикалық жадының парадокс күйінде жағдаяттық қылан беруі (Осы ретте К. Юнгтың: «Әрине, бейсаналы аяның білімі әлдеқайда жогары. Бірақ бұл бейсаналы білім «мұнда», «қазір» деп сараланбайтын, біздің саналы тілімізге аударылмайтын мәңгілікте ғана бар» [13, с. 303], – дейтін пікірі ойға оралады). Мұның өзі, біріншіден, деректік сипатта тарихи бейненің ата-тегі жайлы дәйекті әкпарат келтіру амалы болса, екіншіден – шығармашылық адамына тән нәзік сезімталдық(ассоциативтік, сенсорлық қасиеттер), рухани әлемдегі бейсаналы сфераның дербестігі және оның шығармашылық үдерістегі маңызы іспетті эстетикалық, психологиялық айрықша сапаларды бейнелеу тәсілі.

«Мұхтар жолы» романының көркемдік-идеялық нысаны жазушының түгесіліп бара жатқан тағдыр талайын, соңғы ой тебіреністерін, сезім сапарларын кестелеуге бағытталғаны белгілі. Д. Досжанов қаламымен өрілген әр бейнелі сез оралымдары, әр көркемдік деталь соған мегзейді. Әуезовтің Мәскеуге операцияға аттануын баяндайтын эпизодта мынадай шағын лирикалық мезет бар:

«Шыны ыдыска құйылған май айының балы терезе алдында жұпар иісі аңқып мөлдіреген қалпы қалып бара жатты [40, 382 б.].

Оқырман көз алдына шыныға құйылған иісі аңқыған бал

елестері сөзсіз. Терезе алдында қалған құтыдағы мәлдір бал – пенде өмірінің ендігөрі татпас, бұйырмас дәм-тұзының символы. Авторлық баяндау интонациясы, ойдың синтаксистік құрылышы кейіпкер позициясымен қосуңді сипатта қабысқан. Сөйлемдегі ойдың эмоциялық-экспрессивтік реңкі айтушының қимастық сезімін, трагедиялық жағдайдың жуықтығын хабарлайды.

Зерттеу нысанындағы туындыларды осы түргыда талдау қalamгерлердің жеке шығармашылық ұстанымдары мен идеялық тұжырымдамаларын айқындаі түсті. Өнер адамының дүниекабылдау ерекшелігін бейнелеудегі кеңістік суреттерінің көркемдік қызметі жайлы төмендегідей ой қорытындылауға болады.

Кейіпкердің қоршаған ортаны тануға ұмтылышын қамтитын анғарымпаз бақылаулары оның айрықша әлемсезіну, дүниені бейнелі түрде қабылдау сынды қасиеттерін айшықтайды. Адам мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатынас К. Оразалиннің «Абайдан соң» романында өзара психологиялық интенция құбылышы ретінде суреттеліп, сол арқылы қаһарман бойындағы шығармашылық қабілеттердің алғашқы нышандары қылаң береді. Кейіпкердің сыртқы кеңістік аясында болып жатқан құбылыштарды саралауы – шығармашылық әрекеттің материал жинау, ізденіс, шабыт, қиял сияқты маңызды кезеңдері. Осы орайда жас Мұхтар Тарапынан жүзеге асырылған бақылаулар саналы шығармашылық ізденістерді байқатып, түптүлғаның творчестволық өмір жолымен сабактастық табады. Демек, сыртқы әлем бейнесі сапасындағы суреттемелер – өнерпаз тұлғатаралынан бақылаудың шығармашылық өнімділігінің көрсеткіші. Басқаша айтқанда, үздіксіз танымдық-шығармашылық үдеріс сипатындағы кейіпкердің айналаны бақылаулары ішкі ой әлеміндегі аутопластикалық құбылыштың сырттай бедерленуі болып табылады.

Әуезов жан әлеміндегі психологиялық үдерістер мен табиғат құбылыштарының паралелизм түрінде жарыса өрнек табуы көп жағдайда мінез-машық, көңіл-күй аяларын бейнелеу міндеттерімен сабактас. Адам – Табиғат бірлігі романда кейде ой-сезім арналарын бедерлейтін болмашы психологиялық штрихтар түрінде ұшырасса, кей арада – жанды бейненің бүкіл болмыс-тіршілігін асқақ эстетикалық мұрат деңгейінде сомдау тәсілі. Кейіпкер

басындағы жағдаяттық эмоционалдық күй мен өмірлік шешуші оқиғаларды байланыстыра біletін автор идеялық тұжырымдары айрықша әлемсезіну сапасында бейнеленген. Осылайша, қаламгер тарарапынан тұлға даралығын характерологиялық, физиологиялық, психологиялық қасиеттермен айшықтауға бейімділік байқалады. Д. Досжановтың «Мұхтар жолы» романындағы символдық, детальдық мәнде көріністейтін сыртқы қеңістік бөлшектері элементтері авторлық идеяның астарлы, жасырын қабаттарына үнілуге жетелейді.

«Менің Әуезовімдегі» қеңістік көріністері шығарманың баяндау жүйесіне байланысты автор-қаһарманға тән қозқарас тарабынан зерделенгені анық. Сондықтан мұнда кейіпкердің әлемсезіну, дүниекабылдау әрекетінен ғөрі сырттай бақылаушылық-бағалаушылық сипаттағы тікелей автор бағамдары сараланды.

Өнерпаз тұлғаның сыртқы әлемді қабылдау үдерісін бейнелеуде шығармашылық қиял компоненті ерекше рөл атқарады. «Әлем – саналы рефлексиясыз тіршілік етпейтін феномен» [13, с. 328], – дейді К. Юнг. Ноосферадағы үздіксіз танымдық үдерістер, түтеп келгенде, адамзаттың өзі жайлы ғылыми-философиялық, әдеби-көркем, т.б. ізденистерін қамтиды. Қиял да – әрбір жеке тұлғаның танымдық әрекетінің көрінісі.

Шығармашылық тұлғаның ой әлемін суреттеу

Адамзат қауымы өзінің саналы даму тарихында ғасырлар бойы тіршіліктің қыртыс-қабаттары, өмірлік занұлықтар мен қағидалар жайлы қоғамдық-әлеуметтік, философиялық-эстетикалық мәселелерді зерттеумен келеді. Саналы адам үшін ойсыз, ойлаусыз өмір сүру мүмкін емес. «Интеллектуалдық қызметте сөйлеу ойлау тәсілі болып табылады... Бұл функция сөздік-логикалық ойлау арқылы көрініс табады» [12, с. 185-186]. Сырттай бедерленуі жағынан ой қабаттары көп. Адам санасындағы үздіксіз ой үдерісінің идеялық арналарын бағдарлау әдеби шығармада да кездеседі.

«Кейіпкер сөзі – образды ашатын, шығарманы шындыққа жанастыратын құрал» [69, 34 б.]. Кейіпкердің ішкі ой ағынын, сезім қозғалыстарын бейнелейтін көркемдік тәсілдер – авторлық

психологиялық баяндау, **кейіпкер сөзі** (монолог, ішкі монолог, ой, ағымы, диалог және т.б.). «Ішкі монолог және авторлық психологиялық талдау психологизмнің мейлінше кең тараған композициялық-баяндау формасы болып табылады» [30, с. 43]. Мұндағы авторлық баяндаудың өзіндік ерекшелігі көркем мәтіндегі жазушының демиург ретіндегі құдіреттілігімен сабактас. Қаламгер үшін кейіпкер жан әлеміндегі психологиялық ой-сезімдердің терең түпкірлері, тұңғылық иірімдері соншалықты жұмбақ жайт емес, шешуін табуға, зерде ілеңстіруге болатын үдерістер. Диалог шығарма мәтінінде көп жағдайда коммуникативтік қызметте қолданыс табады да, ең алдымен, қаһармандардың алдын ала ойластырылған, мақсатты, ұстамды және белгілі мөлшерде ресми сипаттағы ой-толғамдарын арқау етеді. Дегенмен мұнда да аракідік сұхбат барысындағы кейіпкер сөздерін дискурстық, эмоционалды-экспрессивтік аяда қарастырғанда айт羞ыға тән психологиялық темперамент, жағдаяттық көніл-күй әуендерін ұшырастыруға мүмкіндік бар. Ал адам ой-сезімінің ішкі ағымы сапасындағы монолог – көркем бейненің рухани кеңістігіндегі көвшілік назарынан жасырын, таса аяларын зерделеудің бірден-бір тәсілі. Б. Майтанов диалогтың образ жан дүниесін ашудағы үлесін қарастыра отырып, былай дейді: «Монолог арқылы да мінездер ерекшелігі, ойлау сипаттары, образдың дуниетанымдық арналары өрнектеледі» [70, 6 б.].

Тұындыларда кейіпкер монологы авторлық идеяға сәйкес түрліше құрылымдық-композициялық формада көрініс табады. Психологиялық баяндау түріндегі кең тараған түрі – ішкі монологтың әдеби шығармашылықта қалыптасып, даму тарихын Б. Майтанов «өмір шындығын барынша мол әрі дәлірек көрсету» мақсатымен түсіндіреді [70, 87 б.]. Ал оның ғылыми тұрғыда зерттелуі туралы Г. Пірәлиева былай дейді: «Әдебиеттану ғылымына келелі бір такырып болып енген психологизм, ішкі монолог мәселесінің зерттелуі батыста модернистік бағыттағы жазушылар (М. Пруст, Дж. Джойс, Ф. Кафка т.б.) өмірге әкелген ой ағысы (поток сознания) тәсілі мен орыстың реалистік әдебиетінде (Л. Толстой, Ф. Достоевский т.б.) бой көрсеткен ішкі монолог тәсіліне тікелей байланысты» [71, 4 б.].

Әдебиеттануда (семиотика саласы), философия мен мәдениеттануда ішкі монологты сөйлеушінің өз-өзімен қатынас жасауы ретінде қарастыру үрдісі қалыптасқан. Өзіндік коммуникативтік байланыс орнату тұлғаның түрлі психологиялық қажеттілігін туындауды. **Автокоммуникация** деп аталатын бұл құбылыс көркем шығармада кейіпкер жан күйзелісін, маңызды шешім қабылдау барысындағы эмоционалдық жағдайын, бейсаналы сипаттағы ой ағымын ашу мақсатында қолданыс табады. Ю. Лотман: «Объектінің өзіне-өзі хабар жіберуі, яғни бұдан хабардар адамға жіберуі таңғаларлық жайт. Бірақ бұл жиі кездесетін құбылыс әрі мәдениеттің жалпы жүйесінде маңызды рөл атқарады» [43, с. 24], – дейді.

Әдептің байланыста қарым-қатынас «Мен – Басқа» арнасын жалғаса, автокоммуникацияда ол «Мен – Мен» арнасында жүзеге асырылады. Айтылмыш әрекеттегі ақпараттық хабардың уақыт бойында үзілмей берілетіндігін, яғни жадыда бедерленіп, сақталмайтындығын ескерсек, бұл арада санадағы ой ағымы тілге тиек болары сөзсіз. Ал әдеби шығармашылықта мұндай ойлардың материалды түрі бәрібір де сөз арқылы қалып табатыны белгілі. Ишкі күрделі үдерістерді бейнелі жеткізудің өзі осы тұста жазушы шеберлігіне кепіл. Қаламгер көркем бейнесіне тән бұл құбылысты сана астарларында жүріп жататын шығармашылық әрекет деп пайымдаған жөн. Көркем ойлау үдерісін бейнелеуде әдеби автокоммуникация туынды өзегінің пайда болуы, жазушының дара тұлға ретіндегі идеялық тұжырымдамалары мен философиялық-эстетикалық ұстанымдары сипатында сараланды. «Мен – Мен жүйесінде ақпараттың иегері сол күйінде қалады, ал хабар коммуникация процесінде жаңа мағынаға ие болады» [11, 11 б.]. Автокоммуникация үдерісін қаламгерлік енбек тұрғысында қабылдаса, берілетін хабар шығармашылық өнім – көркем туынды не оның белгілі бір бөлігі (идея, ой өзегі, сюжеттік-композициялық үзілім, т.б.) сапасына ие.

Талант иесінің интраверттік қыры тұрғысынан зер салсақ, ішкі сөздер – адамның ойлау үдерісінің өнімділігін көркем түрде айғақтайтын психологизм тәсілі. Идеялық мақсатта ішкі монологтың баршасы қаһарманның жан дүниесін сомдауға бағытталатындығы анық. Ал композициялық ынғайдада мұндай

көркемдік қызмет түрлі ірілі-ұсақты міндеттерге ажырап, мәтін құрылымында әрқиыл сипат алады. Мысалы, М. Қанафина белгілі қаламгер Д. Исабековтың шығармашылық даралығын қарастыру барысында жазушы прозасындағы монолог қызметін былайша жіктейді: 1) өмірдің қым-қуыт арпалысты сәттерінде қаһармандардың жан күйзелісін білдіретін монологтар; 2) өмірдің мәні туралы адамгершілік ізденістерді сипаттайтын монологтар; 3) қаһарман жан дүниесіндегі мотивтер күресін, шешім қабылдауды бейнелейтін монологтар; 4) әшкерелеу сипатындағы монологтар; 5) қаһарманның өзін-өзі әшкерелеуі мен өзін-өзі сыннауы сипатындағы монологтар» [72, с. 19].

Әуезов шығармашылық тұлғасын мұсіндеуге дең қойған туындыларда кейіпкердің ішкі ой арнасын бақылаудың алуан түрлері кездеседі әрі олар психологиялық мотивация тұрғысында да әрқиыл.

Құрылымдық-стилистикалық, пунктуациялық тұрғыда ішкі сөздердің шығарма мәтінінде берілу жолдары көп. Осыған байланысты автор және кейіпкер монологтары ажыратылып, нақты айтуыш позициясын айқындауға болады. Монолог ұғымының филологияғы ғылымдарында әртүрлі аспекттіде қарастырған зерттеушілер пікірін ескере отырып, көркем бейненің рухани әлемін ашу міндеттін арқау ететін сөздерді (речь) төмендегідей саралауға болады.

Кейіпкердің ішкі монологы. Қаһарманның ішкі психикалық үдерістерін бейнелейтін толғамдар тікелей кейіпкер тарабына телінеді. Бұл ретте графикалық бедерленуі жағынан ой-сезім қозғалысы нақты лингвистикалық мәндегі ішкі монолог түрінде көрініс береді. «Көркем мәтінде автор-кейіпкер категориясының лингвистикалық тұрғыда көрініс табу жолдары» еңбегінде Е. Гончарова: «Ішкі монолог – көрнекі тұрдегі автордың не баяндаушының жоқтығы» [54, с. 74], – дейді. Фалым пайымдауындағы автордың «көрнекі тұрдегі» қатыссыздығы қаһарманға тиесілі ішкі сөз мәтінінің жоғарыда айттылған графикалық көрінісіне байланысты. Психологизмнің құрамдас бөлігі сапасында бұл ұғымды тыңғылдықты зерттеген А. Есин пікірінде әдеби-көркемдік талап бар: «Нағыз ішкі монолог – автор

тарапынан «жасырын түрде тыңдалатын» қаһарманның алдын-ала ойластырылмаған, өндөлмеген, табиғи ойлары» [30, с. 40].

«Үлттық прозада ішкі сөзді, әсіресе кейіпкер сезін, толғауын, монологын құнделікті тұрмыстық аузызекі сөзден және авторлық баяндаудан мулде бөлектеп, ішкі монологқа айналдырған М. Әуезов болды» [73, 48 б.], – дейді Б. Уахатов. Алайда Әуезовтің шығармашылық тұлғасын сомдаған тақырыптас туындылардан қаламгерлердің қаһарман ішкі ойын бедерлеуде монологқа аса зейін қоймағанын көреміз.

«Абайдан соңдағы» басты қаһарманның ішкі толғамдары романның екінші, үшінші және соңғы кітаптарында қамтылған. Себебі шығарма сюжеттік желісінің бұл тұстарында Мұхтар – ер жеткен, болашағынан үміт күттірер азамат. Семейде оқи жүріп, елге оралған үақытын суреттейтін эпизодтарда Мұхтардың рухани есуі, жетілуі өзге қаһармандардың көзқарасымен сипатталады. Мысалы, Қасымбек, Нұрмаганбет, Тәуке, Кәрім, Қатпа, т.б. тарапынан диалогтық жағдаяттарда айтылған пікірлер Мұхтардың қоғамдық-әлеуметтік, саяси-мәдени позициясын жан-жақты аша түседі. Ал романдағы кейіпкерлер жүйесінің идеялық оппозициясын сомдауға қатысы бар Шөпіштің ішкі ой қалпындағы бағамы жас жігітке берілген сыртқы мінездеменің объективтілігін танытуға қызымет етеді. Өзге кейіпкерлермен арадағы сұхбаттардағы Мұхтар сөздері оның ақыл-парасат, білім деңгейін, Абай жолын бағдар тұтқан өмірлік ұстанымдарын ортага салады. Романның басты ерекшелігі де осыған байланысты: идеялық-көркемдік қабаттарды тұтас қамтитын архитектоника тұрғысынан зер салғанда қаһарман ішкі әлеміндегі ой-сезім қозғалысы үнемі дерлік сырттай бедер тауып жатады. Бұл айқындалып келе жатқан талант қырын, интериоризация – экстерриоризация құбылыстарының белсенді шығармашылық өнімділігін көркем бақылау үлгісі болып табылады.

«Психология мен әлеуметтік жағдайдың өзара байланысы қай ретте адамның өз жанымен арпалысының нәтижесінде жүзеге асады. Әлеуметтік жағдай мінезге, харakterге сырттан келіп қозғау салатын секілді» [74, 184 б.].

Кезінде Абайға қастандық жасалған Көшбикедегі Мұхтар толғаныстары да әсерлі өрнектелген. Өткен заман суретін барша

жанды келбетімен көз алдына елестететін Мұхтардың ішкі сөздері төмендегідей:

«Неткен ғана жауыздық пен зұлымдықты туындаған заман еді. Жат жүртқа қарайтын бет қалмаған екен-ау бізде. Тағылық болар мұнымыз. Қайран, Абай аға, сен болмасаң біз Пушкин мен Толстойды білер ме едік. Саған тиғен таяқ мәңгілікке, ұрпақтан ұрпақтың мандаійна қасқой басқан таңба болып қалды-ау?! Сұмдық зұлымдығынан шеккен жазаң – біздің қасіретіміз ғана болар?» [59, 273 б.].

Мұхтардың Абайға қарата айтылған ішкі монологы, бір жағынан – риторикалық сұрау. Себебі сұраулар синтаксистік құрылышымен де, адресаттық бағытымен де жауапты қажетсіндейді. Енді бір жағынан, кейіпкер ойы зарлай арнау үлгісіне ұксас. Мұхтар өзі табан тіреген Көшбикеде бір кезде Абайға қол көтерілгенін ауыр қиналыспен түйсінеді. Сондай-ақ кейіпкер сөзінің идеялық аринасы жеке тұлғаның толғамынан ғөрі топтық үнге жуық болғандықтан, ұрпақ атынан сөйлеу тұрғысын андатады.

Ішкі монолог тұрғысында Д. Досжановтың «Мұхтар жолы» романы кеменгөр жазушы М. Әуезовтің тауқыметі көп шығармашылық енбек жайлы өмір жолының соңғы мезеттеріндегі ой-толғамдарын, философиялық тұжырымдарын қамтиды.

Мұхтардың Абай әнінен туындаған ой-сезім ассоциациясы ішкі толғаныспен бедерленген: «Бәлі, шіркін, сүйіспендей деген өтті-кетті сезім толқыны, құмарлық пен құштарлық емес шығар, жан азабы, дерптазауаты болар. Мына сұлу саз соны ұқтырып азынайды дағы. «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі андып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен қор етіп өткізеді де, таусылған күнде, бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды» деген ақын ақиқатты айтады, сол ақиқатты ұқтыруға барын салады» [40, 13 б.]. Өмірдің мәнін саралауда, ақыл таразысымен салмактағанда кейіпкердің Абай сөздеріне жүргінің моральдық-эстетикалық, философиялық ұстанымдардың үндестігін айғақтайды. Ән әуенінің Әуезов көңіл-күйіне әсері тұлғаның синестезиялық қабылдау қабілетімен қиял аясында бейнелі сурет салады: «Абай ақын жүрек қылын қозғайтын ән қайырмасын аңыратса қайырғанда төскейдегі қызғалдақ қыздар

сабагынан үзілердей боп теңселе тербеледі, ақынның деміне, көзіне арбалады, ынтық ыстық ықылас лебі еседі, арулар жүзінен жалын жүгіреді... тіршіліктің тәттілігі сезіледі...» [40, 13-14 бб.].

Өзіне арналып айтылған құттықтаулардың кейбірін әсіре мадақ, марапат санайтын Әуезов өзге кейіпкерлердің даурықпа сезіне іштей наза білдіреді: «Бәлі, жел сөзден жіп ескенді қашан қояр екенбіз, сендер болған, толған, тойлаған қаламгер деп жылап отырысындар, жазушылық қарызым ел алдында толық өтелмелді деп жылаймын мен» [40, 23 б.]. Иштей өз-өзіне есеп беру парызын сезінетін қаламгер алпыстың асқарынан ғұмыр бойғы атқарылған шығармашылық еңбек жолына шолу жасайды. Мұнда айтарты, жазары әлі де таусылмаған, қеудесін толтыра лықсып жатқан толассыз ой тасқынының кілт үзілерін шарасыз үреймен күткен қаламгердің қаяу мұны жатыр.

«Ішкі монологта көбінесе сейлеуші адам өз өміріне, өзінің ішкі жан дүниесіне терендей еніп, өз психологиясынан хабардар етеді. Жазушы қаһарманың өзімен-өзін сөйлестіру арқылы оның бөгде жанға сездіргісі келмейтін жасырын сырларына дейін окушыны жетектеп, ертіп апарады» [75, 70 б.]. Тұлғаның ішкі сырды сыртқа шығаруға деген психологиялық зәрулігін ескергенде шығармашылық адамына тән ішкі монологтың өзгешелігі анықталады. Көңілдегі көрікті ой – қаламгердің дүниетанымдық көзқарасының тұнбасы: объективті әлемнің субъект ойы елегінен өткен, сөйтіп соны бір әлем бейнесін сомдаған Әуезов пайымдарының маңызы зор.

Д. Досжанов қаламымен сомдалған кеменгер жазушының табиғат қойнауынан өз жанына жақындық табуға бейім зерделері жиі ұшырасады: «Тұптің түбінде өнер шіркіннің өзі табиғат анаға жақындау болар, табиғат тәнірден өзінді-өзің іздеу шығар. Мұз басқан ұлы асқардың қеудесін күнге қаншама төсесе дағы жіпсіп жібімейтіні қалай?.. Жылан бас жасыл шыршаның қысы-жазы өнін бермейтіні топырақ қасиетінен... тегінде биік пен беріктік егіз жаратылған, жер бетінде бұлтқа бой салған тәкаппар биіктер болмаса, майда әнгіме, ұсақ кулықтың соңында кетер ме бәлкім. Уысынды толтырып аузына апарсаң тіс сындыратын қәусарынан мейірің қанғанша сіміріп, этір істі самалың құныға жұтып, қын қияға ұмтылып, сонағір биікті меже тұтып ерінбей еңбек жасап

өткенге жетпейді» [40, 153 б.]. Табиғат пен жан құбылыстары арасындағы ұқсастық тақырыбындағы кейіпкердің ішкі монологы антика ойшылдарының өнер туралы толғамдарымен сарындас. Өнер атаулының туу тарихын жаратылысқа еліктеу деп түсінетін Аристотель, Платон пайымдары Әуезовтің ішкі сөзінде тұлғаның өзін-өзі тану әрекетіне ойысқан. Толғаудың осындай беткі қабабы қаламгерлік қажырлы еңбек туралы түпкі терең ағыстарын – санада жарыса дамитын бірнеше ой арналарының дискурстық өрімін танытады.

Бұйырған тіршілік дәмінің таусылар шағын ішкі бір түйткілен сөзетін шақтарда кеменгер ойына оралар мұн – жазушылық парыз. Тегінде, өмір сұру дегенді жазу деп қабылдайтын күллі қаламгер қауымы үшін сыр сандығын актара түсу, тіршіліктен түйгенін көніл сүзгісінен өткізіп, көркем сөз кестелеу бұл дүниедегі ең қимас дүние: ««Мен кіммін» деді іштей Мұхтар – шағын халықтың аскар таудай арманын, тірі сезін арқалап арып-ашып жүрген кенқолтық қарапайым жазушының бірімін; айтқаным бар секілді, айтпағым одан да көп, ауыз тұшырлық шығарма жазған секілдімін, жазарым одан жуз есе, мың есе мол, атағым, ақшам жетпейді деп жылап жүргенім жоқ, ойға түйгенімді, білгенімді келістіре көркем кестелеп қағазға түсіре алмай кетемін бе торығып жүрген арықпын. Абай айтқан «ойы арықпын»...» [40, 63 б.].

Бір топ әріптерімен делегация құрамында дүниенің төрт бұрышына жасаған саяхаттары Мұхтар жан дүниесінің қылы қалтарыстарын ой-сезім сапарлары негізінде аралатады. Таң шапағы елі Жапонияға жасаған саяхаты кеменгер жазушының іштей тіршілік жайлы философиялық сауалдарға жауап іздейтін рухани-адамзаттық толғаныстарын қамтиды. Әйгілі Фудзияма шыңына шығып, жан сарайымды тазартсам деп аңсары ауатын Әуезов бұл сапарға іштей тұлеу, жан жарасына дауа іздеу сияқты ынта-ықыластармен аттанады.

Төл мәдениетін қаймағын бұзбай қадір тұтып, сақтай білген жергілікті ұлтпен тілсіз ұғысатын эпизодтары кейіпкер ойының сұңғылалығын айшықтайды. Көніл зердесімен өзгелердің ішкі сырын оқып, жан табиғатын зерттеуге бейім жазушы қасиеті оның балықшы картпен үнсіз тілдесуі үлгісінде көрініс тапқан [40, 48 б.]. Енді бірде жапон жазушысы Мурояма Томоясомен кездесуі

жоғарыдағы үнсіз түсінісу психологиялық арақатынасы сияқты көркемдік сипатта суреттелген. Бұл эпизодтық суреттеменің ерекшелігі әлгіндей ішкі ой құпиясын ашу қасиеті екі қаламгерге де тән. Мурояма-сан өз кезегінде қазақ қаламгерінің сырт тұлғасы мен ішкі тұлғалық келбет-мұсінін бүркітке ұқсатады. Қарсы алдындағы әріптесіне ашық түрде мінездеме жасайтын жапон жазушысы Әуезовтің мінез-құлық, темперамент, өмірлік тәжірибе ерекшелігіне де соқпай кетпейді [40, 56-58 бб.]. Көркемдік-композициялық ыңғайда сұхбаттар диалог қатынасын елестеткенмен, идеялық және логикалық тұрғыда оларды Әуезовтің ішкі ойы ретінде саралған абзал. Мұхтар жапон халқының мөлдір достық сезімін, арамдықтан ада тұнық жанарын көріп, ақ-адал пейіліне тәнті болып аттанады.

Қаламгерлік өмір жолының бейнетін әсте естен шығармайтын Мұхтар ойларындағы ішкі идеялық арна сатылап дамиды: «... бәрінен де ой баққан ауыр, өз-өзінің өмір жібінді қолмен өртеген қыын. Жазушы болу – қыынға төзу. Өз биігіңе талмай ұмтылу, ақыр-сонында бес-алты кітап шығарып, жұрт аузында ұзынқұлақ айтылып бітпес сөз қалдырып... дарақтай биік дарыныңың көленкесіне өсіп көк шөптей қаулаган ұрлагына азды-көпті дәulet қалдырып... дос жүргегіне айырып бітпес мұң қалдырып... жақсы жандардың өзінді келер-ау деп күткен көз жанарын талдырып... түк болмағандай... ештеме көрмегендай, білмегендай, сезбегендай, төзбегендай жоқтыққа жұтылу шығар» [40, 152 б.]. Мәтін ырғағынан лиризм лебі байқалады. Мұхтардың жағдаяттық көңіл-күй әуенімен, әсерімен көмкерілген жазушылық ғұмыр жайлы пайымы ой ағынын анғартады. Толғаныстың логикалық түрде даму тізбегі тұтас тіршілік қам-қарекетін сомдайды. Монологтағы ой динамикасының ара-жігі көп нүктелермен ажыратылған. Тізбектеле қолданыс тапқан етістік тұлғалы сөз бірліктері лексика-семантикалық тұрғыда құлдырау үдерісін бейнелейді де, жалпылай ой иесінің өмір мен өлім жайлы экзистенциалистік толғаныстарын қамтиды.

«Қалай болғанда да, ішкі монолог адамның жан әлемін зерттеу мақсатын көздейді» [69, 88 б.]. Психоталдаудың әдеби үлгісінің бір сарасы болып саналатын ішкі сөздің берілу тәсілі авторлық идеяға, қалыптасқан даралық стиль занылыштарына байланысты.

Кей арада кейіпкер толғаныстарын бейнелеуде ішкі монологтан гөрі автор бағамы тиімдірек саналатын жағдайлар да ұшырасады. Қаһарман жан дүниесінің түпкір-түпкірінде көзден таса жатқан сыр-құпияларды паш етуде ондай бейнелеу жолдарының да кемшін соқпайтының көреміз. Жалпы «Ішкі монологтың авторлық түрлері үш жағдайда байқалады, – дейді Г. Пірәлиева, – Кейіпкердің ой-сезімін жеткізетін автор сөзі; тұра автордың өз атынан айтылатын ішкі монолог; кейіпкер рөліне көшкен автор сөзі» [71, 19 б.].

Кейіпкер ой-сезімін бейнелейтін **психологиялық баяндау** түрі шығарманың жалпы құрылымдық-баяндау жүйесімен тығыз бірлестікте жүзеге асырылады. Қаламгер идеясы негізінде саналы түрде жоспарланатын немесе шығармашылық үдерісте көркем ойдың ағымы нәтижесінде бедер табатын ондай психологиялық баяндау үлгісі автор мен кейіпкер сөздерінің ортақ позициясынан беріледі. Әдетте бұл ұғым қос үнді сөз не ортақ төл сөз деп аталады. Басқаша айтқанда: «Контаминация – автор мен кейіпкер дауыстарының ортақ төл сөз түрінде бірігу» [54, с. 74].

«Бәлі, шіркін! Сағатына үніліп дегбірі таусылғанда жиналысы құрғыр өтпей қалады еken, бұған қаратып айттылар мадақ, марапат сөз азық өтеді еken деп тегі қиналмайды... Мынау Күләшті жұтқан зағип уақыттың мұны да жар жағаға тықсыра ығыстырып, уыстағы құмдай тез-ақ сусып қадірі артып бара жатқанын, тандайдағы дәмі кермектене түскенін ішкі бір сұық үреймен сезгендей ме; көріпкел емес, сәуегейлігі жоқ, әйтсе де құдіреті құшті табиғат шіркін әлдеқайдан құлағына сыйырлап аян бергендей бола ма-ау; кешегі өмірдің алыс-жұлдысында ашыласқан дос-жаранмен қайта табысыңыз, татуласып үлгеріңіз... кісіге, тірлікке қарыз қалдыра көрменіз... адамдардың жан әлеміне көбірек шам жағуға тырысыңыз... алтықпаңыз... деген пәтуаны санасына сініргендей сезіле ме-ау. Дегбірін ала түскендей ме тегі. Енді көп те емес, аз да емес, үш жарым жылға жетер-жетпес дәм-тұзы, ырзығы қалғанын жобалап болса да аргы бір анғарымен болжағандай ма» [40, Б.5-7].

Жоғарыда Д. Досжанов романынан келтірілген үзіндіні **автордың кейіпкер рөліндегі толғауы** деп қарастыруға негіз бар. Біріншіден, кейіпкердің ішкі ойын беретін мәтін белгілі бір мөлшерде стильдік тезден өткен. Қаламгер графикалық тұрғыда монологты тұтас шығарма мәтінінен бөліп-жара қоймаса да, ой үзігі

өзінің стилистикалық, логикалық өрнегімен бөлектеніп тұрады. Екіншіден, ойдың пунктуация арқылы бедерленген экспрессивтік лебінен айтушының етене субъективті көзқарасын барлауға болады. Осылайша, автордың кейіпкер тарабына проекциялануы құбылысы жарқын көрініс тапқан. Ал үзінді соңындағы реалды шындықпен астасып жатқан дерек («ұш жарым жылға жетер-жетпес дәм-тұзы, ырзығы қалғанын жобалап болса да арғы бір аңғарымен болжағандай ма») автордың өз рөліне қайтып орылуын білдіреді.

Шығарма мәтініндегі баяндаудың әлеуетті позициясы авторға тиесілі екені белгілі. Бейненің ішкі аясындағы рухани құбылыстардың түп-тамырын сыртқы қоғамдық-әлеуметтік, философиялық-мәдени факторлармен тамырластықта қопара зерделеуде, себеп-салдарлық түрғыда психоталдау жүргізуде тиімді жол авторлық психологиялық баяндау болып табылады. Өзі сомдайтын қаһарманның рухани әлемін барынша шынайы өрнектейтін автор ой-толғамы – көркем әлемдегі ақықат бейнесі. «...Жазушы өзіне тиісті бесаспаптық қасиетіне сай, кейіпкердің түйік сездері мен ашық сездерінен қалған бос кеңістіктерді өмір шындығына лайық нанымды штрихтармен толықтырып, органикалық тұтастық тудырады» [69, 6 б.].

Қаһарманның рухани, творчестволық өсус сатыларын баяндайтын «Абайдан сон» романында жас Мұхтардың ой-толғаныстары көп жағдайда авторлық психологиялық баяндау арқылы жүзеге асады. Бейненің тікелей өзіне тиесілі ішкі ойларының композициялық шекаралары емле жүзінде айқындалғанмен, репликалық, фразалық сипатта автор баяндауының құрамына еніп кеткен.

Жалғыздықты тілеу, өзімен-өзі болуға құмарту интенциялары шығармашылық қажеттілікten туады. К. Оразалин Мұхтардың өз бетімен ойға шоматын оңашалану сәттері көбіне табиғат аясында суреттейді. Дүйсен қарт бастаған бір топ азamatтардың Абай ізі қалған жерлерді аралауға, сөйтіп ақынды еске алуға шығатын сапар романның көлемді бір эпизодын құрайды. Жас Мұхтар Абай ізбасарларынан бұрын өзі естімеген тың әңгімелерді тыңдай жүріп, түрлі ойларға шомады. Бірі ақын аға бастан кешкен ұлы сезімдерге бөлесе, енді бірі кеменгердің ой соқпағына ілесе, оны іждағаттылықпен зерделеуге жетелейді. Сондай сәттердің бірі:

«Кең байтық тұған жердің бір тамшысындай ғана көз алдында жатқан қоныстардан қаншалықты өнер саңлақтары бой көтерген. Абай соның бәрінің алып діңгегі болып биіктейді де сағым жортып үнсіз жатқан дала келер иесін күтіп тұрганға ұқсайды. Осы бір сэтте мазасызданған Мұхтар өз ойына өзі есеп бергісі келгендей:

«Оның да кісісі оянбай қалмас», – деп әлдекімдермен тілдескен сияқтанады» [59, 220 б.].

Әуелі автордың, кейін кейіпкердің сөзімен берілген ішкі ой Мұхтардың өз-өзімен сырласуын аңғартады. Ішкі монологтың айқын үлгісімен тырнақша арқылы ажыратылған соңғы фраза айтушының кәміл сенім эмоциясын арқау еткен. Алайда сөз болып отырған Абайдың рухани ізбасары субъектінің дәл өзі екендігі тек астарлы мәнде ғана аян.

Мұхтар Шыңғыстың бел-белестерін шарлай жүріп, кейіпкер географиялық мекенмен байланысты ежелгі азыз-әңгімелерді еске алады (Асан қайғының Шыңғыс жеріне айтан сыны). Ой дамуының логикалық арнасымен болашақ туындылардың қаһармандары туралы (Абай; Нысан абыз, Еңлік, Кебек, т.б.) автор баяндаулары кейіпкер толғамдары ретінде ұсынылған:

«Өзімен-өзі сырласқысы келген бүгінгі осы сәтке қазіргі оңаша жүрісі де дәл кездескендей болып тұр. ...Қазір ойлап караса, Абай үйінде кездескен сол адамдардың өздерінен Мұхтар көпті үйреніп қалған сияқты. Алуан түрлі адам бейнелері ғана емес, олардың әрбір сөздерінің өзінен қыруар қырсықты жинап жүрген жат көріністер де бой көрсетпей қоймайды.

Абай үйіндегі әңгіме Абай атына да байланысты болуы керек және үлкендер жағы жастардың жалпы өрісін байқағысы келеді-ау деген болжам жасаған-ды» [59, Б.112-113]. Үзіндінің алғашқы бөлігі Мұхтардың шығармашылық психологиясына бойлап, тұлға танымындағы нақты әлем (реалды өмірлік орта) мен көркем әлем (көркем кейіпкерлер ортасы) шекараларын зерделейді. Болашақта сомдалатын қаһармандарының жанды бейнесін елестету – ой-киял аумағында жүзеге асып жатқан шығармашылық үдерістің көрінісі. Мысалдың келесі үзігі (авторлық төлеу сөзбен жеткізілген кейіпкердің ішкі сөзі) идеялық ынғайда тұлғаның қоғамдық-мәдени ұстанымын жария етеді. Ғұмырбаяндық түптұлғаның абайтану саласында атқарған ғылыми еңбектерінің бастамасы осылайша

көркемдік шешім тапқан. Баяндау тікелей автор атынан жүргізіліп, сырттай бақылаушы санатындағы көзқарас бағыты бейненің ішкі кеңістігіне ұмтылған.

Келесі үзіндіде де кейіпкер жан әлеміндегі психологиялық күй автор баяндауымен берілген:

«Бақтыбайдан естігендері Мұхтарға соншама қатты әсер етті. Орыс романдарын көп оқытын ол жаңа бір кәтап оқиғасымен таныс болғандай көз алдына көп дүниелер елестеп кетті. Бірде Дон-Кихот, бірде Дубровский, енді бірде «Дворян ұясындағы» оқиғалар қабаттасты... Бірақ Бақтыбайдың істері Мұхтарға мәлім кейіпкерлердің бірде біріне ұқсамайды. Ол қазір кітап беттерінен емес, көз алдында отырған адамның өз басынан кешірген ғажайып оқиғаларының күәсі болып отыр. Әрбір жазушының естіп, көрген оқиғаларына ғана емес, өз киялына да сүйсінетінін білетін Мұхтар Бақтыбайдың басынан кешкендері ешбір жамау-жасқаусыз-ақ қағаз бетіне түсе кететін сияқты. Қазір өзінің қарсысында отырған тек Бақтыбай ғана емес, үлкен бір шығарманың басты қаһарманы еді. Бұл оқиғаны жаза бастаса ешбір қызындықсыз қағаз бетіне түсердей тізбектелген көріністер, Бақтыбайдан естігендері, Жұмаштың қараңғы түнде шырқыраған даусы құлагына келгендей болды. ...Мұхтардың өзіне бұрын беймәлім бір күшті сезім бойын билеп кетті» [59, Б.242-243].

Әйгілі «Қараш-Қараш оқиғасындағы» басты кейіпкердің түптүлғасы ретінде пайымдалатын Бақтыбайды алғаш кездестіріп, хикаясына қанық болған Мұхтардың творчестволық шабыт кернеуін айрықша сезінуі ішкі ой түрінде берілсе де болатын еді. Алайда өмір құбылышын көркемдік кейіпте қабылдай білетін талант қасиетін жазушы өз тарарапынан сипаттауды жөн санаған. Психологиялық-шығармашылық шабыт күйінің көркем уақыт бойында қаншага созылғаны белгісіз. Қым-қиғаш оқиғаларды басынан өткерген Бақтыбайдың оқшаша тұлғасын Мұхтар өзіне мәлім көркем бейнелермен іштей салыстыра бастауы, сюжеттік фрагменттерді көз алдынан өткізуі болашақ туындының алғашқы штрихтары болып көрініс тапқан.

Анасы Нұржамал мен аға-жөнгесі Қасымбек-Ғалиялар бірінен соң бірі дүниеден өткен қасіретті шақ Мұхтардың есею, азамат ретінде жетілу кезеңімен қатар келді. Басқа түскен қайғы романтик

жас жігітті еріксіз есейтті. Әрі бұл оның өмірбаянында аяулысы Кәмештен айрылуымен жүрекке жара салған уақыт болды. Қат-қабат трагедиялардан көнілі жабыққан Мұхтардың қағаз бен қаламнан көніліне медеу, санасына тіреу іздеуі – табиғи арнамен өрбитін құбылыс.

«Басы ауган жаққа кете алмаған өзінің ойына қат-қабат сапырылысқан көріністер елестеді. Олар өзін жазуға жетектегендей үйме-жүйме төгілген ойлар Кәмештің айналасында өрбіп кетті. Қайdan пайда болғандары мәлімсіз Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамырлар да жетіп үлгерген сияқтанды. Ромео – Джульєтта мен Евгений Онегиндер де көрініstedі.

Ойына оралғандарды қағазға түсірсе ғана тыныс алатындағы сезінген ол қағаз-қарындашын ала сап, жазу столына келді. ...Енді столға отырып, жазуға келгенде әлгі сапырылысып, бірін-бірі кимелеген ойлар жым-жылас боп жоғалып бір өзінен басқа маңында ешкімнің қалмағанын көрді...» [60, 389 б.].

Әлем әдебиеті үлгілерінен өзі оқыған туындылар мен кейін естіп жүрген халық ішіндегі тарихи хикаялардан тағдыр ұқсастығын, трагедиялық жағдайдың түпкі себебін саралаған Мұхтар сүйіктісі Кәмешті де осы қатардан көреді. Осылайша, көне замандарда еткен трагедияның өз басында орнауы кейіпкерді шығармашылық әлеміне бастайды. Автор баяндауда көркем бейнелердің кейіпкер қиялына араласуы бейсаналы ой қорыту – интуицияның белсенділігі сапасында пайымдалған.

«Мұхтар жолындағы» ұлы жазушының алпысжылдық мерейтойының салтанатты жиыны кезіндегі Әуезов ойлары автор атынан жарыққа шыққан. Қолемді келетін бұл авторлық баяндау формасы кейіпкердің өнер, шығармашылық еңбек жайлы толғаныстарын арқау еткен. «...Жазушының дерті – жазу; сөзі таусылған, қаламынан айрылған қаламгер қасиеті қалмаған, жүзі майырылған, қалың ұйықтап, ас ішіп, аяқ босатудан артылмаған көптің бірі... Пендершілік ой, нәпсі жеңсігінен бір пәс биік жүргеннің өзі ғанибет шаруа ғой. Өмір мәні – өмір сұру ғана емес, оны сүйе білу де шығар» [40, 9 б.]. Кейіпкердің ішкі ойын мінбеден шаршы топ алдында еш мұдірмestен ары қарай өрістетіп әкетуі толғаныстың шынайылығымен қоса, оны еш өндеусіз, сұрыптаусыз ортаға салуымен ерекшеленеді. Әдеби-

эстетикалық, сынни-теориялық пайымдардың сырттай екшелмей-ақ жариялануы, ішкі терең ой тебіреністерінің ашық сөз түрінде жіксіз жалғасуы сөйлеушінің кез келген сәтте ағынан жарылуға дайын ақ-адалдығын танытады. Әрі оның ой-пікірлері ез алдындаған емес, қауым алдында да тұнық, мөлдір, ол өз сезінен ешқашан бас тартпақ емес.

Тағдыр несібесіне тиесілі жүрек тынысының құн санап кеміп, актық мәреге қадам басып бара жатқанын кейіпкер психологиялық түйсікпен пайымдайды: «Әр мезетін алтынға бағалаған қимас уақыттың уысынан тез-ақ сусып, қадірі артып бара жатқанын Әуезов іштей бір сұық үреймен сезіне түскендей еді» [40, 35 б.]. Жасы ұлғая түскен сайын объективті уақыттың бейне бір жұлдыз жанының тіршілік көкжигінен ылдилай ақкан қозғалысындай тым жылдам, асығыс көшіне назалану бар.

«Үй іші бөгде кісіден босап, өз ойымен езі серіктесіп жападан-жалғыз қалғанда жан әлемін айтып болмас сіре мұң басатын әдеті. Бұл жалғыздық мұнынан құтқаратын бір-ақ амал – өліп-өшкен жазу тауқыметіған. Тап қазір отыра қалып жазуға да қолы бармайды. Түннемесіне көз ілмей үстелге шегеленіп үздіксіз жұмыс істеген кезде ғой бас қазаны айрықша қызып, шеке тамыры лып-лып соғып, денесінде жүйке дірілі пайда болады, көз алдына көркем сурет, тірі сез қалқып шығады. Уақыт шіркін ызыым-ғайып ұмыт болады, прозаның ішкі ыргақ, үйқасымы да кәүсәр көзіндегі құйылып келіп жатады. Шығарманың ыстық лебі барша болмысын баурап алады. Осы мезет Достоевскийдің кейіпкері секілді «спаси меня от меня самого» деп ышқынған жан дауысы бір-ақ шығардай ғой» [40, Б.35-36]. Шығармашылық үдерістің оңашалықты қалайтынын тілге тиек ететін автор баяндауы кейіпкердің сондай шактағы әдепкі мінез, үйреншікті әдет аясын сипаттайды. Прозаик қаламгердің сөзбен көркем сурет кестелеу өнерінің өзіндік психологиясына бойлау талабы бар. Бар ықылас-пейілімен көркем әлемге бой ұратын жазушының мұндай кезде объективті уақытты сезінуі бөлек. Әуезовтің жазу машығын пайымдауда автор өз шығармашылық тәжірибесіне сүйенуі де әбден мүмкін. Асылы, ой-қиял көрігінде пісіп-жетіліп, қызған шағындағы идеяны қағаз бетінде бедерлеудің жазушыға сыйлар ерекше бір эстетикалық ләzzат сезімі баршаға ортақ жайт. Шын мәнінде, творчестолық

азап пен ләззат сезімнің қатар жүретін күйлері. Д. Досжановтың осындай психологиялық баяндаулары тұтаса келе, жазушылық тауқыметі тақырыбын жан-жақты қарастырады.

3. Қабдоловтың «Мениң Әуезовім» романында кейіпкердің ішкі толғаныстарын бейнелеу тәсілі **автор-қаһарманның интуитивтік болжамы** түрінде жүзеге асатындығымен ерекшеленеді.

«Бұл кісіде бір оқшау мінез бар секілді. Университеттен шыққалы өкшелеп еріп қасында келе жатып мен соны аңғардым. Ол – осы кісінің жиі-жиі өзімен өзі боп, өз ішіне өзі үніліп, өз ойына өзі шырмалып қала беретіні. Сөйлеп келе жатып та өзімен өзі боп кетеді. Бір нәрсені сұрайды, бұл сәтте әрі кетпей, бері келіп, кәдімгідей ынталана шүқшиып сұрайды. Бірақ сұрағына жауап алған бойда тағы да соны өзінше пайымдап, тағы да оғаш қалады, іштей оқшауланады. Қызық» [48, 33 б.].

Автор-қаһарман көзқарасымен бақылау нәтижесінде суретtelген Әуезов бейнесі мұнда характерологиялық қырымен мүсінделген. Ойшыл Әуезовтің көп ішінде де оқшау қалып, өз ойымен оңашалануды әдет қылғаны мәлім болады. Үлкен жазушымен алғаш жақын танысқан шәкірт жігіттің біршама бұйығы тартқан, жасқаншақтау позициясы бақылау объектісі мен субъект арасындағы психологиялық арақашықтықты (дистанцияны) андатады.

Сөздің аргы аңғарымен өзінің тұлға ретінде қалыптасу жолындағы ғұламаның рухани әсер-ықпалын астарлайтын жолдар автор-қаһарманның шәкірттік шақтан әлдеқайда кейінгі ой-өрісін аңғартады: «Ойшылдың қасында тұрсан, ойсыз тұра алмайсын. Мұхаңның ойға шомған маңғаз, мағыналы келбетіне қарап мен де ойландым: Гюстав Флобердің «Бовари – мен» деуі, Лев Толстойдың «Наташа Ростова – өзім» дейтіні тегін емес. «Абайдағы» тасқа қашалғандай таңғажайып қаһармандардың бәрі өзі ғой осы кісінің. Абайды айтсаңшы, бәрінен бұрын, Абайды...»

Солай! Абай – Әуезов! Енді екінші кітапта қай қырынан көрінер еken? Соны ойлап тұр-ау мына кісі! Соны ойлап тұр әрине, өзі Абайға айналып, соны ойлап тұр. Ендеше, Әуезов қана емес, Абай ғой бұл кісі. Не ойлап тұр еken? Әрине, арманын, аяулы ардағын, ағарып атқан алғашқы махабbat таңын, ару Тоғжанын ойлап тұр... Шіркін, Тоғжан... Шолпысы баяу сылдырлап, сылдырымен Абайға

құпия сырын тұншыға былдырлап... қайда жүр қайран Тоғжан?
Соны ойлап тұрған-ды Абай – Әуезов!..» [48, Б.36-37].

Шығармашылық шеберхана сыр-құпияларын әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен дәйектейтін автор-қаһарманның ой бағыты Әуезов пен ақын Абай бейнесі арасындағы жан туыстығын, үндестікті ашуға ұмтылыспен сабактас. Ішкі толғаныстың экспрессивтік реңкі, өзі ашқан жаңалығына таңдану, тамсану эмоциялары санадағы ой ағынын бейнелейді. Әуезовтің шығармашылық қиял әлеміндегі ой көшін ұғуға айрықша ынта білдіретін қаһарман – З. Қабдолов өз болжамдарының шуббесіздігіне сенгісі келеді. Ойын нақтылай тұсу арқылы өзін-өзі иландыруға тырысады («Соны ойлап тұр-ау мына кісі! Соны ойлап тұр әрине, өзі Абайға айналып, соны ойлап тұр»). Сондай-ақ, үзіндіден байқалатын тағы ерекшелік ретінде автор-қаһарман – Әуезов – Абай ойларының күрделі проекция түрінде қабысып келуін атауға болады.

Бірінші жақтан баяндау стилінде қаһарманның жан сарайына үңілу композициялық тұрғыда қынға согатыны белгілі. З. Қабдолов бұл мәселенің шешімін өзінше жүзеге асырган. Шығармашылық үдеріске эстетикалық көзқарас негізінде **эмпатия** ұфымы қалыптасқан. «Эмпатия – өзге адамның психологиялық күйін түсіну, сезіміне ортақтастық білдіру» [12, с. 329]. Тұлғаның өзге адам басындағы жағдайды өзіне телуі, яғни өзгенің бейнесіне енүі бөгде көзқарас тарабының субъектіге немесе керісінше ауысуы арқылы жүзеге асатын проекция нәтижесі болып табылады:

«Әуезов ойда. Терен ойда. Мен де ойда отырмын.

Әуезов не ойлайды? Мен не ойлап отырмын?

Асылы, Екеуіміз бір ойдың екі ұшын ұстап отырған шығармызы-
ау, сірә...

Мынадай да бар: адам адамды түсіну үшін, өзін сол өзі түсінгісі келген адамның орнына қоюы керек. Әлірек айтқанда, адам сол өзі түсінгісі келген адамға айналуы керек. Метаморфоза!..

Тұбегейлі түлеу!» [48, 117 б.].

Осылайша, роман-эссенің жанрлық, баяндау ерекшеліктеріне орай өзінің көркем бейнелеу мүмкіншілігі аясын кеңіте тұсу мақсатында автор-қаһарман кейіпкерлер толғанысының параллелизмі іспетті қолайлы тұрғыны таңдайды. Туындыдағы

Әуезовтің қаламгердің қызметін талқылау эпизодындағы авторлық баяндаулар толығымен Зейнолла – Әуезов ойларының егіз өрімін қамтиды (М. Әуезов өмір жолының бел-белестері талқы эпизодындаң түрлі кезендерімен кезектесе, сыртқы әрекеттік ая мен ішкі ой-сезім қозғалысы оппозициясын құрады: 4-тарау) [48, Б.108-156].

Жоғарыда айтып өткендей, субъект әрекеттерінің ішке бағытталған моделі эстетикада төрт түрлі мотивацияны қамтиды: өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қалыптастыру, өзімен-өзі қарым-қатынас жасау [7, с. 115]. Қаламгер бейнесінің осы сипаттағы интраверттік қырын жан-жақты суреттеуде романдардағы ішкі ой (сөз) түрлерінің көркемдік деңгейі айқындалады.

Көркем сөз өнері, ең алдымен, шығармашылық адамының өзін тануға бағытталған философиялық, рухани-эстетикалық ізденистерін арқау ететіні белгілі. К. Оразалин қаламымен сомдалған жас Мұхтар бойында оянып келе жатқан талант табиғаты кейіпкердің өз позициясынан да барланады. Тағдырлық, қоғамдық құбылыстардың түрткісімен біртіндеп сөз өнеріне бет бұратын Мұхтар психологиясындағы алғашқы шығармашылық қабілет нышандары оның өзіне де танғаларлық жайт. Д. Досжанов романындағы Әуезовтің өнер мен тағдыр, жазу еңбегінің бейнеті мен зейнеті жайлы толғаныстары кейіпкердің өз өмірлік тәжірибесін саралауы күйінде көрініс тапқан. Әуезовтің өз көніл айнасына үңіліп, шығармашылық келбетін зерделейтін ішкі монологтары – өзін тану жолындағы толғамдар.

Бейненің өзін тану әрекеттері ішкі монологтарда психоталдау арқылы да іске асырылған. Осы ретте тұлғаның өзін тану және бағалау әрекеттері ұштасып жатыр. «Абайдан сондағы» жас талант Мұхтардың оңаша толғаныстары жеке басының іс-әрекеттерін азаматтық-моральдық тұрғыда таразылауға құрылса, «Мұхтар жолындағы» кеменгер Әуезов те өз творчествоына рухани-адамгершілік мәселелердің шешілісі орайында сынни-философиялық пайымдарын іштей қорытуға негізделген.

Жеке тұлғаның өзін-өзі қалыптастыру жолындағы рухани әрекеттері творчествоың әдеби, эстетикалық талаптарын қалтқысыз ескеруден басталады. Өнер дамуының табиғи зандылықтарына тәуелді жеке шығармашылық эволюциясына

сәйкес К. Оразалин қаһарманы өзінің тұңғыш көркем туындыларын жазбас бұрын іштей ой өзегін жетілдірумен айналысады. Абай ұстанған идеялық бағдарды жан-жақты зерделеп барып қолына қалам алады.

«Адамды биқтететін де, аласартатын да – ой-сезім, – дейді Б. Майтанов, – Монолог – осы шындықтың тек қана жазу өнеріне тән көрінісі. Сондықтан ол біз қаласақ та, қаламасақ та, бізben бірге, бізді бақылаушы ретінде өмір сүреді және біздің зияткерлік, психологиялық тіршілігіміздің аса мәнді мезеттерін мәтін сахнасына сүйреп алып шығады» [69, 106 б.]. Сырт назардан аулақ, түпкі көніл қоржынында қаттаулы хаттай сақталатын адам сырларын баяндаудың көркем әдебиеттегі маңызы көркем бейненің рухани өзіндік болмысын ашумен тамырлас. Бейнелі түрде тыйым салынған жеміске қол созғандай көрінетін адамның жан түкпіріне қол сұғудың, бүркеуі жатқан ой-сезімдеріне зер салудың да өзіндік эстетикалық мұрат-мақсаттарды көздейтін көркемдік құбылыс екені анық. Ал талант бейнесін сомдауда ішкі толғаныстарды бақылаудың мән-маңызы шығармашылық психологиядағы ой еңбегін барынша шынайы, толымды әрі әсерлі жеткізуедегі жеке қаламгерлік ізденістерден бастау алады.

М. Әуезовтің шығармашылық тұлғасын мұсіндеу барысында авторлар ішкі ойды бейнелеудің түрлі амал-тәсілдерін көркем игерген. Теориялық тұрғыда ішкі монолог талаптарына жауап беретін толғай формалары К. Оразалинде, Д. Досжановта ішінара ұшырасады. Романдардағы оқиғалық динамиканың баяу ырағына сәйкес кейіпкер монологтары да көлемді, алыстан орағытатын баяндау лебіне сабырлылық тән. Тікелей кейіпкер позициясынан жеткізілетін ішкі сөздердің кейбірі нақты төл сөз тұлғасында көркем мәтін құрылымында даралана назарға ілігеді. Көзқарастар аражігін ажырататын мұндай монологтар, бір жағынан, автордың өзін бейтараптауы болса, екіншіден, кейіпкер толғамының субъективтілік сипатына екпін түсіру талабымен ұштас.

Қаһарман ой-сезімдерін өрнектеуде шығармаларда авторлық психологиялық баяндаудың негізгі рөл атқарғанын байқаймыз. Жалпы автордың қатысымен өрнектелген кейіпкердің ішкі сөздері әртүрлі ыңғайда. Қаһарман ойын пунктуациялық-графикалық тұрғыда рәсімдеуге дең қоймай, идеялық арнада

авторлық толғаммен қосарланып, үндесіп кететін тұстары жиі кездеседі. Жақтық қатынаста жазушының кейіпкер атынан сөйлеуін (ойлаудын) білдіретін монологтық үлгілердің бір сарасы Д. Досжанов романында қос үнді сөзбен бейнеленген. Жалпы Д. Досжанов психологиязмінің басты ерекшелігі – ішкі ойларды лирикаландыру тенденцияларымен, автор мен қаһарманның жуық, кей арада ортақ тарапта бейнеленген ішкі драматизм.

Әуезовтің түрлі ситуациялардағы сыртқы құбылыстарға беретін комментарийлері түптүлғаға тән стильдік тезден өткен. Қаламгер баяндауына негізделген ондай ой оралымдары төлеу сөз қалыбымен ұсынылған. Мұны басқаша кейіпкер рөліне көшкен автор сезі деп атауға болады. Қос үнді сөздер ортақ көзқарас нүктесінен кейіпкердің ішкі ой-сезім үдерісін барлауға ден қояды.

Авторлық психологиялық баяндаудың кеңінен өріс алып, шығарманың құрылымдық-композициялық жүйесінде басты көркемдік ұстанымға айналғанын К. Оразалиннен көреміз. Талант табиғатының біртіндеп айқындалуын кисын заңдылықтарына орайластырып, сюжетпен желілес суреттейтін «Абайдан соң» романы жас Мұхтардың шығармашылық психологиясына автор зердесімен бақылайды. Қаһарманның рухани әлеміндегі ой тебіреністері мен сезім толқындарын бажайлауда аналитикалық бағдардағы авторлық психологиялық баяндаудың өнімділігі сезсіз.

Ал «Мениң Әуезовімдегі» автор-қаһарман З. Қабдоловтың Әуезов ой тұңғығына бойлау әрекеті өзгеше сипатта көрініс тапқан. Шығарманың жанрлық-баяндау ерекшелігінен туындастын шектеулер кейіпкердің ішкі ойын бейнелеуде бірқатар қызындықтар туғызған. Осыған байланысты, бейненің жан әлеміне үңілудің тосын формасы – эмпатия құбылысы көркем қолданыс тапқан. Психологиялық проекция жүзінде өзін Әуезовтің орнына қою арқылы оның ой-сезімдерін шолудың эксперименталды ізденістерінде интуитивтік зерде ерекше рөл атқарған.



ІІІ БӨЛІМ



КӨРКЕМ ТУЫНДЫАҒЫ АВТОБИОГРАФИЗМ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЗМ

**Қазіргі әдебиеттанудағы автор
және қаһарман мәселесі**

Автор көркем әдеби үдерістегі қозғаушы күш иесі – субъект болғандықтан, оның өз қаламынан шықкан туындысының қабылдану үдерісі кезінде қалыптасатын автор-кейіпкер-оқырман тізбекті байланысында атқаратын рөлі айрықша.

“Көркем шығармадағы басты нәрсе – автордың жан дүниесі” дейді Л. Толстой [76, с. 447]. Бүкіл шығарманы авторлық идеяның ірлі-ұсақты компоненттер композициясы мен архитектоникасы деп қабылдайтын болсақ, Л. Толстойдың әлгіндей тұжырымына күмән келтіре алмайтынымыз анық.

Біздің зерттеуімізде автор мәселесі оның көркем туындыда түрлі деңгейде көрініс беретін шығармашылық тұлғасын ашу мақсатында нысанға алынады. Қаламгердің көркем шығармада өз реалды тұлғасын саналы түрде мүсіндеуі сирек құбылыс болғанмен, шығармашылық үдеріс барысында автор тұлғасы психологиялық штрихтар, философиялық-дүниетанымдық пайымдаулар, тіпті сюжеттік-композициялық бөлшектер түрінде бейсаналы ой ағымымен нарратив жүйесінде елес береді. «Шығармашылық әрекетті жүзеге асыру барысында

жазушы тұлғасы туындыдағы автор бейнесі ретінде көрініс табады. Біз оны «шығармашылық тұлға» деп атайдыз. Ол шығармашылық әрекеттен тыс өмір сүре алмайды» [77, с. 64], – дейді Е. Басин.

Қазіргі әдебиеттануда автор мәселесінің өзекті сипатқа ие болуы, алдымен, өнер туындыларындағы реалистік дәстүрден модерн, постмодерн арналарына көшудегі көркемдік ізденістерді бақылау, қазіргі ақпараттық дәуірде өмірдің түрлі аяларының әдебиетке әсерін айқындау, классикалық әдебиет мұрасын әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жетістіктері тұрғысынан жаңаша пайымдау мақсатымен сабактас.

Автор және автор бейнесі ұғымдары арасында елеулі айырмашылық бар. Автор шығарманы дүниеге әкелуші ретінде көркем мәтінге тікелей қатысы бар болғанымен де, оның мәтінішілік аясына енбейді. Құрылымдық тұрғыда шығарма тұтастық түрінде ғана автор ұғымымен сабактасады. Бұл туралы: “Болжамды түрде өз туындысымен “әлдене” айтқысы келген жазушының шынайы өмірбаяндық тұлғасы көркем шындық құрамына енбейді”, – дейді В. Тюпа, – «Мәтіннің еш сөзі жеке тұрғанда авторға телінбеуі тиіс. Мәтін шенберінде айтылған барлық сөздер кейіпкер, баяндаушы не лирикалық қаһарман сөзі болып табылады... Мәтін оған (авторға – А.К.) тек тұтас күйінде ғана тиесілі» [3, с. 54].

Ал көркем шығарманың оқылуы үдерісінде пайымдалатын автор бейнесі ұғымы мәтіндегі жақтық баяндау формалары, баяндаушы мен кейіпкер көзқарастарының тоғысы, дүниеқабылдаудың тілдік, сенсорлық, перцептуалды сияқты психологиялық қырлары арқылы көрініс табады.

Нақты поэтикалық мәндегі автор бейнесі ұғымы туралы жеке байладардан ғылыми көзқарастардың үндестігі аңғарылады. Жалпы филолог ғалымдардың баршасы дерлік аталған категорияны зерттеу барысында көркем сөз стилистикасы тарихының көш басында тұратын В. Виноградов еңбектеріне сүйенеді. «Автор бейнесі – бұл барша стильдік құралдарды біртұтас сөздік-көркем жүйеге біріктіретін негіз» [78, с. 92], – дейтін ол туындыдағы әдеби-көркем баяндауды жүзеге

асыруышы автор ретіндегі қаламгер мәртебесіне көбірек мән береді.

Автор мәселесін көркем мәтінді тудыруышы әлеуетті тұлға сапасында тұжырымдайтын М. Бахтин ойлары да осыған саяды. «Автор – аяқталған бүтіннің, тұтас қаһарман мен тұтас туындының тығыз да белсенді бірлігі» [79, с. 16], – дейтін ол автордың көркем мәтінге «енуінің» туындыдағы эстетикалық тұрақтылық жүйесіне ақау келтіретін теріс әсерін алға тартады.

В. Виноградовтың лингвистикалық талдау нысанына алатын автор ұғымымен идеялық арнада келесі көзқарас та мәндес келеді. Көркем шығарма авторының бейнесін жеке қаламгерлік творчество негізінде біртінде қалыптасатын ұғым деп түсінетін, сөйтіп тұтас күйінде ғана пайымдайтын М. Андроникова: «Автор бейнесі қаламгер, суреткер шығармашылығының негізгі сипаттарынан сомдалады. Кей кезде ол өзінің көркемдік тұрғыда трансформацияланған, көркем игерілген өміrbаянын да бейнелейді» [25, с. 15], – деп, ғұмырнамалық емес туындылардағы өміrbаяндық бейне мен автор бейнесінің тығыз байланысын тілге тиек етеді. Негізінен өнер жүйесінің түрлі салаларындағы көркем бейненің сомдалу ерекшеліктерін саралайтын ғалымның сөз өнеріндегі автор бейнесі туралы түсінігіне жалпылық тән.

Автор бейнесінің көркем әдебиеттегі эстетикалық қатыстылық қызметін анықтау үшін сөз зергерінің тілдік ойлау ерекшелігіне тыңғылықты талдау жүргізу ұмтылыстары Е. Падерина толғамдарынан байқалады [80].

“Көркем туындыда автор өмірінің тарихи ерекшеліктері, ғұмырнамасының өзгешеліктері, мінез-құлық стилі, дүниетанымы көрініс табуы мүмкін және солай болуы тиіс” [78, с. 35], – дейді В. Виноградов. Бұл қаламгердің әр туындысы оның өміріне тікелей қатысы бар эпизодтарды (оқиға, мінез-машық, т.б.) қамтиды деген ойды қуаттай түседі және ол – табиғи тұрғыда занды құбылыс. Дегенмен қоғам – ұлт – адамзат тарихында болып жатқан толассыз өзгерістер тізбегін мейлінше объективті таным таразысына салып, субъективті ой-сезім сүзгісінен өткізу арқылы дүниеге келген көркемдік

шындық пен шынайы өмір арасында әлдеқандай алшақтық бар. Көркем шығармаға қойылатын ең бірінші алғышарт бойынша бұл алшақтық “көркемдік” (“художественность”) категориясымен түсіндіріледі. Белгілі бір қаламгердің куллі шығармашылығы ғұмырнамалық негізге сүйенеді деуден аулақпыш. Алайда көркем ойдың дамуы барысында, жазушы қауым тарапынан жасалған көркемдік-эстетикалық ізденістер нәтижесінде пайда болатын ерекше жанраалық синтездер мәтінішілік автор тұлғасына деген оқшau көзқарасты қалыптастыруды. «Ғұмырнамалық не өзге өмірлік тәжірибелі жиі қолдануға талпыныс білдіретін XX ғасыр жазушысы оларды деректі жанр үшін де емес, көркем туындылардың дереккөзі не түпбейнесі сапасында да емес, көркемдік құрылымның тікелей материалы ретінде пайдаланады» [26, с. 9], – дейтін Л. Гинзбург пікірі шығарма мәтініндегі биографиялық дерекке көзқарасты айқындағы түседі. Фалым шығарма мәтіні шенберінде ондай өмірлік материалдардың көркем материал сапасына көшетініне баса назар аударады. Ал туындыдағы автор шығармашылық бейнесінің көрініс беруін бұдан гөрі терең қабаттардан – өміrbаяндық автор мен автор-қаһарман позицияларындағы ортақ көзқарас нұктесі (Автобиографизм), автор мен қаһарман арақатынастарындағы нақты қаламгерлік позицияның басыңқылығы (Псевдobiографизм (Бұл ұғым алғаш 1990-жылдардың басында Б. Корман мектебінің ғылыми ортасында атала бастағанмен, термин ретінде бекіметен)) сияқты дәйекті денотаттық белгілерді талдау ыңғайында зерделеген абзал. Жалпы қазіргі филологиялық ғылымда автор және қаһарман мәселесін архитектоникалық категория сапасында қарастырып, формалдылықтан неғұрлым ауқымды көркем қабылдау аясына жатқызу көзқарасы басым [81].

Сонымен, көркем туындыдағы автор тұлғасын шығарманың баяндау тәсілдерін талдау негізінде анықтауға болады. Шығарманың баяндау жүйесі тұрғысынан алғанда, автордың көркем мәтінішілік типтері түрліше сараланады: автор, автор-баяндаушы, автор-әңгімелі, автор-қаһарман, автор-бақылаушы. Сонымен қоса, әдебиеттануда тұлғаланбаған әңгімелі

арқылы баяндау, делдал кейіпкер арқылы баяндау сияқты күрделенген баяндау ұлгілері де ажыратылады. Бұл көркем туындыдағы авторлық көзқарас тарабының ерекшелігіне, лексика-семантикалық, синтаксистік сипаттарына байланысты болып келеді. Көркем шығарма авторының түрлі позициялық тарамдарға ажырауы әдеби-көркемдік даму үдерісінің нәтижесі болып табылады. «Жаңа дәуірдің еуропалық романы авторлық «Меннің» қаһарман, қаһарман туралы әңгімелеші, автор-баяндаушы, т.б. жіктелуіне бағытталды» [82, с. 30], – деген ғылыми пікір қалыптасқан. Жалпы теориялық зерттеулерде автордың объективті шындықты бақылау және оның көркем моделін – “көшірмесін” жасау үшін таңдаған көзқарас позициясын білдіретін әртүрлі терминдер бар. Мысалы, Э. Уоррен, Ф. Уэллек, П. Леббок, Б. Успенскийлер “көзқарас нүктесі” (“точка зрения”) деген термінді қолданса, Р. Рейман “көзқарас тарабы” (“угол зрения”), “автордың орналасуы” (“местоположение автора”) атауларын таңдаған. Сол сияқты автор тұлғасы, авторлық позиция, авторлық тұрғы деген атаулар да жарыстыра қолданылады. Мұның барлығы көркем әлемнің уақыттық-кеңістіктік қатынасына, баяндаушы тарабынан бағыт алатын көзқарас «сәулесінің» физикалық сипатына тәуелді.

Әдебиет тарихынан жазушының өз өмірлік тәжірибесі, басынан кешкен хикаялары негізінде көркем шығармаға қалам сілтеуінің әдеби-көркемдік, философиялық-эстетикалық эволюциясын бақылауға болады. Яғни өміrbаяндық деректі әдеби материалға айналырудың өзі басты идеялық ұстанымдардағы көркем творчествоға деген тың көзқарасты қажетсінуден туындейдьы. Себебі: «Көркем шығармашылықтың жаңаша пайымдалуынан бастау алатын субъект, предмет және адресат мәртебелерінің өзгеріске ұшырауы көркемдіктің жетекші парадигмасының ауысуына алғышарт болып табылады» [83, с. 94]. Шығармашылық өнімі сапасындағы әдеби туындының көркем қабылдануына ерекше зейін қою теория жүзінде қалыптасқан категория (рецепция). Шын мәнінде, семиозистік мәндегі автор (субъект) – предмет

(қаһарман немесе туынды) – адресат (окырман) коммуникативтік тізбегіндегі позициялық орын алмасымдары шығарманың композициялық, баяндау құрылымдарына елеулі құбылулар әкеледі. Жеке творчествода автор мен қаһарман арақатынасының жаңаша өріс алуы белгілі бір тарихи дәүірде үрдіске айналса, мұндай құбылысты жоғарыда айттылғандай «көркемдіктің жетекші парадигмасының» эстафеталық алмасымы деп түсінген жөн. Ғұмырнамалық сипаттағы жанрдың қалыптасып, дамуын да әдебиеттану ғылымында осы ынғайда саралауға жол бар.

Автор және қаһарман мәселесі өміrbаяндық жанрда да елеулі мәнге ие. Ал мемуарлық, өміrbаяндық жанрдағы нарратив жүйесіне тән басты ерекшелік жақтық баяндау негізінде анықталатын монологтық үлгі екені белгілі. Тілтану саласында [көркем] мәтін белгілі бір автордың біртұтас монологы сипаттында зерделенеді. “Көркем мәтінді тілтанымдық тұрғыдан, яғни көркем сездің нақтылығы тұрғысынан қарастыратын зерттеушілер көркем прозалық баяндаудың жиектік (рамочный) монолог құрылымына келіп тіреледі (мұнда жекелеген жағдайларда полифонизмнің кеңінен қолданыс табуы да мүмкін)”, – дейді Е. Гончарова [54, с. 5]. Баяндаудың монологтық түрі XIX-XX ғасырлар әдебиетінде кеңінен тарап, өзінің гүлдену кезеңін XX ғасыр прозасында бастан еткергені әлемдік әдеби дамудан белгілі. Көркем шындықты актант, я болмаса сұнғыла автор тарарапынан баяндау дәстүрі осы кезендерде қалыптасты [84]. Мұнда көп жағдайда басты қаһарман жазушының өзі болып, баяндау тікелей бірінші жақтан жүзеге асырылады (автор-қаһарман). Сондай-ақ, күрделі композициялық сипаттағы туындының нақты деректік материалы (шығармашылық тұлғасын бейнелейтін актант өміrbаяндық түпнегізден бөлектенеді: “Кейде өміrbаян мен өміrbаяндық повесть не роман арасында сәлғана алшақтық болады. Кейіпкер есімдерінің өзгертуі ойдан қосу құқығына мүмкіндік береді” [47, с. 133]. Қай жағдайда болмасын, көркем туындыдағы биографиялық қаһарманды анықтайтын – ең алдымен, шығарманың жанр жағынан деректілік сипаты. Дегенмен, шығармада суреттелетін көркемдік әлемді мәтіннен

тыс қарастыру әдебиеттанушылық ынғайда дұрыс бағдар болып табылмайтыны анық. Яғни мейлінше объективті әрі өнімді талдау көркем мәтін құрылымы шеңберінде ғана жүзеге асады. Мұнда зерттеу нысанына көркем туындыдағы автор – қаһарман арақатынасы алынады.

Өмірбаяндық жанрды қалыптастыратын негізгі фактор шығармашылықтың психологиялық механизміндегі «арылу» сәті екені сөзіз. Арылу интенциясы қаламгердің езге адаммен ішкі ой-сезім толғаныстарын бөлісу сияқты шығармашылық талабын арқау етеді. «Автордың көп жағдайда «ағынан жарыла ақтарылу» (исповедальный) сипатында келетін өзін-өзі ашуы әсіресе XIX-XX ғасырларда орын алып, әдебиеттің елеулі бір қабатын қалыптастырды» [22, с. 56], – дейді В. Хализев. Өз басынан өткен жағдайларды (күйінішті, аса әсерлі, т.б.) сыртқа шығаруға деген ынта-ықылас деңгейі қаламгердің өмірлік тәжірибесімен, мінез-құлықтық ерекшеліктерімен және шабыт кезеңіндегі ситуациялық көңіл-күй жағдайымен тығыз байланысты. Олай дейтініміз: а) әдетте өз ғұмырнамасы негізінде өнегелік-дидактикалық туынды жазу мол өмірлік тәжірибелі қажет етеді; ә) кез келген шығармашылық тұлға ішкі сырларымен ашиқ бөлісуге бейім емес, тұлғаның күрделі интраверттік, экстраверттік қырлары ішкі сырды жариялаудың жанрлық сипатын анықтайды (күнделік, хаттар, естеліктер, эссе, очерк, әңгіме, роман, т.б.); б) алуан түрлі ішкі-тыскы әсерлер (рухани-эстетикалық, қоғамдық-әлеуметтік факторлар) тұлғаның шығармашылық шабыт сезімін оятуы мүмкін. Бұл әр қаламгердің ой әлемінде қорланып, жинақталған толғаныстарды көркем шығарма жүзінде жариялаудағы психологиялық ынтасының түрлі деңгейде болатындығын анықтайды: «Автор тұлғасының психологиялық ерекшеліктері дегенде оның «сыр шерту» деңгейі, адамдар ортасында танылуға деген ниеті мен мүмкіндіктері сез болады» [85, с. 165].

Жазушының ғұмырнамалық негізде қалам сілтеуінің ішкі мотивацияларын шығармашылық психологиясының қағидаларына сүйене отырып талдаудың енді бір арнасы жеке творчествоның қалыптасу, даму кезеңдерімен сабактас. Фолкнердің ойынша, тек

жас қаламгер ғана ең әуелі өзі туралы жазады. Талант табиғатының айқындалу кезеңіндегі жас жазушының шығармашылықта өзін бастығысанғаайналдырыуы, біржағынан, өзін-өзітану, сезінүсияқты философиялық-эстетикалық таным қырлары болып табылады. Тегінде, субъекттің танымдық әрекеттері алдымен өзіне үнілуден бастау алуы – табиғи занды құбылыс. Сондай-ақ, әдебиеттануда жас таланттың өзі туралы жазуға ұмтылысын нарцистік әрекет деп бағалау үрдісі бар. «Нарциссизм – субъекттің өзіне деген сүйіспеншілік сезімі» [12, с. 112], – делінеді психоаналитикалық терминдер мен ұғымдар сөздігінде. Әдебиеттегі нарциссизмге біршама өзгеше сипат тән. Суреткердің әдеби туындыда бейнелеген көркем ақиқатының өзіндік субъективті әлемге етene жақын болуы жалаң «өзіне деген сүйіспеншілік» қана емес, одан әлдеқайда ауқымды. Түпкі мәнінде, көркем творчестввода өзіне бағытталған танымдық, бағалаушылық әрекеттері қандай сипатта болмасын (сындарлы, эгоцентристік, т.б.), олар жинақтық түрде шығармашылық тұлғаның эстетикалық мұратқа қол жеткізу ұмтылыстарын қамтиды. Л. Сафронова: «Алғашқы, әсіресе ғұмырнамалық, лирикалық мәтіндер классикалық психоталдау жобалары арқылы тез-ақышан беретін, нашар бүркелген нарцистік өзін-өзі қамсыздандыру (самообслуживание – А.К.) болып табылады» [86, с. 62], – дейді. Ғалымның нарцистік тұрғыда өзін қамсыздандыру деуі, әрине, шығармашылық тұлғаның бейсаналы психикалық құбылыстар нәтижесінде көркем реализациялауды қажет ететін белсенді ынта әрекеттерін білдіреді.

«Өткен ғасырдың 20-жылдарынан бастау алған ғұмырнамалық проза жанры өзінің терең тарихын қалыптастырып үлгерді» [87, 214 б.], – дегенде Н. Омаров ұлттық әдебиет аясындағы көркемдік-жанрлық дамуды айтады. Анығында, аталған дәүірде шынайы ғұмырнамалық жанрдың (Мысалы, Ә. Тәжібаев, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтердің «Жылдар, ойлар», «Есімдегілер», «Мен», «Таңғажайып дүние» атты мемуарлық, өмірбаяндық туындылары) өріс алғаны сөз болған. Қазақ әдебиетіндегі аталған кезенде дүниеге келген өмірлік материалды арқау еткен туындылардың кейбірін бұл жанрлық топқа жатқызу қыныңға соғады. Қаламгер өзін тұлғаландырмай немесе шығармадағы образдар жүйесінде

басыңқы актантқа айналдырмай-ақ ғұмырнамалық жанрда қалам сілтеуі мүмкін. Бұл жағдайда түпбейнесі жазушының өзі болып табылатын кейіпкер автобиографиялық генезисінен алғыстайды, ал өмірлік материал образ сомдалуындағы нақты реалды деректерден ғана аңғарылады.

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі М.О. Әуезов шығармашылығының жемісті кезеңінде – 1923 жылы бірінен соң бірі дүниеге келген «Үйлену», «Сөніп-жану», «Оқыған азамат» әңгімелері автордың шығармашылық тұлғасын осындай сипатта сомдайтын туындылар. Психоталдау тұрғысында сынни көзқараспен өзін-өзі тануға, бағалауға бағытталған әңгімелер жас қаламгердің рухани-адамгершілік ізденистерін арқау еткен.

Жас Әуезов шығармашылығын зерделегендеге, оның классикалық әлем әдебиетімен тамырластыры турагы туралы айтпау мүмкін емес. Бір жағынан Абай поэзиясы арқылы үн жалғап, енді бір жағынан тікелей түпнұсқа арқылы Мұхтар қекірегіне жол тапқан классикалық әдебиеттің М. Әуезов творчествосында алатын орны ерекше. Шын мәнінде, бұл – өте кең тақырып. Зерттеу жұмысының өзекті мәселелері тұрғысынан алғанда, біз жоғарыда аталған әңгімелерге тән автобиографизм және лиризм туралы сөз етпекпіз.

Әдебиеттанушы Б. Майтанов: «Нағыз реалистік лиризм И. Тургенев, Н. Короленко, И. Бунин сияқты корифейлер творчествосында өзгеше стильдік бедер танытқаны мәлім», – дей келе, осы «жемісті бағдар айшықтарын» төл әдебиетіміздегі М. Әуезов бастаған бір топ қаламгер өз туындыларына үлгі етіп, көркем итергенін әдеби дамудағы үлкен жетістік ретінде бағалайды [88, 189 б.]. Прозадағы лиризм мен психологизмнің өзара сабактастыры олардың кейіпкер жан әлеміндегі түрлі эмоционалдық, психикалық, интеллектуалдық үдерістерді шынайы өмірмен терең тамырлыстықта бейнелеуге деген ынтысынан туындейды. Қаламгер стилінен, шығарманың жалпы баяндау құрылымынан бедер тауып жататын прозага тән лирикалық леп, тегінде, автор мен көркем туынды (кейіпкер) арасын жалғап тұратын деректі дәнекер десек те болады. Себебі проза әлемінде лиризм тек жазушының жеке ғұмырнамасы мен кең ауқымды тарихи-мәдени құбылыстар

астасып, басты шығармашылық факторға айналған уақытта ғана жемісті болады.

Әуелбек Қоңыратбаевтың келесі толғамы да осы ой арнасына келіп қосылады: «1932 жылдарға дейін М. Әуезовтің өз туындыларын сынни реализм стилінде жазып келгені, ал көзқарасы тұрғысынан ағартушы саналғаны белгілі. Демек, ол осы кездерде орыс классикалық әдебиеті мен Абай дәстүрін берік ұстанған» [89, с. 69]. Ал ұлттық жазба әдебиетінің іргесін қалаған Абай творчествосының өзіндік жаңашылдығы орыс классикалық әдебиетімен тығыз байланыста екені дау тудырмайды.

Ал Д. Максимов XX ғасыр басындағы орыс әдебиетінің бет-бағдары туралы толғана келе: «Автобиографизмге деген түрлі деңгейдегі ынта-ықылас аталған дәүірдің едәуір мәнді әдеби ағымдарын қамтып үлгерген еді» [90, с. 34], – деп қорытады. Жалпы жанр жүйесінде өмірбаяндық романның шынымен кең таралуына ықпал еткен жағдайдың бірі осы шақтарда белен алған қоныс аудару үдерісі болды. Тұған топырақтан табан үзіп, бөгде елді панаลาудың да өзіндік қоғамдық саяси, тарихи себеп-салдары жеткілікті еді. Атамекенінен қол үзіп, ол туралы шалғайда тебірене қalam тербеген, сөйтіп мәдени санада «ғайып болған жұмақ» жайлы мұнды ойға қозғау салған эмигрант орыс қalamгерінің бірі – И.А. Бунин.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өз көркемдік толғамдарымен әдебиет әлеміне соны құбылыс болып қосылған белгілі көркем сөз шебері И.А. Бунин шығармашылығының өн бойына желі болып тартылған құпия да қастерлі тақырыптардың бірі – тұған жерге, өмірге деген шексіз де қалтқысыз махабbat. Жазушының әйгілі туындысы «Деревнядан» бастап «Арсеньевтің өмірі» («Жизнь Арсеньева. Юность») ғұмырнамалық романына дейінгі аралықтағы қай шығармасын алсақ та, әсем оймен көмкерілген ұлы сағыныш пен мұнға кез боламыз. Өзіне ғана тән әлемсезінүі мен көркем сөз өрнегі бар талантты қalamгердің стилін түзуші негізгі компонент лиризм екені, әрине, анық.

И.А. Бунин стиліне тән нәзік лиризм мен сезімтал психологиязмге құрылған «Арсеньевтің өмірі» (1927-1938) романы шығармашылық

тұлғаның ішкі ой-сезім қозғалыстарын бейнелейді. Автор-қаһарман атынан баяндау жүйесіндегі эмоционалдық леп естеліктер стилін таныта отырып, қаламгердің жастық шақта басынан өткізген сезімдік тебіреністерін паш етеді. Осы тұрғыдан алғанда роман автор жадында жылдар бойы жинақталған (роман И. Буниннің егде жасқа тақаған шағында жазылған) психологиялық көңіл-күй әуендерін өрнектеу арқылы шығармашылық тұлғаның қалыптасуына әсер еткен ішкі-сыртқы жағдайларды зерделейді.

Аталған туындыларда автор шығармашылық тұлғасының сомдалуындағы психологизмнің көркемдік қызметі тікелей баяндау құрылымы аясында зерделенеді. Мұндағы басты мәселе қаламгердің автобиографиялық тұрғысы төнірегінде болғандықтан, автор, автор-қаһарман атынан жүзеге асырылатын баяндау үлгісіне тән көркемдік-стильдік ерекшеліктер мен ұқсастықтар зерттеу нысанына алынады. И. Бунин мен М. Әуезовтің аталмыш туындыларын реалды авторға тән дүниетанымдық (тағдырлық/тарихи кеңістік пен орта, философиялық-эстетикалық көзкарас), психологиялық (тұлғалық, творчестволық) және поэтикалық (шеберлік және стиль) ұқсастықтар аясында саралау ізденистері біршама онды нәтижелер берді.

«Қазіргі әдебиеттандуда ғұмырнамалық жанр жаңғырығын еске түсіретін стильдік тәсіл автобиографизм деген атқа ие болды» [91, с. 11]. Жалпы сөз өнеріндегі ғұмырнамалық жанрдан тыс шынайы көркем проза деп қабылданатын мұндай құбылысты С. Ананьева жеке қаламгерлік стиль аясына жатқызыса, М. Медарич оның өздігінен өміrbаян болып табылмайтын, өміrbаян ретінде жазылмаған әрі қабылданбаған мәтіндерде кездесетіндігін айтады [92]. Сөз өнерінде кей жағдайларда автобиографизмнің курделенген формасы – псевдobiографизм құбылысы да ұшырасады.

Сонымен, зерттеу нысанындағы туындылардың әдеби жанр тұрғысынан өзара тенденс келмейтіндігін мойынданай отырып, олардың ең басты ортақ белгісі ретінде автобиографиялық материалдың көркем игерілуін атап аламыз.

Творчестволық үдерісте арылу мотиві орын алған жағдайда жазушының сыр актаруға деген ұмтылысы оңашалану ситуациясын қажетсінеді (Әрине, шығармашылықтың қашан да жазушының

оңаша көркем ойлау әрекетінен ғана құралатын айрықша процесс екені сөзсіз). Мұндай жағдайда зерттеуді қаламгерлік психологияға тән автордың көркем мәтінге ену мүмкіншіліктері шеңберінде жүргізген жөн. Әдебиеттану ғылымының тарихында елеулі дәрежеде ғылыми зерделенген, теориялық ұғым сапасында қалыптасып үлгерген дәстүрлі автобиографизмде автордың шығармашылық бейнесі тікелей «автор-қаһарман» бейнесі арқылы қарастырылады.

Кей жағдайларда реалды автордың мәтінішілік бейнесі елеулі күрделенген формада жобаланады. Дәлірек айтса, саналы түрде ғұмырнамалықтан бас тартқан қаламгер өз өмірбаяндық тұлғасының мәтіндегі көркем бейнесін барынша жасыруға, көмекслеуге тырысады. Бұл ретте мәтін құрылымындағы көзқарастық тұрғыны қайта жобалау (проекция) ғұмырнамалық қаһарман тұлғасын өзгертуге айтарлықтай үлес қосады. «Проекция – адамның өз бойында бар кейбір қасиеттерді (көп жағдайда жағымсыз сападағы мінез-құлыш пен іс-әрекеттерді) өзге біреуге телуінен көрініс табатын қорғаныс механизмі» [93, с. 132]. Тұлғаға тән қорғаныс механизмінің шығармашылық үдеріс кезеңінде де мотивациялы қолданыс табуын осы тұстан байқаймыз.

Автобиографизмге тән бірінші жақтан әңгімелейтін автор-қаһарман бейнесінің екі позицияға ажырауы нәтижесінде әлеуетті автор (үшінші жақтан баяндаушы) және бейтарап қаһарман сомдалады. Осылайша, өмірбаяндық белгі әрі автор позициясымен, әрі кейіпкер тұлғасымен жасырын түрдегі проекция арқылы таңбаланатындықтан, бұл құбылысты псевдobiографизм (жасырын / жартылай / жалған автобиографизм) деп атаған жөн деп есептейміз.

Осы орайда И. Буниннің «Арсеньевтің өмірі» романындағы шынайы авторлық ғұмырнамамен үндестікті автобиографизм дейтін болсақ, біз атаған М. Эузов әңгімелеріндегі өмірбаяндық деректің көркем игерілуін псевдobiографизм көрінісі ретінде қабылдауға толық негіз бар. Жалпы осы туындыларда өмір шындығының көркем шешім табуындағы авторлық бағдардың өзіндік ерекшеліктерін төмендегі кесте материалынан көруге болады (Қараңыз: Кесте 2)

<i>Баяндау құрылышының мүндегі көркемдік элементтер</i>	<i>И.А. Буниннің «Арсеньевтің өмірі» романы</i>	<i>М.О. Эуезовтің «Үйлену», «Сөніп-жану», «Оқыған азамат» әңгімелері</i>
<i>Баяндаудың жактық түрі</i>	<i>Автор-қаһарман атынан бірінші жақтан баяндау</i>	<i>Автор атынан үшінші жақтан баяндау</i>
<i>Автобиографиялық белгісі басым тұлға</i>	<i>Автор-қаһарман – Алеша Арсеньев</i>	<i>«Үйленуде» – автор мен Оспан; «Сөніп-жануда» – автор мен Сыздық; «Оқыған азаматта» – автор мен Мейірхан</i>
<i>Өміrbаяндық материалдың болуы</i>	<i>Реалды автордың ресми өміrbаянымен үндес</i>	<i>Реалды автор өмірінде орын алған кейбір оқигаларды еске түсіреді</i>
<i>Реминисценция құбылысы</i>	<i>Жазушының өзге туындыларындағы бірқатар өміrbаяндық детальдар қайта жаңғырады («Өмір бастаулары», «Кітап» атты шағын әңгімелері)</i>	<i>«Сөніп-жану» әңгімесіндегі автор мен қаһарманның философиялық-эстетикалық толғамдары каламгердің публицистикалық шығармаларының негізгі идеясын қайталайды (“Оқудағы күрбым”, “Ескеру керек”, “Қазақ калам қайраткерлеріне ашық хат”, “Қазақ оқығандарына ашық хат”)</i>

Кесте 2 – И. Бунин мен М. Эуезов туындыларындағы автобиографизм: ұқсастықтар мен ерекшеліктер

«Әдебиеттегі экзистенциализм – өркениеттегі рухани маңыздылық пен құндылықтардың орны толmas дағдарысын асқына сезіну» [94, с. 7], – дейді А. Ісімақова. И. Буниннің шығармашылығын зерттеушілер арасында «Арсеньевтің өмірін» экзистенциализм аясында зерделеушілер барышылық. Шындығында, романда көрініс тапқан идеялық-эстетикалық ой-тұжырымдардың қыртыс-қабаттары экзистенциалдық сипатымен ерекшеленеді. Автор-қаһарманың өзі, отбасы, сүйіктісі, туган жері туралы толғаныстары қашанда болмыс пен тіршілік, адам

мен ғалам, өмір мен өлім сынды ауқымды да мәнді мәселелер аясында өрбіп отырады. Шығармадағы табиғат суреті, әлем картинасы әрдайым Арсеньев дүниетанымы арқылы өмірдің қысқалығы, пенде бақытының бұлыштырылғысы, қоғаммен арадағы қайшылықты қарым-қатынаспен тығыз сабактастықта өрнек табады. Қаһарман зердесінде кинокадр іспетті жылжып отыратын өткен өмір белестері мұнды ой-сезім әуенімен көмкерілген. Жалпы Арсеньевтің (шын мәнінде, И. Буниннің) әлемсенізу қабілетіне хас басты ерекшелік айналага мұн-шер мен нәзік сезімталдықтың күнгірт әйнегімен зер салу болса, осыған сәйкес романның өн бойына желі болып тартылған жүйелі драматизмді аңғарамыз. И. Бунин драматизмі, сайып келгенде, өмір қайшылығынан, тұлғаның ішкі кереғарлығынан туындарды.

«Арсеньевтің өмірі» – тағдыр тілегі мен тарих бұйрығы, қаламгерлік позиция мен жалпы қоғамдық-саяси көзқарас арасындағы таусылмас қайшылық салдарынан дүниеге келген шығарма. Қаламгердің «гайып болған бейіш» туралы пайымы тек аталмыш романның ғана емес, оның ресейлік кезеңді де қамтитын бүкіл творчествосына өзек болған идея екені сөзсіз. Жанына жақын, қанына сіністі элиталық орыс өркениетінің көз алдында құрдымға батып бара жатқанын, мәңгілік деп санаған құндылықтардың күйреуін И. Бунин зор рухани құйзеліспен қабылдады.

Қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени қыртыс-қабаттарының мұқтаждығынан тамыр тартқан иғі идеялар қақтығысы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарын қамтыды. Осы жылдар ұлы держава территориясында өмір сүріп жатқан халықтар интеллекциясының сұрыпталу кезеңі болды. Белгілі тарихи-саяси жағдайға байланысты осы кезде зиялы қауым жеке-дара арналарға ажырады. Бірі тәңкерісшіл идеяның соңынан ерсе, енді бірі консерваторлық көзқарасқа беріктік танытты. Романда осы тарихи-мәдени, қоғамдық-саяси өзгерістердің халық өміріндегі алғашқы нышандары бала Алешаның өсу, жетілу шағымен қатарлас баяндалады. Жас қаһарманың тұлғалық кемелдену сапары орыс дворяндығының біртіндел құлдырауына бетпе-бет келді. Арсеньевтің сезімтал назарын өмірдің құнгей жағынан ғөрі көлеңкелі тұсына бұра

беретін басты себеп те осында жатса керек. Осылайша, қаһарман Арсеньевке тән айналаны жатсыну, жалғызырау психологиялық сезімдерінің түп-теркіні өміrbаяндық автордың жаңа қоғамдық құрылышқа, кейпі құбылған атамекенге деген наразылығымен, өкініш, өкпе, қөнілі қалу эмоцияларының белсенділігімен байланысты. Жас қаһарман позициясына телінетін эмигрант И. Буниннің өткен өмір туралы ой-сезім естеліктерінің осындай мазмұндық аясы олардың экзистенциалдық сипатын айқындай түседі.

Бір топ қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын драматизм көркемдік-эстетикалық категориясы түрфысында зерделей отырып, Т. Есембеков XX ғасыр басындағы қазақ прозасында ойлаудың өзгеше түрі – экзистенциалдық тип бой көрсете бастағанын айтады. Осы орайда, ғалым М. Әуезовтің алғашқы жылдардағы прозалық туындылары жайлы қарама-қайшылықты ғылыми көзқарастардың көптігіне тоқталып, солардың қатарында «Мәтінге қайта-қайта оралуға мәжбүрлейтін құпиялық, айтар ойын сарқып қалушылық, автордың көмескі қауіп-үрейі туралы көзқарастар бар», – дейді [95, с. 64]. Зерттеуші тікелей сезінү арқылы мойындалатын адам мен әлемнің ажырамас бірлігін М. Әуезовтің алғашқы шығармаларының басты өзегі ретінде анықтап, осы төңіректегі көркемдік-эстетикалық толғамдарынан экзистенциалдық сипат айқын байқалатынын ескерtedі.

Қазақ руханиятындағы зор дағдарысты тұтастай ұлттық өркендеудің тоқырауымен ұштастықта пайымдайтын жас М. Әуезовтің осы кезеңдегі публицистикасына көніл аударайық.

«Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен» [96, 43 б.], – деп Әуезов, «Қазактың өзгеше мінездері» атты мақаласында бағзы замандардағы бабаларының кесек қасиеттерін сүйсіне еске алады. Іргесі бүтін, шаңырағы биік, көшпелі өркениеттің кез келген елімен терезесі тен тұрған шағындағы қазактың еңсөлі тұлғасын М. Әуезов осылайша бағамдайды. Бағзы нар ұлдардың ұсақтап кеткендігіне публицист зор қынжылыс білдіреді: «Жаужүрек батырларымыздың батырлығы ауыл-үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жүрнагы кішкене дөңгелек жер болып қалды.

Осындай ортада өскен бала да жамандыққа салынып, тіпті оқығандарында да көпке дейін таты кетпейтін көрінеді» [96, 45 б.]. Бұдан басқа «тілі айтқанды қолы қылмайтын тұрақсыздық, үйымсыздық, басынан аспайтын өзімшілдік, ездік» [96, 45 б.] сынды теріс мінездердің қалыптасу төркінін жас қаламгер келесі мақаласында ашады. «Қазақ ішіндегі партия нeden?» мақаласында былай делінген: «Қазақ халқы қараңғы, надан болып, қысымсыз еркін өскен табиғатына лайық жауынгер мінезде келіп, билеу тәртібінде қысым, қаруы көп орыс қолына тиді. Халықтың бетіндегі бұрыннан келе жатқан жауынгерлік мінез қаққы көріп өмір жолынан шығып қалды» [96, 68 б.]. Этностиқ құбылудағы асқақ та айбынды қасиеттердің құлдырауын автор, осылайша, отаршыл мұдденің қысымымен сабактастыра, әділ баға береді. Генеологиялық түп-тамыры теренге тартатын әмбе ұлыстың географиялық, экономикалық, қоғамдық-мәдени тіршілік ортасына сай көшпенді өмір салтының құрдымға кетуіне зиялды жас қимастықпен қарайды. Алайда рухани-агартушылық сарындағы М.Әуезов толғамдары тегіс ностальгиялық сарында емес, орайы келгенде ел ішіндегі өрескел мін, кемшіліктерді де сын көзben қарап, жаппай ұлттық кемелденуге үндейді. Қалыптасқан қазақы тұрмыстағы надандық, жалқаулық, алауыздық, дүниекұмарлық тәрізді мінез қырларын өзге ұлтқа қарап түзету, солардан үлгі-өнеге алу жағы да қарастырылады.

Әйтеуір бір өзгеріске әкеліп согар уақыттың ұлы толғагы орын алған аласаптыран шақта: «Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз оқығандарда», – деп шырылдай үндеу салады Мұхтардай жас толқын [96, 45 б.].

Осы кезде қазақ қоғамында өзіндік сипаты бар «оқыған азамат» санаты белен алды. Атына заты сай келе бермейтін бұл типтік нұсқаның ішінара ұшырасуы бұрынғы дерптің үстіне жамала түсken дәуірлік деңгейдегі рухани дағдарыс белгісі еді. Жаңа ғасырдың жаңа адамы пішінінде қазақы ортаға келген зиялды жастар өзіне лайықты мазмұн таба алмай сарсаңға түсті. Қоғамдық өмірдегі азаматтық борышын айқындағы алмаған осы тектес адамдарға тән бағдарсыздық, жеке бас пен қоғамдық мұдденің мән-маңызын шынайы түйсінбеу сияқты

рухани кембағалдықтың орнын толтыру, бір өкініштісі, сондай «оқыған» жастардың өз үлесінде еді.

«Үйлену», «Сөніп-жану», «Оқыған азамат» әңгімелерін жас М. Әуезовтің өзін-өзі талдау, іс-әрекеттерін сарапқа салу, бағалау сияқты экзистенциалдық сипаттағы шығармашылық ізденістер деп түсінеміз. Уақыт көшімен тарих қойнауында қалып бара жатқан қазақ халқының түрмис-тіршілігін, өзгерген ұлттық діл ерекшеліктерін жас жазушы шынайы өмірдегі реалды романтика ретінде бағалайды. Қоғамдық формациялардың тарихи алмасымы сәтінде өмір кешкен қос қаламгердің ностальгиялық ой-сезім толқынысындағы үндестік таңғаларлық. Егде И. Бунин атамекенге шалғайда жатып, сағыныш пен өкпе аралас әлдеқандай сезіммен зер салмақ болады. Сейтіп, өткен жастық дәурені жайлы көңілдегі көрікті ойын қаламмен тербейді. Ал жас М. Әуезов болса, жана дәүір таңын күдікті көңілмен қарсалып, ішкі мұң-шерін көркем сөзбен жұмбактап жеткізеді. И. Бунин романындағы автор-қаһарманның дүниетанымдық ой-пікірлері ашықтығымен, анықтығымен ерекшеленсе, М. Әуезов әңгімелеріне абстрактылық тән.

«Барлық көркемдік-эстетикалық көріністерінде де лиризм психологиямнің, психологиям лиризмнің ажырама ерімі ретінде стиль түзушілік қызмет атқарады» [88, 187 б.], – дейді Б. Майтанов. И. Бунин мен М. Әуезовтің осы туындыларында бақыланатын енді бір көркемдік-стильдік ұқсастық баяндаудың лирикалық сарынына байланысты болып келеді.

«Соңғы онжылдықта зерттеушілердің ерекше назарына іліккен И.А. Бунин шығармашылығында лирикалық элементтің болуы бірауыздан мойындалады» [97, с. 101]. Алдыңғы дәуірлермен салыстырғанда, XIX ғасырдағы европалық психологиялық прозада оқиға мән-маңызының әлсірей бастағаны белгілі. Мұның түрлі себептері болатын. Кейбір жеке шығармашылықтарда саналы түрде сюжеттен бас тарту белен алса, енді бір қаламгерлердің фабуласыздыққа ден қоюы соны жанрлық түр табу ізденістерімен ұштас. Бұл ретте И. Бунин шығармашылығын соңғысына жатқызамыз. Соның салдарынан әдебиетші қауым прозаның лирикалық табигаты жайлы жіңі айта бастады. И. Бунин прозасына

тән көркемдік баяндау стилінің өзіндік ерекшеліктеріне көніл белген әдебиеттанушы ғалымдардың (Н. Кучеровский, И. Карпов, О. Михайлов, Т. Бонами, Э. Лявдонский, М. Полянова, Н. Волынская, Л. Никольская, В. Скобелев, Г. Бжоза, Б. Зайцева және т.б.) пікірлері өзара қолдау тауып, қаламгер шығармашылығындағы басты көркемдік-стильдік даралық ретінде лиризмді атайды. «Бунин прозасындағы эпикалық және лирикалық бастаулар қақтығысының өзіндік тарихы бар. Ол «Суходолдан» басталады да «Арсеньевті өмірі» романында аяқталады... Роман авторында адам мен өмір мәнін жалаң эпикалық тәсілдермен шынайы көрсету мүмкін емес деген айқын көзқарас орныққан» [98, с. 113]. Белсенді іс-әрекеттік тартыстарға құрылмаған туындыда көркем уақыт хронологиясы ескерілгенмен, жүйелі сюжеттік желі, оқиға динамикасы байқалмайды. Қаһарман-баяндаушы өзінің саналы ғұмырының бастау көздерін анықтап, ғұмыр бойы жан дүниесінде жинақталған әсер-сезімдерінің түп-тамырын пернелейді. Әр түста тілге тиек болатын өмірдің бел-белестері қаһарманның еселею жолының мәнді кезеңдері ретінде еске түсіріледі. «Лирикалық прозаның алтын діңі – лиризм болғандықтан, өмір көріністері лирикалық кейіпкер көзімен қаралып суреттеледі» [99, 183 б.]. Мұндай қалыптасқан дәстүрлі заңдылық тұрғысынан зер салса, шын мәнінде, автордың көздегені ғұмыр соқпағының оқиғалық желісін тәтпіштей тізбектеу емес, карттыққа аяқ басқан шағында тағдыр-талайының неліктен дәл осындаи арнада бет алғанын іштей саралau болып табылады.

М. Әуезов әңгімелерінде лиризм басты стильдік ұстанымға айналмағанымен, оның элементтерінің ұшырасатындығына жарқын мысал бола алғатын түстар барышылық. «Үйленудің» алғашқы нұсқасының «Жас жүректер» деп аталуы әуел баста әңгіменің лирикалық сипатының басым болғанын әңгартады. Шығармада авторлық сарказмның айқын белгілерімен қоса, ішінара баяндаудың лирикалық әуенді фрагменттері де (әсіресе Жәмила мен Оспанның диалогтық ситуациясы) ұшырасады. «Сөніп-жанудағы» Сыздықтың көніл-күй қозғалыстарын суреттейтін эпизодтар толығымен лиризмге негізделген. Қаһарман рухани әлеміндегі ой-сезім қозғалысын дәл бейнелеуге деген

ұмтылыс авторлық баяндаудың эмоциялық-экспрессивтік лебіне ықпал еткен. Анығында, шығармашылық үдерістегі лиризм көркемдік-стильдік құбылыс ретінде неғұрлым әсерлілікке әрі нағымдылыққа ұмтылысты білдіреді.

Прозадағы лиризм және автобиографизм

«Арсеньевтің өмірі» – ғұмыры мен шығармашылық тағдыры қым-қуыт оқигаларға толы орыс қаламгері И. Буниннің проза жанрындағы танымал туындысы. Роман, негізінде, бунинтанушы ғалымдар арасында түрлі жанрлық аталымдарға ие. Ю. Мальцев оны бірде жай ғана «кітап» деumen шектелсе, енді бір жағдайда Л. Колобаевамен бірлесе «феномендік роман» деген ойға орын береді; С. Крыжицкий «прозамен жазылған ұзак поэма» атауын лайық көрген; Н. Волынскаяның туындыға берген бағасы – «лирикалық роман»; В. Вейдленің бұл жайлы пікірі тіпті қызық. Ол «Арсеньевтің өмірін» белгілі бір жанрлық түрге жатқызбай-ақ, «романды алмастырушы дүние» деп, нақтылықтан тартынады. Ал В. Заманская («экзистенциалдық ғұмырнама»), Б. Аверин («роман-естелік»), А. Полупанова («өміrbаяндық негізі бар роман») көзқарастарының жалпы бағдары ортақ. Яғни олар «Арсеньевтің өмірін» өміrbаяндық роман жанрына жатқызуға бейім және мұндай ой ғалымдар ортасында басым. Қалай дегенмен де, шығарма қаһарманы Алеша Арсеньев пен автор тағдырлары арасында ұқсастықтар кездеседі деumen шектелу жеткіліксіз: өміrbаяндық-деректік сәйкестіктерді былай қойғанда, романның өн бойында жазушыға тән әлемсезіну, мінез-құлықтық қасиеттер және ортақ шығармашылық толғамдар мол көрініс тапқан. «Арсеньевтің өмірін» автобиографиялық роман деуге И. Буниннің өзі үзілді-кесілді қарсы болғаны белгілі. Бұл арада автор пікірін әдеби шығармага деген көркемдік-эстетикалық көзқарас деп шамалаймыз.

«Арсеньевтің өмірінің» назарға ілігетін ерекшеліктерінің бірі оның монологтық сипаты болып табылады» [100, с. 326], – дейді В. Афанасьев. Қаһарман-баяндаушы атынан әңгімеленетін

романның композициялық-баяндау құрылымы тікелей бірінші жақтық позиция негізінде жобаланған. Осыған байланысты, қаһарман-баяндаушының монологтық естеліктер жинағында тек осы тараптық көзқарас аясындағы оқиғалар ғана қамтылады. Яғни Арсеневтің қатысынсыз суреттелеңтін эпизодтық суреттемелердің жоқтығы роман баяндау жүйесінің бірізділігін танытады.

Романың өмірлік оқиғаларды естелік, еске алу түрінде әңгімелуеге негізделуі мемуарлық туындының жанрлық табиғатын елестетеді. Басты баяндау ұстанымына сәйкес шығармадағы көркем уақыт екі деңгейде пайымдалады: қаһарман-баяндаушының әңгімелуе уақыты және естеліктерге тән перцептуалды уақыт (өткен шақ). Көркем уақыттың мұндай формалары баяндау барысындағы түрлі позициялардан, көру нүктелерінен аңғарылады. Қаламгер кей арада осы (қаһарман-баяндаушы) шақ пен өткен (жастық) шақ арасын тілдік деңгейде (етістік шақтары, уақыт мәніндегі лексикалық бірліктер арқылы) айқын бедерлейді. Қаһарман-баяндаушының пейзаждық, географиялық кеңістіктерді суреттеудегі эмоционалды-экспрессивті лебінен де көркем уақыт түрі айқындалып отырады. Мысалы, «В стране, заменившей мне родину...» [101, с. 4], «Очень русское было то, среди чего жил я в мои отроческие годы» [101, с. 50], «Боже, как памятны мне эти тихие и грустные вечера поздней осени под ее сумрачными и низкими сводами!» [101, с. 66] сынды лебіздер өзінің жалынды лексикалық-семантикалық тұлғасымен де, ұлттық-ментальдық бедерімен де сағынышқа толы естелік қалпын сақтаған. Келесі мысалдағы сейлеуші уақыты эмигрант И. Бунин тұргысын анық танытады. Яғни мұнда шынайы өмірбаяндық автор мен көркем уақыт аражігі, өзара сабактастығы айқын: «...Я ровно ничего не знаю даже о теперешной России!» [101, с. 221].

Ал келесі үзінділерден автор-қаһарман атынан айтылған шартты реминисценцияны бақылаймыз. «Сколько заброшенных поместий, запущенных садов в русской литературе, и с какой любовью всегда описывались они!» [101, с. 77]; «Ах, эти заносы, Россия, ночь, метель и железная дорога!» [101, с. 89]. Арсенев еске салатын суреттемелердің орыс әдебиеті тарихындағы жекелеген нақты туындыларға қатыстырығы күмән тудырмайды. Сөйлемдердің

интонациялық лебі мен экспрессивтік бояуы баяндаушының туған жерге, жастық шаққа деген сағынышын, орны толмас өкінішін арқау еткен. Сонымен, келтірілген фразалар идеялық-мазмұндық аяда эмигрант Бунин (реалды автор) мен Арсеньевке (қаһарман) ортақ субъективті көзқарасты – автордың шығармашылық тұлғасын аңғартады. Мәтіндегі баяндаудың аталған ортақ көзқарастық түрғысы шығарманың жанрлық сипатын анықтауға да белгілі мөлшерде мүмкіндік береді. Олай болса, «Арсеньевтің өмірі» – қаламгер талап-тілегінен тәуелсіз автобиографиялық элементтерді еркін қамтыған деректі көркем туынды. Мұндай шешім романдагы лиризм, естеліктік сипат, бірқатар көркем детальдардың жазушы ғұмырнамасын және өзге шығармаларын еске салуы сияқты өзіндік ерекшеліктер жайлы пайымдауға мейлінше жол ашады.

Жалпы «Тікелей әсерлер бойынша емес, еске түсіру негізіндегі шығармашылық творчестволық тәжірибеде жиі ұшырасатын құбылыс» екені мәлім [17, с. 128]. И. Бунин лиризмін даралайтын – драмалық, кейде тіпті трагедиялық лептегі ой-сезім иірімдері. Романда автордың жастық шақтағы қылыш сезім сергелдендері, саналы ғұмыр бастауларындағы айрықша әсерлер оның эмигранттық позициясынан психологиялық түрде қайта бастан өткөріледі (воспроизведение).

«Арсеньевтің өмірі» романында керегар сезімдердің өзіндік сипаттағы үйлесімі қаһарман-баяндаушының психологиялық баяндауы негізінде өрнектеледі. И. Бунин шығармашылығында бой көрсететін сезім қайшылығы, шын мәнінде де, автордың өзіндік дүниетаным, әлемсезіну қырларына жарық береді. Жалпы автордың бұған дейін және бұдан кейін жазылған әңгімелерінен сүйіспеншілік жағдайын тіршіліктің тылсым әрі соңшалық жақын, таңғажайып және трагедиялық сәті ретінде суреттеу талабы байқалады. Сондықтан В.Я. Линковтың романының басты қаһарманы Сезім деген тұжырымға келуі орынды [98, с. 160]. Қаһарман-баяндаушы өзінің күллі ғұмырына әсерін тигізген тамаша да қасіретті махаббат сезімдеріне ерекше мән бере, тіпті өмірлік стихияға айналдыра баяндайды.

Арсеньевке тән жеке бас тіршілігінің болмыстық мәнін пайымдау өзінше қызығылдықты: «У нас нет чувства своего начала и

конца. И очень жаль, что мне сказали, когда именно я родился. Если бы не сказали, я бы теперь и понятия не имел о своем возрасте. ...А родись я и живи на необитаемом острове, я бы даже о самом существовании смерти не подозревал» [101, с. 3]. Автор өзінің субъективті көзқарасын жалпыға бірдей ақиқат ретінде ұсыну арқылы объективтедіруге талпынады. Жарық дүниені соншалық қимастықпен бағалайтын қаһарман-баяндаушы пенде ретінде өлім алдындағы шарасыздықтан қаймығады.

Перцептуалдық уақытты баяндаудың жадығатән психологиялық тұрғыдағы қызметтеріне (есте қалдыру (запечатление), есте сақтау (сохранение), еске түсіру (воспроизведение) және ұмыту (забывание)) құрылуы романдағы көркем уақыттың өзіндік поэтикалық игерілуін айқындаиды. Арсеньевтың өз ғұмырындағы сананың алғаш ояну шағын бедерлеуі жады жұмысының ерекшеліктерімен сабактас: «Самое первое воспоминание мое есть нечто ничтожное, вызывающее недоумение. Я помню большую, освещенную предосенним солнцем комнату, его сухой блеск над косогором, видным в окно, на юг. Только и всего, только одно мгновение!» [101, с. 4], – дейтін жолдар қаһарман санасының тым балаң кезеңін нақты көз алдына елестете еске түсіруді бейнелейді. Қаһарман бір гана мезеттік мағынасыз суреттің не үшін жадыда жатталып қалғанына қайран қалып, осыдан бір философиялық мән табуға тырысады.

Арсеньевтың балалық шағын елестететін көріністердің көпшілігі кейіпкердің тікелей көзбен бақылауы (зерделеуі), иістерді сезу арқылы жадыда қалған естеліктер сапасында бейнеленген. Көркем мәтіндегі баяндаушы функциясын пайдалана отырып, қаһарман Арсенев кей арада өз мінез-құлық ерекшеліктеріне, психологиялық-физиологиялық сезіну қабілеттеріне дәйектеме жасап отырады: «Повышенная чувствительность, унаследованная мной не только от отца, от матери, но и от дедов, прадедов, тех весьма и весьма своеобразных людей, из которых когда-то состояло русское просвещенное общество, была у меня от рождения» [101, с. 25].

«Қаламгер прозасында әртекті сезімдер қақтығысы шиеленісе түскен. Себебі мұнда көзқарас тараңтарының көптігін (автор

мен қаһарман), жан құбылыстарының баяу өрісін ашу мүмкіндігі бар» [102, с. 36]. Адам өміріндегі ең бір уайым-қайғысыз сәбилік кезеңнің өзі қаһарман танымында мұнды сурет болып елестейді. Шындығында, автордың балалық дәурен жайлыша жалпыға қарсы пікірінің субъективтік негізі бар: «Младенчество свое я вспоминаю с печалью. Каждое младенчество печально: скуден тихий мир, в котором грезит жизнью еще не совсем пробудившаяся для жизни, всем и всему чуждая, робкая и нежная душа. Золотое, счастливое время! Нет, это время *несчастное, болезненно-чувствительное, жалкое*. Может быть, мое младенчество было печальным в силу некоторых частных условий? В самом деле, вот хотя бы то, что я рос в *великой глупии*. Пустынные поля, одинокая усадьба среди них. ...И вечная тишина этих полей, их загадочное молчание...» [101, с. 4-5] (Курсив ізденушінікі – А.Қ.). Табиғат пен бала Арсеньев ортасында орнаған әсіре оңашаланған арақатынас қылаң береді. Қаһарман-баяндаушының трагедиялық, кей арада писсимистік позициясы дәл осы уақыттарда қалыптасқан деуге негіз бар. Байтақ орыс даласының жапан түзінде жалғыздықпен өткізген балалығының көнілге медеу боларлық еш қызығы жоқ деп түйеді ол. Еске түсіру барысында суреттелеңін мылқау көрініс («я рос в великой глупии. Пустынные поля, одинокая усадьба среди них. ...И вечная тишина этих полей, их загадочное молчание...», «затаенная жизнь перепелов» [101, с. 5], «все глядела на меня в окно, с высоты, какая-то тихая звезда...» [101, с. 6]) субъектінің бейсаналы түрде зерделеу арқылы жадыда жатталған естелігін білдіреді (Курсив ізденушінікі – А.Қ.). Қоршаган орта үнсіздігінің себебін қысын тұрғысынан көне естеліктің зердеде ғана сақталуы десек те болады. Алайда автор-қаһарман баяндауындағы бірнеше мәрте әрі үдете қолданыс тапқан үнсіздік бейнесі (үнсіздік ұғымындағы саналы түрде таңдалған лексикалық қолданыстар) жинақтық түрде тұлғаның қалыптасуындағы мәнді фактор болып есептеледі. Айнасындағы құпия тіршілікке жіті назар салып, әрбір көріністен өзінше әсер алатын Алешаның балаң әлемсезінү қабілетін, түбінде, творчестволық тұлғаның өсіп-өнү сапарының алғашқы баспалдақтары деуге әбден болады.

Жадыдағы бір-бірінен үдей түсетін сұрықсыз, көмексі

суреттер кейіпкер жан дүниесінде орнаған мұнды көңіл-күй әуенін кестелейді. Бала Алешаның алғаш түрмені көргендегі әсері кейінгі эмигрант Буниннің көзқарасымен бейнеленген. Баяндау барысында қамаудағы адам портретінің зерделенуі бала назарымен жүзеге асырылған да, оның пайымдалуы ересек қаһарманға тиесілі: «... стоял за решеткой в одном из этих окон человек в кофте их *серого* сукна и в такой же безкозырке, с *желтым пухлым лицом*, на котором выражалось нечто такое *сложное и тяжкое*, что я еще тоже отроду не видывал на человеческих лицах: *смешение глубочайшей тоски, скорби, тупой покорности и вместе с тем какой-то страстью и мрачной мечты...*» [101, с. 8] (Курсив ізденушінікі – А.К.). Шын мәнінде, кішкентай Алеша танымы бұл бейбактың сыртқы бейнесін ғана есте сақтап қалған. «Жалпы Бунин өзінің әлдеқайда кейінгі эмигранттық эстетикалық көзқарастарын Арсеньевке теліген» [98, с. 158]. Жылдар өте келе, осы көріністі қайта еске түсірген Арсеньев тұтқынның келбетінен көрген түсініксіз, жұмбак кейіптиң мәнін топшылайды. Кескін-кеспірі аурудан ада емес (ісінген сары бетті), өңсіз (сұр түсті түрме киімі) тұтқынның бет-жүзінен Арсеньев зор қасірет пен әлдененің алдында мәңгіге тізе бүктірген мойынсынуды, сонымен бірге ессіз де құнгірт киялды көргендей болады. Мұндай сюжеттік естелік компоненті Алеша Арсеньевтің байқампаздық, дәлдік, жадыда ұзак уақыт сақтау әрі оны қайта елестету (воспроизведение) сияқты интеллектуалдық қабілеттерін ашумен қоса, мінезстаным, темперамент тұрғысында қалыптасу арнасын тілге тиек етеді. Тегінде, бұл кейінгі әйгілі қаламгер Буниннің реалист ретінде жетілу сапарына мегзейді.

Қаһарманның философиялық-эстетикалық, діни-мистикалық сипаттағы кейбір толғамдары К. Юнгтың сананың ең жоғарғы дәрежесі жайлы ойларын еске түсіреді. Келесі үзіндіде бұл дүниелік тіршілік тек ұлы өмірдің аралық бөлігі ғана деген идея қылаң береді: «Но ведь слишком скучно знание, приобретаемое нами за нашу личную краткую жизнь – есть другое, бесконечно более богатое, то, с которым мы рождаемся» [101, с. 8]. Арсеньев осы ретте адамның рухани әлеміндегі саналы, бейсаналы жақтарын салыстыра отырып, сыртқы ортаның әсерінсіз архетип күйінде өмір сүретін мәңгілік ақыл алдында бас иеді.

Л. Гинзбург: «XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы орыс әдебиеті Толстойға тән шарттылық пен белсенді психологиялық дәлдікті еншіледі. Өзіндік қолданыста үнемі құбылып отыратын бұл ұстанымды Чеховтан, Горькийден, Буниннен байқаймыз» [26, с. 110], – дейді. Ғалым айтуындағы психологиялық дәлдіктің И. Бунин қаламымен өзіндік көркемдік сипат алудының бір қөрінісі – қайшылықты эмоциялар мен ұғымдар құйылысынан жаңа мағыналық реңкке қол жеткізу. Қаһарман сезімдерінің амбиваленттілігі көп жағдайда оның ішкі психологиялық қүйі мен табиғат көрінісінің әлдеқандай ұқастық арқылы байланысын сезінуден туындастын керегарлық болып табылады. «Помню: однажды осенней ночью я почему-то проснулся и увидал легкий и *тайный полусвет в комнате*, а в большое незавешанное окно – бледную и густую осеннюю луну, стоявшую высоко, высоко над пустым двором усадьбы, такую *грустную и исполненную такой неземной прелести от своей грусти и своего одиночества, что и мое сердце сжало какие-то несказанно-сладкие и горестные чувства...*» [101, с 10-11] (Курсив ізденушінікі – А.К.). Жадыдағы көне суретке жан бітіретін автор сәйкесінше бала көзқарасы тұрғысынан зер салып, ой кестелейді. Жалғыздығынан мұн кешкен сұлу айдың тылсым сәулесі сезімтал бала көңілінде аландашылықпен қоса, қайғылы әрі тәтті сезім толқынын тудырады. Антропоморфистік пайымдау қабілеті жетілген Алеша Ай мен өзінің арасында жан туыстығы бар екеніне сенеді. Жалғыздық дәмін татып ұлгерген сәби жүргегі айрықша әсершілдік қасиетімен танылған.

««Ойдан шығарудың қажеті қанша?..» – бұл сөздер Бунин шығармашылығы үшін басты бағдар болып табылады» [103, с. 183], – дейді Н. Кучеровский. И. Буниннің сезім шынайылығын барша қайшылығымен ашуға бағытталған ұмтылысы романдағы түрлі эмоциялардың көркем сомдалуынан көріністейді. Қаһарман-баяндаушының өз басынан өткен қылыш өмірлік ситуацияларды бейнелейтін психологиялық суреттеулері үнемі қайшы ұғымдардың бірлігінен туындастын тосян эмоцияларға толы.

«И не раз видел я, с каким горестным восторгом молилась в этот угол мать, оставшись одна...» [101, с. 22-23] (Курсив

ізденушінікі – А.Қ.). Арсеневтің Құдайға бағышталатын қасиетті дүға, мінәжаттармен етене таныстығы, оған деген шүбесіз сенімі анасының сыйынуы кездеріндегі ішкі тебіренісін болжауға негіз болған. Негізінде, ««Арсеневтің өмірі» романындағы И. Буниннің діни толғамдары жазушының ғаламға және адамға деген эмоционалдық сезімдік ықылас-пейілі арқылы көрініс тауып отырады» [104, с. 37]. Құллі ғұмырын тұйық бір өзіндік әлемде таусылмас сары уайыммен өткізген шешесінің жаратушыға нендей тілек айтып жалбарынатыны Алеша үшін мүлде беймәлім емес (оның себептері мол: дворяндық ұяның құйреуі, отбасының жан-жаққа тарыдай шашылып, сәби қызының аурудан көз жұмуы және анасының писсимизмге тән мінез-құлық қыры). Курсивпен ажыратылған сөздер арқылы автор Құдіретті құш пен өз қайғынды бір мезетте сезінудің күрделі психологиялық сипаттын ашады. Бұл, сайып келгенде, бақылаушы-автордың мінәжат уақытындағы шүбесіз сенімді түйсіне қабылдауын, жан қозғалысын, құдіретті сезінү, мойындау рухын айғақтайды.

Бозбаланың алғашқы маҳабbat сезімін бастан кешуі оны мүлде бөтен халге бөлейді. Анығында, қаһарман психологиясындағы керегарлық оның өмірлік ортасынан тамыр тартады: «И удивительно скоро мелькали для меня эти горестно-счастливые дни. Расставшись с Анхен, сладко-замученный бесконечным прощанием с ней, я, прия домой, тотчас же проходил в кабинет и засыпал мертвым сном с мыслью о завтрашнем свиданье» [101, с. 104] (Курсив ізденушінікі – А.Қ.). Алексей Арсенев алғашқы ғашықтық сезімді жақын жездесі Писаревтің дүниеден өткен уақытында бастан кешіреді. Өз сүйіспеншілік бақыты мен отбасына төнген ортақ қайғының кейіпкер жан әлеміндегі өзара әсерлестігі қым-куыт қайшылығымен, барышы күрделілігімен толымды суреттелген. Сондай-ақ жас жігіттің тұңғыш ғашықтық қуйінің әсіре әсершілдігі, тіпті сүйіктісімен қоштасардағы жан бейнетінен рахатқа бөленуі сынды қалыпты жағдайдан тыс әсерлері бар. Келесі үзіндіде де ғашықтық эмоцияның осы сарындағы ренкі өрнек тапқан: «Она, наконец, уехала. Никогда еще не плакал я так неистово, как в этот день. Но с какой нежностью, с какой мукой сладчайшей любви к миру, жизни, к

телесной и душевной человеческой красоте, которую, сама того не ведая, открыла мне Анхен, плакал я!» [101, с. 105] (Курсив ізденушінікі – А.К.). Бозбала көңіліндегі аласұрған сезім толқыны оның жаңын кең дүниеде тербелте отырып, қуанышы мен қайғысы егіз ерекше әсерлер сыйлады. Әрі, осы ретте бір ерекшелігі – кейіпкер осындай эмоционалдық жағдайды саналы түрде қабылдап, жадыда жаттап қалуға тырысатын көрінеді.

Бунин стилінде керегарлық жұптардан жаңа ұфым қалыптастыру адам кескіндемесін жасауда да кездеседі. Тұла бойын аланнатқан, сөйтіп өзін түрлі әрекеттерге жетелеген сезім серілігі Алексейді күтүші қызы Тонькамен табыстырады: «Она была похожа на индиянку: *прямые, но грубоватые черты темного лица, грубая смоль плоских волос*. Но я в этом находил даже какуюто особую прелесть» [101, с. 129] (Курсив ізденушінікі – А.К.). Оның баянсыз маҳаббаты, нәзік те талдырмаш Анхенге мұлде ұқсамайтын Антонинаға жолығуының өзі тұлғаға тән сұлулық мұратының оппозициясын білдіреді. Ешнәрсемен алаңы жок, үнемі шаруа қамындағы қызметші қыздың күтімсіз, дөрекілеу өң-әлпеті ол үшін – әсемдіктің өзінше бір сипаты. Сырттай бұйығы, жуас көрінетін жас Арсеньев, негізінде, тәуекелшіл романтик.

Писарев қазасынан кейінгі Васильевское үй-жайындағы пенделік тірліктің өз жалғасын тауып кетуі жігітті өмір мен өлім жайлы мұнды толғаныстарға жетелейді. Алешаның зердесімен танылатын толассыз түрмис қам-қарекеті кей арада әділетсіздіктің, таяздықтың көрінісі болып суреттеледі де, кейін мұның барлығы өмірдің қатал зандылығы екені мойындалады. Іштей адам өлімінің тез ұмытылатынына қайғыланған оның жүргегінің түбінде маҳаббат пен көктем лебі ақыры үстемдік танытады: «*Двойственна была и жизнь в Васильевском. Она была еще обвеяна грустью, но как-то удивительно быстро приходила опять в порядок, приобретая что-то особенно приятное вследствие тех перемен, которые в ней произошли и происходили среди расцветающей и крепнущей весенней красоты*» [101, с. 104] (Курсив ізденушінікі – А.К.).

Кейде ақиқатында позитив сипатындағы реалды әлем бейнесі жан күйзелісіне орай қаһарман дүниеқабылдауында

драмаға ойысады: «О, какая жестокая, светлая пустота была в мире, какое гробовое солнечное молчание, какая прозрачность воздуха, холод и блеск пустых полей!» [101, с. 140] (Курсив ізденушінікі – А.К.). Жалғыздық пен өмірдің мәнсіздігін асқына сезіну нәтижесінде Арсеньев күн райының жарықтығы мен саф тазалығын тәкаппар қатігездікке, өлі тыныштыққа балайды. Табиғаттың маңғаз қалпынан ешбір кінарат таппаган кінәмшіл жас өз қайғысына ортақтастық көре алмай ызалаңады. Анығында, кейіпкер өзі мен табиғаттың диалектикасына, жаратылыстың біртұастығына күмән келтіре бастаған-ды. Жоғарыдағы қаһарман ой-сезімінің ренқі осы жағдайды паш етеді.

Қаһарман баяндауында назарға ілігетін бір ерекшелік – ол үшін ғашығынан ғөрі сол ғашықтық сезімнің өзі маңызды. Арсеньевке тән өмір салты сапасындағы сезімнің рөлі анықталған түсінен: «И прекрасная была моя первая влюбленность, радостно длившаяся всю зиму. Анхен была простенькая, молоденькая девушка, только и всего. Но в ней ли было дело?» [101, с. 92]. Бұл жайында В.Я. Линков былай дейді: «Арсеньев үшін Анхен емес, оған ғашықтығы керемет. Ал Бунин үшін бұл өздігінен, таза субъективтілігінен маңызды» [98, с. 106].

Писаревті жерлеу рәсімін суреттейтін эпизодтағы Арсеньевтің эмоционалды ой-сезім ағымы былайша баяндалған: «Что будет в этом гробу через неделю, даже пытался уверить себя, что будет и в некий срок и со мной то же самое... Но веры в это не было ни малейшей, могилу сравняли с землею, на Анхен было новое батистовое платьице... ласково и беззаветно, все разрешая и во всем обнадеживая, звучало последнее песнопение...» [101, с. 101]. Өлім жайлы тітіркене толғанатын және ол туралы ойламай тұра алмайтын қаһарманның сезімдері күрделене түсінен. Қаһарман зердесімен берілген ой ағыны көз алдында жермен теңесіп, гайып болған адам тағдырына, өзге жүрттың алансыз күйкі тірлікпен айналысына, сонымен бірге тіршілік толассыздығын уағыздаған ғұрыптық ән сазына өкпе-назы, күйініші мен сүйініші араласып кеткендегі қым-куыт психологиялық ахуал философиялық деңгейде сараланады. Моральдық-пәлсалапалық құндылықтар тұрғысынан алуан түрлі эмоциялардың бір сөйлем ішінде бас

біріктіруі кездейсоқтық я болмаса стильдік ақау емес. Қаһарман ой ағынындағы көп нүктес арқылы бедерленген интонациялық ырғақ жылдамдығы мен ой контрасты (қабір жайлы ойдан Аңхен кіміне ойысу) ішкі арпалыстың шынайылығын кейіптейді. «Бунин прозасында адам санасының шындығы мен өмірі керегар бірлікте» [105, с. 72].

«Өткенді еске алу қашан да эстетика көрігінен өтеді» [79, с 141], – дейді М. Бахтин. И. Буниннің ұақыт пен кеңістік тұрғысына алыс жастиқ шақта, шалғай туған жерде қалған сезім-толғаныстарын жады арқылы қайта тірілтуі, әрине, өткен оқиғаларға эстетикалық көзқараспен жүзеге асырылған. Рухани әлемдегі ой-сезім сипатын, қозғалысын, құбылысын субъективті дүниекабылдау түрінде кестелеу қаһарман-баяндаушының оқшау тұлғасын көркем әрі дәйекті мүсіндеген. Арсеневтың ғашықтық, қуаныш, қайғы, мұн сияқты өзге де эмоцияларды сезінуі психологиялық баяндау негізінде оның айрықша әлемсезіну қасиетін бедерлейді. Автор керегар мағыналық жүптардың парадоксальды гармониясынан жаңа ұғым қалыптастыруды, сол арқылы соны эмоционалдық қүйлерді өрнектеуде шеберлік танытады. Осылайша, қаһарман-баяндаушы жан дүниесінің кия-қалтарыстары зерделеніп, тұлғаның харakterологиялық қырлары ашылады; кейбір экзистенциалистік ой-тұжырымдары бедерленеді, жалпы қаһарман дүниетанымына тән терең трагизмнің философиялық, өміrbаяндық, әлеуметтік, психологиялық негіздері анықталады.

В. Линков романдағы қаһарманның шығармашылық тұлға ретінде бедерленуі туралы: ««Арсеневтің өмірін» суреткердің өмір тарихы мен қалыптасуы туралы роман ретінде қарастыруға болмайды. Себебі автор саналы түрде тарихты да қалыптасуды да сөз етпейді» [98, с. 162], – деген көзқарас білдіреді. Алайда романнның жүйелі фабулаға құрылмағанын ескерсек те, қаһарман-баяндаушы Арсеневтың талант ретінде өзін-өзі тәрбиелеу, дайындау жолының жекелеген естелік үзінділері негізінде психологиялық пайымдалғаны сезсіз. Тұындыдағы қаһарман-баяндаушы көзқарас тұғыры арқылы өрнектелген, стильдік даралаланбаған буниндік баяндау үлгісі – автобиографизм құбылысының пішіндік игерілуі. Қаламгер прозасына тән ерекше

стильдік құбылыс – лиризм «Арсеньевтың өмірінде» буниндік трагизммен ұштаса келе, автор шығармашылық тұлғасының идеялық-эстетикалық тұжырымдамасын жасағанын көреміз.

«Бунин баяндауы – қашан да авторлық баяндау, яғни бір туындыдағы авторлық белгілер мен нышандар шамалы езгерістермен үнемі екінші бір туындысында кездесіп отырады» [104, с. 144]. Мұның басты себебі ретінде жалпы И. Бунин прозасына тән айрықша құрылымдық-баяндау жүйесінің мейлінше тұрақтылығын, соның ішінде өміrbаяндық автор мен кейіпкер арақытынасының тығыз байланыстылығын атауға болады. И. Бунин әңгімелері мен повестерін жан-жақты әрі терең зерттеген И. Вантенков олардағы авторлық тұрғының жеті деңгейін анықтаған: «мен» тарапынан авторға жуық лирикалық баяндау, бақылаушы тарапынан объективтендіре баяндау, делдал-кейіпкердің қатысуымен әңгімеледе, жете тұлғаланбаған әңгімеші тарапынан субъективті бағалаушылық көзқарас таныту, очерк сипатындағы бағалауға ұмтылмайтын бейтарап баяндау, тұрмыстық және эпикалық фольклорлық әлкиссаға еліктеу, автор көзқарасынсыз құрылған тұлғаланбаған әңгімеші атынан баяндау.

И. Буниннің «Кітап», «Өмір бастаулары» атты шағын туындылары осы қатардың алғашқы баяндау үлгісінде жазылған әңгімелері болып табылады. Яғни бірінші жақтан баяндауга негізделген бұл шығармалардағы автор-баяндаушы позициясы өмірлік деректер, лирикалық интонация, уақыт және кеңістік түзілімі тұрғысында ғұмырнамалық автор тұлғасына етene жақындықты танытады.

1924 жылы жарық көрген «Кітап» миниатюрасы сюжетке құрылмаған. Бірыңғай баяндауға негізделген бұл туындыда жүйелі оқиға желісі мұлде жоқ. Автор-баяндаушы өзінің өмір жайлы толғаныстарынан сыр шертеді. Монологтық баяндау барысында оның шығармашылық тұлға екені анықталады: «Полжизни прожил в каком-то несуществующем мире, среди людей, никогда не бывших, выдуманных, волнуясь их судьбами, их радостями и печальми, как своими собственными, до могилы связав себя с Авраамом и Исааком, с пелазгами и этрусками, с Сократом и Юлием Цезарем, Гамлетом и Данте, Гретхен и Чацким, Собакевичем и Офилией,

Печориным и Наташой Ростовой! И как теперь разобраться среди действительных и вымышленных спутников моего земного существования?» [106, с. 117]. Осылайша, өмірлік-шығармашылық шежіресінің бел ортасына жеткен қаламгер шынайы болмыс пен көркем әлем шекарасын ажыратуға тырысады. Оны қинайтын басты саял: Қайсысы мәндірек? Өмір ме әлде шығармашылық па?

Автор-баяндаушы үшін көркем әлем бірде қозғалыссыз (статикалық) дүние болып көрінеді. Кітап беттеріндегі өмір өрнектерінің бір мезгілде көркем әрі жалған болуы оның дуниетанымдық позициясына түбірлі өзгеріс әкеледі. «Пока я читал в природе сокровенно шли изменения» [106, с. 117], – дейді асқан қынжылыспен автор-баяндаушы. Жазушының мұндай толғаныстарынан көркем дүниенің шынайы болмысын танудағы мүмкіндігіне деген күмән нышан беріп қалатындей.

Субъективті-эмоционалдық баяндау позициясы мен нақты өміrbаяндық автор позициясының біртұтастығына көз жеткізу қынға соқпайды. Әңгімедегі қаламгер пайымдауларын қозғалыс, өзгеріс күйіне итермелеші сыртқы фактор – кездейсоқ ұшырасқан карт шаруаның бір ауыз сөзі: «На своей девочке куст жасмину посадил!.. Все читаете, все книжки выдумываете?» [106, с. 117]. Автордың дүниедегі мызғымас, мәңгілік сакталатын құндылықтар жөніндегі философиялық көзқарасы жоғарыдағы қарапайым шаруа адамының танымымен оппозиция құрады. Қабір басына отыргызылған бір шоқ гүлдің кімге қандай пайдасы бар деген агностиктер сарынындағы күмәнді пайымын автордың өз ой-толғамынан туған тоқтамы женеді: «А ведь будет цвести, и будет казаться, что недаром, а для кого-то и для чего-то» [106, с. 117].

Сана ағымы сипатында кезегімен туындалп отыратын ойлары автор-баяндаушыны «Мен кім үшін, не үшін жазамын?» деген саялға тірейді. Оның ойынша, көз майын тауыса, сарыла отырып, «ойдан шығарып» жазудың, қиялдаудың саналы түрде шығармашылықтың азапты тауқыметіне мойынсынудың түпкі мәні мен себебі: «...И вечная мука – вечно молчать, не говорить как раз о том, что есть истинно твое и единственное настоящее, требующее наиболее законно выражения, то есть следа, воплощения и сохранения хотя бы в слове!» [106, с. 117].

Қаламгер өзіне етene жақын шығармашылық болмыс мәселесі арқылы философияның өмір мен өлім жайлы экзистенциалистік сауалына да қадам басқан. Файып болған қызыға өз қабіріндегі гүлдің қажеті бар ма деген ой – соның дәлелі. Қария өзінен туған қыздың бұл жарық дүниеден ізсіз жоғалып кетпеуі қамымен қиналыс кешсе, автор-баяндаушы да өз кезегінде бейсаналы түрде ұмыт болмау қаупін жадыда ұстайды.

Шағын әңгіменің тұтас мазмұндық-идеялық тұжырымы «Арсеневтің өмірі» романындағы автор-қаһарман дүниетанымына жақын. «Кітаптағы» жазушылық қасіппен айналысатын есімсіз кейіпкер де, Арсенев те И. Буниннің қаламгерлік тұлғасын елестетеді.

Ал «Өмір бастаулары» әңгімесіндегі автор-баяндаушы еске алатын ғұмырлық деректер толығымен «Арсеневтің өмірінде» көрініс тапқан. Әңгімегі еске алу ретінде суреттелетін көркем кеңістік роман кейіпкери Арсеневтің үй-жайын елестетеді: «Я вижу большую комнату в бревенчатом доме на хуторе средней России. Одно окно этой комнаты – на юг, на солнце, два других – на запад, в вишневый сад» [106, с. 35]. Енді романда сөз болатын көркем кеңістікке келейік: «Я родился полвека тому назад, в средней России, в деревне, в отцовской усадьбе» [101, с. 3]; «Я помню большую, освещенную предосенним солнцем комнату, его сухой блеск над косогором, видным в окно на юг...» [101, с. 4]; «Поместье наше называлось хутором...» [101, с. 5]. Әңгімеде сипатталған бала бөлмесінің «Арсеневтің өміріндегі» Алеша бөлмесімен ұқсастығы даусыз. Әсіресе өлім туралы алғашқы түсініктің, корқыныштың қалыптасуына тұрткі болған жағдайдың екі тындыда да дәлме-дәл көрініс беруі бұл оқиғаның өмірбаяндық негізін анықтай түседі. Ал шығармалардағы екі баланың (естелік уақытындағы автор-баяндаушылардың) тұнғыш рет айнадағы өз бейнелерін тамашалауы көркемдік детальдың жаңғыра қайталануы болып көрінеді. «Өмір бастауларындағы» есімсіз автор-баяндаушының (естелік уақытындағы баланың) айна жұмбағын шешуге тырысатын әрекеті – сынапты қырып, әйнектің аргы жағына үңілуі де Арсеневті еске салады. Дүние құбылыстарының

тылсым, құпия жақтарына зер салуға бейімділік қасиеті, шын мәнінде, өмірбаяндық авторға тән мінез қыры екені дау тудырмайды.

«Арсеньевтің өмірі» романындағы мұндай реминисценция көріністерінің орын алуын біз автобиографизм құбылысын айшықтай түсетін ерекшелік ретінде бағалаймыз.

Тұындыдағы қаһарман-баяндаушы өміріне қатысты лирикалық естеліктердің терен эмоционалдық сипаты, шын мәнінде, автор тұлғасының көркем әлемге етене субъективті қатыстылығын паш етеді. Түрлі құнделіктерде, естеліктерде, реңми ғұмырнамаларда жазылған И. Бунин мен Арсеньев тағдырларының ұқсас сәттері мол. Ең алдымен, жас Арсеньев тұлғасына тән дүниетанымдық, әлемсезіну ерекшеліктері мен И. Буниннің біртұтас шығармашылығындағы лейтмотивтердің үндестігі (Сезімді сомдау, маҳаббаттағы драматизм, маҳабbat және өмір мен өлім) қаһарман мен автордың ортақ көзқарасын айғақтайды.

«Арсеньевтің өмірі» романындағы психологизмнің көркем қызметін талдау талпынысы автор-қаһарман позициясын зерделеу негізінде жүзеге асырылды. Автор-қаһарман жан әлемін суреттеуде айрықша рөл атқаратын лиризмнің көркемдік маңызын ашуда жан-жақты сараптау жүргізуге ұмтылыс жасалды. Соның нәтижесінде «Мен» формасындағы бірінші жақтан лирикалық баяндаудың өзіндік қырлары анықталды. Автордың айрықша лирикалық интонациясын, суреттеу ауқымының терендігін, ой-сезім қозгалысын бейнелеудің ұтқырлығын айқындау арқылы авторлық психологиялық баяндаудың мән-маңызы бағамдалды. Шығармадағы автор-қаһарман толғаныстарын стильдік тұрғыда зерделеу бойынша қаһарман психикасының трагедиялық негізі анықталды. Осы орайда, адам бақытының көмексілігі, өмірдің мәні туралы көркемдік-эстетикалық толғамдардың өмірбаяндық автордың шығармашылық тұлғасына тиесілі пайымдар екендігіне көз жеткіземіз. Қорыта айтқанда, «Арсеньевтің өмірі» – қаламгердің творчестволық қалыптасу, өсу жолын, ой-сезім сапарын көркем өрнектеген тұынды.

Псевдобиографизм көріністері

“Барша ұлы жазушылар сияқты М. Әуезов туындыларының да өмірлік негіздері мол” [107, 35 б.], – дейді Б. Майтанов. М.О. Әуезовтің “Үйлену”, “Сөніп-жану”, “Оқыған азамат” атты әңгімелерінде автобиографизм көріністерін байқауға болады. Олардың барлығы шамамен бір мезгілде жазылып, жарық көрген (1923).

Т. Жүртбай: ““Үйлену” әңгімесі өзінің Кәмилаға қосылуының ұзын-ырғасынан елес береді” [20, 284 б.], – деген пікір білдіреді. Шығарманың алғашқы нұсқасы “Жас жүректер” болып жарияланған. Мұндағы жазушы нұсқаған “жас жүректер” – Жәмила мен Оспан. Біз Оспанның түптүлғасы М. Әуезов деуден аулақпыз. Алайда негізгі кейіпкер Оспанның басынан өткен оқиғаны баяндау арқылы автор өз көңіл әуендерімен үндес тұстарды, жадында сақталған аса әсерлі эмоционалдық сәттерді мегзегендей. Әңгіменің бастапқыда «Жас жүректер» аталуы туындының неғұрлым лирикалық мазмұнына жарнама жасаған болса, кейінгі аталымында (“Үйлену”) ирониялық астар басым және қаламгер осылайша әңгімеге өзінің биографиялық қатыстылығын көмексілеп, жанр жағынан мейлінше реалистік көркем туынды сапасына ұмтылған. Себебі суреткер М. Әуезов үшін, ең алдымен, әдеби туындының көркемдігі бағалы. «Өзге де тағдырлас, тұрғыластары сияқты Мұхтар Әуезов қай көркемдік әдіс ауқымында жазсын, бәрібір, реалист жазушы ретінде қабылданбақ» [29, 67 б.].

“Үйлену” әңгімесінің сюжеттік желісі шағын оқиғаны арқау өткен: Байбосын хажының аулына көрші ел “болаткомының” бастығы – Қасымның күйеу болып келуі; әйел үстіне тоқал болудан бас тартқан Жәмила қыз бері оны “көндіруді” ниет қылған сайлаушы Оспан арасындағы шешуші диалог; Оспанның Жәмиланы алып қашуы – әрекет тізбегі осындай.

Баяндау барысында қалыптасатын атмосфера көркем кеңістіктегі мамыражай тіршілікті елестетеді. Бірақ қазақы тұрмыстағы үйлену салтының – әңгіменің басты тақырыптық идеялық нысанының ирониямен суреттелгендігін байқау қын

емес. Тілдік-стильдік қолданыстар, образ жасау тәсілдері қаламгер тұрғысының баяндалатын оқиғаға эмоционалды-экспрессивті қатысынан мәліметтер бергенмен, жазушы бірқалыпты әрі тәуелсіз авторлық баяндау үлгісіне жүгінген.

«Өмірбаяндық автор (авторлық құқық субъекті) – жазу үдерісінде үнемі мәтін ішіндегі сөйлеуші позициясынан қашықтап кетіп отырады. Үкітимал адресат тұрғысынан жазғанын оқи отырып, ол қайта сол мәтінішілік позицияға оралады» [3, с. 24]. Қажы аулының көңілді тіршілік қалыбын суреттеуде жазушы бастапқыда бейтараптық танытады: “Ауылдың көзіргі ажарына қарағанда және үлкендердің ниетіне қарағанда, бұл күйеулер қадірлі қонақтарға ұқсайды, – деп сырт көзқарас бағасын аңғартады. Көзқарас тарабы автор позициясынан алшақ, көркем әлемдегі бақылаушы зердесінен бағыт алған. Ал, – “Бұның бір себебі – күйеу болып отырған Қасым – осы елдің көрші болысы – Қызылшіліктің жаңада сайланған “болатком” бастығы болатын” [93, 71 б.], – деуі баяндаушының мән-жайға қанықтығын білдіріп, әлеуетті автор мәртебесін иеленеді.

Қасым, Оспан бейнелерін ашуда әрекетке жүгінуден гөрі баяндауга көбірек жол берілген әрі осы орайда автордың бағалаушылық бағдары айқындала түскен. Әңгіме үйлену оқиғасы жайлы, күйеу жігіт – Қасым. Алайда “Өзі пәлендей батыр, өнерлі, өрелі жігіт болмаса да, “ата баласы ғой” деп атасының “аруағын” сыйлап, ел осыны болыс қылған” [108, 71 б.] Қасымнан бұрын назар сайлаушы Оспанға жығылады.

Оспан мінездемесі иронияға толы: шала сауатты, танымы таяз сайлаушы образы жазушы тарабынан мысқылмен түйреліп отырады. “Өнерімен жетілген”, “қазақты жақсы көретіндіктен” сынды арнайы айқындаулар тырнақша ішіндегі төл сөз формасында беріліп, Қасым сөзіне телінгенмен, жазушының аталған кейіпкерге қолдау бере қоймайтын теріс көзқарасын арқау еткен бірыңғай авторлық баяндау болып табылады.

Оқиға оралымы барысында “Үйлену” әңгімесіндегі негізгі кейіпкер, үйленуші Қасым емес, Оспан екендігі айқындалады. Осы себептен және тосыннан алдыңғы жоспарға жылжыған Оспан

бейнесінің характерологиялық белгілері әлдеқайда бедерлі әрі әрекеттік аясы кең.

Бейненің түзілуі барысында автордың оған деген түрлі қатынасы бақыланады. М. Әуезов Оспанның кейбір орынсыз, өресіз қылыштарына аңы мысқылмен сын айтады және ол тікелей кейіпкер әрекет-репликаларын қилюластыру арқылы көрініс тапқан. Сөйтіп, кейіпкер оқырман қабылдаудында көркем кеңістіктегі өз іс-кимыл, әрекеттерімен жағымсыз қырынан танылады.

“Сайлаушы таңертенгі шайдан соң енді біраз “гулять” жасау керек деп, қыр кіслерінің бір жерде отыра беретін мінезін өзінше сөгіп, біраз жүріп келуге тысқа шыққан.

Бірақ тыстың ыстығы шыққан жерден жайсыз көрінсе де, қайта кіруді ынғайсыз көріп, қасына өзінің шабарманы мен тағы бірекі жігітті шақырып алып, ауылдағы әрнәрсені бұрын көрмеген кісідей тамашалап журді. “Төреке” жусап жатқан қой да, оқыралап жүрген сиыр да тамаша көрінді. Желіде жатқан құлыштың көргенде «акжүректігі» ұстап: «ыстықтап жатыр-ау, байғұстар! Әй, қазақ деген осындай «жестоки» деп, бірталай ой ойлаған секілденіп бір тұрды» [108, 72 б.].

Келтірілген тұтас үзінді Оспан мінезінің өзінегін ерекшеліктерін аша түседі. Тегі далалық болса да, калалық болып көрінгісі келетін Оспан қылыштары өз маңайының да, оқырманның да мысқылды күлкісін оятады. Автордың «төре», «гулять», «жестокий», «обижать» сөздеріне ерекше мән беруі, бір жағынан, авторлық мәтін ішінде кейіпкердің төл сөзін стильдік даралау арқылы беру формасы болса, екіншіден, осы сөздер арқылы кейіпкердің моральдық-адамгершілік мінез-құлыштың қырлары әжуа етіледі. Қалай болғанда да, келтірілген мысалдар кейіпкер пайдасына қызмет етпейді. Яғни автор тарабынан Оспанға деген қарсылықты көзқарас бар деуге негіз жеткілікті.

Енді бір тұстардан, атап айтса, Оспан мен Жәмила арасындағы диалогта орын алған авторлық ремаркалардан баяндаушы мен кейіпкер арақатынасы лексика-семантикалық, стилистикалық түрғыда біршама өзгеше ынғайда танылады. Баяндау лебі ирониядан айықпаса да, автордың Оспанға деген көзқарасындағы әлдеқандай “жылымық кезең” нышан береді. Әңгіме мәтінінде

М. Әуезов басты кейіпкерді Оспан, сайлаушы, төре деп орайына қарай жарыстыра атайды келіп, аталмыш эпизодта алғаш рет “жігіт” сөзіне кезек береді. Оспан мен Жәмила сұхбатының онаша интимдік жағдаятына байланысты “қызы”, “жігіт” деген әлеуметтік, моральдық түргыда өзара теңдес ұғымдағы сөздер таңдалған. Сол арқылы Оспан мінездемесі шұғыл түрде жағымды мазмұнға ие бола бастайды. Сондай-ақ, осы тұста алғаш рет оқырман алдында Оспан бейнесінің сыртқы пішіндемесі бедерленеді:

“Бұл уақытта Жәмила да “оқыған жігіт” дегенді жаңа көргендіктен, бұған өзгеше көңілмен қарап орысша сәнді киінген киіміне, қызыл шырайлы сүйкімді пішініне айырықша көңіл белгендей болды. Жас жігіттің ажарлы пішіні мұның да әртүрлі сезімін оятқандай еді” [108, 75 б.]. Жәмила қыздың көзімен суреттелеетін Оспан пішіндемесі абстрактылығымен, шағындығымен ерекшеленеді. Алайда бұл суреттеу белгілі бір мәнде XX ғасыр басындағы қазақы танымдағы «оқыған азаматтың» типін танытады.

Оспанмен салыстырғанда, автор баяндаудында Жәмилаға қатысты мінездемелік көзқарас ирониядан ада, әлдеқайда бейтарап. Мұның өзі қызы бейнесінің әрекеттік аяда дербестігін, жазушы тарапынан объективті бағасын алғандығын білдіреді. Яғни Оспан көзқарасымен зерделенетін Жәмила кескіндемесі авторлық позицияға да ортақ: «Басында оқалаған қара тақиясы, жаңа тараған қара шашына, бетінің ақ түсіне жарасып тұр. Бетінің ұшындағы жұқалаң қызылы, азғана күлімсіреп түрган мелдір қара көзі, кішілеу қырлы мұрны бір көрген жерде-ақ Жәмиланың сұлұлығын білдіріп тұр еді. Орта бойлы, толықтау денесіне киген ақ көйлегі, жасыл пұліс кәмзелі де ешбір мінсіз болып жарасқан» [108, 74 б.].

«Үйлену» әңгімесіндегі бірден-бір бедерлі портреттік нұсқа Жәмилаға тиесілі. Шығарманың баяндау құрылымында осы портреттік телім өзінің эмоционалды-экспрессивтік ренқімен жеке мәтін іспепті бөлектеніп тұрады. Бұл, шын мәнінде – сұлу қызға деген Оспанның ғана симпатиясы емес, автордың да субъективті қатынасының көрінісі. Жәмила, сонымен бірге, әңгімедегі өзіндік пікірі бар, тұлғалық ұстанымы берік, дербес

көзқарас иесі болуымен ерекшеленеді: «Қатын үстіне тимеймін, бостандық заманы, өзімнің көнілім сүйген кісіге тиемін! Оның жасы да ұлken!» [108, 72-74 бб.]. Қасымның жеткізуімен төл сөз ретінде берілген қызы позициясы автор бағамында да, объективті идея арнасында да тәуелсіздігімен, жеке басын сыйлата алатын тәкаппар асқақтығымен бағалы. Жәмила сөздері айтушының еш мәмілеге, ымыраға көнбес кесімді ультиматумын арқау еткен. Оны кейіпкер сөзінің эмоционалдық-экспрессивтік бояуын күшеттеп түсіндіріп, синтаксистік сөз саптау мәнері, интонациялық екпінді жеткізетін тыныс белгілері айғақтайды. Сондай-ақ Оспанмен арадағы диалог та Жәмила тұлғасын айқындауда түседі:

«— Өзгенің жөні бір басқа: Жалғыз-ақ сіздің жеңгетей болғаныңыз қысынсыз емес пе? Әйелге бостандық әперетін сіздер десек, өзіңіз бұны айтқаныңыз дұрыс па?..

Өзіңіздің жастығыңызға, орныңызға, түсіңізге қарағанда, осы сөз лайық па – соны ойланыз!» [108, 75 б.].

Сайлаушы жігіттің кемшилігін өзіне ашық айту қыздың жеке басының еркіндігіне, көзқарасының дұрыстығына сенімінен бастау алады. Қоркем уақыттағы қазақ қызының жеке басының азаттығы үшін осылайша батылдық танытуы автор тарапынан қолдау тапқан. Ал рухани ой-өресінің биіктігімен әңгімедегі кейіпкерлер ішінде бір саты жоғары тұратын Жәмиланың Оспан сияқты адаммен тағдыр қосуынан көрінетін тәуекелшіл шешімі – әңгіменің өз алдына оқшau бір түйінін андатады. Автор осылайша төреге берілер қорытынды бағаға тікелей өз әсерін тигізеді. Яғни Оспан автордың аңы ирониясына бөлөнген толықтай сатирик бейне емес.

Шындығында, қызға тиесілі репликалар тек Жәмиланың ғана емес, Оспанның да рухани-адамгершілік аңғарын бейнелейді: Жәмила сауалдары оның берік азаматтық позициясымен қоса Оспанға деген моральдық-этикалық әсерін бедерлеуімен айрықша. Осыған дейін айттарлықтай салмақты, байсалды кейіпкер ретінде көрінбеген сайлаушы бейнесі Жәмиланың ол туралы біршама жақсы пікірімен мүлде бөлек бағдарда ұсынылады. Сөйтіп, халқына қызмет етуде жеке мүдденің арбауымен адасып қалған жас жігітке рақымшылық жасалып, түзу жолға түсүіне мүмкіндік

беріледі. Оспан идеялық-адамгершілік арнада бетбұрыс жасау я өз көзқарасына берік болып қалу сияқты тандауға тап болады.

Әңгіменің негізгі идеясының аясында қарастырсақ, Оспан мен Жәмиланың ортақ тілекпен жұп құрып, отау кетеруі, сөйтіп мұраттарына жетуі – ең басты мәселе. Оқырман назары да қоғам құбылыстарына «тендік» тұрғысынан зер салатын жаңашылдықтың салтанат құруына қадалуы тиіс. Дегенмен баяндаудың психологиялық-эмоционалдық, лексика-семантикалық қабаттарындағы Оспанға бағытталған авторлық сынни, айыптаушылық көзқарас мәтіннің түпкі «оқыған азамат» проблемасын айғақтайды.

«Оқудағы құрбыларына» мақаласында: «Ұлт тізгінің ұстап тұрған оқығандарымыз, солардың істерінің таудай болып үлкейіп, дабырайып көркеймегіне не шарт?» [96, 49 б.], – дей келе, Мұхтар ол сауалға өзі жауап береді: 1) бірлік; 2) әр оқығанның білімі. Авторды осындағы талап сыннына толмайтын Оспан сияқты шала сауаттылардың «зиялды» атын жамылғанымен, елге қамқор боларлық хал-қадірі жоқтығы қинаған болар. Қайткенде де, иғі идея аясындағы жаңа қоғамдық құрылысты жүзеге асырушылар Оспан іспетті ұсақ мақсатты мансұқ етуші, ақылы таяз, қауіарсыз тұлғалар екені авторды алаңдатады. Жас М. Әуезовтің «оқыған азамат» мәселесіне бет бұруын, шындығында, біртұтас ұлттық деңгейдегі этностық рухани дагдарыска қарсы тұру әрекеті сапасында пайымдаған жөн. Бұттіннің ажырамас бөлігі екендігін терең түсінетін жас азамат атаптап мәселенің түп-төркінін арыдан емес, дәл өзінен бажайлап, сараптайды.

Әңгіменің нарратив жүйесінен көрініс тапқан автор мен қаһарман арақатынасы, баяндау мәнерінің эмоционалдық-экспрессивтік қыры қаламгердің Оспан бейнесіне бағытталған сындарлы көзқарастық позициясын арқау еткен. Көркем әлемде шебер проекцияланған псевдobiографизм үлгісі (автор – Оспан) жазушы шығармашылық тұлғасының өзіне-өзі баға беру әрекетін айшықтайды. Бұл тұста нақты автордың тек индивид қана емес, «оқыған азамат» қауымының өкілі сапасында бой көрсетуін айта кеткен жөн. Сол арқылы бұл әңгіменің басты идеялық арнасын жас М. Әуезов шығармашылық тұлғасының дүниетанымдық

толғанысы деп қабылдаймыз. Сонымен «Үйлену» М. Әуезовтің экзистенциалистік толғамдары көркем игерілген әңгімелерінің бірі болып табылады.

Қоғамдық санада етек алған рухани дерпті іштей өз санасынан да іздейтін жас жазушының психологиялық түрдегі өзін-өзі сарапқа салтуын көркем кестелеген туынды қатарында «Оқыған азамат» әңгімесі де бар.

«Оқыған азаматтағы» тырнақшага алынған шығарма атының өзі осы мәселенің әсіресе терең зерделенетіндігін айқындайды. М.Әуезовтің бұл әңгімесі де үшінші жақтық баяндау тәсіліне сүйенген. Баяндаудың кей жағдайлардағы экспрессивтік-эмоционалды лебі – автордың көркемдік ортаға субъективті қатыстылығының салдары. Мұндағы Мейірхан бейнесіне қатысты деректерден жазушының өз өмірімен сабактас сәттерді аңғарамыз. Т. Жұртбай әңгімені автобиографиялық сипаты басым, өмірден алынған туынды дей отырып, пікіріне дәлел ретінде мынаны айтады: «Мейірхан – Мұхтардың өзі, Мақсұт – оның досы Сейіт» [20, 250 б.]. Сондай-ақ, Жұмағұл – Әмзе Смағұлұлы, Ақтай – Ахмет Әуезов деген кейіпкер – түптұлға болжамдарын келтіріп етеді.

Оқиға жүзеге асатын көркем кеңістіктің: «Бұл қала Сібірдің үлкен өзендерінің бірінің бойында орнатты» [108, 31 б.], – деп сипатталуынан айтуышының өзіне мәлім жайды саналы түрде ұмыту немесе өзін басқа тұлға орнына қойып қарау іспетті психологиялық мотиві бірден көзге ілінеді.

Басты кейіпкер Мейірханға берілген сипаттамалар легі оқырман қабылдаудында жағымды әсермен танылады: «...осы қалада қызметте тұрған оқыған жігіттердің бірі. ...Жігіттің пішініндегі томсарған кейісіне қарағанда, қабагы тұксиген жүдеулікке қарағанда, бұл келген үйінде бір оқиға болғанға ұқсайды» [108, 31 б.]. Үзіндіде Мейірхан бейнесін сомдау барысында автор тарапынан қолданыс тапқан абстрактылы семантикалық-лексикалық бірліктер (тырнақшасыз оқыған жігіт тіркесі, томсарған кейіс, жүдеулік) ол туралы көзқарастың портреттік сипатта емес, характерологиялық мәнде ерістеуін көздең. Жалпы сюжет динамикасы Мақсұт есімді жігіттің өлімі, артында кәрі анасы ме жесір әйелі Қадишаңың кішкентай қызы Жәмиламен қалтуы, Мақсұттың жақын достарының

бірі Жұмағұл мен Қадишаның үйленуі, Жұмағұлдың Мақсұттан қалған дүние-мұлікті иеленіп қалудағы арам есеппен кішкентай Жәмиланы алуы, кәрі ананың өлімі сияқты эпизодтық оқиғаларды баяндайды. Бір ерекшелігі басты кейіпкер Мейірхан бола тұра, ол оқиғалардың іс-әрекеттік аясына араласпайды. Алайда оның Жұмағұл әрекеттерінің ерісін автормен қатар бақылайтыны анық.

«М. Эуезов қазак прозасында алғаш рет үнсіз наразылығымен драмалық оқиғаларға жол беретін бейәрекетшіл зиялды азамат (Мейірхан) бейнесін сомдады» [94, с. 163]. Негізінен, Мейірхан Мақсұт жанұясы төңірегіндегі жағдайларға сырт бақылаушы ретінде ғана қатысады. Дауасыз дерттен бейmezгіл көз жұмған досы мен оның артында қалған кәрі ана тағдыры, шын мәнінде, Мейірхан көңілін қатты алаңдатады. Әңгімедегі сюжеттік желі бойына тартылған түрлі эпизодтық жағдайларда Мейірхан бейнесі ішкі психологиялық сезімдерін тізбектеу негізінде бірыңғай жағымды пікірлермен толығып отырады: «Мейірхан жолдасының осы пішінін көргенде ішінен тынып, жүдеп келіп, қасындағы орындыққа зорға отырды» [108, 32 б.]; «Мейірханның көзінде жас толы еді» [108, 32 б.]; «Мұндай күйге жүргегі сезімді Мейірхан қатты жүдеп отыр еді» [108, 34 б.]; «Мейірхан бұл үйге Мақсұт өлген соң келген жоқ. Қашқалактағандай» [108, 36 б.].

Мейірхан оқиғаға тек іштей ортақастық білдіреді. Қара бастарының қамымен өзгелерге қайғы жүткізатын Жұмағұл, Қадишалар мен олардың арсыз әрекеттеріне білгілі мөлшерде септесетін Ақтайға деген ашу-ыза, реніш, жек көру эмоциялары тек ішкі үдерістер түрінде бейнеленеді. Автор тарапынан оған тағылар жалғыз айып – оның сырттай бейтараптық, немікұрайлылық болып көрінетін әрекетсіздігі. Сюжеттік ынғайда Мейірханның ішкі наразылығының іс-құмылмен бедерленуінің өзі оған абырой экелмейді. Екі жолдасының жетегімен Жұмағұл-Қадишаның үйлену тойларына баруы ол туралы бұған дейін қалыптасқан көзқарасты құлдыратып жібереді. Әңгімені оқи отырып, осы тұста оқырманнның Мейірханнан көңілі қалардай әсерлі сезім сілкінісі саналы түрде жоспарланған.

«Қызып, мас болған соң Мейірхан бір кездे түрегеліп, жұрттың бәрін тоқтатып өзіне қаратып, қолына рөмкесін алып:

— Мен сендерді Мақсұт үшін шақырамын... Жасасын Мақсұттың аруағы! — деді. Жұрттың бірталайы күлді. Бірталайы ойына ешиәрсе алмай, бірге ішіп жіберді. Мейірханды қасындағы жолдастары «тыныш отыр» деп аяғынан тартып, мазақ қылып күліп, отырғызып қойды. Мейірханның жолдас қарызын өтегені осы еді...» [108, 37 б.].

Әңгімеде авторлық баяндау барысында орнайтын көркемдік атмосфера, негізінен, Мейірхан жан әлеміндегі көңіл-күймен үндес. Мысалы, Мақсұт хал үстінде сырқаты асқынып жатқандағы Мейірханның аяушылық, күйзеліс сезімдері мен авторлық суреттемелер өзара жақтас позиция танытады. Ал Мақсұт көз жұмған соң оның отбасынан Мейірханның алыстауы авторлық эмоционалды баяндау лебін мейлінше бейтарап күйге бөлдейді. Кейіпкер мен автор көзқарастары тарабының ортақтығы логикалық тұрғыда пайымдалады. Кейбір құрылымдық элементтер (қос үнді сөздер, монолог, т.б.) автор мен қаһарман арақатынасының өзіндік тығыз байланысын айқындай түседі.

М. Әуезов шығармашылығы жөнінде толғаныс үстінде: «...Оның әрбір кейіпкері өмірде болған адамдардың ұлы жазушының құдіретті қаламымен мүсінделген көркем образдары» [109, 27 б.], — дейді Қ. Мұхаметханов. Абайтану, мұхтартану сияқты өзара сабактасғылыми салаларға айтартықтай үлес қосқан ғалым пайымындағы туындылардың ішінде М. Әуезовтің осы әңгімелері бар екені даусыз.

Сайып келгенде, субъективті азаматтық, моральдық-этикалық ой-толғаныстар шығармашылық тұлға дүниетанымының негізін қалыптастыратын басты рухани арналар болып табылады. «Оқыған азамат» — автордың шығармашылық тұлғасының өз дәүіріндегі өзекті қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге қозғау салатын ішкі толғаныстарына құрылған әңгіме. Мейірхан бейнесімен өрнек табатын психологиялық ахуал, азаматтық үн, моральдық тұғырнама жинақтала келе XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Мұхтар Әуезов шығармашылық тұлғасының бір қырын бедерлейді. Өзіндік тұлғалық көзқарасы айқын болғанымен, айналадағы әділетсіздікке, зорлықшыл мүдделерге қарсы ашық қарсылық білдіруде шарасыздық танытатын зиялы

азаматтың жігерсіздігі – авторды толғандыратын ең әуелгі фактор.

Дегенмен шығарма атауындағы тырнақшамен берілген «оқыған азаматтың» нақ өзі Мейірхан десек, жаңылар едік. Қаламгердің ой өзегіне түрткі салған тұлға – Жұмағұл. Көзі ашық, кекірегі ояу зиялы қазақ қауымының шоғырынан елес беретін бұл әңгімеде автордың сыни тұрғысы бірбеткей. Ағарту саласына еңбек сінірген жас жігіттің қайғылы өліміне күә болған оның айналасы сезімсіз, тоңмойын, безбүйрек жандардан құралған.

«Азаматқа ақырғы қарызын өтемек болған оқығандар, жолдастары түгел жиылып келді. Бәрінің түсі уайымды... Қабақтары салбыраңқы, жүдеу...» [108, 34 б.]. Кейін жолдастығын ұмыттар осы қауымының Жұмағұл мен Қадишаның үйлену тойына жиылары аян. Тойдан соң «Жастарды шығарып салған оқыған жігіттер қалжындасып, күлісіп», кешегі Мақсұт үйінің тұсынан шімірікпей өте бергені, жағыз қалған кәрі шешенің көз жасының өзен болып аққаны аса әсерлі драматизмге құрылған. Тіпті дәл осы сәтте өмір зандылығымен тіршілік жалғастырып, қайта отау көтерген Қадишаға, қара басының қамымен жолдастық сезімді ұмыт қалдырған Жұмағұлға өкпе артпағанының өзінде зиялы топтың қара жамылған қарияны бір сәтке де еске алмауы үлken кадрмен ерекшелене берілгендей әсер сыйлайды. Жас жұбайлардың дүниекорлықпен Мақсұт шешесін торуылдауы кезінде кілең оқыған азамат жиылған ортадан бір ақылшы, арашашы табылмағаны түңілерлік жайт. Қазақ жұртының соншалық қатігездікке, немқұрайлылыққа («нем құридылыққа» я болмаса, «нем кеттілікке») салынғанының айғағы. Осындай қоғамның өкілі Жұмағұлдың дүниетанымын сөз еткенде автор оның ескен ортасын қоса сынға алады. «Шаруақорлықты сараптыққа жеткізген, күтімділікті пайдакунемділікке жеткізген» Қамария мен Әміре сынды ата-ананың тәрбиесімен жетілген ұлдың қандай болары сөзсіз белгілі. Адамның баласы болуды емес, атаның баласы болуды санағына сінірген Жұмағұлдың, шын мәнінде, сыртқы кейпі ғана зиялы. Мал табу, табыс көру жолдарының ақ-қарасын, дұрыс-бұрысын айыра бермейтін көркеуде, надан қазақтың арсыздыққа, озбырлыққа жол беруі қоғамда Жұмағұл

сынды қауіпті азаматтарды жаратты. Көрі кемпірге тізе батырып, зорлық қылуға келгенде әке мен баланың, ене мен келіннің арам пиғылышың бір жерден шығып жатуы қырдағы надандық пен қаладағы зиялыштық арасындағы айырманың жоқтығын дәлелдей түседі. «Оқыған азамат», «жаңа адам» дегені оқыған бай, арсызырақ дүниеконыз екенін жаңа ұққан Мейірхан» [108, 44 б.] әділетсіздікке қарсы тұруға шарасыз. Өйткені ол жалғыз.

Төрінен көрі жақын, көңлі онсыз да қаяу мұнға қамалған қаралы шешені тірідей көмгендей сорақы іс – Жұмағұл-Қадишалардың карт ананың ата жұртынан қалған дүниесіне көзі тірісінде қол сұғулары; шарасыз халін пайдаланып, намысын аяқ асты етіп таптаулары. Жұмағұлдың Мақсұтпен жолдастығын да, азаматтықabyroyын да ұмыт қылар мінезі – дүниекорлығы, байлық пен дәүлетке келгенде көкірек көзінің шелденүі. «Оқыған азамат» әңгімесі окуы мен тоқуын қара бастың қамына ғана жаратып жүрген XX ғасыр басындағы қазак жастарының ешбір актауға тұрмас көрітартпалағын, өзімшілдігін әйгілейді.

Өзі өмір сүріп жүрген қоғамның ағаттығына ашық наразылық білдіруге ықылассыз, жігерсіз Мейірхан мен автор арасындағы қатынастың баяндау құрылымы шеңберінде бедер тапқан көрсеткіштері: өміrbаяндық материалдың көркемделуі, автор және қаһарман көзқарастық позицияларының ортақтығы, реалды автор мен қаһарманға тән дүниетанымдық-идеялық толғаныстардың үндестігі. Осы тұрғыдан келгенде, псевдобиографизмге ойысадағы автор шығармашылық тұлғасы индивидтік қалпын сақтаған. Ал көркем мәтіндегі автор мен зиялты қауым (Мейірхан, Жұмағұл, Ақтай және олардың зиялты достары) арасында орнайтын қайшылықты қатынас автордың ұжымдық сана деңгейінен өз қоғамына зерсалуы ретінде сараланады.

Тұлға дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдарындағы керегар оппозициялар өзіндік дербес бағдар айқындау ізденістерімен ұштас. Адамның сыртқы ортадағы екіүйдайлық әрекеттер ретінде бағаланатын байламсыздығы, негізінде, ішкі әлемдегі бір-бірімен сыйымсыз көзқарастардан өзек алады. «Ішкі қактығыс сырттай көрініс беруі ықтимал және ол бейсаналы аяда адамның қоршаған ортамен қайшылығын білдіруі мүмкін» [110, с. 25]. М. Әуезовтің

келесі әңгімесі қаһарманның осындай өзара қайшылықты ой-сезім аясына бойлайды.

“Сөніп-жану” әңгімесінің сюжеттік желісіне М.О. Әуезов өмірбаянының бізге белгілі кезеңі – 1916 жылы Райхан Кәкенқызына үйленуі оқиғасы арқау болған деуге болады. М. Әуезов жайлы Мұғамила Мұхтарқызының, Ақылия Тұрағұлқызының естеліктеріне сүйене отырып: “Жазушының өз өмірі мен кейіпкердің басындағы оқиғаларды салыстырсақ, көптеген ұқсастықтарды аңғару қын емес” [20, 283 б.], – дейді Т. Жұртбай.

Десек те, жазушының бұл әңгімесі төңірегінде айтылған өзге дерек те бар. Оларда М. Әуезовтің өзінен Сыздықтың прототипі Халел есімді Абай өнірінің жігіті деп естігендігін, ол адамды өзі де танитындығы айтылады. Қалай болғанда да, жазушы М. Әуезов пен кейіпкер Сыздық өмірлерінің кейбір тұстары сөзсіз ұқсас. Сондықтан автор кімнің өмірін әңгімеге өзек етіп алса да, кейіпкер жан дүниесін бейнелеуде өз өмірбаяндық тәжірибесіне сүйенген десек, қисынды болар. Қаламгерлердің шығармашылық шеберханасында мұндай мотивация жиі кездеседі.

Б. Майтановтың ““Заман еркесі” (аяқталмаған роман) – “Сөніп-жанудағы” негізгі мәлімет, психологиялық сәттердің бұрынғы ғашықтық дертінен айыға алмай жүріп, қазақ тұрмысындағы салтқа сай бәрібір шаңырақ көтеру парзызын орында мақ болатын жас Мұхтардың кейбір эмоционалдық өміріне шартты түрде қатысты жайлар болуы мүмкін”, – деуі біздің жоғарыдағы пікірімізді жоққа шығармайтынын көреміз [107, 35 б.].

Мәселе көркем шындықты өмірбаяндық дерекке теліп, үзілдікесілді пікір айтуда емес, қаһарман жан әлемінің шынайылығында, бүкіл психологиялық ой жүйесінде болып жатқан алуан түрлі үдерістердің барынша нанымдылығы мен қисындылығында.

Әңгіменің басты кейіпкері – Сыздық; Ыргайлы болысының оқыған жігіті, Сұлеймен, Есімжан сияқты өзіндей бозбалаларды ертіп қыз көруші. Ел аралап, таңдал жүріп, көніл тоқтатқан қызы Жәмиламен үйленуі, сәтсіз де қысқа отбасылық ғұмыры, кейіннен Е. Лосовская есімді орыстың оқыған әйеліне ғашық болып, жана өмір бастауы әңгіменің негізгі оқиғалық желісі ретінде алынған;

кейіпкердің қазақы ескі салтпен отау құруындағы жеке басының терең психологиялық жай-күйі суреттеледі.

Әңгіменің сюжеттік желісін Сыздық өміріне қатысты айқын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1) кейіпкердің сәтсіз отбасылық ғұмыры – драмалық жағдай; 2) Парасат болмысына, эстетикалық ой-сезім мұратына тенденс адамды – Е. Лосовскаяны жолықтырган Сыздық өміріндегі жаңа шақтың басталуы – әңгіме шешімі. Бұл кезеңдер шығарма құрылышы түрғысынан композициялық элементтер бола тұра, басты кейіпкер тағдырындағы контрастылы жағдайдың көрінісі ретінде де зерделенеді. Соңғысы арқылы автор дүниетанымының ұлттық, қоғамдық көзқарастары айқындала түседі.

Автор мен кейіпкер арақатынасы сюжеттік оқиғалардың дамуы барысында әрқилы сипатта көрініс тапқанымен, көп жағдайда тығыз байланыстылықпен ерекшеленеді. Шығармада Сыздықтың қатысынсыз өрбитін эпизодтық оқиға жоқтың қасы. Осыған байланысты авторлық пайымдаулар, толғаныстар мен кейіпкер ойлары бір көзқарас нүктесінен таралып, ортақ үнмен берілген. Сыздық пен Мақыш ақсақал арасындағы ел басына төнген қоғамдық жағдай туралы пікір алмасу диалогы [108, 81 б.], “ел қамы” төңірегіндегі жолдастарымен хат арқылы ой бөлісулері [108, 88 б.] және Сыздық позициясына телінетін авторлық баяндау [108, 96-97 бб.] идеялық-мазмұндық жағынан М.О. Әуезовтің “Оқудағы құрбыма” (1917), “Ескеру керек” (1918), “Қазақ қалам қайраткерлеріне ашық хат”, “Қазақ оқығандарына ашық хат” (1922) атты мақалаларымен үндес. Мұның өзі белгілі бір мөлшерде туындыдағы автор мен кейіпкердің өзара қатынасын анықтауға қызмет етеді.

Әңгіме бастауындағы келесі жолдар М.Әуезовтің өткенге, өз ортасына деген сындарлы, өкінішке толы толғамынан тұғандай әсер қалдырады. Патша бұйрығымен 1916 жылы елден әскер жиналышп жатқан шақта салтанат құрып, бейқам жүрген оқыған жастар туралы былай дейді жазушы: «Жақсы атадан» шыққан байжуанның балалары – қолы жетіп оқыған жігіттер елдің бұл күйін көзімен көрсе де, өздерінің бас амандығына мәз» [108, 54 б.].

М. Әуезовтің «Өліп таусылу қаупі» мақаласында мынадай

жолдар бар: «Һәр адамның туып өскен елі, жасынан жаттап өскен ғадаты, нанымы, тұрмыш қалпы сол адамның ақыл, мінезіне із қалдырмай тұра алмайды. Бұл қалдырған із көңілге кіріп, еркіті билеп һәр адамға өзінің елін сүйгізіп, елдігін іздетеуді. Елдікке келген қауіпке оқыған, оқымаған бірдей күйініп, қарсысына бірдей шығады» [108, 39 б.]. «Сөніп-жанудағы» Сыздық басынан кешіретін рухани-эстетикалық сілкіністер, ой сапары әр азаматтың сана-бейсана қатпарларында бұғып жатар ұлттық белсенділіктің осындай қалпын суреттейді.

Әңгімедегі бейнелеу компоненттерінің орналасуы да автор мен кейіпкер (Сыздық) қарым-қатынасын айқындаиды. Мысалы, орталық кейіпкер Сыздықтың антропометриялық параметрлеріне автор тарапынан еш көніл бөлінбейді. Қаламгердің негізгі мақсаты – Сыздықтың ішкі толғаныстарын, сезім шынайылығын (күйініш-сүйініш, күдік-сенім жағдайлары), эмоционалдық-аффективті сәттерін дәл беру және олардың туындау себебін барлау. Ал, керісінше, шығармадағы сыртқы орта – Сыздықтан өзге кейіпкерлер портреттері (Жәмила, Мақыш, Мақыштың бәйбішесі, Рәбига) және мекен суреттемелері мейлінше мұқияттылықпен зерделенеді, сондай-ак бұдан автор мен кейіпкердің (Сыздықтың) ортақ көзқарастарының бағыт алу нүктесін бағамдауға мүмкіндік бар. Яғни Сыздықтың жеке-дара кейіпкер екендігін естен шығарсақ, авторлық “мен” мен ол (Сыздық) екеуі біртұтас. Осы негізде, бұл құбылысты кейіпкердің авторлануы ынғайында қарастыруға болады.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде заманынан озық білім алған, көзі ашиқ, көкірегі ояу жас жігіттің көнеден қалыптасқан салтпен және өз қалауымен қалындық тандауы қаншалықты романтикалық арман-тілектерді алға тартатыны белгілі ғой. Жас жүректі қылыштар, бұрын бастан өткермеген сезімдік мезеттер күтіп тұр. Осындай жағдайда кейіпкердің сыртқы ортаны қабылдауы, сезінуі оның психологиялық ой-сезім елегінен өтіп барып жүзеге асады.

Сыздықтың отасқанға дейін Жәмиланы көруі бірнеше мәрте (4 рет) суреттелген және ол сәттер бір-біріне ұқсамайды:

1) Алғашқы көрүінде Жәмила жалт етіп көрінген бейтаныс жан ретінде жігіт көңілінде біршама қызығушылық, симпатия тудырады: “Сыздық кетіп бара жатқан екі-үш әйелдің ішінде ақ көйлек киген, басында ногайша оқалы тақиясы бар жіңішке, сұңғак бойлы қыздың сыртын көріп қалды” [108, 80 б.].

2) Келесі жолында қыз бейнесі Сыздық пен Сүлейменге ортақ көзқараспен және әрине, автор бағамымен сипатталған. Соның нәтижесінде бұл көзқарастың неғұрлым объективті екендігі айқындалады. “Жігіттер жас әйелдермен амандақсан соң, қадалып көз алмай қарағандары – Жәмила болды. Жәмила ұзын бойлы, жіңішке денелі, түсі ақшыл, бетінің жұқалau тұтас қызылы бар, қыр мұрынды, қара көз, сүйкімді пішінді, келісті қыз сияқты көрінді” [108, 82 б.]. Өзі көрген қыздың көркем келбетін көңілінде ала кеткен Сыздық ұрын барғанға дейін “Жәмиладан пәлен қыз артық дегенге құлақ та қоймайтын”. Болашақ қалыңдығының сырт бейнесін ғана көрген Сыздық Жәмиланың бойында бір мін болар дегенге сенгісі де келмейтіндей. Ол тәуекел деп, “Жәмиланы алууды ниет қылды” [108, 85 б.]. Әрі ата салтымен жар таңдағаны, оның “бай қызы емес, осындай адамшылдығы бар: момын, таза мінез, таза жүректі кедей” болғаны жас жігіттің романтикалық арманын одан әрі қанаттандыра, асқақтата түседі. Әкесі Байсалбай мен Мақыштың арасындағы ғұрып жолымен жасалып жатқан құдалық жайы да “Сыздықтың сезімшіл, хиялшыл көңліне” ерекше әсерлер сыйлайды.

3) Сыздықтың қайынданап баруды көптен күтуінің бір себебі – қалыңдығын анықтап көру, тілдесу, сөйтіп Жәмиламен жақынырақ танысу. Алайда ынтық жүргімен ұмтылған Сыздық мүлде күтпеген жайтқа тап болады. Қекейіндегі берік сенімнің орнын құдік басады. “Тұні бойы ұзақ уақыт бірге отырғанда бір-ақ мезгіл ғана Сыздық Жәмиланың бетін қырынан көріп қалды. Бірақ бұл көргеніне өзі сенбестей болды. Бұл қалай? Жәмиланың кәзіргі жүзі бұрынғы Сыздық ойлап жүрген түске тіпті ұқсамайды. Бұрын Сыздық ақ деп ойлап жүрсе, кәзірде шикіл-сары сияқты. Бетінің қызылы бұрын жұқалан ұнасымды, ақшыл қызыл сияқты еді, кәзірде тұтасқан, қаны

шыққан, ең ұнамсыз жалпақ қызылдай көрінеді. Денесі бұрын жіңішке, сұнғақ сияқтанса, кәзірде жуан, жауырынды, икемсіз, ешбір нәзіктік белгісі жоқ, сүйкімсіз сияқтанды. Сыздық өз көзіне өзі сенбестей болып: “әлдекім болды ма, немене?” деп құдіктенгенде, қоңліне “таңдаған тазға жолығады” деген мақал айнымайтын шын ақиқат сияқтанып сап ете түсті” [108, 92 б.]. Сыздық қабылдауындағы мұндай өзгеріс Жәмилаңың сырт тұлғасына разы болмаудан емес: қыздың “әдептілік, сыпайылықты тіпті орынсыз жуастыққа, жасықтыққа жеткізген отсыз адам сияқты” [108, 91 б.] көрініп, жастығын, еркіндігін түйсінбеуіне, жігіт қиялындағы қыр қазағына тән өмірлік ментальді ортаның асқақтық, тәкаппарлық сияқты эстетикалық категориялары өлшемінің сынына толмауына наудан екендігі анық. Сайып келгенде, қаһарман рухани әлеміндегі болашақ жайлы романтикаға толы қиялының болмыспен еш жанаспайтынына көзі жетіп, түнілуінің басты себебі барша асқар арман-тілегінің ұйыған мәйегіндегі болашақ жарының әп-сэтте көз алдында құнсыздануы болса керек. Кейіпкердің сенсорлық, перцептивтік эталондарды сезінуіндегі мұндай ассоциативтік ерекшеліктер оның эмоционалдық қабылдауындағы шұғыл өзгерістерден, аффект жағдайынан туындейды. Сыздықтың Жәмиламен жақын таныспай жатып жерінүі олардың келешек қарым-қатынастарының сәтсіздігіне ғана жетелейді.

4) “Таңертең тұрғанда Сыздық қалыңдығының түсін анықтап көрді. Дәл түсі күзігүні көрген түстей болмаса да, кешегі кешкі көрген түске де ұксамайды. Жәмила таңғаларлық сұлу да емес. Еркекті ертіп кеткендей сүйкімді де емес, бірақ мінеп сөгетін пішінсіз де емес. Орта пішінді қыз екен. Барлық жүзінде ең артық жері – алаңсыз тұнғыбықтау келген ажарлы үлкен қара көздері еді” [108, 94 б.]. Бұл – Жәмила кескіндемесіне берілген қорытынды сипаттама. “Поэтикалық жұмыс үдерісі баяу еске алушан өзге ешиәрсе де емес”, – дейді Б. Грифцов [111, с. 37]. Әңгімеден келтірілген соңғы үзіндідегі бұрынғы өткен шақ формасындағы “еді” етістігі дискурстық қолданысы жағынан еске алу үдерісін елеестетеді. Психологтар адамның эмоционалды түрде бастан өткен жағдайларды жадыда көбірек

сақтайдынын, әсіресе жағымсыз жағдайлардың ұзак уақыт бойы есте жүретінін айтады [10, с. 18].

Автор мен кейіпкердің ортақ төл сөз формасындағы баяндауында толымсыз, сұыған көңілдің қанағатшылдығы, мойынсұнуы басым. Сондай-ақ Жәмила туралы біршама объективті пікір орнығып, белгілі бір тоқтамға келгені де анғарылады.

Әңгімеде Сыздық пен Жәмила арасында диалог жок. Қаһарман басындағы драмалық жағдайдың туу салдары адам мен адамды жақындастыратын осы қарым-қатынастың жетімсіздігіне байланысты болса керек. Автордың Жәмилаға тіл қатырмауы (шығармада Жәмилаға тиесілі монологтық, диалогтық репликалар жок) оған деген белгілі бір субъективтік әрі немқұрайды қатынасынан әрі Сыздықтың жан-дүниесіндегі құбылыстарын бақылауға баса назар аударғанынан ақпарат береді.

Отасып, бір шаңырақтың астында өмір сүре бастаған жандардың тіршілігі келесі қысқа ғана үзіндіден мәлім болады: “Бұл уақыттарда Сыздықтың көзіне Жәмила бұрынғысындей жасық, теменшік, үлгісіз, сөлемек адам сияқты болып қала берді” [108, 98 б.]. Бұл – “Сөніп-жанудағы” Сыздық пен Жәмила жайлы оқиға түйінінің шешілісі.

Жәмиланың сатылы әрі жүйелі кескіндемесінде жиі қолданылған және контексте сенімсіздік, күмән мәндерін арқау еткен балама мәндегі “сияқты” шылау сезінің діттеген нүктесі келесі аналитикалық форманттармен беріледі: “естімеген кісідей болып, үндемей отырып қала берді” [108, 91 б.], “отсыз адам сияқты көрініп қалды” [108, 91 б.], “жасық, үлгісіз, сөлемек адам сияқты болып қала берді” [108, 98 б.]. Тілдік қолданыстағы мұндай форманттар автор ой ағыны экспрессиясының айқын көрінісі екені белгілі: -ып қала берді форманты сөйлемде айтылған жайдың өзгермес қалыпқа енгендігін хабарлайтын болса, -in қалды өз қолданыстық-мағыналық аясында оқиға әрекеті үдерісіндегі тосын жаңалықтың баяндаушыға психологиялық-эмоционалды әсерінің түйткілін білдіреді. Ал “Жәмила соларға да жауап берे

алған жоқ” [108, 91 б.] деген сөйлемдегі да жалғаулығы мен -е алған жоқ форманты бірігіп, айтылған хабардың эмоционалды-экспрессивтік бояуын, баяндаудың екпіндік үлесін күшайте түсken. Әңгіmede бұлар жағымсыз көңіл-күйден ақпарат беріп қана қоймайды. Сонымен қоса наратив бойында олар кейіпкер/автор психологиясындағы өкпе-наз, көңілі қалу, түнілу эмоцияларының себеп-салдарлы даму жолын айғақты түрде бейнелеген.

Жоғарыда келтірілген үзінділерден Сыздық сезіміндегі өзгеріс, дәлірек айтса, Жәмилаға деген алғашқы биік ықылас сезімінің бірте-бірте құлдырау, сөну үдерісі бақыланады. Осылайша Сыздық алдында Жәмила бейнесі деградация арқылы біртіндеп төмендейді. Сыздықтың жарына деген сезімі ғана емес, болашақ жанұялық жарқын өміріне сенімі де ортаяды.

Сыздықтың Жәмила жайында жолдастарына “мінезсіз емес көрінеді. Ақылы да дұрыс, есті адам сияқты. Қазақ қызының ортасына қатын болуға жарайтын адам деген сынымыз көп адасқан сын емес екен!” [108, 95 б.] деуі кейіпкердің ой экспрессиясын арқау етіп, Жәмилаға тағылған қatal айып пен қатігез кесімді танытады. Жастықтың ет пен тері арасындағы ғана алып-ұшпа сезімінің, қаһарман мұраты бұлғынғырлығының және басқа сыртқы қофамдық-әлеуметтік факторлардың әсері нәтижесінде Жәмила аяулы жар емес, тек қатын болуға жарайды. Сыздық жан дүниесіндегі бір-бірін алмастырып жатқан керегар күйлер (сүйіну-күйіну, құмарту-жирену, қуаныш-әкініш, т.б. амбиваленттілік) оның жалпы қоршаған ортамен арадағы қарым-қатынасының қурделілігін, құндылықтар жүйесінің өзгермелілігін айқындайды.

Жас Әуезов туралы төменде ұсынылатын байсалды да тұнық ойдың кейіпкер Сыздық елесін көз алдымызға әкелетіні қызығылықты: «Талант толғагы қысқан, алысқа көз жіберген зиялы жігіттің ішкі қайшылығы шексіз... Сайып келгенде тұяғы тасқа тиіп көрмеген, болашағы зор жас Әуезовтің қанаты қатаймай тұрган шақтағы, сол кезде ерсі де ұят көрінетін іс-қадамдары көпке мәлім сезім серілігі, сұлулыққа құмарлық,

ұздіксіз талғам жаңғыруы тәрізді тұтастай жеке сипаттағы себептермен түсіндірілсе керек» [112].

Сыздық басындағы драмалық жағдай ұзақ уақыт межесін қамтиды. Кейіпкердің мақсатсыз, бағдарсыз іс-әрекеттері оның ішкі әлеміндегі дағдарыс салдары болып табылады. Тіршілігі жалғасуда, ал рухани-моральдық, азаматтық ізденістер тығырыққа тірелген: “Бұрыннан көрсем деп жүретін, бұған айрықша ертегіше қызығы бар сияқтанған қалыптың көбін көрді. Бірақ ешбірінен байлаулы қызық таба алған жоқ” [108, 90 б.]. Кейіпкер танымындағы дүние парадигмасы зор пафосты романтикаға сүйеніп өз іргесін қалайды. Тіршілік атаулының әсем суреттері Мұхтар зердесімен шығармашилық адамына тән **қырағылықпен жіті бақыланады**. Ғұрып жолымен қыз айттыру, аңшылық қызығын тамашалау, көшпенде тіршілік салтының мирасқоры – жылқышылар өмірін көруге құмарту сияқты азды-кемді қызығушылықтары қаһарманның моральдық-эстетикалық, рухани-адамзаттық идеялық ұстанымдарына жауап берे алмағандықтан, ұзаққа созылмайды. Бұлар Сыздықтың адам, азамат, әсіресе творчестволық тұлға ретінде өзін-өзі кемелдендіруі үшін жеткіліксіз.

1920 жылы «Қазақ тілі газетінде» басылған «Қазақ оқығандарына ашық хатта» Мұхтар ұлттың оқыған жастарын қала қызметіне шақырып, қырдағы елге ашық үндеу тастайды. Ондағы жас Мұхтардың ниеті, бір жағынан, зиялды қазақ қауымын шашыраған өкілдерінің басын біріктіру болса, екіншіден, елдік үшін шын мәнінде жауапты істі жұмыла еңсеру болатын. Әңгімедегі үкілеп үміт артқан оқыған жастың ұлт мұддесі туралы бұлдыр пайымы көпшілікке ілесу, «ел қатарлы» тіршілік етуден аспайтын қарабайырлығымен ерекшеленеді. «Бұның өзі сияқты жолдастарының бәрі болмаса да, бірен-сараны бұрын, әйтеүір жалпы сөз болса да, «ел қамы» деген бірдемені көп сөйлеп жүргендіктен, ең болмаса бір қызметте отыруды борыш көргендей болып, қалада қызмет қылып жүр еді» [108, 64 б.]. Халық атынан сөз сөйлеп, салмақты ой тарататын Макыштай ақсақалдың алдында әрекетсіздігі үшін Сыздық өзін-өзі актайтындағы: «Біз әлі сыналатын күніміз

алда деп білеміз...» [108, 57 б.]. Қаладағы достарынан алған хаттарда сөз болған ел жағдайының мүшкүлдігін аңғартады. Зиялы қауымның алдыңғы буынының пайдакұнемдік пен парақорлыққа салынып, байлыққа мастанып кеткені кейінгі жас толқынға қандай өнеге бермек?.. Сондықтан болар, оқыган жастың өз иманын сақтап, қайрат-жігерін келешек іске «сарқып қалғанына» тәубе қылуы.

Әңгімеде қазақ зияллыларының алдыңғы буын өкілдеріне тағар кінә да жоқ емес. Мақыш ақсақал тілге тиек қылатын «оқығандар» жайлы ойға көңіл бөлейік: «Бұл апattan аман қалған кім бар дейсің? Қалың қазақ баласы қан жылағандай болып тұр ғой. Бұл күнді құдай өзі жөндемесе, қазақтың елдігі кетті ғой. Кімге сеніп, кімге сүйенері де белгісіз. Бұрын бұндай ауыртпалықтың кезінде басшылық етеді деп үміт қылатыны – оқыған азаматтар болушы еді. Бірақ ел байғұсқа кісі жаға ма? Осы күнде кейбіреулер: оқығандар «қарсылық көрсетпе» деп, кісіміздің бәрін тізгізіп беріп отыр. Ешбір көмегі тиген жоқ. Басшылық етемін деп, елді бөксебасты қылды. Оқығаның тілін алмаған өзге ел әлі күнге жігіт бермей отыр деседі...» [108, 57 б.]. Патшаның тылдағы жасағын толтыру мақсатында шығарылған әйгілі маусым жарлығы халықты көп қиналысқа, әуре-сарсанға салғаны мәлім. Осы тұста Мақыш ақсақалдың өкпе айтқан оқығандары алашорда арыстары екеніне дау жоқ. «Алаш» қайраткерлерінің халықты жаппай қырудан, патша қаһарынан аман алып қалу үшін әскерге азамат беруге, империя жарлығын тартыссыз, наразылықсыз орындауға үгіттегені тарихи шындық. Мұның сыртында күллі Ресей патшалығына тәнген сыртқы қатер қазақ сынды бұратана халықтарға да залалын тигізуі мүмкін деген қауіп те бар еді. Күрделі саяси ахуал үстіндегі мұндай мәмілегершілік саналы түрде жасалған сақтану тәсілі еді. Бұдан кейінгі 1917 жылдың буырқанған төңкерісі, патшаның тақтан таюы «Алаштың» өз алдына қойған тың идеялары мен жаңа міндеттерін анықтап беріп, ел өміріне аз уақытқа демократиялық еркіндік тынысын әкелді.

Ақпан төңкерісінен кейін қалаға барып қайтқан Сыздықтың өзінің қоғам өмірінен кешеуілдеп қалғанын, саяси

сауатсыздығын мойындауы, шын мәнінде де, сол шақтағы күллі оқыған жастардың ортасына тән үрдіс. Ал қымыл-әрекет етер қызулы кезде қыр қызығына батып жұрген Сыздықтан өзге сауықшыл зиялыштардың дені адвокаттар мен тілмәштар дейді Мұхтар. Бұл да – нақты тарихи жағдайдан елес берер дәйекті дерек.

Сонымен, “Сөніп-жану” әңгімесі – М. Әуезовтің шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы дуниетанымдық ізденістерін арқау еткен туынды. Автор үшінші жақтан баяндау арқылы қаһарманның автобиографиялық сипатын неғұрлым көркемдеп өрнектеген. Бұл әңгімеледе тәсілі автордың өзін-өзі сынни-субъективтік тұрғыда талдауына мүмкіндік берген. Әңгімедегі автор – қаһарман қатынасының псевдobiографизм арқылы өрнектелген үлгісі жасырын автокоммуникацияның түрлі тақырыптық аясын қамтиды: 1) Жас М. Әуезов реалды өмірде тікелей басынан өткерген, тұлғалық қалыптасуына ықпал еткен жеке отбасылық хикаясы жайлы сыр шертеді. Түзету, өзгерту мүмкін емес тағдыр жолында және жадында терең із қалдырған қателіктер, өкініштер сөз болады; 2) Автор сындарлы көзқараспен өзінің моральдық-ұждандық мінез-құлыштық қырына, өткен күндеріне зер салады; 3) Шығармада ұлт мұддесін қабыргасы қайыса көтерер азамат ретінде өз мүмкіншіліктерін толық жұмсай алмаған тұлғаның ішкі қобалжу, өкініш, акталу сезімдері терең психологиялық тебіреністер қүйінде бейнеленген. Сондықтан аталған әңгімелерді тұтастай М. Әуезовтің шығармашылық тұлғасының рухани кеңістігін (индивидуалтік ерекшеліктері, азаматтық позиция, адамгершілік ұстанымдар) жарқын бейнелейтін туындылар болып табылады.

ХХ ғасырдың 20-жылдары М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығындағы бейнеті мен зейнеті бірдей айтулы кезең екені мәлім. Қаламгердің ғұмыр тарихына зер салсақ, бұл ізденіс үстіндегі жас Мұхтардың тағдырындағы таңдайға балдай татымаса да, табысы мол, жемісті жылдары еді. Олай дейтініміз: «ХХ ғ. 20-жылдарының бас кезінде, бәлкім осы онжылдықтың соына дейін болар, М.О. Әуезов айрықша

әлемсезінуге бой ұрган болатын. Осы шақтарда ол халыққа, табиғатқа деген шынайы сүйіспеншілік пен өзінің романтизмге толы бөлекше миссиясының шабытты құшағында еді» [113, с. 71]. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыда талданған әңгімелер М. Әуезовтің азаматтық-ұждандық кемелдену шағында жазылған туындылары болғандықтан, шығармашылық тұлғаның өзі және өмірлік ортасы жайлы рухани-эстетикалық пайымдарын қамтитын өміrbаяндық метамәтіннің бөлшегі сапасында саралау орынды.

М.О. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы психологиязді талдай келе, Б. Майтанов былай дейді: «...Әуезов психологиязмі, шарттытырде айтсақ – эпикалық психологиязм, өткір психологиязм, қазымыр, сырдаң, арнауы суреттеу емес, мәдениетті проза талаптарына сай өресі биік, сұлу сырлы, аңғарғыш, аяғыш, әділ де мінезді психологиязм» [29, 99 б.]. Ұлттық прозага тән сөз кестесін өзіндік көркемдік-стильдік нақыштарымен түрлендіре, байыта түскен кеменгер жазушының шебер қаламы әңгіме жанрында да қарымды. Шығармадағы көркем шындықтың жазушылық жоспарды мұлтіксіз жүзеге асыру арқылы көрініс табатыны қаншалықты даусыз зандылық болса, көркем бейненің оқиға беталысына әсер етер өзіндік қабілеті болатыны да – творчестволық психологияда мойындалған ақиқат. Осы негізде қарайтын болсақ, «Үйлену», «Оқыған азамат» және «Сөніп-жану» әңгімелерінде зерделенетін автор мен кейіпкер арақатынасы – қаламгердің шығармашылық үдеріс барысында көркем мәтінде бедер тапқан ғұмырнамалық естеліктері. «М. Әуезов өмірдің ішкі іірімдерін, адамдардың көңіл-күйлерін, тартыстар мен қайшылықты мінездер керегарлығын талдайтын классикалық әлем әдебиетін өзіне үлгі етіп алған болатын», – дейді ғалым Р. Бердібай [114].

Қаламгер психологиялық механизмдегі проекцияға сүйеніп, өзін-өзі психоталдау нысанына айналдырғанда автобиографизмнің жаңа бір үлгісін – псевдобиографизм дүниеге келеді. Ғұмырбаяндық жанрдағы автор-қаһарман бейнесінің автор және қаһарман позицияларына ажырауының айқын көрінісін М. Әуезов әңгімелеріндегі автор мен қаһарманның

ортак көзқарастық тұрғысынан, автордың субъективті-эмоционалдық баяндау стилінен бақылаймыз. Әңгімелердегі баяндау позициясының құрылымдық-идеялық денгейі автордың суреттелеңтін көркем әлемге индивиуалды-субъективтік қатынасынан дәйекті хабар береді. Авторлық бағалаушылық тұрғы және оның кейіпкермен арадағы дистанциясын зерделеу арқылы автор және кейіпкер позицияларының табиги ұласымын – қаламгердің шығармашылық тұлғасын айқын аңғарамыз. Ал псевдобиографизмді бұл тұста автордың тікелей психологизм аясындағы көркемдік ізденісінің нәтижесі дейміз. Осылайша, шығармашылық тұлғаға тән үздіксіз рефлексивтік ізденістер, интроспекциялық әрекеттер нәтижесі көркем туынды сапасында жария болады.

«Шығармашылық тұлға – Ұлы индивидуум белгілі бір архетиптік соқпақпен жүріп өтуі тиіс, яғни өзінің оқшаулығына, заманы мен атқарар миссиясына сай болуы қажет» [115, с. 107], – дейді Э. Нойманн. Қазақ елі руханиятында қайталанбас көркем дүниелерімен өз орнын тапқан М.О. Әуезов пен орыс сез өнеріне өз ой әлемімен соны құбылыс болып енген И.А. Буниннің өмірлері мен шығармашылық тағдырлары белгілі бір жағдайда ұқсас өрім тауып жататындей. Рухани жақындықты білдіретін мұндай құбылысты әдетте конгениальность дейді. Жоғарыдағы И. Бунин мен М. Әуезов туындыларын талдау жұмыстары осындағы рухани үндестіктің тағы бір қырын – суреткерлердің көркем шығармашылықтағы дүниенатымдық, әлемсезіну тұрғысындағы ұқсастық жағдайларын әйгілейді.



ҚОРЫТЫНДЫ

Психологиям әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттелгенмен, нақты шығармашылық тұлғаны суреттеудегі көркемдік қызметі түрғысында өз алдына бірқатар өзекті мәселелерді алға тартады. Осы ретте психологиямнің өнер адамын сомдаудағы белсенді амал-тәсілдерін анықтау, тарихи шығармашылық тұлғаны бейнелеу ерекшеліктері, деректілік және психологиям, тұптұлға мен жанр арақатынасы, көркем туындыдағы автор шығармашылық тұлғасының көрініс табуы (автобиографизм, псевдobiографизм), лиризм және психологиям сияқты мәнді зерттеу аспектілері анықталады.

Шығармашылық тұлғаның көркем бейнесін мәтін құрылымына, баяндау ерекшеліктеріне байланысты түрлі аспектілерде зерделеуге болады. Атап айтса, К.Оразалин, Д. Досжанов, З. Қабдолов туындыларында сомдалған М.О.Әуезовтің шығармашылық тұлғасы жекелеген қаламгерлік ізденистер түрғысында талданды. Сонымен қоса, көркем туындыдағы автор мен қаһарман арақатынасын, баяндау құрылымындағы стильдік ерекшеліктерді саралау негізінде қаламгердің шығармашылық тұлғасы анықталып, мұндағы психологиямнің өзіндік қыры танылды.

Өнер иесінің көркем сомдалуы мәселесін пәнаралық кешенді ыңғайда қарастыру көзделіп, талдау жұмыстары мен ой тұжырымдаулар тікелей осы бағытта жүзеге асырылды. Яғни өнер адамына тән өзіндік дара болмыс-бітімді, ішкі рухани әлемді өрнектеудегі жеке қаламгерлік шешімнің шынайылық, табиғильтік және көркемдік дәрежесін пайымдауда әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерімен шектелмей, шығармашылық тұлғаға қатысты лингвистика, тарих, философия, психология салаларындағы ғылыми жетістіктерге де назар аударылды. Шығармашылық үдеріске тән кәсіби психологиялық, логикалық, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерді есепке ала отырып,

осы тұрғыда қаламгер бейнесін сомдауға қойылатын көркемдік талаптар мен міндеттер анықталды.

Көркем туындының деректілік сипатын жазушының өмір шындығын қалтқысыз жеткізуге деген талпынысы деп түсінген азбал. Алайда күрделі талант иесін, тарихи тұлғаны сомдау – тек деректілікпен толымды нәтиже бермейтін жауапты жұмыс. Ғаламдық деңгейдегі танымал шығармашылық тұлғаның көркем бейнесі өміrbаяндық түптұлғаға сай биік деңгейлі зияткерлік зерделеуді қажет етеді. Осы талапқа сай көркемдік ұстаным сапасындағы деректілік және психологиям мәселелері жан-жакты зерттеліп, олардың өзара идеялық-эстетикалық сабактастыры айқындалды.

Аралық жанрда дүниеге келген көркем туындыларға ортақ сипат – прототиптің әлеуеттілігі. Жеке қаламгерлік стиль және шеберлік, авторлық психологиялық баяндау жүйесі, жанр заңдылықтары мәселелерін саралау арқылы роман, роман-толғау, роман-эссе әдеби жанрларының тарихи шығармашылық тұлғаны мүсіндеудегі мүмкіндіктер аясы кеңінен талқыланды. Осы ретте өнер адамын сомдаудағы прототип туралы деректік материалдың туынды жанрын айқындаушы негізгі фактор болып табылатыны айқындалды.

Тақырыптастуындағы тұлғасын бейнелеуде әр қаламгер өзіндік позиция танытып, түрлі амал-тәсілдер топтамасын қолданғандығына күәлік етеді. К. Оразалин жас Әуезовтің қаламгер ретінде қалыптасуындағы тұнғыш творчестволық импульстарын ашуды мақсат еткен. Автор, ең алдымен, оның алғашқы туындыларының жазылу тарихын кейіпкер өмір сүретін саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ортамен байланыстырып, сол арқылы тұлғаның өсу эволюциясындағы сыртқы әсер-ықпалға назар жығады. «Абайдан соң» романы авторлық баяндауға негізделген туынды екенін ескерсек, мұндағы психологиям амал-тәсілдері әрекет психологиясын, тартыс жағдайларының шымырлығын, оқиға қоюлығын, түптеп келгенде, жас Мұхтардың сыртқы ортамен арадағы қарым-қатынасын суреттеуге қызмет етеді. Ал кемел шығармашылық тұлғаны сомдаған Д. Досжановтың «Мұхтар

жолы» роман-толғауы кейіпкерді интравергтік қырынан зерделеген. Мұндағы өзін-өзі талдау, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау әрекеттерін арқау ететін автокоммуникация қатынасына жуық. Автор талғамымен сұрыпталған өмірлік деректердің ара-жігі кейіпкер позициясынан психологиялық суреттеу, ішкі монолог сияқты көркем психологияизм компоненттерімен жалғасқан. Жекелеген деректік мәтіндер көркем игерілу үдерісінде түрлі өзгерістерге ұшырап, қаһарман тұлғасын шынайы бейнелеуге үлес қосқан. Осы арқылы психологияизмнің деректік материалды көркем игерудегі, мәтінді өндөудегі ұттымдылығы тағы бір мәрте дәйектеледі. З. Қабдолов қаламынан шыққан «Менің Әуезовімнің» өзіндік қасиеті М. Әуезовтің ұстаздық, жазушылық портретін жасауында. Эссе жанрының ішкі заңдылықтарына сәйкес көркем бейнені сомдауда автор қалың оқырманға таңсық деректерді ұсынады. З. Қабдолов өзіндік субъективті ой-тұжырымдарын ортаға салу арқылы оларды көпшілікке жария ету жолымен объективтендіру идеясын ұстанған. Тікелей авторлық-кейіпкерлік З. Қабдол мен М. Әуезов позицияларының өзара бір-бірін толықтыруы метамарфозаның көркем үлгісі сапасында танылады. Сондай-ақ, осы арқылы бірінші жақтан баяндау тәсілінің мүмкіндіктер аясының көнеше түсі қаламгерлік шеберлік деңгейін айғақтайды.

Тарихи нақты әрі шығармашылық тұлғага тән мінезстаным қырын бейнелеуде психологиялық кескіндеңе айтарлықтай маңызды рөл аткарады. Демек, портрет өзінің тікелей кейіпкер түр-тұрпатын сипаттау қызметімен шектелмей, сыртқы орта үшін беймәлім рухани-эстетикалық үдерістерді зерделеуге мүмкіндік беретін ауқымды міндетті арқаламақ. Творчестволық әрекет үстіндегі тұлға портреті – мінез-машық, жағдаяттық көңіл-күй, шабыт және олардың жалпы шығармашылық, тарихи мәндегі сабактастығын әсерлі жеткізуінді ұттымды жолы. Талдаулар динамикалық кескіндеменің портрет типологиясындағы өнер психологиясын ашуға бейім белсенді үлгі екенін ашып көрсетеді. Бет-жүздегі, тұртұстегі, жүріс-тұрыстағы өзгеріс нышандары – шығармашылық үдеріс кезеңдеріндегі ішкі ой-сезім тебіреністерін дәл, астарлы әрі көркем бейнелейтін психофизиологиялық, психофизиогномиялық портрет штрихтары. Кейіпкерді кескіндеудегі әртектілік идеялық-

эстетикалық позиция, көркемдік ізденіс, стиль және жеке қаламгерлік поэтика сынды факторлармен түсіндірледі.

М.О. Әуезов тақырыбындағы шығармаларда ұлттық әдебиетте ертеректе қалыптасқан психологиялық параллелизм дәстүрі өз жалғасын тапқан. Кейіпкер көңіл-күйін көркем әрі әсерлі жеткізу мақсатында авторлар адам мен табиғат арақатынасына, жаратылыстың біртұастығы мәселесіне көңіл бөледі. Пейзаж, интеръер суреттемелерінің көркем туынды құрылымында атқарар қызметі, ең алдымен, қеңістікті – оқига орнын бейнелеу болса, шығармашылық тұлғаны сомдау аспектінде ол өнер адамына тән айрықша дүниеқабылдау, әлемсезіну қабілеттерін бедерлеу міндетіне орайластырылады. Тұлға және табиғат, заттық дүние сипатындағы сыртқы орта арақатынасын зерделеу көркем бейненің өзіндік таным негізінде қалыптасатын әлем бейнесін айшықтайды. Психологиялық параллелизм түрінде көрініс табатын пейзаждық суреттемелер адам мен табиғаттың ажырамас бірлігі жайлы авторлық тұжырымдамадан тамыртартарады. Осы тұргыдан келгенде, өнер адамының бейнесін сомдауда пейзаж – тұлғаның экстраверттік қырын ашатын фактор. Сайып келгенде, кейіпкердің қоршаған органды тануға ұмтылысын қамтитын аңғарымпаз бақылаулары оның айрықша әлемсезінүү, дүниені бейнелі түрде қабылдау сынды қасиеттерін айшықтайды. Кейіпкердің сыртқы қеңістік аясында болып жатқан құбылыстарды саралауы – шығармашылық әрекеттің материал жинау, ізденіс, шабыт, қиял сияқты маңызды кезеңдері. Яғни, сыртқы әлем бейнесі сапасындағы суреттемелер – өнерпаз тұлға таралынан бақылаудың шығармашылық өнімділігінің көрсеткіші. Басқаша айтқанда, үздіксіз танымдық-шығармашылық үдеріс сипатындағы кейіпкердің айналаны бақылаулары ішкі ой әлеміндегі аутопластикалық құбылыстың сырттай бедерленуі болып табылады. Сыртқы органды суреттеуде қолданыс табатын кейбір компоненттер (реалды қеңістіктегі елес, архетиптік жады элементтері, т.б.) талантқа тән ерекше психологиялық қабылдаудың көрінісі болып табылады.

Ішкі монолог шығармашылық тұлға бейнесінің философиялық, рухани-эстетикалық, танымдық ізденістерін арқау етеді. Бейненің өзін тану әрекеттері ішкі монологтарда психоталдау арқылы да

іске асырылады. Осы ретте тұлғаның өзін-өзі тану және бағалау әрекеттері ұштасып жатады. Кейіпкердің оңаша толғаныстары кей арада жеке басының іс-әрекеттерін азаматтық-моральдық тұргыда таразылауга құрылса («Абайдан сондағы» жас Әуезов), кейде өз творчествосындағы рухани-адамгершілік мәселелерді, сынни-философиялық пайымдарды іштеу қорытуға негізделеді («Мұхтар жолындағы» кеменгер Әуезов). Сонымен қоса, туындының баяндау құрылымындағы ерекшеліктерге байланысты, өнер адамының ішкі ой әлеміне бойлауға деген үмтүлісты білдіретін синестезия құбылысы да ұшырасады («Менің Әуезовімдегі» автор-қаһарманның Әуезов жан әлемін зерделеу ізденістері, метаморфоза құбылысы). Кейіпкердің шығармашылық шабыт кернеуімен іштей оңаша толғануын автокоммуникация құбылысы ынғайында қарастыруға болады. Мұндағы ой нысанасына түрлі позициядан зер салу дербес байламның ақиқаттығына кепілдік береді. Сондай-ақ, көркемдік сипатта кейіпкер монологының көпдауыстылығы психиканың терең қабаттарын, сезім-түйсік аяларын көркем кестелеуге мүмкіндік береді.

Автобиографизм – автордың шығармашылық психологиясынан өзек алып, баяндау құрылымындағы терең лиризмнен туындаитын құбылыс. Осы ретте көркем туындыдағы автор және автор-қаһарман арақатынасы негізінде қаламгердің шығармашылық тұлғасы сараланды. Реалды өміrbаяндық автор мен автор-қаһарманға тиесілі идеялық, философиялық көзқарас тұрғыларының ортақ тұстарын талдау арқылы шығармашылық үдерісте мәтінде көрініс тапқан автор тұлғасы зерделенді. И. Буниннің «Арсеневтің өмірі» романын талдау барысында қаламгердің тұтас творчествосының лейтмотивін түзетін өзек айқындалып, сол арқылы автор мен қаһарманға ортақ дүниетанымдық-философиялық, мінезданымдық ерекшеліктер нақты мысалдармен айқындалды. Лиризм салдарынан көркем мәтінге кірігетін автобиографиялық элементтер (ғұмырнамалық автордың нақты тарихи уақыты мен баяндаушы-автордың көркем уақыты арасындағы сабактастық, көру нүктелерінің ортақтығы, жақтық баяндау формасы, өмірлік негізі бар деректер, т.б.) жинақтала келіп автордың шығармашылық тұлғасын бейнелейтіндігі анықталды.

Псевдобиографизм – автобиографизм құбылысының бір түрі. Ол творчестволық удерісте ғұмырбаяндық жанрдағы автор-қаһарман тұлғасының саналы түрде автор және қаһарман позицияларына ажыратылуы негізінде көрініс табады. Осы орайда автор да, қаһарман да қаламгердің шығармашылық тұлғасына тән белгі-қасиеттерге ие болатынын айта кеткен жөн. Сондықтан да қаламгердің өмірбаяндық тұлғасы автор және кейіпкер қарым-қатынасы арқылы зерделенеді. Шығармашылық тұлғаға тән үздіксіз рефлексивтік ізденістер (қаламгердің өзін-өзі психоталдау нысанына айналдыруы, интроспекциялық әрекеттер. т.б.) нәтижесі М. Әуезовтің «Үйлену», «Оқыған азамат» және «Сөніп-жану» әңгімелерінде баяндалады. Автор мен қаһарманға ортақ көзқарас позициялары, баяндау жүйесіндегі эмоционалдық-экспрессивтік реңк, интонациялық леп және деректік негіз тұтастай бір көркемдік құрылымда псевдобиографизм құбылысы болып табылады.



ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Аристотель. Поэзия өнері туралы // Эдебиет теориясы. Нұсқалық / Құраст. Р. Нұргали. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
- 2 Юнг К.Г. Психология и поэтическое творчество // В кн. Самосознание европейской культуры XX века: Мыслители и писатели Запада о месте культуры в современном обществе. – М.: Политиздат, 1991. – 336 с.
- 3 Тюпа В. Аналитика художественного. – М.: Лабиринт РГГУ, 2001. – 192 с.
- 4 Басин Е.А. Творческая личность художника. – М.: Знание, 1988. – 64 с.
- 5 Карташова И.В., Емельянов Т.П., Семенов Л.Е. Историческая психология и литературоведение. Возможности и перспектива взаимодействия // Филологические науки. – 1995. – № 3. – С. 3-14.
- 6 Компанеец В.В. Художественный психологизм в советской прозе (1920-е годы). – Л.: Наука, 1980. – 112 с.
- 7 Борев Ю. Эстетика. 3-е изд. – М.: Политиздат, 1981. – 399 с.
- 8 Цейтлин А.Г. Труд писателя. Вопросы психологии творчества, культуры и техники писательского труда. – М.: Сов. пис., 1968. – 564 с.
- 9 Арнаудов М. Психология литературного творчества / Пер. с болгарск. Д.Д. Николаева. – М.: Прогресс, 1970. – 654 с.
- 10 Богданов В.А. Творческая природа художественного образа. – М., 1989. – 150 с.
- 11 Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік / Құраст. Т. Фабитов, А. Құлсариева және т.б. – Алматы: Раритет, 2004. – 320 б.
- 12 Психоаналитические термины и понятия: Словарь / Под ред. Барнесса Э. Мура и Бернарда Д. Файна. – М.: Класс, 2000. – 304 с.
- 13 Юнг К.Г. Воспоминания, сновидения, размышления. – Минск: Харвест, 2003. – 496 с.

- 14 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлөндер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 15 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 16 Белянин В.П. Психологические аспекты художественного текста. – М.: МГУ, 1988. – 124 с.
- 17 Медведев П.Н. В лаборатории писателя. – Л.: Сов. пис., 1971. – 392 с.
- 18 Семенов И.Н., Степанов С.Ю. Проблема организации творческого мышления и рефлексии: подходы и исследования // В кн. Психология творчества. Общая дифференциальная, прикладная / – М.: Наука, 1990. – 224 с.
- 19 Ысмақова А. Шығармашылық психологиясы / Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 20 Жүртбай Т. Бесігінді түзе. – Алматы: Жазушы, 1997. – 555 б.
- 21 Жүртбай Т. Әлемдік тұлға // Абай. – 1997. – № 2. – 55-61 66.
- 22 Хализев В. Теория литературы / Учебник. 4-изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 2005. – 405 с.
- 23 Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс. – Алматы, 2003. – 488 б.
- 24 Жұмағали З. Уақыт және әдебиет. Зерттеулер. – Қарағанды, 1999. – 336 б.
- 25 Андроникова М.И. От прототипа к образу. – М.: Наука, 1974. – 200 с.
- 26 Гинзбург Л.Я. О литературном герое. – Л.: Сов. пис., 1979. – 222 с.
- 27 Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1979. – 240 б.
- 28 Бекниязов Т. Деректі жанр / Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 29 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау / Оқу құралы. – Алматы, 1996. – 336 б.
- 30 Есин А.Б. Психологизм русской классической литературы. – М.: Просвещение, 1988. – 176 с.
- 31 Пірәлиева Г. Қөркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишаралтар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

- 32 Сейсенов Д. «Абайдан соң» хақында. Романға сын // Семей таңы; жария: 20.06.1972 ж.
- 33 Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. – Алматы, 1997. – 238 б.
- 34 Қабдолов З. Еңбек торысы // Қазақ әдебиеті: жарияланған: 14.07.2000 ж.
- 35 Оразалин К. Абайдан соң. Роман. – Алматы: Жазушы, 1972. – К. 1. – 262 б.
- 36 Елеуkenов Ш. Ұлы суреткер роман жанры хақында // Мұхтар Әуезов тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1987. – Б. 1. – 432 б.
- 37 Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі. – Алматы: Білім, 1986. – 56 б.
- 38 Faripova C. Аға есімі ардақты // Семей таңы; жарияланған: 22.06.1990 ж.
- 39 Әбдезұлы Қ. Жазушы және заман шындығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 131 б.
- 40 Досжанов Д. Мұхтар жолы. Роман-толғай. – Алматы: Жазушы, 1988. – 400 б.
- 41 Mүсірепов F. Әуезовті еске алу // Мұхтар Әуезов тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1987. – Б. 1. – 432 б.
- 42 Әуезов және архив. – Алматы, Атамұра, 1997. – 130 б.
- 43 Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. Человек – текст – семиосфера – история. – М.: Язык русской культуры, 1996. – 464 с.
- 44 Дәдебаев Ж. Тарихи шындық және көркемдік шешім. – Алматы: Жазушы, 1992. – 458 б.
- 45 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 8 Т. – 458 б.
- 46 Жұртбай Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 368 б.
- 47 Гинзбург Л.Я. О психологической прозе. – Л.: Худ. лит. 1972. – 442 с.
- 48 Қабдол З. Менің Әуезовім. Роман-эссе / Кітапта: Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 350 б.
- 49 Негимов С. Эссе / Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 50 Чернышевский Н. Г. Өнердің болмысқа эстетикалық қарым-

- катынасы // Әдебиет теориясы. Нұсқалық. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
- 51 Нысанбаев Ә. Мұхтар Әуезов әлемі. – Алматы: Жазушы, 1997. – 348 б.
- 52 Хасенов М. Мемуарлық шығармалар және оның жанрлық табиғаты // Жанр сипаты.: Мақал. жин. – Алматы: Ғылым, 1971. – 270 б.
- 53 Бекнязов Т. Мемуар, естелік / Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 54 Гончарова Е. Пути лингвистического выражения категорий автор-персонаж в художественном тексте. – Томск: Изд-во Томского университета, 1984. – 146 с.
- 55 Қабдол З. Әуезовтің әсемдік әлемі. // Кітапта: Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 350 б.
- 56 Ахметов З. Портрет / Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 57 Майтанов Б. Портрет поэтикасы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 127 б.
- 58 Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы: Жазушы, 1989. – 182 б.
- 59 Оразалин К. Абайдан соң. Роман. – Алматы: Жазушы, 1987. – К. 2. – 424 б.
- 60 Оразалин К. Абайдан соң. Роман. – Алматы: Жазушы, 1989. – К. 3. – 448 б.
- 61 Барабаш О.В. Психологизм как конструктивный элемент поэтики романа Л.Н. Толстого «Анна Каренина»: автореф... канд. филол. наук. – М., 2008. – 22 с.
- 62 Савельева В.В. От художественного текста к художественному миру. – Алматы, 2002. – 227.
- 63 Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1997. – 288 с.
- 64 Негимов С. Пейзаж / Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 65 Галанов Б. Живопись словом: Портрет. Пейзаж. Вещь. – М.: Сов. пис., 1974. – 343 с.
- 66 Майтанов Б. Суреттеу мен мінездеу. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 146 б.

67 Ч. Осгуд, Дж. Суси и П. Танненбаум. Приложение методики семантического дифференциала к исследованиям по эстетике и смежным проблемам // В кн.: Семиотика и искусствометрия. Современные зарубежные исследования. – М.: Мир, 1972. – 251 с.

68 Шайнова Г. Б. Символика цвета в романе «Трон сатаны» Р. Сейсенбаева // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2007. – № 6 (105). – С. 49-52.

69 Балтабаева Г. Қазіргі қазақ әңгімесі (1980-1990): филол. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 1999. – 120 б.

70 Майтанов Б. Қ. Монолог құрылымы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: Ценные бумаги, 2006. – 107 б.

71 Пірәлиева Г. Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі. – Алматы: Ер-Дәulet – Қазақстан, 1994. – 138 б.

72 Канафина М.А. Проблема творческой индивидуальности Д. Исабекова (на основе прозы). – автореф... канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 32 с.

73 Уахатов Б. Таланттар. Тұындылар. – Алматы, 1997. – 284 б.

74 Елеуkenов Ш. Замандаст парасаты. – Алматы: Ғылым, 1977. – 284 б.

75 Атымов М. Идея және композиция. – Алматы: Ғылым, 1970. – 231 б.

76 Русские писатели о литературном труде. В 4-х томах.– Ленинград: Советский писатель, 1954. – Т. 3. – 716 с.

77 Басин Е. А. Психология художественного творчества. – М.: Знание, 1985. – 64 с.

78 Виноградов В.В. Проблема авторства и теория стилей. – М.: Худ. лит., 1961. – 612 б.

79 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. 2-е изд. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.

80 Падерина Е.Г. Проблема образа автора // Проблема автора в художественной литературе: тез. докл. регион. межвузовской научн. конф., посвящ. памяти проф. Б.О. Кормана. – Ижевск: УдГУ, 1990. – 134 с.

81 Попова С.В. Проблема «Автор и герой» в романе О. Уайльда

- «Портрет Дориана Грея» // Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия филологическая.. –2002. – № 3 (54). – С. 109-115.
- 82 Степанов Ю.С. Семиотика. – М.: Радуга, 1983. – 636 с.
- 83 Тамарченко Н.Д., Тюпа В.И., Брайтман С.Н. Теория литературы. – М.: Академия, 2004. – Т. 1. – 512 с.
- 84 Исина Н.У. К проблеме воссоздания внутреннего монолога в переводе (на материале прозы А. Кекильбаева) // Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия филологическая. – 2002. – № 3 (54). – С. 183-186.
- 85 Мишина Л.А. О некоторых особенностях авторской позиции в художественно-документальных произведениях // Проблема автора в художественной литературе: тез. докл. регион. межвузовской научн. конф., посвящ. памяти проф. Б.О. Кормана. – Ижевск: УдГУ, 1990. – 134 с.
- 86 Сафонова Л.В. Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана / Учебное пособие. – Алматы, 2006. – 96 с.
- 87 Омаров Н. Суреткерлік шеберлік және әдеби ағым // М.О. Әуезов және әлем әдебиеті: халықаралық ғылыми-теориялық конф. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 277 б.
- 88 Майтанов Б. Лиризм – стильдік құбылыс // Кітапта: Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1985. – 348 б.
- 89 Конратбаев А. Ранний Мухтар Ауэзов как реалист // Тамыр. – 2003. – № 1 (9). – С. 69-75.
- 90 Максимов Д.Е. Идея пути в поэтическом сознании Блока // Блоковский сборник. – М., 1993. – Т. 11. – 288 с.
- 91 Ананьева С.В. Время – пространство – автор. Прием автобиографизма и пространственно-временная организация художественного текста. – Алматы, 2003. – 86 с.
- 92 Медарич М. Об автобиографизме // Автоинтерпретация: сб. ст. – С-Пб, 1998. – 244 с.
- 93 Немов Р.С. Психология: Словарь-справочник: В 2-х ч.– М.: Владос-Пресс, 2003. – Ч. 2. – 352 с.
- 94 Исмакова А. Возвращение плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А.

Байтурсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауэзова. – Алматы: Фылым, 2002. – 200 с.

95 Есембеков Т. Драматизм ранней прозы М. Ауэзова // Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия филологическая. – 1998. – № 23. – С. 64-66.

96 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1979. – Т. 1. – 458 б.

97 Полянова М.А., Зайцева Б.К. Лирическая проза И.А. Бунина (конец 1890-х – 1900 гг.) // Иван Бунин и литературный процесс начала ХХ века (до 1917 года): межвузовский сб. науч. тр. – Л.: ЛГПИ им. Герцена, 1985. – 130 с.

98 Линков В.Я. Мир и человек в творчестве Л. Толстого и И. Бунина. – М.: МГУ, 1989. – 174 с.

99 Ағыман Б. Лирикалық проза табиғаты // М.О. Әуезов және әлем әдебиеті: халықаралық ғылыми-теориялық конф. матер. – Алматы: Қазак университеті, 2006. – 277 б.

100 Афанасьев В.А. И.А. Бунин. – М.: Просвещение, 1996. – 384 с.

101 Бунин И.А. Жизнь Арсеньева. – Саратов: Саратовский университет, 1988. – 272 с.

102 Вантенков И.П. Бунин – повествователь (Рассказы 1890-1916 гг.). – Минск: БГУ, 1974. – 159 с.

103 Кучеровский Н. М. И.А. Бунин и его проза (1887-1917). – Тула, 1980. – 319 с.

104 Карпов И.П. Проза Ивана Бунина. – М.: Флинта, 1999. – 334 с.

105 Лявдонский Э.К. Действительность и жизнь сознания в прозе Ивана Бунина // Иван Бунин и литературный процесс начала ХХ века (до 1917 года). Межвузовский сб. науч. тр. – Ленинград: ЛГПИ им. Герцена, 1985. – 130 с.

106 Бунин И.А. Рассказы. – Москва: Правда, 1982. – 456 с.

107 Майтанов Б.М. Әуезов және болмысты сезіну мен саралау // Кітапта: М.О. Әуезовтің көркемдік-дүниетанымдық ізденістері (1920-30 жылдар). – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2006. – 304 б.

- 108 Әуезов М. Кінәмшіл бойжеткен. Әңгімелер және повесть. – Алматы: Жалын, 1994. – 308 б.
- 109 Мұхаметханов Қ. Ұлы ұстаз, қамқор аға // Абай. – 2004. – №2. – 22-23 бб.
- 110 Карен Хорни. Наши внутренние конфликты // В кн.: Психоанализ и культура. – М.: Юрист, 1995. – 623 с.
- 111 Грифцов Б.А. Психология писателя. – М.: Худ. лит., 1988. – 462 с.
- 112 Майтанов Б. Мен – әкемнің қағып кеткен қазығымын... // Заман Қазақстан; жарияланған: 1.08.1997 ж.
- 113 Жаксылыхов А. Мировоззрение М. Аузова и современность // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия филологическая. – 2007. – №5 (46). – С. 71-74.
- 114 Бердібай Р. Терең ағын // Заман Қазақстан; жарияланған: 15.08.1997 ж.
- 115 Нойманн Э. Леонардо Да Винчи и Архетип матери // В кн.: Психоанализ и искусство. – М.: REFL-book, 1998. – 304 с.

РЕЗЮМЕ

До сегодняшнего дня художественный психологизм рассматривался многими отечественными и зарубежными учеными. Однако эта проблема не была предметом специального исследования в аспекте изображения конкретной творческой личности. Актуальность исследования обусловлена необходимостью комплексного изучения художественного образа творческой личности и углубления знаний о психологизме с учетом достижений ряда гуманитарных наук. Попытки комплексного исследования, в котором подвергаются анализу ранее не изученные произведения, дают возможность расширить представления об этой литературоведческой категории.

Объектом исследования являются роман К. Оразалина «После Абая», роман-толгай Д. Досжанова «Путь Мухтара», роман-эссе З. Кабдолова «Мой Ауэзов», роман И. Бунина «Жизнь Арсеньева. Юность» и рассказы М. Ауэзова «Женитьба», «Ученый гражданин», «Возрождение».

Научную значимость монографии можно представить следующим образом. Впервые в отечественном литературоведении:

- осуществлена попытка по комплексному изучению категории творческой личности;
- определены теоретические требования к изображению творческой личности, исходя из профессиональной специфики творческого процесса, его психологических, художественно-эстетических особенностей;
- установлено, что жизненный материал о прототипе героя служит важнейшим фактором, влияющим на жанровую природу произведения;
- выявлены художественные возможности жанровых разновидностей роман, роман-толгай, роман-эссе в рамках художественного стиля, авторского психологического повествования;
- в результате анализа образа конкретной творческой личности определена взаимосвязь документальности и психологизма;
- выявлены наиболее продуктивные компоненты психологизма в изображении творческой личности;
- в ходе теоретического анализа взаимоотношений автора и героя в произведении раскрыты пути отражения творческой личности автора, являющиеся результатом глубокого психологического повествования.

Монография состоит из трех разделов. Первый раздел монографии

«Документальность и психологизм в художественной прозе» состоит из двух подразделов. В первом подразделе «Особенности исследования художественного образа исторической творческой личности» излагается история исследования данной проблемы, намечены дальнейшие направления в ее изучении. Уделено внимание на особенности создания образа реальной творческой личности, дано теоретическое обоснование понятия «творческая личность». Во втором подразделе «Творческие поиски в художественной обработке жизненных материалов» широко рассматривается роль психологизма в актуализации документальных текстов, в обработке исторических, жизненных материалов.

Второй раздел «Виды психологического анализа» состоит из трех подразделов. В первом подразделе «Типология портретов» подвергаются анализу портретные изображения в произведениях К. Оразалина, Д.Досжанова, З. Кабдолова. Всесторонне изучены способы составления психологического портрета творческой личности. Во втором подразделе «Пейзаж и художественный образ творческой личности» рассматривается художественная функция пейзажа и вещественного мира, направленная на психологическое описание мироощущений и мировосприятий героя в творческом процессе. В третьем подразделе «Описание духовного мира творческой личности» прослеживается художественно-стилевое развитие национальной литературы в аспекте изображения внутреннего мира, мыслей и чувств человека искусства.

Третий раздел «Автобиографизм и психологизм в художественном произведении» состоит из трех подразделов. В первом подразделе «Проблема автора и героя в литературоведении» излагается суть данного вопроса, и его отношение к художественному психологизму. Второй подраздел «Лиризм и автобиографизм в прозе» посвящен проблеме структуры повествования в автобиографическом жанре. Результаты анализа романа И. Бунина «Жизнь Арсеньева. Юность» выявляют присутствие лиризма в художественном тексте в качестве компонента авторского психологизма. В третьем подразделе «Проявления псевдobiографизма» исследована повествовательная структура рассказов М. Аузэзова «Женитьба», «Ученый гражданин», «Возрождение» в аспекте отражения творческой личности автора. Всесторонне изучено понятие псевдobiографизм (разновидность автобиографизма), которое проявляется в результате расслоения позиции автора-героя на автора и героя.

В заключении изложены основные результаты исследования, формулированы выводы.

SUMMARY

Until now the art psychology was studied by many domestic and foreign scientists. However, this issue has not been the subject of special research in a particular aspect of the image of the concrete creative person. The relevance of the work is also due to the need for a comprehensive study of the artistic image of the creative personality and knowledge of psychologism in the light of the achievements of a number of humanities. Attempts of the comprehensive research, in which are analyzed previously not studied works, provide an opportunity to broaden our understanding of this literary category.

The object of the research are the novel of K. Orazalin "After Abay", novel-tolgau of D. Doszhanov "Way of Mukhtar", novel-essay of Z. Kabdolov "My Auezov", novel of I. Bunin "The Life of Arseniev. Youth" and stories of

M. Auezov "Marriage", "Scientist citizen", "Revival".

The scientific novelty of research. For the first time in the domestic Literary Studies:

- is carried out an attempt on the integrated study of the category of creative personality;
- are identified the theoretical requirements for the creative person image, based on professional specifics of the creative process, its psychological, artistic and aesthetic features;
- it is found that the standard material on the prototype of the hero is the most important factor, influencing on the genre nature of the works;
- are identified the artistic possibilities of genre types of novel, novel-tolgau, novel-essay in the artistic style frame, the author's psychological narrative;
- in the result of the analysis of the specific creative personality image are defined the relationship of documentary and psychology;
- are identified the most productive components of psychology in the image of the creative person;
- in the theoretical analysis of the relationship of the author and the hero in the work are revealed the ways of reflection of creative personality of the author, which are the result of deep psychological story.

Monography consists of introduction, three sections, conclusion and the list of used works. The first section of "Documentary and psychologizm in the art prose" consists of two subsections. In the first subsection "Features

of research of the artistic image of historical creative personality" describes the history of studies of the problem, outlined the way forward in its study. Attention is paid to the peculiarities of a real creative personality image formation; the theoretical justification of the concept of "creative personality" is given. In the second subsection, "Creative searches in artistic interpretation of life materials" is widely considered the role of psychology in the actualization of documentary texts, in the treatment of historical, life materials.

The second section "Types of psychological analysis" consists of three subsections. In the first subsection, "Typology of portraits" are subjected to analysis of the portraits in the works of K.Orazalin, D.Doszhanov, Z.Kabdolov. The ways of drawing up a psychological portrait of a creative personality are explored comprehensively. In the second subsection "Landscapes and artistic image of creative personality" is considered the artistic feature of the landscape and the real world, aimed at the psychological description of the attitude and worldview of the hero in the creative process. In the third subsection "Description of the spiritual world of the creative personality" traces the artistic and stylistic development of national literature in the aspect of the inner world of images, thoughts and feelings of human art.

The third section "Autobiographizm and psychologizm in the artistic work" consists of three subsections. In the first subsection "The problem of the author and the hero in literary criticism" is described the essence of the problem, and its relation to the artistic psychologism. The second subsection "Lyricism and autobiographizm in prose" is devoted to the problem of the narrative structure in the autobiographical genre. The results of analysis of Bunin's novel "Life of Arseniev. Youth" reveal the presence of lyricism in a fiction as part of the author's psychologizm. In the third subsection "Manifestations pseudobiographizm" is investigated the narrative structure of stories of M. Auezov "Marriage", "Scientist citizen", "Revival" in terms of the creative personality reflection of the author. It is comprehensively studied the notion pseudobiographizm (a kind autobiographizm), which is manifested as a result of stratification of a position of the author-hero of the author and hero.

In the conclusion the main results of research are stated and the findings are formulated.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
----------------------	----------

I БӨЛІМ

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ДЕРЕКТІЛІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЗМ

Тарихи шығармашылық тұлғаның көркем бейнесін зерттеу ерекшеліктері	9
Омірлік материалды көркем игерудегі дараышыл ізденістер	28

II БӨЛІМ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ҮЛГІЛЕРИ

Портреттер типологиясы	53
Сыртқы әлем және шығармашылық тұлғаның көркем бейнесі	81
Шығармашылық тұлғаның ой әлемін суреттеу	105

III БӨЛІМ

КӨРКЕМ ТУЫНДЫДАҒЫ АВТОБИОГРАФИЗМ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЗМ

Қазіргі дебиеттанудағы автор және қаһарман мәселесі	125
Прозадағы лиризм және автобиографизм	143
Псевдобиографизм көріністері	158
Корытынды	181
Әдебиеттер	187
Резюме	195
Summary	197

**Альмира
ҚАЛИЕВА**

**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ:
шығармашылық тұлға және психологиязм**

Монография

**Кітап ЖК «Ж.Д. Сейітжановың» компьютер
орталығында төрліп, беттелді.**

**Директоры
Жанат Доктырбекқызы Сейітжанова**

**Редакторы Сұлтанова Жанат Берікқызы
Көркемдеуші редактор Нұркелді Сергожаұлы**

Басуға 24.12.2012 кол қойылды.

Пішімі 60x84¹/₁₆. Қаріп түрі «Таймс».

Баспа табагы 12,5. Таралымы 300 дана.
